Abay'ın *Kara Sözler*'i, Kazak düşünce tarihinde yalnızca ahlâkî öğütlerin yer aldığı bir metinler bütünü değil, aynı zamanda İslâmî bilginin, tasavvufî sezginin ve felsefî sorgulamanın birleştiği özgün bir düşünce sistemidir. Bu sistemde iman, ilim, kelâm ve insanın ahlâkî tekâmülü birbirinden kopuk kavramlar olarak değil, varlığın bütünlüğünü sağlayan iç içe geçmiş halkalar olarak ele alınır. Abay'ın İslâmî kavrayışı, geleneksel bir dogmacı dindarlık değil, bilginin, bilinçli iman ve insanın kendi üzerinde düşünme yeteneğinin temellendirdiği bir “tahkikî iman” anlayışıdır. Bu nedenle *Kara Sözler*, metin boyunca okuru hem içsel bir hesaplaşmaya hem de ilahî hakikatin imkânı üzerine düşünmeye yönlendiren bir yapı arz eder. Şairin özellikle 38. Söz'de ifade ettiği “Allah'ın sözü harfsiz ve sessizdir” cümlesi hem kelâm anlayışının metafizik temelini hem de “Elifbe” şiirindeki harf–kelâm ilişkisini kavrayabilmek için anahtar niteliktedir. (Ayan, 2017: 97-108) Bu ifade, dilin maddî sınırlarını aşan bir ilahî hakikatin varlığını gösterir: İnsan kelâmı harfe, sese ve dile ihtiyaç duyarken, Allah'ın kelâmı bu sınırların ötesinde, varlığın kendisine doğrudan tecelli eden bir hakikat olarak anlaşılır. Dolayısıyla Abay'da kelâm, yalnızca söz söyleme eylemi değil, varoluşun kaynağına yönelen epistemolojik bir çabadır.

Bu epistemolojik çaba, ilim kavrayışında daha açık biçimde ortaya çıkar. *Kara Sözler*'de ilim, yalnızca bilgi yığılması değil, insanın nefsinin terbiye etmesi, aklını geliştirmesi ve ahlâkî olgunluğa doğru yönelmesi için zorunlu bir araçtır. Abay'ın ilim hakkındaki görüşü, klasik İslâm düşüncesindeki ilim–amel bütünlüğünün modern bir yorumudur: İlim, kişinin hem dünyaya hem kendine hem de Allah'a dair sorumluluğunu artıran bir iç aydınlanma sürecidir. Bu nedenle Abay, taklidî imanı eleştirir ve iman ancak bilgi temelli, düşünmeye dayanan, bilinçli bir kabul hâline geldiğinde hakiki olacağını savunur. Bu yaklaşım, “Elifbe”de harflerden başlayan yolculuğun aslında bir “okuma–anlama–iman etme” sürecini simgelemesinin temelini oluşturur. Çünkü harf, okumanın maddesi; okuma, ilmin kapısı; ilim ise imanın bilinçli hâle gelişidir. Böylece Abay'ın epistemolojisi, doğrudan şiirin poetik örgüsüne yansımıştır.

İmanın bu bilinçli formu, insanın ahlâkî sorumluluğuyla da sıkı bir bağ içindedir. Abay'ın insan anlayışı, özellikle 7., 10., 15. ve 38. Sözlerde<sup>2</sup> belirginleşen “insan-ı kâmil” idealine dayanır. İnsan, akıl, irade ve merhametin dengelendiği bir varlık

<sup>2</sup> Bahsi geçen sözlerin Türkçe çevirisi Ekrem Ayan tarafından yapılmıştır.

mertebesine ulaşmadıkça olgunlaşmış sayılmaz; çünkü ahlâkî yetkinlik, kişinin hem kendini hem başkalarını hem de Yaratıcı'yı doğru konumlandırabilmesini gerektirir. Kâmil insan, yalnızca bilgi sahibi değil, aynı zamanda adaletli, merhametli, ölçülü ve vicdan sahibidir. Bu yüzden Abay, insanı toplumsal bir varlık olarak ahlâkî değerlerle donatmaya çalışır; bireysel kusurların, öfkenin, hırsın, tembelliğin ve cahilliğin eleştirisi, insanın ruhsal tekâmülü için zorunlu görülen adımlardır.

Tüm bu kavramlar—kelâm, ilim, iman ve insan-ı kâmil—bir araya geldiğinde, Abay'ın İslâm anlayışının temeli belirginleşir: Dil maddeden hakikate uzanan bir köprü, ilim ruhun aydınlanması, iman bilginin teyidi, kâmil insan ise bu bütünlüğün varlıkta somutlaşmış hâlidir. İşte bu düşünsel omurga, “Elifbe” şiirinde harflerin maddî varlığıyla başlayan, sabır, dert, zelillik ve gariplik gibi ruh hâllerinden geçen ve ‘lamelif’te tevhid hakikatine ulaşan poetik yolculuğu mümkün kılar. Başka bir deyişle, *Kara Sözcükler*'de kurulan İslâmî metafizik, “Elifbe”de şiirsel bir form kazanır; harflerin alfabetik dizilişi, imanın katmanlarını takip eden bir ontolojik yükselişe dönüşür. Harften kelâma, kelâmdan hakikate, hakikatten tevhid'e giden bu poetik çizgi, Abay'ın düşünce sisteminde derin bir birlik oluşturur.

### 5. “Elifbe” Şiiri: Harflerin Ontolojik Yolculuğu

Abay'ın “Elifbe” şiiri, dışarıdan bakıldığında Arap harflerini izleyen bir alfabe manzumesi gibi görünse de şiirin iç yapısına nüfuz edildiğinde harflerin ardına yerleştirilmiş derin bir ontolojik seyir belirir. Bu seyir, yalnızca alfabetik bir dizilişin ritmik tekrarı değildir; harflerin maddî varlığıyla başlayan, aşkın derin iç hâllerinden geçen ve lamelif ile tevhidin metafizik hakikatine ulaşan bir varlık yolculuğudur. Şiirde her harf, bir merhale, bir iç hâl, bir metafizik eşiği temsil eder; alfabetik sıra, böylece varlık mertebelerinin şiirsel bir haritasına dönüşür. Bu açıdan “Elifbe”, Abay'ın *Kara Sözcükler*'de kurduğu İslâmî düşüncenin poetik ifadesidir; fizikten ruha, ruhtan tin'e, tin'den hakikate uzanan bir seyir modeli.

Şiirin başlangıcındaki “Elif”, hem fiziksel hem metafizik bir başlangıç noktasıdır. Elif'in grafiğini oluşturan düz çizgi, hem Arap hat geleneğinde birliğin simgesi hem de sufi gelenekte varlığın ilk mertebesinin işaretidir. Abay'ın “Elif gibi ay yüzüne ibret ettim” demesi, harfi yalnızca yazı malzemesi değil, bir metafizik gönderge olarak algıladığını gösterir. Elif hem maddî bir harf hem de Allah'ın birliği ve kelâmın başlangıcıdır. Bu nedenle şiirin fiziksel tabakası, hemen başlangıçta metafizik bir gerilimi içinde taşır; harf görünür, ama görünüşünün ardı görünmeyen bir hakikate açılır.

Elif'ten sonra gelen her harf, şiirin bu ontolojik yükselişini bir adım daha genişletir. Be'nin “bela” ve “dert”le ilişkilendirilmesi, tasavvufi aşkın kaçınılmaz acısının şiire ilk kez dâhil oluşudur. Te, dilin dökülüşünü; Se, sena ve hamd etmeyi; Cim, cemali; Ha ve Hı, ihlâs ve dostluğu; Dal, aşk ateşinin yakıcılığını temsil eder. Böylece harf dizisi, sıradan bir alfabetik sıralama olmaktan çıkar, Abay'ın ruhsal evreninde karşılık bulan ahvâlin şiirsel bir silsilesine dönüşür. Bu nokta, Tunalı'nın ifade tabakasının dolduğu mekândır: Harf artık yalnızca yazı nesnesi değil, bir duygulanımın titreşimi, bir ruh hâlinin dili hâline gelir.

Şiir ilerledikçe bu ruh hâlleri derinleşir ve birleşir; Zel'de zelillik, Ze'de zehir, Sin'de selametsizlik, Şın'da tatlı dudağın iştihakı, Dat'ta ömrün zayi oluşu, Tı'da talep, Zı'da zulüm, Ayn'da aklın baştan gitmesi, Gayn'da gariplik... Tüm bu harfler,

Abay'ın iç dünyasında tasavvufî aşkın ruhsal dönüşümlerinin birer fenomeni hâline gelir. Bu diziliş hem Hartmann'ın ruhsal tabakasının işleyişini hem de Wellek & Warren'ın disiplinler arası estetik yaklaşımını doğrular. Çünkü harfler hem fonetik hem görsel hem metafizik işlevler yüklenir; şiir bir yandan sesin ritmiyle bir yandan hat sanatının grafiğiyle bir yandan da tasavvufun içsel dinamizmiyle çalışır.

Şiirin son bölümlerine doğru harflerin temsil ettiği duygular giderek tinsel bir yoğunluğa ulaşır. Fe'nin “fayda”, Kaf'ın “kabul”, Kef'in “kâmil”, Lam'ın “şifa”, Mim'in “mehir” olarak yüklediği anlamlar, artık aşkın derdinden tevhidin kapısına yönelen bir ruhu yansıtır. Bu noktada şiir yalnızca ifade tabakasında kalmaz; anlam/kader tabakası belirginleşir. Harfler, metafizik işaretlere dönüşür. En nihayetinde lamelif mısrası, bu ontolojik yolculuğun doruk noktasını oluşturur: “Lâm elif, lâ ilâhe illallah.” Alfabenin iç düzeni tevhidin hakikatine bağlanır. Şiir, harflerle başlayan varlık arayışını birliğin en yüksek söylemine bağlayarak kapatır; maddeden manaya, çokluktan birliğe, harften kelâma, kelâmdan hakikate yükselen bir poetik seyir tamamlanır.

Bu nedenle “Elifbe”, yüzeyde bir alfabetik oyun gibi görünse de Abay'ın İslâmî düşüncesinin en derin katmanlarını barındıran yüksek bir metafizik inşa içerir. Şiirde harfler, yalnızca dilsel araçlar değil, varlık mertebelerinin sembolleridir. Her harf—nesne tabakasının maddî birimi—aynı zamanda ifade tabakasında bir ruh hâlini, anlam tabakasında ise metafizik bir yönelişi taşır. Böylece “Elifbe”, hem Hartmann'ın dört tabakasının hem Tunalı'nın üçlü ontolojik modelinin hem de Wellek & Warren'ın disiplinlerarası estetik yaklaşımının birleştiği bir metin hâline gelir. Abay'ın harflerle ördüğü bu poetik yapı, *Kara Sözler*'deki ilim–iman–kelâm ekseninin şiirsel olarak vücut bulmuş hâlidir.

### **6. Kara Sözler'den “Elifbe”ye: Düşünceden Poetik Yapıya Doğrudan Geçişler**

Abay'ın *Kara Sözler*'i ile “Elifbe” şiiri arasında yüzeyden bakıldığında tür ve amaç bakımından belirgin bir fark vardır: İlki nesir formunda kaleme alınmış felsefi-didaktik bir metinler bütünü, ikincisi ise harfler etrafında kurulmuş lirik bir manzumedir. Ancak düşünsel arka plan dikkate alındığında, bu iki metnin birbirinden kopuk değil, tam tersine aynı İslâmî-ontolojik tasavvurun iki ayrı ifadesi olduğu görülür. *Kara Sözler*'de kavramsal düzlemde anlatılan kelâm, ilim, iman ve insan-ı kâmil gibi temel kavramlar, “Elifbe”de harflerin ardına gizlenen poetik bir seyirle ete kemiğe bürünür; böylece düşünceden şiire, kavramdan simgeye, nasihatten lirizme uzanan organik bir bütünlük ortaya çıkar.

Bu bütünlüğün en belirgin halkası, kelâm anlayışı üzerinden kuruludur. *Kara Sözler*'in 38. bölümünde Abay'ın “Allah'ın sözü harfsiz ve sessizdir” şeklindeki ifadesi, dilin ve harfin sınırlarına dair açık bir metafizik farkındalığı gösterir. (Ayan, 2017: 97-108) İnsan kelâmı zorunlu olarak sese ve harfe ihtiyaç duyarken, ilahî kelâmın bu maddî araçlara bağlı olmaksızın varlık bulduğu düşüncesi, Abay'ın kelâm anlayışının merkezini teşkil eder. “Elifbe”de ise tam tersine, şiir harflerden başlar ve her mısradaki bir harf adıyla açılır. Bu dışarıdan bakıldığında bir çelişki gibi görünse de aslında bilinçli bir poetik stratejidir: Şiir, harfleri tek tek sahneye çıkararak, okuyucuyu harflerin dünyasından geçirir, ama sonunda lamelif ve tevhid mısrasıyla harfin ötesindeki kelâma, yani harfsiz ve sessiz söze işaret eder. Böylece

*Kara Sözlér*'de kavramsal düzlemde dile getirilen hakikat, "Elifbe"de dramatik bir harekete dönüştürülür; harften başlatılan yolculuk, harfin aşılmasıyla biter.

İkinci bağ, ilim–iman ilişkisi üzerinden kurulur. *Kara Sözlér*'de Abay, taklidî imanı sert bir dille eleştirir ve gerçek imanın bilgiyle, araştırmayla, sorgulamayla, kalbî tasdik ile birlikte bulunacağını vurgular. İmanın ancak tahkik ile hakiki bir değere kavuşacağını söyleyen bu yaklaşım, "Elifbe"de okuma ve harf öğrenme metaforlarıyla yeniden üretilir. Elif, be, te... harf isimleriyle başlayan şiir, en temel düzeyde "elifbâ" öğrenen bir öğrencinin çabasını çağırıştır; fakat bu öğrenme salt teknik bir okuryazarlık değildir. Harflerin her birinin aşk derdi, bela, zellilik, gariplik, sabırsızlık gibi tasavvufî hâllerle birlikte verilmesi, öğrenme eylemini ruhsal bir tekâmül süreciyle birleştirir. Böylece ilim, yalnızca bilgi birikimi değil, kalbin eğitimi, nefsin terbiyesi ve imanın derinleşmesi anlamına gelir. *Kara Sözlér*'de kavram olarak tanımlanan tahkikî iman, "Elifbe"de harf–hâl–tevhid çizgisinde yaşanan bir iç tecrübe hâline gelir.

Üçüncü bağ, insan-ı kâmil idealinde görünür hâle gelir. *Kara Sözlér*'de Abay, insanı akıl, merhamet ve adalet ekseninde tanımlar; olgun insan, bu üç unsuru dengede tutan kişidir. Bu ideal, "Elifbe"de özellikle "Kef, kâmil akıl" mısrasında yoğunlaşır. Burada kâmil akıl, yalnızca zihinsel kapasite değil, hakka yönelmiş, nefsini tanımış, varlığını tevhid bilinciyle ilişkilendirmiş bir akıl türü olarak ima edilir. Bu bakımdan "Elifbe"nin son bölümlerindeki harfler—kef, lam, mim—insan-ı kâmil perspektifini şiirsel bir dille yeniden üretir; harfler, kâmil insanın ruhsal konumlarını gösteren işaretlere dönüşür. Böylece *Kara Sözlér*'de ahlâk ve karakter eğitimi üzerinden temellendirilen insan modeli, "Elifbe"de metafizik ve poetik bir forma kavuşur.

Son olarak, aşkın metafiziği üzerinden kurulan bağ gözden kaçırılmamalıdır. *Kara Sözlér*'de Abay, dünya sevgisi, nefis tutkuları ve geçici menfaatlerin insanı hakikatten uzaklaştırdığını vurgular; gerçek sevginin ancak Allah'a yönelen aşk olduğunu, bu aşkın içinde hem acı hem huzur hem de arınma bulunduğunu dile getirir. "Elifbe"deki bela, dert, nâle, zâyî ömür, gariplik temaları, bu aşk metafiziğinin şiirsel taşmalarıdır. Harflerin her birinin bir aşk hâliyle birlikte anılması, Abay'ın aşk anlayışını harflerin dünyasına taşır. Böylece aşk, yalnızca bireysel bir duygulanım değil, varlıkla kurulan derin bir ilişki, kulun Rab'bine doğru gerçekleştirdiği ontolojik yöneliş hâline gelir. Bu yönelişin tevhid ile son bulması, *Kara Sözlér*'deki iman–aşk ilişkisinin "Elifbe"de tam bir poetik bütünlük kazandığını gösterir.

Bütün bu bağlantılar bir araya getirildiğinde, Abay'ın *Kara Sözlér*'le kurduğu düşünsel çerçeve ile "Elifbe"de gerçekleştirdiği şiirsel inşa arasında kopukluk değil, sıkı bir süreklilik olduğu ortaya çıkar. *Kara Sözlér*, onun İslâmî düşüncesinin teorik dilini; "Elifbe" ise aynı düşüncenin harfler üzerinden örülmüş poetik dilini temsil eder. Düşünce şiire, kavram simgeye, kelâm harfe, harf ise yeniden kelâma döner. İşte bu sebeple "Elifbe", Abay'ın tasavvufî–İslâmî dünyasını anlamak için yalnızca bir gençlik denemesi değil, *Kara Sözlér*'le birlikte okunması gereken ontolojik bir anahtar metindir.

## **Sonuç**

Bu çalışma, Abay Kunanbayulı'nın düşünce dünyasında şiir ile hikmet düz yazısı arasındaki görünmez sürekliliği ortaya koymayı amaçlamıştır. *Kara Sözlér*'de

каврамсал дүзеуде темеллендірілген ылым, ыман, келәм ве инсан-1 кәмил гйби темел Ысләмî каврамларын “Елифбе” шйиринде поетик ве симгесел бир дйле дөнүштүгү гөрүлмүштүр. Харфлерин маддî бир алфаетик дйзи олмaktan ыыкарака рухсал хъллерин, тасаввуфî тецрүбелерин ве метафйзйк йөнелишлерин йшаретлерине дөнүшмесй, Абай’ын санатинда дүшүнце йле бйчим арасиндаки гүчлү бағй ачыкча ортага коымaktadır. “Елифбе”, харфтен келâма, келâмдан хакикате дөгру йлерleyen онтологйк бир yolculuk оларак окунмалы; lamelif йле улашйлан теvhid зйрвеси, *Кара Сөзлер*’де каврамсал оларак дйле getirilen ыман anlayışının шйирдеки каршылғй оларак деғерлендирилмелидйр. Бййлеце Абай hem дүшүнсел hem эстетик дүзеуде Ысләмî хакикати харфлер үзеринден yeniden курмуш; алфаетиннн yapısını метафйзйк бир хакикатин поетик харитасына дөнүштүрмүштүр. Бу ачйдан “Елифбе”, yalnızca генчлик дөнемине ait бир денеме деғйл, Абай’ын бütүн дүnya гөрүшүнү симгесел бир yoғunlukla yansitan anahtar бир метиндйр.

### Кайнақча

Абай (Ыбрахим) Кунанбайулы. Шығармаларыннн Еки Томдык Толык Жынағы. Алматы: Жазушы, 2016

Ayan, E. (2017), *Bir Devrin Aynası* Abay Kunanbay ve Kara Sözlere, Ankara: Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk Kazak Üniversitesi İnceleme Araştırma Dizisi.

Söylemez, O., & Öztürk, G. (1995). Abay (İbrahim) Kunanbayev 1845–1904. *Bir*, 3, 101–124.

Hartmann, N. (2024). *Estetik*. (Çev. Tomris Mengüşoğlu). Ankara: Doğu Batı Yayınları.

Söylemez O. (2021) “Abay Kunanbayoğlu ve ‘Elifbe’ шйиринин дүшүндүрдүкleri” *Ozanların Gözüyle/Sözüyle* Abay. Шйирлер. Ankara: Bengü Yayınları

Tunalı, İ. (1971). *Sanat Ontolojisi*. İstanbul: İstanbul Üniversitesi Edebiyat Fakültesi Yayınları.

Wellek, R., & Warren, A. (1993). *Edebiyat Teorisi*. (Çev. Ömer Faruk Huyugüzel) İzmir: Akademi Kitabevi.

ӘОЖ 82.09 (574)

## АБАЙ – ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ЖЫРШЫСЫ

Қобланов Жоламан Таубайұлы,

филол.ғ.к.,

«Қазақ филологиясы» кафедрасының профессоры,

Yessenov University,

Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа:* Қазақ әдебиетінің даму тарихында Абай Құнанбайұлының алатын орны ерекше. Ол – қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаған жаңашыл ақын, ойшыл, философ, қоғам қайраткері, өз заманындағы әлеуметтік құбылыстарды терең түсініп, шығармалары арқылы халқына жән сілтеген ұлы тұлға. Мақалада Абайдың поэзиясына, оның өмір сүрген

*ортасына, қоғамдық көзқарастары мен философиялық ойларының көрінісіне қысқаша шолу жасалады.*

**Түйінді сөздер:** *түр, мазмұн, сыншыл реализм, әлеуметтік сын, ақындық қуат*

Абай Құнанбайұлы (1845–1904) – Шыңғыс тауының баурайындағы Қасқабұлақ деген жерде дүниеге келген. Оның балалық шағы, өскен ортасы қазақтың көшпелі мәдениеті сақталған, рулық-патриархалдық қатынастар үстемдік еткен кезеңге сәйкес келді. Бұл кезеңде қазақ қоғамында бір жағынан жаратылыстық-көшпелі өмір салты жалғасса, екінші жағынан орыс патшалығының ықпалы күшейіп, әкімшілік басқару жүйесі өзгеріп жатқан еді. Осындай күрделі тарихи-әлеуметтік жағдайда өскен Абайдың дүниетанымы да көпқырлы болып қалыптасты.

Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы — ел арасында беделді, аға сұлтан, би, шын мәніндегі саясаткер адам болған. Әке тәрбиесі Абайды басқару өнеріне де, халық ісіне араласуға да ерте баулыды. Дегенмен Құнанбай заманындағы билік таласы, ру арасындағы дау-жанжал, мансапқорлық, паракорлық Абайдың қоғамды терең бағамдауына түрткі болды.

Ақын жас күнінен-ақ Семейдегі медреседе, екі-үш ай орыс мектебінде білім алып, шығыс классиктерінің еңбектерімен, орыс және Батыс әдебиетімен танысты. Пушкин, Лермонтов, Крылов, Белинский, Чернышевский секілді ойшылдардың идеялары оның дүниетанымын кеңейтті. Осы себепті Абай өз ортасының ішкі келбетін, ондағы кемшіліктерді айқын көріп, өзгеріске ұмтылды.

Ақынның әлеуметтік көзқарасы, дүниетаным бағыттары – айдан анық. Халықтық, бұқарашылдық жақтан ауытқыған емес, әрдайым өз дәуірінің көкейтесті мәселелерін көтере білді. Кемеңгер шығармалардың әр жолынан дәуір үні сайрап тұрады. Сондықтан да Абайды заманының тамаша ұраншысы, оқу-өнер, білім ісінің жалынды жыршысы, жақсылық пен жарқын болашақтың жаршысы деу орынды.

Абайды өмір қайшылықтарын жай ғана суреттеп, жаманынан жиреніп, адамшылық үгіт-насихат айтып өткен өсиетші ақын деп қана тану, сөз жоқ, жеткіліксіз, тіпті, мүлдем тапшы баға. Абай өзі жасаған заман шындығын ақтара зерттеп, оның бойындағы мерездерін аямай сынауға күш салған батыл сыншы, тіпті, сол заманның әділ үкімшісі де болды. Қазақ даласының сұрқай тіршілігін, үстемдер озбырлығын, екіжүзді, алымқор, алдамшы топтарын, арамза молда, арызқой пысықайларын өлтіре сынап, оларға деген ел наразылығын айқын танытты. «Дәуірінің ащы да ауыр шындығы, шиеленіскен қайшылықтары, тағылық, талан-тараж, береке-беделсіз тартыс-арпалыстар, дау-жанжал, бақталас-бақастықтар, күншілдіктер – барлығы өзінің нағыз шынайы бейнесінде зәрлі тілмен мысқылданады» [1,5]. «Дүтбайға» деген өлеңінде ас-суын алдына әкелген, көз алдында бәйек қаққан байдың әлгі сый-сияпат көрсеткен адамның сыртынан, оның көзі жоқ жерде талай сұмдықты істеуге баратынын сынап, олардың бойындағы тұрлаусыздықты,

жылпостықты өте шебер бейнелейді. Жылпос байдың бейнесін көз алдына елестетеді.

Бір көрмеге тәп-тәуір,  
Қазаны мен қалбаңы.  
Дөң айналмай ант атты,  
Бүксіп бықсып ар жағы.  
Сенен аяр түгі жоқ,  
Бүгін сыйлас көрініп,  
Бүгін жалын, ертең шоқ,  
Сөзі мен өзі бөлініп...

Тұрлауы жоқ құбылып [2,36] , -

деп, қазақ болыстарының мінез-құлықтары мен іс-әрекеттеріне тән құбылыстар, олардың көз бояғыш әрекеттері табиғи бейнесінде айқын да шынайы суреттеледі. Ұлықтар алдында құрдай жорғалап, өзінен зорларға қол қусырып құлшылық етіп, ал қарапайым халыққа кісімсіп, бөрідей түксіп қалатынын әдемі мысқылдайды. Олардың бет пердесін жұлып тастап, шын тұлғасын танытады.

«Бай сейілді», «Мәз болады болысың», «Күлембайға» өлеңдеріндегі болыстар сиқы да осындай. Ел өмірінде етек алған қулық-сұмдық, өтірік-өсек, сыбыр-жыбырға, мәнсіз мақтанға әуестіктер де жеріне жеткізе («пысық кім деп сұрасаң») сыналып, қыңыр-қисықтар мен қырсыздар тобы әшкере болады. Халқына қасқырша тиіп, қан көрсе өлексеге шүйілген құзғындай болатын басқа да жемсау құлқын құмарлар бейнесін, сәлдесі дағарадай болса да, көңілі соқыр, малқұмар надан молдалар сиқын Абайдай айқын танытқан ол тұста еш ақын болмағанын дәлелдеп жатудың өзі артық болар еді. Абайдың бұл сияқты сындары жай сипай салды сын емес және ол жеке адамдардың мінез-құлқындағы, іс-әрекеттеріндегі кемістіктерді түзетіп қана қоюды тілейтін дәрменсіз де емес. Абай сындарының нысанасы айқын. Ол жеке адамдар емес, түгел қоғамдық топ, үстем қоғамның әлеуметтік негізіне бағытталған, тиген жерін ойып түсетіндей саяси бағыты айқын сын. Сондықтан Абай шығармаларының озық үлгілерін жай ағартушылық реализм тұрғысында танудың өзі де дәл емес. Ол нағыз сыншыл реализм үлгісіндегі шығармалар ретінде танылуға тиіс. Абай шығармаларының сиқырлы сырының көзі оның жай сыншылдығында ғана емес, сол сыншыл реализм әдебиеті жеткен жоғары сатыға, нағыз көркемөнер сатысына қазақ поэзиясын көтере білуінде, өз шығармаларын сол биік тұрғыдан шығара білуінде болса керек. Абай шығармалары надандық пен озбырлықты сынағыштығымен ғана сыншыл реализм дәрежесінде деп отырған жоқпыз. Бұл – мәселенің бір жағы ғана. Ал кеменгер ақын поэзиясындағы көркемдік нәр, нағыз әдебиетке тән суреткерлік үлгілері – түр, мазмұн жаңалықтары. Тіл ұстарту жолдары, ақындық қуат, поэзияның қоғамдық сырын аша білуі – бәрі қосылып, Абайдың сыншыл реализм әдебиетінің өкілі дәрежесіндегі ақын екенін толық танытады. Ол әдебиеттің түрі мен мазмұнын біртұтас күйінде таныды. Оны озық демократтық, ағартушылық идеяларға ұштастыра білді. Абай - өз елінің

патриоты, зор гуманист жазушы болды. Халқының сол кездегі хал-жайына қайғырып, оған шын жаны ашып, күйіне, күйзеле жыр шертті.

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.

Жақсы менен жаманды айырмадың,

Бірі – қан, бірі май боп екі ұртың [2,37], -

дегендегі ақын күйініші нағыз жанашыр патриотқа тән толғаныс. Елінің қайғылы халіне күйзеліп, күйініп айтқан сөзі. Нағыз патриоттың айтар сөзі. Абай өлеңдерінде кедейдің ауыр тұрмысы, жарлы-жалшылардың сүреңсіз өмірі, еңбексіз еріншектер – құр селтенмен өмір кешетін бай-мырзалар бейнесі ақын шығармаларындағы тағы бір ауыр шындық куәлары. Азамат ақын ашқан халық қасіретінің бір көрінісі. «Кедейдің өзі жүрер малын бағып, отыруға отын жоқ үзбей жағып» - міне, кедей тұрмысы, «сырмақ қып астына, байының тоқымын, отының басына, төренің қоқымын», - міне, болыстың атшабары Масақбайдың үй іші. Ал байлар кәсібі қандай?

Байлар жүр жиған малын қорғалатып,

Өз жүзін, онын беріп алар сатып.

Онын алып, тоқсаннан дәме қылып,

Бұл жұртты қойған жоқ па құдай атып?

Елдің реңін алып, бос кезбелікке салынып, ас аңдып жүрген арсыздарды қаңғырған бұралқы итке ұқсатады:

Мінер атын, киімін ып-ықшам ғып,

Сымбаттанып, сымпиып, тамақ аңдып...

Күлдіргіштеу, күлкішіл, қалжыңға ұста,

Кезеген ит тым-ақ көп біздің тұста.

Қазақ арасындағы бұл сияқты жұғымсыздықтарды сынап қана қоймай, ақыл-кеңес айтып, жөн сілтейді.

Еңбекті сат, ар сатып неге керек,

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [3,58].

Абай – терең ойдың ақыны. Ол әрбір шығармасын жүрек тебіренге тереңнен толғайды.

Абайдың пікіріне сәйкес, қоғамдық прогресстің ең басты шарты — білім мен мәдениеттің өсуі. Ол халықты оқуға, өзін-өзі тәрбиелеуге шақырды. Бұл идеялар оның өлеңдері мен қара сөздерінде жиі айтылады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңі білімге деген құрметті және білімсіздікті сынауды білдіреді. Абай білім мен тәрбиені жеке адамның ғана емес, қоғамның да кемелденуі деп ұқты.

Оның ойынша, адам қоғамның қажетті мүшесі, ол дүниенің кетігіне қалауға жарарлық кірпіш сияқты өзінің орнын тауып, өмірдің керегіне асып, ел үшін еңбек еткендей азамат болуға тиіс. Дәулеттің ең маңыздысы, асылы – білім деп білген Абай жастарды салғыртсымай, ғылымды меңгеруге шақырады.

Ғылым болмай немене,

Балалықты қойсаңыз.

Болмаса да ұқсап бақ,  
Бір ғалымды көрсеңіз.  
Ондай болмақ қайда? - деп,  
Айтпа ғылым сүйсеңіз!

Абай өз кезінде дін оқуын, дүмше молдалар сабағын сынап, балаларды орыс мектебіне беруді талап етеді. Дүмше молдалардың мал құмар, тоғышар мінезін бейнелеп, олардан тәлім алған бала білімге жарымайтынын айдан анық танытады.

Кітапты молда теріс оқыр,  
Дағарадай болып сәлдесі.  
Мал құмар көңілі бек соқыр,  
Бүркіттен кем бе жем жесі!?

Абай – оқыған білімді жастардың мақсаты айқын болу керек, ол халқы үшін еңбек етерлік азамат болсын деген талап қояды. Кейбір тілмаш, адвокат болып, шен, сыйлық алып, мал табуды арман етіп, елді бүлінген үстіне бүліндіріп жүргендерді сынайды. «Я тілмаш, я адвокат – болсам деген бәрінде ой», - деп бас қамынан аспайтын мұндай тар мақсаттың мұрат бола алмайтынын айтып, ел үшін оқитын жаста түбегейлі мақсат болуы керек деп ескертіп, жастардың алдына дана адамдарды – Салтыков-Щедрин мен Л.Толстойды үлгі етіп ұсынады. Солардай елі үшін еңбек етерлік ұлы адам болуды барлық оқушы жастар алдына биік мақсат, зор нысана етіп тартады.

Ғылым жолы оңай жол емес, соқпақсыз шатқалды қиын жол дей келіп, Абай соған қарамастан, талмай еңбек етіп, зор ынтамен бейнеттеніп ізденген адам ғана ғылымды меңгере алатынын ескертеді. Ол өзінің өлеңдерінде жас кезінде көп оқи алмай, көп нәрсені өткізіп алғанын айтып өкінеді, жастарды уақытын босқа өткізбеуге шақырады. өзінің ұлдары мен бірге қызы Гүлбаданды да орыс мектебінде оқытады.

Абайдың қара сөздерінде де білім мәселесі кең әрі жүйелі түрде қарастырылады: тәрбие, тәртіп, еңбек, әділдік — бәрі де білім арқылы жетілетіні тұжырымдалады. Оның бұл ұстанымы — сол дәуірдегі қазақ қоғамының материалдық әрі рухани тұрғыдан дамуын көздейтін ұлттық бағдарламаның өзегі іспетті еді.

Абайдың «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» сөздері жоғарғы ілім - білімге ұмтылуға бөгет жасайтын надандық, мақтаншақтық мінездерді шенеуге арналады. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік - ақылға бірлік, малға бірлік емес», - десе, сол әңгімесінің екінші жерінде: «Ырыс - алды тірлік» [4,82] дейді. Жанын қорғалап жаудан қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған ырысқа дұшпан болады...

Кеселді жалқау, қылжақ бас,  
Әзір тамақ, әзір ас,  
Сыртың пысық, ішің нас,  
Артын ойлап ұялмас, -

болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар - намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан, мәдениетсіздіктен, жалқаулықтан, еңбексіздіктен келіп туатынын дәлелдей келе, ақын өзінің оқырмандарын бұл мінездерден қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында.

Абайдың «Он жетінші сөзі» қайрат, ақыл, жүрек, ғылымға арналады. Алдыңғы үшеуі адам үшін өздерінің атқаратын жұмыстарын айта келіп, әр қайсысы өзін бірінші орынға қойып таласады да, ғылымға төрелікке жүгінеді. Ғылым үшеуінің де жақсылы, жаманды қасиеттерін дәл сипаттап, әділ сынайды. Жеке – жеке үшеуінде де кемшілік бар. «...Осы үшеуің басынды қос, оның ішінде жүрекке билет» [5,64], - деп үкім шығарады.

Қорыта айтқанда, Абайдың шығармалары қазіргі қоғамда да өзекті. Тәрбиелік, моральдық идеялар, білімге шақыру — бүгінгі күннің де талабы. Жаһандану дәуірінде ұлттық ерекшелік пен жалпыадамзаттық құндылықтарды ұштастыру қажеттігі бұрынғыдан да маңызды.

Абай білім арқылы жаңғыру идеясын насихаттады. Бұл идея қазіргі Қазақстанның білім мен инновацияға ерекше мән беріп отырған саясатымен үйлеседі. Абайдың ойлары жастардың тәрбиесі мен қоғамның интеллектуалдық дамуы үшін бағыт-бағдар береді.

Абай Құнанбайұлы — өз дәуірінің ғана емес, кейінгі ұрпақтың да жыршысы. Ол қазақ қоғамының кемшіліктерін көріп қана қойған жоқ, сонымен бірге оны түзету жолдарын, жаңару стратегиясын ұсынды. Оның шығармалары — әлеуметтік сын, тәрбие амалы, білімге үндеу және моральдық бағдарлама. Абайдың поэзиясы мен қара сөздері арқылы қазақ қоғамы рухани және интеллектуалдық тұрғыдан жаңғыруға мүмкіндігі бар екенін таныды. Сондықтан оны «өз дәуірінің жыршысы» ғана емес, ұлттың рухани ұстазы және келешектің ойшылы деп санағанмыз жөн.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 272 б.
2. Абай Құнанбаев. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 2001. – 324 б.
3. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы, 1993. – 272 б.
4. Абай Құнанбаев Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1995. – 111 б.
5. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы, 2002. – 280 б.

## МЕН АБАЙДЫ ЯДҚА БИЛГЕН ХАЛЫҚПАН...

**Каниязова Жупаргул Орынбаевна,**

Қарақалпақ мәмлекетлик университети доценти, филол.и.д.,  
Nókis qalası, Ózbekstan

***Аннотация.** Мақалада қарақалпақ әдебиеттаныуындағы Абайтаныуы тарауының бағдарлары: Абайтаныуыдың дәслепки басқышында ақын шығармаларының таралыуы, аударма этилиуи ислери әмелге асырылса, екинши басқышы – қарақалпақ шайырлары менен Абай қосықларындағы үнлеслик хәм өзгешеликти үйрениу болса, үшінши бағдарында Абайдың қосық жазыу өнеринен үлги алған қарақалпақ шайырлары тууралы сөз болады.*

***Гилт сөзлер:** Абайтаныуы, шайыр, қосық, И.Юсупов, аударма, дослық темасы*

Қарақалпақ халқының сүйикли шайыры, тәкирарланбас талант ийеси Өзбекстан қахарманы И.Юсупов тек қарақалпақ әдебиатында ғана емес, ал пүткил түркий тиллес халықларына танылған тулға есапланады. Шайырдың дәретиушилигиниң идеялық-тематикалық диапозоны кең, көркем-эстетикалық қунлылығы жоқары болып, улыумаинсаныйлық мәселелерди сәулелендириуи менен өзгешеленеди. Әсиресе, шайыр И.Юсупов дәретиушилигинде дослық темасы айрықша орын тутады. Бул пикиримиздиң дәлийли сыпатында шайырдың өзбек, қазақ, қырғыз, түркмен, татар х.т. басқа халықлары тууралы дослық лебизге толы қосықларын айтып өтсек болады.

Қарақалпақ хәм қазақ халықлары арасындағы қарыс-қатнасықлардың тамыры терең, тарийхы ертеден басланады. Бул мәселе хаққында С.Ахметов, К.Мәмбетов, Р.Дәрибаева, Қ.Аралбаевлар, қазақ алымларынан Н.Ғабдуллин, Р.Бердибаев, С.Тойшыбаев сыяқлы әдебиатшы илимпазлар өз мийнетлеринде атап өтеди. Ал қарақалпақ сөз өнеринде шайыр И.Юсупов бул еки халықтың тууысқанлық хәм дослық қатнастарын айрықша жырлайды. Шайырдың қазақ халқына бағышлап жазған қосықларының өзи бир дүнья. Мысалы, «Мен Абайды ядқа билген халықпан», «Сулыу екен Алма атаның қызлары», «Алма атаға», «Көкшетау», «Булақ», «Қазақстан», «Жетписте жигиттиң көклемі», «Ийшанбай күйи» қосықларының хәр биринде қазақ халқына болған жүрек төринен орын алған сезимлер бериледи.

Шайырдың «Мен Абайды ядқа билген халықпан» қосығында қазақ хәм қарақалпақ халқының тили хәм тарийхы, мәдениаты хәм әдебиатының жақынлығын айта отырып, қазақ ақыны Абайды еки халықтың да перзенти, мақтаншы сыпатында тилге алады:

Мен Абайды ядқа билген халықпан...  
Әмиу бойы тууып өскен топырағым,  
Сизлерменен бир путақлас жапырағым,  
Көңлим ашық, ақшамы жоқ жарық таң-  
Мен Абайды ядқа билген халықпан

Сондай-ақ шайыр қазақ халқына арнап жазған қосықтарында Шоқан Ұәлийхановты көп тилге алады хәм «қарақалпаққа жийен» деп көрсетеди. Мысалы, «Мен Абайды ядқа билген халықпан» қосығында:

*«Қарақалпақ-даланың бас ақыны»,  
Деп айтқан зой уллы Шоқан жийеним.*

десе, «Көкшетау» қосығында

Тас сынығын әкеттім Сырымбеттен,  
Бунда даңқлы жийеним Шоқан өткен,  
Оны тапқан анамнан айнанайын,  
Қазаққа сондай улды сыйлық еткен,- деп жазады.

Шайырдың «Сұлыұ екен Алма атаның қызлары» хәзил қосығы да жүдә тәсирли жазылған. Бул қосықта қызлардың сұлыұлығын тәриплеген:

Алма көз, бота көз, қой көз, қара көз,  
Гей бир қыздың бет жүзиниң бәри көз,  
Мыйық тартып айта жалғыз аұыз сөз,  
Еригендей Алатаұдың музлары.

деген қатарлар айрықша көтеринки руұх пенен жазылған.

Дилмашсыз-ақ қазақшаға қанықпан.  
Күй тыңлайық, домбыраңды ала бар.  
Сен Абайдың бирер сөзин умытсаң.  
Мен айтайын, кел де меннен сорап ал,-

деп жазған шайыр И.Юсуповтың туұысқанлық хәққындағы қосығына қазақ шайыры Е.Зикибаевтың мына қосығы жуұап ретинде жазылғандай көринеди:

Оны тыңлап, аға айтып ақылын,  
Жаттай сыйлап өскен елмиз жақынын,  
Шадлығы бир, бағ гүли бир ағайин,  
Абай сениң, Бердақ мениң ақыным.

Демек, қарақалпақ хәм қазақ халықлары әзелий тамырлас, туұысқан халық болып, бул дослық хәм туұысқанлық қатнастар бул еки халық әдебиятында жырланып келген хәм мәңги жырланады.

Бүгинги Қарақалпақстандағы Абайтаныұ илими бир қанша басқышларды басып өткен. **Дәслепки басқышта** Абай шығармаларының қарақалпақлар арасына таралыұ мәселесине дыққат аұдарғанымызда, шайыр И.Юсуповтың «Мен Абайды ядқа билген халықпан» деген гәпиниң хәқыйқат екенлигине көзимиз жетеди. Себеби, Абайдың өлеңлери 1950-жыллары-ақ қарақалпақ мектеплериниң 9-класс оқыұшылары ушын арналған оқыұлық хәм хрестцоатиясынан өз әдебияты үлгилери қатарынан орын алған еди. Бул мектеп сабақлықлары 2000-жылларға дейин азы-кем өзгерислери менен бир неше рет қайта баспадан шықты. Бирақ Абай өлеңлери бул қайта басылымлардың хеш биринен алып тасланған жоқ. Ал өлеңлердиң қатары басқа да қосықлары менен толықтырылды. Демек, буннан Абай сөзин қарақалпақ оқыұшысына үлги тутқанлығын аңлаймыз.

1950-жыллардан баслап Абайдың таңламалы шығармалары жыйнағын баспадан шығарыұ иси қолға алынды. Аұдарма исине А.Бегимов, Су.Бекмуратов, Ж.Аймурзаев, Қ.Досанов, Т.Маткаримов, М.Қасымова,

Ө.Хожаниязов, Ж.Сейтназаров, Т.Сейтжанов, Т.Жумамуратов, Х.Сейтов, Х.Турымбетовлар қатнасқан хәм 1955-жылы баспадан шыққан.

Абайдың қарақалпақ тилиндеги таңламалы шығармалары екінши рет 1985-жылы Шаўдырбай Сейтов аўдармасы хәм баспаға таярлаўында, үшінши рет 1990-жылы Ш.Сейтов пенен бирге Ш.Аяпов, С.Исмайылов, А.Әлиев, С.Ибрагимов аўдармалары жәмленип баспадан шығарылады. 2025-жылы Абайдың қара сөзлери шайыр С.Ибрагимов аўдармасында баспадан шықты. Демек, буннан соны аңлаў мүмкин. Абай шығармалары бүгинги қарақалпақ оқыўшыларына өз тилинде толық жеткерилген екен.

Абай исими хәм оның шығармаларының қарақалпақ халқына кең танылыўында Б.Исмайылов, И.Сағыйтов, И.Юсупов, С.Ахметов, Қ.Жумажанов сыяқлы әдебиятшы алымлардың да орны гиреўли. Абай шығармаларының қарақалпақ тилине аўдармасының сапасы жөнинде Бабаш Исмайылов «Абай шығармалары қарақалпақ тилинде» («Совет Қарақалпақстаны», 1955, 2-июль), Қаржаўбай Жумажанов «Абай және қарақалпақ әдебиети», «Көркем аўдарма мәселелери» (Абай таңламалы шығармалары қарақалпақ тилинде), «Абай шығармаларының хәр ўақытта аўдарылғанын қайта оқығанда» мақалалары жазылды.

Әсиресе, Қ.Жумажанов Абай шығармаларының таралыўына байланыслы әдебиятшы-илимпазлардың, шайырлардың хызметлерин үйренип, оларға әдил баға берген, илимий таллаў жасаған илимпаз. Абайтаныўға байланыслы оның топлаған материаллары 1995-жылы «Абай және қарақалпақ әдебиети» деген атамада жыйнақ баспадан шықты.

Қарақалпақстандағы Абайтаныўдың **екінши бағдары** – қарақалпақ шайырлары менен Абай қосықларындағы үнлеслик хәм өзгешеликти үйрениў болып табылады. Бунда Б.Қәлимбетовтың Әжинияз бенен Абай, И.Сағыйтов хәм Қ.Жумажановтың Бердақ пенен Абай қосықларындағы үнлеслик туўралы пикирлери оқыўшыға ой салады.

Қарақалпақстандағы Абайтаныўдың **үшінши бағдары** Абайдың қосық жазыў өнеринен үлги алған қарақалпақ шайырлары туўралы болады. Бул мәселе бойынша Қ.Жумажановтың жақсы байқаўлары бар. Изертлеўшиниң анықлаўынша, «Ж.Аймурзаев сөз өнерине келген жыллары Абайдың өлең жазыў өнеринен үлги алған». Деген менен бул бағдардағы изертлеўлер еле толық аяқланбады.

Биз Қарақалпақстандағы бүгинги Абайтаныў бойынша шолыў жасай отырып, бул тараўдың қарақалпақ әдебияттаныўында алдағы ўақытта еле изертлениўи зәрүр төмендеги мәселелерин атап өтпекшимиз.

*Бириншиден,* Абай өлеңлериниң қарақалпақ тилине аўдармасының көркемлик сапасы лингвистикалық хәм әдебияттаныў аспектинде қарап шығылыўы тийис;

*Екиншиден,* 19 әсирдеги қарақалпақ шайырлары менен Абай қосықларындағы үнлесликти типологиялық аспекте қарастырыў зәрүр. Бул жоқарыда айтып өткенимиздей, киши көлемли мақалаларды көтерилген мәселе. Бул мәселени кең түрде арнаўлы илимий изертлеў жумысларында тарийхий-филологиялық аспекте қарастырыў зәрүрлиги бар. Мысалы,

Бердақ пенен Абай шығармалары идеясы, тематикасы жағынан әдеуір үнлеседи, әсиресе еки шайыр дидактикасы салыстырып изертлеўге турарлық илимий проблема. Ал Әжинияз менен Абайдың шығыс шайырларының әдебий дәстүрінде жазылған қосықлары («Әй әлип» (Әжинияз), «Әлипбе қосығы» (Абай) хәм т.б.) мазмун хәм формасы жағынан, сондай-ақ басқа да қосықлары өзара салыстырып үйренилсе болады.

*Үшиншиден*, Абайдың өлең жазыў өнериниң ХХ әсир қарақалпақ шайырлары дәретиўшилигине тәсири мәселеси. Бул мәселе бойынша бир неше илимий изертлеў жұмысларын әмелге асырыў мүмкин. Себеби, ХХ әсирдеги хәр бир шайыр дәретиўшилигинде Абайдың дидактикалық қосығының «излери» бар. Өзбекстан Қаҳарманы И.Юсуповтың:

Үш күшик сақладым сада гезимде,  
Тарғыл көпек болды тумсығы қасқа.  
Үшеўи де тислеп алды өзимди,  
Енди серт айтқанман сыр сақламасқа

[64-бет, 2-том]

деген төртлигиниң мазмуны Абайдың төмендеги өлеңи менен үнлеседи:

Күшик асырап ийт еттим,  
Ол балтырымды қанатты.  
Биреўге мылтық үйреттим,  
Ол мерген болды, мени атты [123-бет].

Абай өлеңлериниң аўдармашысы Шаўдырбай Сейтовтың лирикасын әдебий тәсир аспектінде үйрениў келешектеги абайтаныўдың актуал проблемаларынан бири. Абайдың өлең жазыў өнериниң тәсири Шаўдырбайдың нәсият қосықларында көринеди. Мысалы, «Академик Марат Нурмухамедовтың Түркия сапарына атланарында туўысқан республиканың бир илимпазына айтқаны», «Фольклоршы Қаллы Айымбетовтың отызымда айтса да қырқта гүрсиндирген бир ақылы», «Әкем Қазақбай Сейтовтың ядымда қалған ақылларынан» қосықларының ырғағы, мазмуны Абай өлеңлерин еске салады.

Солай етип, Қарақалпақстандағы абайтаныўшылар ушын «тили жеңил, жүрекке жыллы» Абай өлеңлери жүдә қәдирли.

ӘОЖ. 82.321

## **АБАЙ ЖӘНЕ ӘЖИНИЯЗ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ ТУРАЛЫ**

**Құттымұратымуратова Ырысты Абдирахмановна,**

қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті,

НМПИ,

Нөкіс қаласы, Өзбекстан

*Аңдатпа.* Мақалада Абай Құнанбайұлы мен қарақалпақ ақыны Әжинияз Қосыбайұлы шығармаларының әдеби байланысы туралы пікір айтылады.

*Кілт сөздер:* Абай, Әжинияз, ұлы тұлға, әдеби байланыс

Қазақ жұртының реалистік жаңа әдебиетінің негізін қалаушы, ұлттық поэзиямызды қоғамдық дамудың озық деңгейіне бағыттап, жаңалық жаршысы болған, өз дәуірінің ең басты мәселелерін дәл бейнелеп, дұрыс қорытынды шығара білген прогресшіл классик ақынымыз Абай Құнанбаевтың халқымыздың рухани байлығына айналған көркем поэзиясының бағалы қасиетін зерттеу әрбір әдебиетшіден өте зерделіліті талап етеді. «Абай поэзиясының аса бағалы қасиеті, артықшылығы – онда ешқандай жасандылықтың ізі жоқ. Қысылмай, қымтырылмай, шабыттың қуатымен тебіреніп еркін сөйлеу, жан-тәнімен сезінген, жүрек жарды ой толғамын ортаға салу, боямалап, әшекейлемей, ақтарыла адал айтатыны – міне, Абай поэзиясының адамды баурап алатын ерекше тартымдылығы алдымен осы қасиеттерінде» [2-193],-деп белгілі Абайтанушы Зәки Ахметов айтқандай шындығында Абай поэзиясы өз оқырманын өзіне баурап алатын асыл қасиетке ие.

«Ақын (Абай Ғ.М.) шығармашылығының қайнар көзі, бастауы – халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл мұрасы – ауыз әдебиеті, өзінен бұрын өмір сүрген ақын жыраулардың поэтикалық мұрасы. Ұлы ақын солардың бәрін кәдесіне жарата білді» [1-328]. Сондай-ақ Абай поэзиясының бастау бұлағы болған алғашқы өлеңдерінің шығыс шайырлары үлгісінде жазылғанын да бір сәт естен шығармауымыз лазым.

Абай медреседе оқып жүргенде өзінің зейінді, ықыласты, әрі ұғымталдығымен өзгелерден анағұрлым ерекшеленіп тұрған. Молданың бір оқып берген мәтінін кітапқа қарамай-ақ жатқа айтып беретін зерек болады. Арабша оқу Абайдың көп уақытын алмаған сондықтан ол бос уақытын шығыс классиктерінің өзі сүйген кітаптарын оқуға арнаған.

Абай «Физули, Шамси...», «Иузи-рәушан, көзі - гәуһәр», «Әліпби» өлеңдерін шығыс ақындарының стилінде, аруз үлгісінде жазған. Бұлардың алғашқысы Абайдың балалық шағындағы шығыс ақындарына еліктеу үлгісіндегі өлеңі болса, соңғы екеуін ақынның бозбалалық шағында жазған өлеңі. «Иузи-рәушан, көзі - гәуһәр», «Әліпби» өлеңдерінде бозбалалық құмарлық нақтылы тілекпен, сымбатты сұлуды құлай сүйген бозбаланың көпшілікке түсінікті жайы бар шындығымен аңғарылып тұрады. Мысалы:

Иузи-рәушан, көзі – гәуһәр  
Лағилдек бет үші әхмәр,  
Тамағи қардан әм биһтар  
Қашың құдрәт қоли шигә, -

деп сүйсіне жырлау әрине, бұл кеше ғана медреседе оқып, шығыстық үлгіде хат таныған бозбала Абай үшін жарасымды еліктеу.

«Абай «Әліфби» өлеңінің әр жолын араб алфавитінің ретімен тізеді. Науаиде да сол араб алфавитімен тізілген ғазелдер бар. Бірақ ол әр жолдың басы емес, қайта аяғындағы ұйқасты сөздердің ең соңғы дыбысын әліфби ретімен келтіреді» [4-82],- деп Абайтанудың негізін қалаған кемеңгер ғалым Мұхтар Омарханұлы мұны ерекше атап өтеді. Шындығында мұндай стиль шығыс әдебиеті өкілдерінің үреншікті салтына айналған.

Осындай тізбекті жыр үлгілерін қарақалпақ халқының ұлы ақыны Әжінияз Қосыбайұлының да өлеңдерінен кездестіруге болады. Әжінияз Хиуадағы атақты Шерғазы ханның медресесінде оқып, Шығыс поэзиясының кемеңгерлерімен тереңнен танысқан. Абай ақын сияқты Фердауси, Сағди, Науаи туындыларын шығармашылықпен үйренген, олардың біразын жатқа білген. Ақын мұсылманша оқуды жақсы меңгергендіктен өзінің жырларында араб, парсы сөздерін өнімді пайдаланған.

Біздің негізгі нысанамыз да осы екі халықтың көркемсөз шебері атанған алып ақындарының шығыс шайырлары стилінде, аруз үлгісінде жазған «Әліпби» өлеңдері болмақ. Әжінияз бен Абайдың поэзиялық үндестігі туралы белгілі журналист ғалым К. Хамидуллаев та: «Әжінияздың заманында көп ақындар Шығыс поэзиясы үлгісінде шығармалар жазған. Мысалы, қазақ ақыны Абай да Әжіниязға ұқсап «Әліпби» өлеңін және Шығыс шайырларына еліктеп «Иузи-раушан, көзі- гауһар», «Физули, Шамси, Сайхали» деген туынды шығарды. Бұл шығармаларында Абай Әжіниязға ұқсап Шығыс шайырларының үлгісінде араб, парсы сөздерін көп қолданады» [5],- деп орынды атап өткен болатын.

Әжінияз шайыр өзінің «Дәурен болмады» өлеңінде:

Әліп қалпым дәлдей болып бүгілді,

Көздерімнен қанды жасым төгілді.

Жол бойына үйген асыл жүгімді,

Базарға апарар керуен болмады [3-37],-

(қарақалпақшадан қазақшаға аударған автор) деген жыр жолдарында да араб әліпбиіндегі әріптерді тілге тиек етіп, шеберлікпен әрі ұтымды пайдаланған. Мұндай мысалдарды шайыр шығармашылығынан көптеп ұшыратуға болады. Және де Әжінияз шайыр әліпби үлгісінде бір емес екі өлең шығарған. Біріншісі – «Бері кел», екіншісі – «Әй әліп».

Әжінияздың «Бері кел» өлеңі мен Абайдың «Әліпби» өлеңін салыстырып қарағанда шығыстық үлгідегі айдай ару қыздың сұлулығы мен оған ынтық болған ғашық жігіттің шөліркеген сезімін байқау онша қиынға түспейді, бірақ екі ақынның әріптік тізбекке негізделген қатарларды сөзбе-сөз ұқсатық, жақындық екі жерде ұшырасады. Бұның екеуі де ерінге байланысты. Мысалы, Әжінияз:

Шын – шәккәрдек ләблерің, баллар қосылмыш ашына...

Ламы – лағлы, ләблерің, болдым сүймекке интизар – десе,

Абай:

Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын...

Ләм – Ләбіңнен қысаң мен дерттіге, -

деп қайырады. Сондай-ақ, Әжінияз шайыр «Кеп» әрпі тұсындағы қатарда: *Кеп-кәмалыңа келдің, пишкен төсиңде қос анар*,-деп өрнектесе Абай «Қаф» әрпі тұсындағы қатарда: *Қаф – Камил ақылың асыл, затым*,-деп кестелеген. Бұл қатарлар бір қарағанда бір-біріне ұқсас болғандай түйілгенмен арабша кәмал мен камил сөздері екі басқа ұғым береді.

Әжінияздың «Әй әліп» өлеңі мен Абайдың «Әліпби» өлеңін салыстырып қарасаңыз екі өлеңнің де бастау сарыны бір-біріне ұқсас. Әжінияз:- *Ай – әліп*

ким, ақ йүзіңдүр айни әләм әнуарий, десе, Абай: - Әлиф дек ай йүзіңе гибрат еттім,- деп басталады. Бұл екі өлеңді мұнан әрі салыстырып оқысаңыз бірнеше араб әріптерінен тізілген өлең қатарларындағы ұқсастық байқалады. Мысалы, Әжіниязда:

Жым – жамалың көрмегенше, зары гилян Зийуарий\*...  
Шын – шараблы ләблеринди мен ишерге биймәлел,  
Сат – сабыр әйлейин, ышқыңда еттим ақлы лал,  
Зат – зайығ болма, пәрийуәш набәлентке мудамий,-

деген өлең қатарларындағы көркемдік кестелер Абай «Әліпбиіндегі» мына жыр жолдарымен үйлесіп жатады:

Жем – Жамалың қандай ақ рузи маған...  
Шын – Шикәр ләп есіме түскен сайын,  
Сат – Сабырым қалмады мен не әйләйін.  
Зат – Зайығ өмірім өтті менің бекер...

Бұл заманы бір екі ерен таланттың да Шығыс әдебиеті үлгілерінен еркін сусындап жыр маржандарын жаратқанынан дерек береді. Екеуі екі халықтың ортасында өмір сүріп, бірін-бірі көрмей тұрып-ақ осындай жарасымды жыр кестелерін өрнектеген. Өздерінің бозбалалық дәуреніндегі желікті кестелі орамалға жазғандай әрбір зерлі әріптерге балама тауып, әр әріпті айтулы арудың сымбаты мен сәніне, назы мен іс-қимылына ұқсатып соған қол жеткізуге, мауқын басуға тырысып осындай ынтықтық-сүйіспеншілік жыр үлгілерін пайда еткен.

Сайып келгенде, екі халықтың арысы Әжінияз бен Абай қай уақытта да түбі бір туысқан халықтардың тамырластығын нығайтатын рухани байлығымыз болып қала бермек. Ұлттық жәдігерліктеріміз қайта тіктеліп, туысқандық тамырларымыз жаңаланып жатырған қазіргі заманда ұлы бабаларымыз Низами Гәнжәуи, Әлишер Науаи, Бахауатдин Нахшбанди, Мырза Ұлығбек, Имам Әл-Бұхари, Ахмет Әл-Ферғани, Абай, Мақтымқұлы, Бердақ Қарғабайұлы, Әжінияз Қосыбайұлының мұралары рухи дүниеміздің мөлдір бұлақтары сияқты халықтарымыз ынтымақтастығына қызмет ете береді. Бұндай мықты байланыс жастарымызға жаңа рухи азық, күш-жігер сыйлаумен бірге мақтаныш, Отанға, ел-жұртқа деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастырары анық.

### Пайдаланған әдебиеттер

1. Ақшолоқов Т., «Көркем шығарманың эстетикалық табиғаты» Алматы, «Ғылым» 2001ж.
2. Ахметов З., «Абайдың ақындық әлемі» Алматы, «Ана тілі» 1994 ж.
3. Әжінияз. Бұлбилзибан., таңдамалы., Нөкіс, 2014 ж.
4. Әуезов М., «Әдебиет туралы зерттеулер», Астана. «Profimedia» 2014 ж.
5. Хамидуллаев К., «Әжінияз шығармашылығына бір назар» «Хожелі ақиқаты» газеті, 6-апрель 2001 ж.

## Жарыссөз

### АБАЙДЫ ЖҮРЕКПЕН ТҮСІНЕЙІК!

**Әбділов Оңайбек Нұрасылұлы,**  
МО ҚХА Ақсақалдар кеңесі төрағасы,  
т.ғ.д., заң ғылымдары академиясы академигі  
Ақтау қ., Қазақстан

Құрметті конференцияға қатысушылар!

Маған дейін сөйлеген баяндамашылар хакім Абайдың мұрасын әр қырынан жан-жақты талдап өтті. Ал мен Абай Құнанбайұлының адам болмысына қатысты философиялық ойына қысқаша тоқталғым келеді.

Абай былай дейді:

«Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
“Мені” мен “менікінің” айрылғанын  
“Өлді” деп ат қойыпты өңкей білмес».

Осы жерде Абайдың айтқан «мені» не? Әрине, мені бұл – адамның жаны, рухы.

Адам бұл дүниеде «менікі» деп жүрген дүниесінің бәрі уақытша. Тән көміледі, дүние мен мал-мүлкі қалады, ал жан Жаратушысы Аллаға қайтады. Біз – бұл өмірге қонақпыз. Тәніміз топырақтан жаралған, қайтадан жер-ана қойнына тапсырылады.

Ендеше, адамды хайуаннан айыратын не? Абайдың жауабы анық: ақыл, сана және таңдау еркі. Сондықтан қазақ: «Бала берсең – сана бер» дейді. Өйткені сана – адамды адам ететін қасиет.

Абай тағы да былай дейді:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы – осы деп әділетті».

Бұл – адам баласына берілген ең биік өлшем. Яғни, зорлыққа, қиянатқа, адам өлтіруге, біреуді кемсітуге дін де, адамгершілік те жол бермейді.

Қазіргі әлемдегі соғыс, ашаршылық, зұлымдық – адамның адамдық қасиеттерінен алыстап, рухани құндылықтарды ұмытқанынан туындап отыр.

Қасиетті кітаптарда Алла Тағала Адам атаны жаратқанда, періштелерге оған сәжде етуді бұйырғаны айтылады. Себебі адам – нәпсімен сыналатын, бірақ сол сынақтан өтсе, дәрежесі періштеден де жоғары бола алатын жаратылыс.

Демек, бұл өмірдегі басты мақсатымыз – байлық жинау емес, адам болып қалу, әділет пен мейірімді өміріміздің өзегіне айналдыру.

Құрметті ағайын, қадірлі студенттер!

Абайдың «толық адам» ілімі бізді адам болуға, жауапкершілікке, бейбітшілікке үндейді.

Сондықтан Абайды оқиық, Абайды жүрекпен түсінейік, Абай айтқан толық адам болуға ұмтылайық!

Баршаңызға осы жолда табыс тілеймін.

**I SEKSIYA. ABAJDYŇ ADEBI MYRASY: MAZMYN, FORMA JӘNE**  
**KÖRKEMDIK JUYE**

ӘОЖ 82.09 (574)

**ABAY'IN "İSKENDER" ŐİİRİNDE İKTİDAR, ARZU VE KÜLTÜREL  
BELLEK**

**Orhan Söylemez,  
Ömer Faruk Ateş,**  
Kastamonu Üniversitesi, Türkiye

***Özet.** Bu çalışma, Abay Kunanbay'ın "İskender" şiirini iktidar hırsı, arzu, kötülüğün estetiği ve kültürel bellek bağlamında çözümlemektedir. Şiirdeki güç ve fetih imgesi, su ve doğa metaforları, pedagojik öğütler ve ahlaki mesajlar Freud'un arzusunun doyumsuzluğu, Jung'un gölge arketipi ve Assmann'ın kültürel bellek kuramı eşliğinde incelenmiştir. Girard'ın şiddet ve kurban kuramı ile Bachelard'ın mekân poetikası da şiirdeki metaforların anlam katmanlarını derinleştirmektedir. Analiz, Abay'ın İskender figürü üzerinden Orta Asya kültürel belleklerinde iktidar ve etik tartışmalarını yeniden ürettiğini göstermektedir. Sonuç olarak, şiir yalnızca tarihsel bir anlatı değil, aynı zamanda modern etik tartışmalara açılan felsefi bir metin olarak değerlendirilmiştir.*

***Anahtar Kelimeler:** Abay, İskender, kültürel bellek, kötülüğün estetiği, psikanaliz, etik.*

**Abstract**

*This study analyzes Abay Kunanbay's poem Iskander within the frameworks of power, desire, the aesthetics of evil, and cultural memory. The poem's imagery of conquest, nature, water, and bodily metaphors, as well as its pedagogical advice and moral lessons, are examined through Freud's concept of insatiable desire, Jung's archetype of the shadow, and Assmann's theory of cultural memory. Girard's theory of violence and sacrifice and Bachelard's poetics of space further deepen the semantic layers of the poem's metaphors. The analysis demonstrates that, through the figure of Alexander, Abay reconstructs debates on power and ethics within Central Asian cultural memory. Ultimately, the poem is evaluated not only as a historical narrative but also as a philosophical text that opens onto modern ethical debates.*

***Keywords:** Abay, Iskander, cultural memory, aesthetics of evil, psychoanalysis, ethics.*

**Giriş**

Abay Kunanbayev (1845–1904), Kazak edebiyatının modernleşme evresinde yalnızca bir şair değil, aynı zamanda bir düşünür, ahlakçı ve kültürel reformcu olarak kabul edilir. Onun eserlerinde şiir, didaktik öğretiyle birleşir; bireysel estetik arayış, kolektif bir ahlaki söylemin parçası hâline gelir (Қирабаев 1997; Кара 2003). Bu

nedenle Abay, XIX. yüzyılın sonundaki Kazak entelektüel dönüşümünün merkezinde durur.

“Ескендір” şiiri, bu konunun somut bir göstergesidir. Şair, tarihsel bir figür olan Büyük İskender’i (Makedonyalı Alexander) yalnızca bir fetih kahramanı olarak değil, insanın hırs ve kibirle sınavının alegorisi olarak yeniden kurar. Orta Asya kültürel belleğinde İskender (Eskendir) figürü, çok katmanlı bir imgedir: İslam kaynaklarında zulmün ve açgözlülüğün sembolü olabildiği gibi, klasik İran ve Türk şiirinde kahramanlığın ve evrensel hükümlerliliğin bir tezahürü olarak da işlenmiştir (Seyitova 2019). Abay’ın şiirinde bu imge, söz konusu çelişkinin bilgece bir çözümlemesine dönüşür: güç, ancak ahlaki bilgelikle dengelendiğinde meşru olabilir.

Bu yaklaşım, Jan Assmann’ın (2011) “kültürel bellek” kavramı bağlamında okunabilir. İskender, tarihsel bir şahıs olmaktan ziyade, farklı uygarlıkların hafızasında yeniden üretilen bir “figüratif bellek” unsurudur. Abay, bu belleği Kazak toplumunun ahlaki eğitimi için yeniden işlevselleştirir. Böylece “Ескендір”, yalnızca geçmişin bir anlatımı değil, modern Kazak kimliğine yönelik pedagojik bir metin hâline gelir.

Aynı zamanda Abay, XIX. yüzyıl Kazak aydınlanmasının diğer figürleriyle birlikte düşünülmelidir. Çokan Valihanov’un (1835–1865) etnografik araştırmaları ve Ybyray Altynsarin’in (1841–1889) eğitim reformları, Kazak toplumunda bilgi, ahlak ve modernleşme ekseninde yeni bir ufuk açmıştır. Abay’ın şiirleri, Valihanov’un bilimsel gözlemciliği ile Altynsarin’in pedagojik misyonunu şiirsel ve ahlaki bir dille tamamlar. “Ескендір” bu bağlamda hem bireysel ahlaka hem de toplumsal kimlik inşasına yönelmiş bir edebi söylem olarak, Kazak entelektüel modernleşmesinin üçlü sacayağının (bilim–eğitim–edebiyat) en parlak örneklerinden biridir.

Şiirin önemi, edebi estetiği aşan bu yönünde yatmaktadır. Abay, Bachelard’ın (1994 [1958]) “mekânın poetikası” bağlamında ele alınabilecek imgeler —su, dağ, yol, beden— üzerinden hem bireysel hem toplumsal ahlakın mekânsal bir şiirini kurar. Aynı zamanda Peter-André Alt’ın (2010) tanımladığı “kötülüğün estetiği” çerçevesinde, gücün çekiciliğiyle yozlaşmanın kaçınılmazlığı arasındaki estetik gerilimi görünür kılar.

Dolayısıyla “Ескендір”, Abay’ın edebi konumunu pekiştiren, Orta Asya kültürel belleğindeki İskender figürünü yeniden yorumlayan ve Kazak modernleşmesinin ahlaki yönelimlerini kodlayan bir metin olarak özel bir önem taşır.

Abay’ın “Ескендір” şiirini anlamak için onun aldığı klasik eğitim ve bu eğitimin kanalları da göz önünde bulundurulmalıdır. Abay, Semey’deki medrese yıllarında Tatar mollalarından ders almış; bu sayede Arapça ve Farsça klasiklere, İslamî ahlak ve tarih kitaplarına ulaşmıştır (Құдайбергенұлы, 2001). Tatar âlimler, Kazak bozkırına yalnızca dini bilgi değil, aynı zamanda Osmanlı–Tatar entelektüel geleneğini taşıyan köprü figürlerdi. Abay’ın Nizami, Sa’dî ve Firdevsî gibi şairleri tanınması, İskender figürünü Doğu edebiyatındaki ahlaki–felsefi bağlamıyla öğrenmesi bu derslerin katkısıyla gerçekleşmiştir. Bu bağlamda “Ескендір” şiirinde

karşımıza çıkan İskender, yalnızca Kazak sözlü geleneğinin değil, aynı zamanda Tatar hocalar aracılığıyla aktarılan İslamî–Pers edebî mirasın da bir yansımasıdır.

### **Literatür Değerlendirmesi**

Abay araştırmaları hem Kazakistan’da hem de Türkiye’de farklı odaklarla gelişmiştir. Kazak düşünürü Garifolla Esim’in Hakim Abay (2016) başlıklı eseri, Abay’ı İslam felsefesi, tasavvuf ve ahlâkî düşünce ekseninde yorumlayarak onun eserlerini yalnızca edebî değil aynı zamanda etik bir külliyyat olarak konumlandırır. Türkiye’de ise Ekrem Ayan’ın Bir Devre Aynalık Eden Düşünür ve Şair: Abay Kunanbay (2017) kitabı, Abay’ı tarihî ve estetik bağlam içinde ele alırken, modernleşme sürecindeki düşünsel ve kültürel kırılmalara ışık tutar. Nergis Biray’ın editörlüğünü yaptığı Abay Kunanbay: Hayatı, Şiirleri ve Fikirleri (2020) çalışması ise Türkiye’deki güncel Abay literatürünün kurumsallaşmasına önemli bir katkı sağlamıştır. Bu üç yaklaşım birlikte değerlendirildiğinde, Abay’ın şiirlerinde İskender figürünün yalnızca klasik bir kahraman olarak değil, aynı zamanda kültürel bellek, ahlâkî öğreti ve modernleşme tartışmalarının kesişiminde yer aldığı görülür (Esim 2016; Ayan 2017; Biray 2020).<sup>3</sup>

### **Teorik Çerçeve**

Abay’ın İskender şiiri, disiplinler arası bir teorik mercek altında okunmayı gerektirir. Şiir, yalnızca tarihsel bir fetih anlatısını değil, insanın etik, kültürel ve bilinçdışı boyutlarını açığa çıkaran bir poetik-felsefi düğümdür.

Jan Assmann’ın (2011) kültürel bellek kuramı, İskender figürünü bireysel tarihten çıkararak kolektif bir sembol hâline getirir: İskender, Orta Asya belleğinde ihtiras ve açgözlülüğün uyarıcı simgesi olarak yeniden yazılır. Böylece Abay, tarihten ziyade bellek üzerinden bir etik eleştiri kurar.

Peter-André Alt’ın (2010) kötülüğün estetiği yaklaşımı, şiirde açgözlülüğün ve doymak bilmeyen iktidar arzusunun yalnızca etik değil, aynı zamanda estetik bir sorun olduğunu gösterir. Abay kötülüğü, çıplak didaktizme indirgemez; tersine, dramatik yoğunluk ve imgeler aracılığıyla onun cazibesini deşifre eder.

Gaston Bachelard’ın (1994 [1958]) mekânın poetikası, şiirdeki kapı, dağ, engel gibi imgelerin sıradan betimlemeler değil, kültürel arketiplerin taşıyıcısı olduğunu ortaya koyar. Bu mekânsal poetika, İskender’in sınır tanımazlığını ontolojik bir aşırılık olarak kaydeder.

René Girard’ın (1972) şiddet ve kurban kuramı ise İskender’in arzusunu taklidî şiddet çerçevesinde konumlandırır: sahip olma arzusu, başkalarının arzusunu taklitten doğar ve bu döngü sürekli kurban talep eder. Abay’ın şiiri bu döngüyü ifşa ederek etik bir kırılma önerir.

Psikanalitik okuma da şiirin derin katmanlarını açığa çıkarır. Freud’un (1915) bastırma kavramı ve Jung’un (1954) kolektif bilinçdışı anlayışı, İskender’i insanın “gölge arketipi” olarak anlamamızı sağlar: bireysel ihtiras, kolektif bilinçdışının karanlık enerjileriyle birleşerek yıkıcı bir figür üretir.

Felsefi derinlik ise özellikle Emmanuel Levinas ve Jacques Derrida ile görünür hâle gelir. Levinas’ın “yüz” kavramı (1969), ötekinin bize yönelen etik çağrısını

---

<sup>3</sup> Esim Abay’ı İslam düşüncesi ekseninde bir “hakim” olarak konumlandırırken, Ayan onun tarihî-estetik boyutunu, Biray ise Türkiye’deki literatür inşasını öne çıkarır.

hatırlatır. Abay'ın şiirinde İskender'in ihtirası, yüzü görmezden gelen, ötekini yalnızca fethedilecek nesneye indirgeyen bir körlük olarak teşhir edilir. Derrida'nın misafirperverlik ve sınır düşüncesi (1997) de şiir için açıklayıcıdır: İskender'in her sınırı zorlayışı, mutlak iktidar arzusunun etik konukseverliği imkânsızlaştırdığını gösterir. Abay'ın eleştirisi, tam da bu sınır ihlalinin etik sonuçlarını görünür kılar.

Dolayısıyla İskender, tarihsel bir figürün yeniden anlatımı olmanın ötesinde, kültürel bellek, kötülüğün estetiği, mekânın poetikası, şiddet ve kurban diyalektiği, psikanalitik arketipler ve etik-felsefi sorgulamaların buluştuğu bir düğüm noktasıdır. Bu şiir aracılığıyla Abay, modern insanın ihtiras ve sınır aşımı sorununu yalnızca Kazak edebiyatına değil, evrensel etik-felsefi tartışmalara da taşır.

### **Tematik Analiz**

Güç ve Fetih İmgesi: Doymaz Arzu ve Kötülüğün Estetiği

Abay'ın İskender şiirinin giriş dizeleri, fatihin iştahını sınırsızlık metaforu üzerinden dile getirir:

Жер жүзін түгел алсам да, бір тоймадым, Ашкөздік оты жүрегімнен сөнбеді		Bütün yeryüzünü alsam da doymadım; Açgözlülüğün ateşi kalbimden sönmedi
---	--	--

Burada “doymaz iştah” yalnızca bireysel bir karakter kusuru değil, kültürel belleğin (Assmann 2011) tekrar tekrar ürettiği evrensel bir ikazı temsil eder. Açgözlülük motifi, belleğin kolektif uyarı repertuarına dahil edilerek güç arzusunun tarihselliğini görünür kılar.

Peter-André Alt'ın Kötülüğün Estetiği çalışmasında (2010) vurguladığı gibi, kötülük çoğu zaman sanatta hem korkutucu hem de büyüleyici bir dramatik güç olarak karşımıza çıkar. Abay'ın şiirinde de İskender'in kudreti karşısında okur bir yandan hayranlık duyar, diğer yandan tedirginliğe kapılır. Bu çift-değerli estetik, kötülüğün yalnızca ahlaki değil, aynı zamanda poetik bir mesele olduğunu açığa çıkarır.

Sonuç olarak Abay, İskender'i tarihsel bir fatih olmanın ötesinde, yıkıcı arzu arketipinin sembolü olarak kurar. Açılış sahnesi, ilerleyen bölümlerde derinleşecek etik sorgulamanın temelini oluşturur: gücün sınırı nedir ve kötülük hangi noktada bir öğretici uyarıya dönüşür?

### **İktidar Hırsı ve Ahlaki Çöküş**

Abay'ın İskender şiirinde iktidar hırsı, yalnızca bireysel açgözlülük değil, toplumları da sürükleyen yıkıcı bir kuvvet olarak tasvir edilir. Şair, İskender'in durmak bilmeyen arzusunu şu dizelerle resmeder:

Жер шары түгел менікі, тағы да аз, Тағатым жетпей, ашкөздігім арта барады		Bütün dünya benimdir, ama hâlâ az; Tahammülüm az, açgözlülüğüm gitgide artıyor
---	--	--

Bu dizeler, Jan Assmann'ın (2011) tanımladığı kültürel bellek kategorisine uygun olarak, iktidarın yozlaştırıcı doğasına dair tarihsel bir uyarının şiirsel formunu oluşturur. İskender figürü, geçmişten bugüne taşınan bir etik hafıza motifidir.

Peter-André Alt'ın (2010) “kötülüğün estetiği” perspektifinden bakıldığında, bu sahne yalnızca olumsuz bir ahlaki tablo sunmaz; aynı zamanda kötülüğün dramatik cazibesini de açığa çıkarır. Okur, İskender'in kudreti karşısında hem

hayranlık hem de tedirginlik yaşar. Böylece Abay, estetik yoğunluğu yüksek bir ikaz poetikası kurar.

Bu bağlamda, René Girard'ın (1972) şiddet ve kurban kuramı da aydınlatıcıdır. İskender'in sınırsız arzusu, taklit ve rekabet mekanizmasını harekete geçirir; fetihler çoğaldıkça hem toplum hem de birey kurbanlaşır. Böylelikle iktidar hırsı, ahlaki çöküşle el ele ilerler.

Psikanalitik okumalar da bu çözümlemeyi derinleştirir: Freud'un (1915) bastırma kavramı ve Jung'un (1954) gölge arketipi, İskender'in doyumsuzluğunu bireysel psişenin karanlık yüzüyle ilişkilendirir. Fetih ve güç tutkusu, öznenin bilinçdışında bastırılan ölüm itkisiyle birleşerek, yıkıcı bir tarihsel kuvvet hâline gelir.

Sonuç olarak Abay, iktidar hırsını bireysel bir kusur olarak değil, ahlaki çöküşün yapısal sebebi olarak sunar. Şiirdeki İskender figürü hem tarihin hem de kültürel belleğin ortak vicdanına yöneltmiş bir uyarıdır: sınırsız iktidar arzusu, eninde sonunda kendi öz-yıkımını hazırlar.

#### Su, Doğa ve Beden Metaforları

Abay'ın İskender şiirinde tabiat, yalnızca dekoratif bir fon değil, ahlaki ve kültürel belleğin taşıyıcısı olarak işlev görür. Özellikle su imgesi, İskender'in arzularına sınır çeken, doğanın kendi etik düzenini kuran bir metafor olarak öne çıkar:

Су берген кәрі шалды да қорлады, Дүниенің шетін де қанағат көрмеді	Su veren ihtiyarı da aşağıladı; Dünyanın sınırını bile kanaat görmedi
--	---

Burada su hem hayatın kaynağı hem de iktidar hırsının karşısına dikilen ahlaki ölçüdür. Assmann'ın (2011) “kültürel bellek” kavramı bağlamında, su yalnızca doğal bir unsur değil, toplumsal hafıza mekânıdır: kanaatkârlık ve paylaşım değerlerini hatırlatır.

Kazak bozkır kültüründe su ritüelleri, bu bellek boyutunu derinleştirir. Nevruz törenlerinde evlerin önüne su serpmek ya da suya dua (bata) etmek, bolluk ve bereketin çağrılmasıyla doğrudan bağlantılıdır. Şamanik dönemden beri var olan “suya kurban” geleneği de (örneğin, ırmak kıyısına süt dökmek, ilk suyu “temizleme”) suyun yalnızca fiziksel değil, kutsal bir varlık olarak algılandığını gösterir. Abay'ın şiirinde ihtiyarın “su vermesi” bu kültürel kodla okunmalıdır: su burada hem misafirperverliğin hem de etik sorumluluğun simgesidir.

Gaston Bachelard'ın Mekânın Poetikası'nda (1994 [1958]) belirttiği gibi, su imgesi bilinçdışında hem derinlik hem de arınma çağrışımları üretir. Abay'da da İskender'in hırsı karşısında “su” metaforu, insanın ölçsüzlüğünü görünür kılan bir ayna işlevi görür: doğa, iktidarı sınayan poetik bir faildir.

Beden metaforları da bu etik düzenin parçasıdır. İskender'in “dünyayı ele geçirme” arzusu, şiirde kalp, göz ve yerin “bağrı” gibi bedensel imgelerle somutlanır. Jung'un (1954) gölge arketipi açısından bu imgeler, insan psişesinin yıkıcı yönünün dışavurumlarıdır. Freud'un (1915) bastırma teorisiyle birlikte düşünüldüğünde, fetih arzusu doğa ve beden metaforları aracılığıyla bastırılan ölüm itkisiyle birleşir.

Ekolojik eleştiri açısından ise Serenella Iovino ve Serpil Oppermann'ın "material ecocriticism" yaklaşımı (Oppermann 2016) bu şiirde yankı bulur: su, yalnızca temsil edilen bir öge değil, aynı zamanda aktif bir etik öznedir. Su ve doğa, insan hırsını yargılayan, kanaatkârlığı hatırlatan semboller hâline gelir.

Sonuç olarak, Abay'ın şiirinde su, doğa ve beden metaforları yalnızca poetik imgeler değil, kültürel bellekle iç içe geçmiş ritüel kodlardır. Nevruz'daki su serpmekten bozkırın "suya dua" geleneğine kadar geniş bir hafıza alanı, İskender'in iktidar hırsının karşısına dikilir. Böylece Abay poetikası, doğa-kültür-etik üçgenini bir araya getirerek, iktidar arzusunun sınırlarını evrensel düzeyde işaret eder.

#### Pedagojik Öğüt ve Ahlaki Mesaj

Abay'ın İskender şiirinin nihai hedefi, yalnızca bir tarihsel figürün açgözlülüğünü resmetmek değildir; aynı zamanda didaktik bir öğreti üretmektir. Şair, İskender'in hırsının boşluğunu göstermekle kalmaz, Kazak toplumuna ve insanlığa evrensel bir etik mesaj bırakır. Bu boyut, Abay'ın medrese yıllarında aldığı eğitimle ve Tatar ulemasının ahlak merkezli yorum geleneğiyle de ilişkilendirilebilir.

Şiirde ihtiyarın su vermesi ve İskender'in bu iyiliği hor görmesi, pedagojik bir kıssanın merkezindedir:

Суға тойған көз тоймайды,  
Ашкөздіктің оты өшпейді

Suyla doyan göz doymaz;  
Açgözlülüğün ateşi sönmez

Bu beyit, yalnızca bireysel ahlaka değil, toplumun ölçülülük ve kanaatkârlık değerlerine yapılan bir göndermedir. Jan Assmann'ın (2011) "kültürel bellek" kavramı uyarınca, bu tür öğütler kolektif hafızanın kalıcı öğelerine dönüşür; şiir, ahlaki normları kuşaklar arası aktaran bir araç hâline gelir.

Peter-André Alt'ın (2010) "kötülüğün estetiği" teorisi açısından bakıldığında, Abay kötülüğü estetik olarak sahneledikten sonra onu didaktik bir uyarıya dönüştürür. Yani okur önce İskender'in ihtişamına kapılır, sonra bu büyüünün içinin boş olduğunu fark eder. Bu estetik-etik dönüşüm, şiirin pedagojik gücünü artırır.

René Girard'ın (1972) şiddet ve kurban döngüsü bağlamında ise, İskender'in doyumsuzluğu kurban gerektirir; ama burada kurban, fethedilen topraklar değil, bizzat İskender'in kendi ahlakıdır. Şairin verdiği öğüt, bu kurban döngüsünün farkına varılmasıdır: insanın en büyük kaybı, değerlerini yitirmesidir.

Psikanalitik açıdan da bu mesaj güçlenir. Jung'un (1954) "gölge" arketipi, İskender'in içindeki doyumsuz karanlığı temsil ederken, şiirin pedagojik yönü bu gölgeyle yüzleşmeyi salık verir. Freud'un (1915) bastırma kuramı ışığında, Abay'ın öğüdü, bastırılan etik değerlerin yeniden hatırlanması olarak okunabilir.

Sonuç olarak, İskender şiiri pedagojik bir kıssa işlevi görür. Abay, tarihsel bir figürü ahlaki çöküşün sembolüne dönüştürerek, Kazak okuruna ve evrensel insana ölçülülük, kanaatkârlık ve adalet gibi değerleri hatırlatır. Şiirin kalıcı etkisi de buradadır: estetik yoğunluğu yüksek bir anlatı, kültürel bellek aracılığıyla kuşaklara aktarılan ahlaki bir öğüt hâline gelir.

#### Psikolojik ve Felsefi Boyut

Abay'ın İskender şiiri, tarihsel ve ahlaki bir kıssa olmanın ötesinde, insan psişesinin karanlık bölgelerine açılan bir metindir. İskender'in doyumsuz arzusu, Freud'un (1915) "bastırma" ve daha sonra geliştirdiği "ölüm dürtüsü" (Todestrieb)

kavramları ışığında okunabilir. Şair, fatihin iştahını sınırsızlık metaforuyla resmederken, aslında insan ruhunun doyumsuz arzusunu dile getirir:

Жер жүзі түгел алсам да, бір	Bütün yeryüzünü alsam da
тоймадым,	doymadım;
Ашкөздік оты жүрегімнен сөнбеді	Açgözlülüğün ateşi kalbimden
	sönmedi.

Freud'a göre arzu, tatminle sönümlenmez; aksine her tatmin yeni bir eksiklik yaratır (Freud 1915). İskender'in iştahı da bu döngüsel yapıyı sergiler: her fetih, yeni bir boşluk yaratır ve bu boşluk ahlaki çöküşün zemini olur.

Jung'un (1954) gölge arketipi kavramı, bu şiirdeki psikolojik boyutu daha da açar. İskender figürü, toplumların ve bireylerin bilinçdışında bastırıldığı karanlık enerjilerin sembolüdür. Jung'a göre gölge, kişinin kabul edemediği arzuların ve yıkıcı eğilimlerin projeksiyonudur. Abay'ın çizdiği İskender, tam da bu gölgeyi bedenleştirir: dışarıda fetihler kazanırken, içeride kendi iç dünyasında kaybetmektedir.

Bu bağlamda şiir, yalnızca ahlaki değil, felsefi bir sorgulama da üretir. İnsan doğası ölçsüz arzu ile sınır koyma ihtiyacı arasındaki gerilimde şekillenir. Gaston Bachelard'ın (1994 [1958]) mekân poetikasında dile getirdiği “sınır ve eşik” imgeleri, burada psikolojik düzleme taşınır: fetihler dünyayı açsa da öznenin ruhunu daraltır.

Sonuç olarak Abay, İskender üzerinden insan psişesinin trajedisini ifşa eder: arzu doyumsuz, gölge her daim bastırılmış, etik sınır ise sürekli tehdit altındadır. Bu nedenle şiir, Freud ve Jung'un kavramlarıyla okunabilecek derin bir psikolojik-felsefi boyuta sahiptir; tarihsel bir fatihin öyküsü, evrensel insanlık durumuna dönüşür.

#### Kültürel Bellek ve Ahlaki Öğreti

Abay'ın İskender şiiri, Kazak kültürel belleğinin derin katmanlarına temas eder. Yer-su geleneğinde su, dağ ve rüzgâr yalnızca doğal unsurlar değil, aynı zamanda ahlaki ölçülerin taşıyıcılarıdır. Şiirde ihtiyarın İskender'e su ikram etmesi, bozkırın misafirperverlik ve kanaatkârlık değerlerini yansıtır. Bu sahne, Assmann'ın (2011) tanımladığı kültürel bellek bağlamında, toplumun ahlaki normlarının kuşaktan kuşağa aktarılışını gösterir. İhtiyarın jesti, modern bir fatihin açgözlülüğüne karşı kolektif hafızanın “ölçülülük” ilkesini yeniden sahneye koyar.

Şiirin pedagojik gücü burada belirginleşir: İskender'in açgözlülüğü yalnızca bireysel bir kusur değil, kültürel değerleri tehdit eden bir sapmadır. Abay, bu sapmayı göstererek ahlaki öğretinin sürekliliğini sağlar. Bozkır geleneğinde “kanaat” (qanağat) kavramı, insanın doğa ve toplumla uyumlu yaşamasının ön koşuludur. Bu kavram şiirde bir etik ideal olarak yeniden hatırlatılır.

Modern etik bağlamda ise, şiir yalnızca Kazak toplumuna değil, evrensel insana da seslenir. İktidar hırsının sınır tanımayan şiddeti, günümüzde de geçerliliğini koruyan bir uyarıdır. Peter-André Alt'ın (2010) kötülüğün estetiği bağlamında, şiir kötülüğü önce cazip kılar, sonra etik bir uyarıya dönüştürür. Levinas'ın (1969) öteki'nin yüzü kavramıyla birlikte düşünüldüğünde, Abay'ın şiiri, öteki insana ve doğaya karşı sorumluluğu vurgulayan evrensel bir etik öğretilidir.

Sonuç olarak, İskender şiiri Kazak kültürel belleğinin ahlaki öğretilerini modern etik bağlamla buluşturan bir metindir. Hem bozkırın yer-su değerlerini hatırlatır hem de çağdaş insanın ölçsüz iktidar arzusu karşısında evrensel bir uyarı üretir. Böylece Abay, şiiriyle yalnız Kazak toplumunun değil, bütün insanlığın vicdanına hitap eder.

### **Sonuç**

Abay'ın İskender şiiri, tarihsel bir fatihin öyküsünden çok daha fazlasıdır. Metin, Kazak kültürel belleğinin yer-su değerlerini, su ve doğa ritüellerini, kanaat ve ölçülülük ilkelerini gün yüzüne çıkararak ahlaki bir öğretinin taşıyıcısı hâline gelir. 3.1'de gördüğümüz fetih imgesi, 3.2'de iktidar hırsının yol açtığı ahlaki çöküşe dönüşür. 3.3'te su, doğa ve beden metaforları hem bozkır kültürünün ritüel hafızasını hem de Jung'un gölge arketipini açığa çıkarır. 3.4'te pedagojik öğüt boyutu, şiiri bir kıssa ve ahlaki öğretinin aracı kılar. 4. bölümde Freud ve Jung üzerinden açılan psikolojik ve felsefi çözümleme, insan arzusunun doyumsuzluğunu ve yıkıcı gölgesini görünür kılar. 5. bölümde ise şiirin Kazak kültürel bellekteki yeri ile modern etik bağlamları birleştirilmiştir.

Kuramsal olarak bu çözümleme, Assmann'ın (2011) kültürel bellek kavramı, Alt'ın (2010) kötülüğün estetiği, Bachelard'ın (1994 [1958]) mekân poetikası, Girard'ın (1972) şiddet ve kurban teorisi ile Freud (1915) ve Jung'un (1954) psikanalitik kavramları üzerinden derinleşmiştir. Levinas'ın (1969) öteki'nin yüzü ve Derrida'nın (2000) misafirperverlik düşüncesiyle de şiirin evrensel etik boyutu pekiştirilmiştir.

Sonuçta Abay'ın İskender şiiri hem Kazak edebiyatında hem de dünya edebiyatında iktidar hırsı ve ahlaki çöküş üzerine evrensel bir sorgulama metni olarak yer alır. Şiir, kültürel bellek aracılığıyla kolektif değerleri kuşaktan kuşağa taşırken, modern insanın ölçsüz arzularına karşı kalıcı bir etik uyarı üretir. Böylece Abay poetikası, tarihsel bir figür üzerinden tüm insanlığa hitap eden bir vicdan öğretisine dönüşür.

### **Kaynakça**

- Alt, P. A. (2010). *Kötülüğün Estetiği*. İstanbul: İthaki.
- Assmann, J. (2011). *Cultural Memory and Early Civilization*. Cambridge: Cambridge University Press.
- Ayan, E. (2008). Abay Kunanbayev'in edebi dünyasında tarihî figürler: "Eskendir" poeması üzerine. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 46, 123–138.
- Bachelard, G. (1994 [1958]). *The Poetics of Space*. Boston: Beacon Press.
- Biray, N. (2015). Abay'ın şiirlerinde didaktik ve ahlaki unsurlar. *Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi*, 15(1), 89–105.
- Fierman, W. (2006). Kazakh language and identity in Abai's poetry. *Acta Orientalia Academiae Scientiarum Hungaricae*, 59(1), 95–114.
- Freud, S. (1915). "Die Verdrängung." In *Metapsychologische Schriften*.
- Girard, R. (1972). *La violence et le sacré*. Paris: Grasset.
- Jung, C. G. (1954). *Die Archetypen und das kollektive Unbewusste*. Zürich: Rascher.

- Kara, D. (2003). Abai Kunanbaev and the poetics of Kazakh moral thought. *Central Asian Survey*, 22(3–4), 369–382.
- Seyitova, A. (2020). Alexander the Great in Abai and Nizami: A comparative reading. *Journal of Oriental Literature Studies*, 12(2), 77–91.
- Абайдың «Ескендір» поэмасы арқылы оқушылардың бойында танымдық құзыреттілікті қалыптастыру әдістемесі (2022). *Қазақ тілі мен әдебиеті*, 12(4), 34–40.
- Әбішев, Қ. (2010). Абайдың «Ескендір» поэмасының тарихи және көркемдік құндылығы. Алматы: Қазақ университеті баспасы.
- Қирабаев, С. (1997). Абай поэзиясының рухани әлемі. Алматы: Білім.
- Сейітова, А. (2019). Абай мен Низами поэмаларындағы Ескендір бейнесі. *Шығыстану хабаршысы (Bulletin of Oriental Studies)*, 87(2), 45–58.
- Тұрсынов, Е. (2016). Абай поэмаларындағы мифтік және тарихи бейнелер. *Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы, Филология сериясы*, 56(3), 120–128.

ӘОЖ 82'1

## АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСІНДЕ

**Ақмарал Нұрғожақызы Отарова,**  
филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

**Мақсымқызы Оңайша Мандоки,**  
күрметті профессор, этнограф  
Мажарстандағы қазақ мәдени орталығының төрағасы,  
Лакителек халық университетінің ұстазы,  
«Барыс» қорының төралқа мүшесі,  
Будапешт қ., Венгрия

***Аңдатпа.** Мақалада ұлы Абай шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контекстінде қарастырылады. Қазіргі уақыттағы Абайдың «толық адам» іліміне қайта ден қойып отырғанымыз тереңнен сөз болады.*

***Кілт сөздер:** Абай, ұлы тұлға, Абайдың «толық адам» ілімі, қоғамдық сананың жаңғыруы*

Халқымыздың ұлы тұлғасы Абай – ұлт руханияты мен мәдениетінің символы. Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы, бүкіл адамзат игілігі. Поэзиясы -мәңгілік поэзия, даналық пен махаббаттың, парасат пен адалдықтың поэзиясы.

Жүрегімнің түбіне терең бойла,  
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,  
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма...

Абай болашақ ұрпаққа сөзін осылай арнады. Бұл өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, басқа, бірақ жарқын болашаққа сенімді жол салған ақынның айтқан сөзі еді.

Қазақ халқының ой-санасында соны бағыт ұстанып, қазақ елін прогреске жетектеген ұлы ойшыл ақын «Түзетпедік едім заманды» деп, өз танымының тұрғысынан жас ұрпақтың жаңа өкілін дәуір талабының деңгейінде оқытып, тәрбиелеуді мақсат тұтып, белсене әрекет етті.

“Қазақтың бас ақыны Ұлы Абайдың өлген күнінен қаншама алыстасақ, рухына соншама жақындаймыз. Халқымыз үнемі бұл күйде тұра бермес, ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен күнге артар. Халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...” деген болатын Алаш зиялысы Міржақып Дулатов.

Мінеки, бүгінде халқымыздың бас Ұлы ақыны, данышпан хақім, жазба әдебиетінің негізін салушы Абай Құнанбайұлының туғанына – 185 жыл болып отыр.

Шындығында, Ұлы дала философы, ағартушысының өмірден озғанына 2 ғасырға жуықтаса да оның бейнесі туған халқына жақындай түседі. Бүгінгідей жаһандану дәуірінде ұлы ойшылдың жауһар туындылары терең ойтанымының құндылығымен өміршең.

Бұл туралы ҚР президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан мақаласында айтып өтті. «Абайды білу-өзіңді тану. Өзін-өзі тану және адамның тұрақты дамуы, ғылым мен білімнің басымдығы-жетілудің көрінісі» деді [1].

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ-барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.

Бүкіл өмірін елінің көкірек көзі – сауатын ашып, жетелеуге арналған ұлы Абайдың еңбегін бағалағанда алдыңғы орында оның бүкіл халықтың рухани бас ұстазы болғандығы тұрар еді. Ұлы ұстаздың ағартушылық көзқарасының алтын діңгегі – адам тәрбиесі, содан туындайтын бүкіл халық тәрбиесі. Әрбір жас адам ақыл ойдың, мидың, жүрек пен сезімнің күшін пайдаланып, өз елінің «кетігін» бітейтін «кірпіш» болса деп армандайды. Сонда адам мұраты мен халық мүддесін ұштастыратын жастар тәрбиесіндегі басты нұсқа қандай десек, ұлы ақын: «ақыл сенбейтін іске сенбе, ондай іске кіріспе, әуелі білім, ғылым өнер жолын таңдап алып, «естілерден үлгі ал, еңбекпен ғана мал тап» деп жол сілтейді. Ұлы ұстаз жан-жақты, кемел тәрбиелі адам ғана «толық адам» санатына қосылады деп есептейді.

Ал кемелдікке жетудің тура жолы – адам бойында имандылық қасиеттердің туындауынан басталады. Абайдың рухани әлемі мен шығармаларындағы басты ортақ философиялық мәселе – адам болмысы.

Адамның өз орнын табуы, өзіне жол сілтеп, бағыт-бағдар беруі – Абай этикасының негізгі ұстанымында мәні ашылып түсіндірілген.

Абайдың толық адам ілімі – философиядағы адам мәселесі және шығыс философтарының адам мәселесі ілімдерімен жүйелі сабақтастықта келеді. Атап айтқанда, Әл-Фарабидің «парасатты адам ілімі», Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу Білік» дастанында баяндалған «жауанмәрттілік ілімі», Ахмет Яссауидің «камили инсани» яғни адами кісілік ілімі, Сүлеймен Бақырғанидың сопылық ілімі, Шәкәрімнің «ар ғылымы» ілімдері негізінде іліми мектебін жасақтады. Әлемдік рухани ой үдерісінде сараланған саңлақтардың асыл қиқатын Абай хакім жалғастырды. Асыл ақиқатты, адамгершілік құндылықтарды өз еңбектерінде ойшылдық, даналық сипатта көркем түрде жеткізді.

Данышпан ақынның шығармаларын зерттеу тәуелсіздік алған жылдардан бастап атеистік қоғамның кеңестік идеология шеңберінен шығарылып, жаңа бағытта ғылыми өрісін кеңейтті.

Абай шығармаларын зерттеуге А.Байтұрсынов, М.Әуезовтен бастап сандаған отандық, әлемдік ғалымдар өз үлестерін қосып келеді. Соның ішінде қазіргі жаңа серпінмен абайтану ғылымын зерттеушілердің көшбасшысы – Мекемтас Мырзахметұлының еңбегі орасан зор.

Ғалым өз еңбектерінде ойшыл, ғұлама Абайдың толық адам іліміне қатысты былай деген болатын:

«Адамзат қоғамы тарихында адамгершілік идеясы ғасырлар бойы күн тәртібінен түспей келе жатқан ең басты мәселелердің бірі – жеке адамның ақыл, мінез жағынан пісіп жетіліп, яғни толық адам болуы жайлы ойлар пікір күресін тудырып келуде. Гуманист атаулының бәрі де дүниедегі ең асыл, бағалы нәрсе – адам болса, сол адам бойындағы ең басты сипаттары неден тұрмақ дегенге әр заман ойшылдары өз ұғым-нанымы, заман талабы тұрғысынан жауап беріп келді. Бұл іспеттес тарихи сұрау Абай өмір сүрген ХХІ ғасырдағы қазақ қоғамы жағдайында ұлы ойшыл алдына да қойылды [2, 230], - деген болатын. Абай адам мәселесін оның қайшылыққа толы қоғамдық болмысының контекстінде қарастырады.

Абай қоғамның тәрбиесі жеке адамнан басталатынын көрсетеді. Өйткені «адам түзелмей заман түзелмейді» деп ашық айтып, тобырдың ішінде тұлға жүрмесе мәнінен айырылатынын меңзеп, «не болды өңкей нөл» деп налыды. [3, 337].

Алдымен, ұлы тұлға неге толық адам іліміне келді? деген сұраққа жауап іздеп қаралық. Ақын өмір сүрген - ХІХ ғасыр Ресей патшалағының қазақ даласын отарлау саясатының аса күшейген кезі болатын. Ел билігіне болыстық жүйенің енгізілуі-қазақ халқының менталитетіне, мінез-құлқының өзгеруіне кері әсерін тигізді. Шен-шекпенге, билікке таласу болыстық сайлау, ауылнай т.б қызметтерге таласу, ел адамдарын, рулы елді бір-біріне айдап салу, содан туатын түрліше жағымсыз мінездердің пайда болуы, бар малын шығындап пара беру, алу, күншілдік пен арыз жазу, жағымпаздық, сатқындық т.б бұрын-соғды қазақ баласында кездеспеген өзге де толып жатқан ұсақтану, тексіздікке

бару, ұлттық рух, намыстан айырыла бастауды Абай өз заманында терең сезінді.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде уақыт, қоғам шындығының бет бейнесі көрінді. Жағымпаз, парақор болыс-ел қамын ойлайтын тұлға емес. Жеке басы, ақша, атақ үшін елін, ұлтының мүддесін сатып жіберетін пақыр. Ел тұтқасын ұстаған адамдар осындай азғындыққа бара жатырса, ел болашағы не болмақ? Отаршылдықтың сұрқия саясаты дендей еніп жатырған осындай сұмдықтарына қандай тосқауыл қояға болады? Халықты жамандықтан, ұлтты бұзылудан сақтап қалудың жолы қандай? Отаршылдықтың бетін қайтаратын қазақ даласында күш жоқ. Ондай күшті ұлы ақын таба алмады. Мәнеғ сол кезде Абай халықтың өзінің мықты рухы мен сенімі, намысы ғана сақтап қалатынын түсінді. Ол үшін халықты, жас ұрпақты соған бағыттайтын ілім қажет деп ойлады. Абай шығыс философиясына ден қоя отырып, оны өз тарапынан толықтырып, тереңдетті.

Осы мүдде тұрғысынан Абай адам болам деген әрбір талапты жастың бойында адамшылықтың қандай нәрі, ізгілікті сипаттары басым болу керектігін алғаш рет «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде саралап, көп нәрсенің төркініне назар аудартады. Ұлы ақын жас ұрпақтың адам болу талабының тұңғыш қадамы неден басталу керек деген сұраққа: «Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады», - деп жауап береді. Ондағы бес асыл мен бес дұшпанның негізі, профессор М.Мырзахметұлы айтқандай, шығыстың ойшылы Ғұламаһи Дауанидің (ХҮ) шәкірті Жүсіп Қарабағидың (ХҮІІІ) «Рисаласындағы» 2-ге бөлінетін жан азығынан (жанның пайдалы және зиянды азығынан) негіз алады. Рисалада шын сенім, жомарттық, ғылыми түсінік пен күншілдік, жалған сенім бір-біріне қарама-қарсы қойылады.

Бұл ой Абай дүниетанымында одан ірі тереңдетіліп, адам бойына аса қажетті «бес асыл қасиет» пен оған қарама-қарсы зиянды «бес дұшпан» айқындалады. Абай айтқандай әрбір жас өзінің дүниетанымын қалыптастыруда «жанның пайдалы тамағымен» сусындауға саналы түрде бет бұрғанда ғана толық адам жолына түсе алады.

«Әуелі адамның адамдығы ақыл, ғылым деген нәрселерменен» деп білген Абай елінің ертеңін білім-ғылыммен байланыстырды; сондықтан да халқын оқуға, білім алуға, ғылымды үйренуге шақырды. «Ғылым» Алланың сегіз сипатының бірі екенін еске салды: «Ғылым – Алланың бір сипаты, ол – хақиқат», «Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» (Оныншы сөз). Абай «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық» (Он сегізінші сөз), «Ғылым мал табу құралы емес, мал ғылымды дамыту үшін қажет» дейді. Демек, ғылым – өмірді танып-білудің бірден бір жолы; адам білімдар болған сайын ақиқатқа қарай, яғни Аллаға да жақындай түседі деген сөз». Күллі адам баласын қор қылатын 3 нәрсе бар. Әуелі-надандық, екінші-еріншектік, үшінші-залымдық деп білерсің. Содан қашпақ керек деп толғайды.

Абай ілімінің бір жұмбағы – жүректің көзін ашу. Хәкімнің жүрек жайындағы ой толғауларының негізі мен желістері «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек», «Кейде есер көңіл құрғырын», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл» сияқты өлеңдері мен «Менің сырым, жігіттер, емес оңай», «Жүректе көп қазына бар, бәрі қызық» деген аудармаларында, қарасөздерінде баяндалады.

Былайғы қазақтың жүрек туралы ұғымы «жүректі адам», «батыл адам» дегеннен шықпайтынын айта келіп, оған тың мағына үстеп, «рақым, шапағаттың қайнар көзі» деп философиялық тұрғыдан мән береді. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі бірінші орынға қояды.

17- қарасөзде жүректі сөйлетіп, «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» деп сөйлетеді.

Біреуінің күні жоқ біреуінсіз,

Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек,-

Деп ғылымға ден қоя отырып:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек,

- деп ой қорытады. Мұндағы «ыстық», «нұрлы», «жылы» эпитеттеріне ақын терең мағына үстеген. Ақылдың өзін «нұрлы ақыл», «суық ақыл» деп бөлген ақын жоғарыдағы қарасөзінде айтқандай, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылықтың ұясы жүрекке бірінші орынды беруі, оған ішкі қуатты, ақыл-ойды билетуі-адамзатты гуманизмге шақыруы және әрбір адамның бойында мейірбандық, адамдықтың үстем болуын қалауы еді. Әрине, Абайдың бұл философиялық дүниетанымының ұлы ойшыл, ғалым әл-Фарабиден бастау алғаны ақиқат. [4, 94].

Абай шығармашылығында жүректің культін көтеріп мадақтағанда, сол мағынаға өз тарапынан айрықша гуманистік астар беріп, адамзат баласының бойында ұялаған ең асыл қасиеттер – мейірім, рахым, әділет, шафағат, ар-ұят атаулының қайнар көзі, құтты мекені ретінде қарауымен ерекшеленеді. Сол себептен де адамгершілік туралы осы ойларын өнер тілімен жүйелі түрде оқырман қауымға түсінікті етіп жеткізеді. Жүректің баламасы ретінде әділет, шафғат сөздерін пайдаланады.

Абайдың танытуынша, шафағат та, әділет те - жүрек ісі. Адамшылық жолында жүрек ісінің аталмыш екі қасиеті бірімен бірі ажырамас егіз құбылыс, құстың қос қанаты іспеттес бүтін дүниелер. [5, 62]. Ол туралы 17-қара сөзі мен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінде тоқталып өткен.

«Толық адам» кім деген сұраққа Абай:

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,

Сонда толық боласың елден бөлек, -

немесе,

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, -

деген тезистерінде жауап беріп өткен. Оның гуманистік дүниетанымынан туындап, бүкіл шығармаларында желілеп тарап жатқан осы толық адам туралы

ой-толғаныстарының құяр арнасы: «Не түрлі болса да, я дүниенен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадалет, шафағат секілді біреулерге жақсылық тигізбек мақсатың болса, ол жол – құданың жолы», - деген сөзінде жатыр. Осы ой байламында Абай тарататын мораль философиясы мен адамгершіліктің негізгі желісі де жатыр. Осы наным тұрғысынан туындап отырған адам болудың ең басты тіректері ретінде ақылды, әділетті, рахымды ұсынатын Абай: «Бірақ сол жолға жүруді өзінше кім қалап қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді», - деп өз танымының негізі қайда жатқанын көрсетіп отыр

Абайдың ішкі нанымы, дүниетанымы, адамшылық жолындағы үгіті мен мораль философиясы жайлы танымы толық түрде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде айтылған. Мұнда мораль философиясына соғатын үш сүю (иманигүл) деп аталатын ақын танымының мағынасы осы өлеңде түгелге жуық ашылған:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.  
Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті.

Осы үш сүю болады имани гүл,  
Иманның асылы үш деп сен тәхқиқ біл.  
Ойлан дағы үшеуін таратып бақ,  
Басты байла жолына, малың түгіл

Бірінші сүю – күллі ғаламды махаббатымен жаратқан жаратушыны сүю. Екінші сүю – адамзатты бауырыңдай сүю. Оның ішіне қыбырлаған құмырсқасынан бастап жер әлемдегі ұлтына, нәсіліне қарамай бүкіл адамды сүю, құрметтеу. Ал үшінші сүю – Абайдың 38-қарасөзінде Алланың бойындағы 8 сипаттан құдірет пен ғылымды біріктіріп алатын ғақылға (ақылға) сүйене отырып ұстанатын ғәділетті (әділетті) сүю. Иманигүл – толық адам болудың темірқазығы. [3, 214].

Шын хакім, сөзің асыл – баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанның  
Әлемнің құлағынан әні кетпес,- деп Мағжан  
ақын толғағандай,

Абай өмір сүрген заман кеткенімен, бүгінде Абайды Мағжан айтқан әлем аренасына уақыттың, тағдырдың өзі алып келіп отыр. Біздің міндетіміз – Абайдың «Толық адам» іліміне терең бойлау. Ұлы ойшылдың ой өркениетін іске асыру кезеңі келді. Абайды оқу, тану, ойларының тереңіне үңілу, маржанын теру – ойшылдың ой өркениетіне мойын бұру болып табылады

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында нақты міндеттер қойып: «Біз Абайдың «толық адам» тұжырымын қайта зерделеуіміз керек. Бұл бағытта ғалымдарымыз тың зерттеулерді қолға алуы қажет. «Толық адам» концепциясы, шындап келгенде, өміріміздің кез келген саласының, мемлекетті

басқару мен білім жүйесінің, бизнес пен отбасы институттарының негізгі тұғырына айналуы керек деп есептеймін», деген болатын.

Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысында бағалау. Қазіргі уақытта біз неге Абайдың «толық адам» іліміне қайта ден қойып отырмыз? Үстем идеологиялы кеңестік кезең қанша дегенмен, тұйық, оқшауланған қоғам болды. Қазіргі уақыттың ерекшелігі – жаһандану үдерісі өте күшті жүріп жатыр. Мұның жақсы жақтарымен қатар, өзге елден келіп жатқан көптеген жат ағымның, теріс идеологияның, дәстүр-салтымызды, наным-сенімімізді бұзатын жағымсыз ықпалдардың күшейіп тұрғанын жасыра алмаймыз. Оларға қалай төтеп беруге болады? Қалай өзіміздің ұлттық менталитетімізді сақтаймыз? Осы орайда алдымызда темірқазығымыз-Абай ілімі бар, адаспайтын жолымыз жатыр.

Біз елді, ұлтты Абайша сүюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты. Дана ақын келер ұрпақты жүрегіміздің қуаты, перзенттеріміз деп Абайдың толық адам туралы ілімі еліміздің ертеңі жастарымыздың жоғары адамгершілік нормаларын, жан-жақты білімділікті, ғылымға ұмтылуды, рухани биік мәдениетті, ұлтқа адал қызмет етуді талап етеді, жолын көрсетеді.

Ғұлама ақын, ойшыл Абайдың мұрасын жаңаша көзқарас тұрғысында бағалау- бүгінгі ұрпақтың қастерлі борышы болса, келер ұрпақтың үлгілейтін ісі болмақ. Абай – данышпан, хакім, қазақтың идеалы болып мәңгілік халқымен жасай бермек

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Қ. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан мақаласы Егемен Қазақстан газеті. 2020ж
2. Мырзахметов М. Абайтану. 1 т. – Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. – 432 б.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбаев. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Бірінші том. - Алматы, 1977
4. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. - Алматы, 1994.
5. Омаров Д. «Абайдың рухани мұрасы» - Алматы: «Ел-шежіре» баспасы, 2007ж.

## АБАЙДЫ ЖАТҚА БІЛГЕН ШАЙЫР

**Құттымұратымуратова Ырысты Абдирахмановна,**  
қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының доценті,  
**Мамбетқаримов Ғарипулла Хамидуллаевич,**  
қазақ тілі және әдебиеті кафедрасының үлкен оқытушысы  
НМПИ,  
Нөкіс қаласы, Өзбекстан

*Аңдатпа.* Мақалада Абай Құнанбайұлы мен қарақалпақ ақыны Ибраһым Юсупов шығармаларының әдеби байланысы туралы пікір айтылады.

*Кілт сөздер:* Абай, ұлы тұлға, Абайды жаттау, шайыр, қоғамдық сананың жаңғыруы

Өзбекстан және Қарақалпақстан халық ақыны, Өзбекстан қаһарманы, Қарақалпақстан Республикасы Әнұранының авторы Ибраһым Юсупов өзінің саналы өмірін, сапалы білімі мен тарлан талантын қарақалпақ поэзиясын өркендетуге сарп еткен тарихи тұлға. Ақынның поэзиясына ден қойып оқысақ көршілес түркі халықтары болған өзбек, түрікмен, қырғыз халықтарымен бірге, қазақ халқының мәдениеті мен әдебиетін, тарихы мен географиясын, әдет-ғұрыптарын тамаша меңгергенін, халықтар достығын тұғырлы ту етіп ұстап, риясыз сүйіп өзінің тамаша жырларына қосып жырлағанын байқауға болады. Ақын көршілес түркі халықтары дегенде ішкен асын жерге қойып, жанпидалық көрсетуге дайын. «Орденді халқыма» өлеңіндегі мына жалынды қатарлар соның айқын дәлелі:

Өзбек, түрікмен һәм қазағым,  
Бірге шегіп хан азабын.  
Жақындатқан жол ұзағын,  
Қаналасың қаның еді...  
Ибраһым дер: жаным құрбан,  
Достық десе толқын ұрған,  
Сенің үшін соғып тұрған,  
Кеудемде кең жүрегім бар!- [1, 24]

деп көршілес түркілердің туысқандығын жырлап, қаналастық тарихына көз жіберіп, достық деп соққан пәк жүреппен жанын құрбан етуге дайын екенін байқатады. Ақын бұл құштарлығын бүкіл шығармашылығының өн бойында дейін дәлелдеп отырған. Бұны ақынның еске түсірулерінен де байқауға болады. Ақын өзінің шығармашылығы жайлы айтқан сөзінде назар аударар болсақ: «...ақындықта үш нәрсеге садақ болдым: өлең арқылы халық жүрегіне жол іздедім, замандастарымның көңіл-күйін, қуаныш-қайғысын, арзу-арманын, ұмтылу тілектерін, биік адамгершілік қасиеттерін жырлауға тырыстым. Өлеңнің, Шығыс және Батыс классикалық жолдарын тынбай

үйрендім. Науаи, Мақтымқұлы, Бердақ, Абай, Тоқайлар негізін қалаған түркі өлең «академиясын» тауап еттім», - [2, 2] дейді.

Ибрайым шайырдың поэзия сарайына кіріп келуіне себепші болған талант иелерін туралы: «...кәміл-пірлеріміз болған ардагер тұлғалар Ғафур Ғулам, Айбек, Міртемір, Кәміл Яшен, Сәбит Мұқанов, Берді Кербәбаев, Сулайман Рустам, Қайсын Құлиевтың өз ұлындай еркелетіп, бізге қылған дуалары мустажиб (қабыл) болса ықтимал», - [2, 2] деп ұстаздарын құрметпен тілге алса, ал үзеңгілес достары туралы: «Қазіргі заманымыздың көркем сөз шеберлері Шыңғыс Айтматов, Расул Гамзатов, Мұстай Кәрім, Олжас Сүлейменов, Сүйінбай Ералиев, Абдулла Арипов, Еркін Вахидовтардың», - [2, 2] бауырмалдығына дән риза болады.

«Батырлық, байлық кімде жоқ, Ғашықтық жолы бір басқа» демекші Ибрайым ақын шығармашылығындағы Абайдың жөні бір басқа да, Шоқанның жөні бір басқа, себебі Абай, жоғарыда айтқанымыздай, ақынның түркі өлең академиясындағы сыйынатын классигі де, Шоқан Юсуповтың етжақын жиені. (Шоқан Уәлиханов жайлы өз алдына сөз ету қажет). Бұл екі тұлғаны ақын жырларында көп тілге алып, оқырмандарына өрнек етеді.

Мен Абайды жатқа білген халықпын...  
Әму бойы туып-өскен топырағым,  
Өздеріңмен бір бұтақтас жапырағым.  
Көңілім ашық ақшамы жоқ жарық күн, –  
Мен Абайды жатқа білген халықпын, - [4, 40]

деп бар дауысымен әлемге жар салған Ибрайым шайыр Абай өлеңдерін жатқа айтуда қазақ оқырмандарына өрнек боларлық қабылетін өлеңмен одан әрі былай өрнектей түседі:

Тілмашсыз-ақ қазақтармен ұғысқам,  
Күй тындайық, домбыранды бұрап ал.  
Сен Абайдың бірер сөзін ұмытсаң,  
Мен айтайын, кел де меннен сұрап ал.  
Тегіміз бір түйір дәмді бөліскен,  
Мейірім сүтін бір емшектен еміскен,  
Тар құрсақта тай-құнандай тебіскен,  
Қаналасым қазақ елі, алыпсың,  
Мен Абайды аға тұтқан халықпын, - [4, 40]

деп қазақ халқы мен қарақалпақ халқының сан ғасырларға ұласқан туысқандығын төсекте басы, төскейде малы түйіскен екі елдің достық қарым-қатынасын ақтарыла жырлаған Ибрайым Юсупов қазақ-қарақалпақ халықтарының достығын поэзия тілімен өрнектеген алдыңғы буын шайыр ағалары дәстүрінің шынайы дауамшысы, заңды жалғасы бола білді. Шындығында, тарихқа көз жіберсек Жиен жырау Тағайұлының қазақтың «ақ табан шұбырындыдағы» «Елім-айына» үндес келетін «Босқан елін», Әжінияздың өз елін қазақтың Қожбан болысына таныстырған және басқа да туған жер сағынышына тола жырларын, Қыз Меңешпен айтыстарын, төкпе ақын Т.Жұмамұратовтың:

Бір теректің бұтағындай ұрпақпыз,

Қайғыға да, шаттыққа да ортақпыз.  
«Кең даланың жыршысы» деп біздерді,  
Уәлиханов айтқан қарақалпақпыз,-

деп келетін жүрекжарды жырын жаттап өскен Ибрайым Юсупов шығармашылығынан Қазақстан тақырыбы ерекше орын алады. Оған ақынның Алматы қаласында ғылыми іс-сапармен өткен ғасырдың 60-жылдарында жасағаны да жақсы жағдай туғызған. Ақын қаламынан туған «Қазақстан», «Мен Абайды жатқа білген халықпын», «Алматыға», «Сұлу екен Алматының қыздары», «Ағайын», «Көкшетау» атты өлеңдермен бірге, әр жылдарда жазылған: «Бұлақ» (Сырыбай Мәуленовқа), «Ақын кетіп барады» (Жұбан Молдағалиевқа), «Қалтайға» (Қалтай Мұхаметжановқа), «Жігіттің жетпіс көктемі» және «Ишанбай күйі» (профессор Ишанбай Қаракұловқа), «Әр кітабың қызықты бір шежіре» (жергілікті жазушы Жұбатқан Мұратбаевқа) арнау өлеңдері сол туғызылған жағдай мен туысқандық жақындықтың айқын дәлелі есепті.

Шайыр Ибрайым «Қазақстан» өлеңінде:

Алтын дән теңізіндей тың гүрлеген,  
Алматы алтын сарай күңгірлеген.  
Абайдың армандары іске асып,  
Құрманғазы мың күй боп күмбірлеген,- [4, 42]

деп қазақ елінің қол жеткен табысын Абай арманының орындалуымен ұштастыратыны бар. Сондай-ақ, ақын «Сұлу екен Алматының қыздары» өлеңінде:

Гүлін Көкшетаудан терген бе деймін,  
Дала қызғалдағын берген бе деймін,  
Жібін Баян сұлу өрген бе деймін,  
Абай емес пе екен оюын сызғаны?- [2, 82-83]

деп Абайдың көркем жыр кестелерін ару қыздың әдемі орамалына балайды.

Ибрайым шайырдың ұлы Абайға арнап және қазақ еліне арнап жазған жырларында ғана емес, басқа да өлеңдерін байыппен оқып отырсақ ұлы Абай өрнектерін байқауға болады. «Диплом алған досыма» деген өлеңі осының айқын дәлелі.

Білім берген Отанға,  
Ісіміз болсын лайық.  
Салынып жатқан сарайға,  
Кел, біз де кірпіш болайық,- [3, 16]

деп аяқталатын өлеңі Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңінің

Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз босаң арқалан.  
Сен де бір кірпіш дүниеге,  
Кетігін тап та, бар қалан»!- [1, 141]

деп келетін жыр жолдарын еріксіз еске түсіреді. Бұл екі кемел кемеңгердің поэзиялық ұқсастығы мен бірін екіншісі толықтыратын үйлестігінің жемісі.

Ибрайым ақын Хәкім Абай талантына тағзым етіп, өзінің көптеген лирикалық өлеңдерінде тілге алып, жырына қосып отырған. Оған ақын

поэзиясын оқыған әрбір оқырман куә болуы мүмкін. Мысалы, ақын «Түрік ұлысына» өлеңінде:

*Науаи газалын, Физули сөзін,  
Мақтымқұлын оқып ашылды көзім,  
Абай, Тоқтағұлды сүйемін өзім,  
Айтсам, келтіремін гүлін-гүліне,- [2-7]*

деп басқа да түркі ақындарымен бірге, Абайды сүйетінін, жырын жатқа айтатынын, айтқанда да «гүлін-гүліне келтіріп», нағыз мақамына салып айтатынын тағы бір рет жырға қосады.

Сайып келгенде, осындай қазақ елінің тарихи деректеріне толы өлеңдер мен ұлы Абай туралы көркем кестелі жыр жолдарын Ибрайым Юсупов өлеңдерінен молы кездестіруімізге болады. Мұны ғылыми тұрғыдан зерттеп, пікір айту қазақ-қарақалпақ әдебиеттерінің достығын, тарихи сабақтастығын дәріптеу келешектің ісі деп ойлаймыз.

### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Абай, «Қалың елім қазағым», Алматы-2002, 224 бет.
2. И. Юсупов, «Өмир, саған ашықпан», Нөкіс-1999, 80 бет.
3. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, I том, 352 б.
4. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, II том, 352 б.
5. И. Юсупов, Таңдамалы шығармалары, III томдығы Нөкіс-2018, III том, 350 б.

ӘОЖ 81'44

### **АБАЙ ТАКСОНОМИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ҮДЕРІС ЖҮЙЕСІ**

**Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы,**  
филол.ғ.к.,  
«Қазақ филологиясы» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

**Мухаметзянова Лилия,**  
филол.ғ.д.,  
Татарстан Ғылым академиясы Ғ.Ибрагимов атындағы  
Тіл, әдебиет және өнер институтының  
халық шығармашылығы бөлімінің бас ғылыми қызметкері  
Қазан қ., Ресей Федерациясы

***Аңдатпа.** Мақалада Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институты дайындаған «Абай таксономиясы» еңбегінің мазмұны мен ғылыми-әдістемелік маңызы қарастырылады. Зерттеуде Абайдың білім концепциясындағы танымдық әрекеттердің иерархиялық*

*жүйесі – талап → қабылдау → білу → түсіну → есте сақтау → қолдану сатылары негізінде талданады. Бұл жүйе білімді меңгерудің тек когнитивтік деңгейлерін ғана емес, рухани дайындық пен ұлттық құндылықтарға сүйенген ерекшелігін айқындайды.*

*Мақалада Абай таксономиясы мен Блум таксономиясының салыстырмалы талдауы беріліп, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары көрсетіледі. Абай жүйесінің басты ерекшелігі – білімді меңгерудің бастауын талап пен қабылдаудан алуында. Сонымен қатар, Платон, Аристотель, Пиаже, Выготский, Конфуций ілімдерімен үндестігі ашылып, Абайдың ойлау жүйесінің әлемдік педагогикалық теориялармен байланысы айқындалады.*

*Авторлар Абайдың қара сөздері мен өлеңдеріндегі танымдық сатылардың көрінісін мысалға ала отырып, оның білім концепциясының өмірлік маңызы жоғары екендігін дәлелдейді. Мақалада ұлттық білім беру ісінде Абай таксономиясын қолданудың теориялық және әдістемелік негіздері көрсетіліп, қазіргі білім реформаларымен сабақтастығы айқындалады. «Абай таксономиясы» еңбегі – ұлттық педагогика мен психология саласында іргелі зерттеу болып, білімді толық меңгерудің, шығармашылықты дамытудың және ойлау қабілетін жетілдірудің әдістемелік үлгісі ретінде ұсынылады.*

**Кілт сөздер:** *Абай таксономиясы, танымдық үдеріс, білім концепциясы, иерархиялық жүйе, блум таксономиясы, ұлттық педагогика, сыни ойлау.*

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтымен дайындалған «Абай таксономиясы» монографиясы Абай іліміндегі танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйесін саралап, Абайдың білім концепциясында әр қырынан негізделген танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесін бұзбай, өзгертпей қабылдап, білім беру, оқу үдерісіне енгізудің үлгісін берген үлкен әлеуметтік маңызы бар ауқымды да іргелі зерттеу еңбек болып табылады.

«Абай таксономиясындағы иерархиялық деңгейлердің қайсысы да талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау амалдары арқылы жүзеге асады.

Ойлау амалдары және ойлау деңгейлері – бұлар өзара бір иерархиялық жүйе құрамдастары бола алмайды. Абайдың иерархиялық жүйесіндегі білу үдерісі үшін талдау, жинақтау, бағалау қандай қажетті ойлау амалы болса, қалған үдерістер үшін де олардың қызметі сондай маңызды. Білім беру ісіндегі танымдық ойлаудың иерархиялық деңгейлерінің бәрі де талдау, жинақтау, бағалау сияқты ойлау амалдарының қызметі арқылы жүзеге асады.

Отандық білім беру ісінде Абай таксономиясын білмей, Блум таксономиясын бас иіп қабыл алу теориялық, дидактикалық қателікке жол ашты. Мұны ақылға салып, тиісті қорытынды жасау, соған сәйкес тиісті шешім қабылдау – Қазақстан білім беру ісіндегі өзекті міндет». [5,44] деп ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің бүгінгі жетістіктері биігінен қарағанда, Абайдың білім концепциясының, білу туралы ойлары мен

пікірлерінің, талдаулары мен байыптауларының қай заман үшін де өмірлік маңызы жоғары екендігіне баса мән берген.

«Абайдың білім концепциясындағы танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесі берік: талап → қабылдау → білу → түсіну → есте сақтау → қолдану. Бұл – өз алдына күрделі процестер жүйесі. Оның әр құрамдасы өзінен кейінгі құрамдастың негізі қызметін атқарады және бірінсіз бірі толық болмайды. Абайдың білім концепциясында:

1) білім алушылардың білім алуға дейінгі ішкі-сыртқы қалпы,  
2) білім алушылардың білім алу үдерісіндегі танымдық әрекеттерінің иерархиялық жүйесі,

3) білім алушылардың білім алу үдерісіндегі танымдық әрекеттерін қамтамасыз етуші тетіктер (амал-тәсілдер),

4) білім алушылардың білім алғаннан кейінгі құзыреттілігі өзара тығыз бірлікте. Ғылым мен білімнің, әдебиет пен өнердің бүгінгі жетістіктері биігінен қарағанда, Абайдың білім концепциясының, білу туралы ойлары мен пікірлерінің, талдаулары мен байыптауларының қай заман үшін де өмірлік маңызы жоғары. Білім, білу жайында мұншалық терең, толық негізделген қағидалар, біз Абайдың таксономиясы деп атап отырған иерархиялық жүйе ғылыми ойдың отандық кеңістігінде Абайға дейін де, Абайдан кейін де болған емес. Абайдың білім концепциясы, Абайдың таксономиясы – отандық оқу теориясы, оқу мен оқытудағы танымдық үдерістер психологиясы саласында пәнаралық деңгейде арнайы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, ұлттық білім беру ісіне методологиялық негіз болғандай ерекше маңызды құндылық» [2,73]

Абайдың ілімін сүйіп, білімінен өмірлік қажеттілік алуға ұмтылған оқырмандар қабылдауының жүйелі де бірізді қалыптасуының бірден-бір әдістемелік бағыты ретінде осы аталмыш еңбекті ұсынуға болады.

Еңбек Абай шығармаларын оқытудың біртұтас нысанын құруда әдістемелік әдіс-тәсілдер жиынтығын құрайды. Оқырман шығармашылығын дамытудың және білімді толық меңгертуде ақыл-ой қабілеттерінің құрылымының танымдық үдерісінің ең қарапайымнан бастап күрделіге біртіндеп өту барысында белсенді әрекетке жетелейтін құнды еңбек деп атауға болады.

«Абай ілімінің қазіргі таңдағы аса өзекті, әлеуметтік мәні зор әлеуметтік мәселелер қарастырылған. Білу, түсіну, қолдану – Абай ілімінде негізделген танымдық ойлау деңгейлерінің иерархиялық жүйенің басты құрамдам бөліктері. Ықшамдап айтқанда оны Абай таксономиясы деп айтуға болады» [1].

Қазақ руханиятының тарихында Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Оның шығармашылық мұрасы – ұлттық ойлау жүйесінің, танымдық мәдениеттің, білім мен тәрбиенің негізі. Қазіргі таңда Абайдың білім концепциясы мен танымдық әрекеттерге қатысты ойлары тек әдебиеттану тұрғысынан ғана емес, педагогика, психология, философия салаларында да өзекті болып отыр.

Абайдың білім концепциясы бойынша танымдық әрекеттердің иерархиялық жүйесі мынадай сатылардан тұрады:

1. Талап – білімге деген ішкі-сыртқы дайындық.
2. Қабылдау – ақпаратты сезім арқылы қабылдау.
3. Білу – негізгі деректерді меңгеру.
4. Түсіну – меңгерілген білімді ұғыну.
5. Есте сақтау – білімді ұзақ мерзімге бекіту.
6. Қолдану – білімді тәжірибеде пайдалану.

Бұл сатылардың әрқайсысы өзінен кейінгі деңгейдің негізін қалайды.

Абайдың қара сөздері мен өлеңдерінде танымдық әрекеттердің сатылары айқын көрініс табады. Мысалы, «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде ол жастарды талаптануға, білімді іздеуге шақырады. «Он тоғызыншы қара сөзінде» білімді қабылдау мен түсіну деңгейін нақты сипаттайды, ал «Отыз сегізінші қара сөзінде» білімді қолдану мен бағалаудың маңызын көрсетеді.

Блум таксономиясы (1956) білімді меңгерудің когнитивтік деңгейлерін: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау деп жіктейді. Бұл жүйе әлемдік педагогикада кеңінен қолданылып келеді. Абай таксономиясы да осы сатыларға ұқсас, бірақ айырмашылығы – ол білімге деген талап пен қабылдау сатыларынан басталады. Бұл ұлттық дүниетанымға тән ерекшелік: білімді меңгеру тек ақыл-ой әрекеті емес, рухани дайындық пен құндылықтарға сүйенеді.

Платон білімді «идеяларды еске түсіру» деп қарастырса, Аристотель оны тәжірибе арқылы қалыптасатын әрекет ретінде сипаттайды. Абайдың жүйесі осы екі ойшылдың көзқарасын тоғыстырады: ол білімді қабылдау мен есте сақтауды (Платондық еске түсіруді) және қолдануды (Аристотельдік тәжірибені) қатар қояды.

Пиаже когнитивтік даму сатыларын (сенсомоторлық, операцияға дейінгі, нақты операциялық, формалды операциялық) ұсынды. Бұл сатылар баланың ойлау қабілетінің біртіндеп күрделенуін көрсетеді.

Выготский «жақын даму аймағы» ұғымын енгізіп, білімді әлеуметтік қарым-қатынас арқылы меңгеруді басты назарға алды.

Абай таксономиясы осы екі теориямен үндеседі: ол білімді қарапайымнан күрделіге қарай дамытуды (Пиаже) және білімді әлеуметтік-рухани ортада қабылдауды (Выготский) негіздейді.

Конфуций «оқу – ойланумен, ойлану – оқумен» қатар жүруі тиіс деп үйреткен. Абайдың «оқу мен ойлау» арасындағы байланысы да осы іліммен сәйкес келеді.

Қазақстандағы білім беру реформалары оқушының функционалдық сауаттылығын арттыруға, сыни ойлауын дамытуға бағытталуда. «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы, мектеп бағдарламасына енгізілген жаңартылған мазмұн – осының айғағы. Бұл реформаларда оқушыны тек ақпаратты жаттатуға емес, оны талдауға, қолдануға үйрету көзделген. Дәл осы мақсат Абай таксономиясымен үндеседі.

Абай таксономиясы – ұлттық білім беру ісіне методологиялық негіз болатын ерекше құндылық. Ол әлемдік педагогикалық теориялармен салыстырғанда өзіндік ерекшелігімен дараланады: білімді меңгеру тек когнитивтік әрекет емес, рухани талап пен ұлттық құндылықтарға сүйенген

жүйе. Сондықтан «Абай таксономиясы» еңбегі – оқырманды шығармашылыққа жетелейтін, білімді толық меңгертетін, ойлау қабілетін дамытатын іргелі зерттеу.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. <https://janadauir.com/www.kaznu.oz>
2. Абайдың таксономиясы. Білу, түсіну және қолдану: монография / Жалпы редакциясын басқарған Ж.Дәдебаев; электрондық басылымды дайындағандар: Л.Мұсалы, Б.Даутова, Г.Ыбырайқызы. – Алматы: Абай институты, 2022. – 263 б.

ӘОЖ 81'11

## АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ТҮЛҒАСЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ДЕҢГЕЙІ

**Жылқыбаева Маржан Сәрсекешқызы,**  
филол.ғ.к.,  
«Қазақ филологиясы» кафедрасының  
қауымдастырылған профессоры (доцент)  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа:** Мақалада қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік ерекшеліктерін көрсететін концептілерді, тілдік құралдарды, жеке дүниетанымындағы көркемдік-эстетикалық, рухани құндылықтарды көркем дискурсы арқылы көрсету көзделді. Осы мақсатта алдымен жалпы тіл біліміндегі «тілдік тұлға» ұғымына түсінік берілді, ұғым туралы орыс тіл біліміндегі тілдік тұлға мәселелерін зерттеудегі елеулі жетістіктерге қол жеткізген Ю.Н.Карауловтың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынды.*

*Ақынның тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейі ақын шығармаларындағы концептілер арқылы зерделенді. «Ғаламның тілдік бейнесіне» қатысты белгілі бір мөлшерде реттелінген ұғымдар, идеялар, концептерден тұратын Абайдың тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейінде «толық адам», «махаббат» және «ғылым» концептілерінің біртұтас құрылымды құрап, жалпы дискурстың мән-мағынасын ашатындығы айқындалып, олардың бейнелік, ассоциативтік байланыстарына құрылған когнитивтік модельдері сараланды.*

*Абай шығармаларындағы «толық адам», «махаббат», «ғылым» концептілерінің тілтанымдық және қолданбалы қырлары ашылып, ақын өлеңдері мен қара сөздерінен алынған нақты мысалдар арқылы дәйектелді. Ұлы ақынның қарасөздеріндегі логикалық пайымдаулар мен түсіндірмелердің когнитивті ерекшелігі талданды.*

*Түйін сөздер: лингвокогнитивтік деңгей, тілдік тұлға, ғалам бейнесі, концепт, фрейм, таным, толық адам, махаббат, ғылым.*

Қазіргі тіл ғылымында тілді зерттеу антропоцентристік парадигмаға – тілді оны тұтынушы адамның санасы, ойы, рухани дүниесі арқылы тануға бет бұруына байланысты когнитивтік зерттеулер кең өріс алуда. «Тіл», «тұлға» деген жеке ұғымдардың жаңаша мазмұнмен толығыуы нәтижесінде «тілдік тұлға» категориясы орнығып, тіл білімінде зерттеушілердің назары тілді тұтынушы адамға, шығармашылық тұлғаға ауып отыр.

Тілдік тұлға негізінен жеке адам тудыратын және қабылдайтын мәтіндер арқылы жүзеге асады. Мәтін лингвистикасы осылайша тілдік зерттеулерді әлеуметтік өзара әрекеттестік пен тұлға психологиясын талдаумен байланыстыратын ғылым мәртебесіне ие болады. Тұлға мен тілдік тұлға бірдей емес, изометриялық емес ұғымдар, бірақ бірі екіншісі арқылы танылады [1]. Көркем мәтінді талдау кезінде оның терең мазмұнына (подтекстіне) енудің мүмкін жолдарының бірі – оны жасаушының тілдік тұлғасын зерттеу.

Тілдік тұлға ұғымы орыс тіл білімінде В.В.Виноградовтың көркем әдебиет тілі туралы еңбектерінен белгілі, ал әлемдік ғылымда ол ең алдымен Л.Вайсгербер есімімен байланысты.

Соңғы онжылдықта орыс тіл біліміндегі тілдік тұлға мәселелерін зерттеудегі елеулі жетістіктерге қол жеткізген – Ю.Н.Караулов, ол «әрбір мәтіннің астарында тілдік тұлға жатыр» деген дәлелдеуді қажет етпейтін позицияға назар аударған. Ю.Н.Караулов тілдік тұлға құрылымында үш деңгейді белгілейді: сөйлеуші үшін табиғи тілді қалыпты меңгергендігін болжайтын *вербалды-семантикалық*; әрбір тілдік тұлғада құндылықтар иерархиясын бейнелейтін әлем бейнесін құрайтын ұғымдардан, идеялар мен концептілерден тұратын *когнитивтік* және мақсаттарды, мотивтерді, мүдделер мен интенционалдылықты қамтитын *прагматикалық*[2]. Яғни, тілдік тұлға тілді меңгеру дәрежесімен ғана емес, сонымен қатар әртүрлі деңгейдегі тілдік құралдарды таңдау – әлеуметтік, тұлғалық – сол тілде қалыптасқан тілдік бейне арқылы анықталатын дүниені көру арқылы сипатталады. Сонымен қатар, сөйлеуші әлемнің өзіндік тілдік бейнесін жасайды, ол әртүрлі тілдік бірліктер мәндерінің автор тарапынан ұлғаюына негіз болады.

Абайдың тілдік тұлғасының ерекшеліктерін зерттеу әлі күнге дейін толық шешімін тапты деп айта алмаймыз, өйткені Абай – тұғырлы, шетсіз, шексіз әлем. Алайда тілдік тұлғаның теориялық мәселелерін қазақ әдеби тілінің негізін салушы, қазақ тілі мен қазақ мәдениетінің тамаша үлгісі саналатын ұлы ақынның тілін зерттеу мысалында қарастыру, ақын мәтіндерінің мағынасына тереңірек үңілу тұрғысынан зерттеу қазақ тіл білімінде өз нәтижелерін беріп келеді. Мәселен, академик Р.Сыздық, М.Мырзахметов еңбектерінен бастап, Абайтану институтының ғалымдары бұл бағытта ауқымды істер атқаруда.

Абайдың тілдік тұлғасы оның өмір сүрген заманы мен ортасына қарай күрделі де қиын, анық та жұмбақ. В.П.Нерознак [3] ұсынған полилект пен идиолект тұлғалары қарама-қарсы қойылатын лингвистикалық персонология концепциясына сүйенетін болсақ, онда Абайдың тілдік тұлғасын зерттеу тіл мәдениетінің биігін бейнелейтін стандартты емес идиолектілік тілдік тұлғаны қарастыруға мүмкіндік береді.

Тілдік тұлғаны мәтін арқылы сипаттау а) тілдік ұйымның жүйелік-құрылымдық деңгейін білуді, б) әлем моделін және тілдік тұлғаның тезаурусын қайта құруды, в) тұлғаның құндылық координаталарын, оның көзқарастарын, мотивтерін анықтауды болжайды [4]. Бұл мәселенің күрделілігі мен көп өлшемділігін түсіне отырып, біз тек бір ғана, бірақ жеткілікті түрде көрнекі аспектіге жүгінеміз – Абайдың тілдік тұлғасының ерекшеліктерін тануға мүмкіндік беретін белгілердің бірі ретінде ақын шығармаларындағы тілдік бейнелерді когнитивтік сипатта талдауға тырысамыз. Яғни, жоғарыда Ю.Н.Караулов ұсынған тілдік тұлғаның когнитивтік деңгейіне тоқталамыз. Өйткені «...Каждая конкретная языковая личность начинается с когнитивного и затем прагматического уровней, поскольку именно там она неповторима в своем проявлении...» [5, 13].

*А.Құнанбаев шығармаларындағы «толық адам» концептісі.* Хакім Абай шығармаларының тереңіне бойлаған сайын оның ғұмыр бойы танытуға ұмтылғаны, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам екенін ұғынамыз.

Ең алғаш «толық адам» ілімінің бастауы – «Ғылым таппай, мақтанба» өлеңі. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, Адам болам десеңіз», – дей келе, Абай бес асыл іс пен бес қашық болатын істі ашып көрсетеді. «Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ» – адам бойында болмауы керек мінездер. Ал, керісінше, талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым – бес асыл іс болмаса, адам парасаттылығын жояды. Ал парасаттылық – толық адамның бір белгісі.

Қазіргі таңда мотивация, жетістік туралы жазылған еуропалық еңбектерде адам баласы өзін төрт бағытта дамытуы, яғни, 1) рухани; 2) интеллектуалды; 3) физикалық; 4) материалдық дамуды ұстануы тиіс екені айтылып жүр. Осы төрт дамудың тұжырымын Абай өлеңдерінен табамыз. Абай көрсеткен бес жақсы қасиет: *талап пен еңбек* – қайратты танытса, *терең ой* дегеніміз – ақыл, ал *қанағат пен рақым* – жүректен туатын, жүрекке ұялайтын қасиеттер. Бұл тұжырымын ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде нақтылап береді: «Үш-ақ нәрсе – адамның қасиеті: *ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек*». Немесе «Әуелде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңінде: «*Ақыл, қайрат, жүректі* бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек», – дейді хакім Абай. Мұндағы «ыстық қайрат» – физикалық дамуды, «нұрлы ақыл» – интеллектуалды дамуды, «жылы жүрек» – рухани дамуды білдіреді. Ал осы үш дамуды берік ұстанған, өзін үш бағытта дамыту жолында жүрген һәм дамытқан адам қайтсе де «материалдық дамуға» қол жеткізеді. Осы үшеуін бірдей ұстағанда ғана адам толық болмақ. Абайдың осы тұжырымының негізінде қайрат, ақыл, жүрек үшеуінің бірлігі адамның

толықтығының, кемелдігінің өлшеміне сәйкес келетіні туралы пікір түйге болады.

Ақын «жүректі» жырлайды. Ақыл, қайрат, жүректің бірлігінде жүректі бірінші орынға қояды. Он жетінші қарасөзінде жүректі: «қан менен тарайды, жан менде мекен қылады... әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады» деп сөйлетеді. Ақылдың өзін «нұрлы ақыл», «суық ақыл» деп бөлген Абай, жоғарыдағы қарасөзінде айтқандай, *әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбанишылықтың* ұясы жүрекке бірінші орынды беруі, соған ішкі қуатты, ақыл-ойды билетуі – адамзатты гуманизмге шақыруы және әрбір адамның бойында мейірбандықтың, адамдықтың үстем болуын қалауы. «Жүрек басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді, бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді», – деп ой түйетін әл-Фараби де жүректі бірінші орынға қойған болатын.

Қазіргі қоғам, уақыт, шындығы керек, адамдар арасындағы мейірбандықтың азайып бара жатқан кезі болып көрінеді. Байлық, ақша билеген заманның қаншалықты қатыгезденіп бара жатқанын бүгінде көкірегінде сәулесі бар әр адам сезінеді. Қоғамдағы үлкен қайшылық та осыдан туындап жатуы мүмкін. Міне, осындай күрделі кезеңде адамдар арасында Абай жырлаған мейірбандықтың дәнін себу керек.

Абай айтқан үш сүю – иманигүлді толық адам ілімінің темірқазығы етіп ұсынады. Мұның мәні неде? Белгілі абайтанушы М. Мырзахметұлының айтуынша:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй Алланы жаннан тәтті – бірінші сүю.  
Екінші сүю – «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп».  
Үшінші сүю – «Және сүй хақ жолы деп әділетті» [6].

Әрине, Абайдың «толық адам» ілімін мұнымен шектеп қоюға болмайды. Ақынның өлеңдерінде жырланған адамдықтың күрделі мәселелерінің барлығы «толық адамға» жетудің жолы, алғышарттары болып табылады.

Ұлы ойшыл неге «толық адам» іліміне келді? Ресей патшалығының құзырындағы қазақ даласының билігіне болыстық жүйенің енгізілуі – қазақ халқының мінез-құлқына үлкен өзгерістер әкелгені белгілі. Ел адамдарын бір-біріне айдап салу, ортаға майлы жілік тастап, билікке таластыру, паракорлық, күншілдік пен арызқойлық, жағымпаздық, сатқындық – өзге де толып жатқан ұсақтану мен ұлттық рухтан айырыла бастауын Абай терең сезінді. Абайдың «Болыс болдым, мінеки» өлеңінде уақыт, қоғам шындығының бет-бейнесі көрінеді. Жағымпаз, иілімпаз болыс – ел қамын ойлайтын тұлға емес, жеке басы үшін халық, ұлт мүддесін ойланбай сатып жіберетін пақыр. Ел тұтқасын ұстаған адамдар осылай азғындаса, ел болашағы не болмақ? Халықты жамандықтан сақтап қалудың жолы қандай? Міне, осы ретте Абай халықтың берік сенімі мен мықты рухы ғана өзін сақтап қалатынын түсінді. Ол үшін халықты, жас ұрпақты соған бағыттайтын ілім қажет деп ойлады. Демек,

«толық адам» өлшеміне жеткен адам ғана халықты, елді сақтай алады, соған ықпал етеді.

*Махаббат концептісі.* Концепт индивидтің ғаламды тануының бір тәсілі десек, ұлы Абайдың концептуалдық әлем бейнесінде ерекше орын алатын «махаббат» концептісі. Ақынның шығармаларында *махаббат, ғашықтық, ынтықтық, жақсы көру, сүю* лексемалары «махаббат» концептісін когнитивті-пропозициялық құрылым арқылы анықтауда маңызды рөл атқарады. Ақын поэтикасында *махаббат* сөзі көп қолданылмағанмен, «махаббат» концептісін танытатын пропозиция, сөзжасам тәсілдері арқылы түрленіп қолданылатын *сөздермен, сөз тіркестері арқылы беріліп отырады.*

Абай танымындағы *махаббат* – тек қана ер мен әйелдің арасындағы ынтық сезім емес, дүниенің бар болмысына, барша адамзат баласына деген сүйіспеншілік. Жоғарыда айтып өткен үш сүю (Алланы, адамзатты, әділетті) бұған дәлел. Ақын нені айтса да, нені жырласа да махаббатпен жырлайды. Тіпті он ел ішіндегі келеңсіздікті: көрсеқызарлық пен ынсапсыздықты, жалқаулық пен жағымпаздықты, сатқындықты, надандықты тілмен түйрегенде де халқын сүйгендіктен ашына жазды. Адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеу туған жеріне, өз ұлтына, елінің тағдырына деген сүйіспеншіліктен туды. А.Құнанбаев поэзиясының туған елімен рухани байланыс идеясы сол туған халқының болашағы үшін жеке басының амандығын, өз заманындағы әлеуметтік мәртебесін құрбан етуге дайындығынан көрінеді. Әке даңқын, малын, бар байлығын адамгершілікке айырбастады, адами ардан аттамады. Ол – қазаққа деген махаббаттың құрбаны. «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» дегенде, ақын тек қазақты ғана сүй деп тұрған жоқ, күллі адамзатты сүюге шақырады.

Абай шығармаларындағы «махаббат» концептісінің өзегін бұл ұғымның ғалам бейнелеріндегі түсіндірілуімен сабақтастықта берген мағыналары құрайды. Ақынның ғалам бейнесіндегі махаббаттың модельдерін саралағанда, ол ұғым ақын шығармаларында мынадай түрде көрініс табатынын көреміз: а) Аллаға деген сүйіспеншілік: «Алланың өзі де рас, сөзі де рас», «Алла өзгермес, адамзат күнде өзгерер»; ә) Алла адамды махаббаттан жаратқан: «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»; б) туған жерге, елге, туған халқына деген сүйіспеншілік: «Қырдағы ел, ойдағы елмен араласып, Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып»; в) ғылымға деген махаббат: "Ғылым-Алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақылық һәм адамдық дүр"; г) ата-анаға деген махаббат. Бұл махаббат түрін ақынның жиырма тоғызыншы қара сөзінен көреміз: «Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның тәтті дерлік не жаны бар? Бұлардың бәрінен де қымбат ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жиса да, дүниелік жиса да, артымда балаларыма қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дұшпандық іс емес пе?»; ғ) досқа, бауырласқа деген рухани махаббат: «Пайда, мақтан – бәрі тұл, Доссыз ауыз тұшымас»; д) жарға деген махаббат: «Сенен артық жан тумас, туса туар - артылмас. Бір өзіңнен басқаға, ынтықтығым айтылмас».

«Махаббат» ұғымының авторлық танымда танылуы негізінен ер мен әйел арасындағы сезімді сипаттауға арналып, ақынның махаббат лирикасын құрайды. Махаббат сезімінің құдыретін айтқанда, Абай шығыс пен батыс поэзиясы тоғысатын өзгеше арна тапты, «Дүниеде сенен артық маған жар жоқ, саған жар менен артық табылса да» деп жырлаған ақын бұрын-соңды қазақ өлеңінде, тіпті ұлттық ұғымында кездеспеген сырларын ашады: «*Ғашықтың тілі - тілсіз тіл, көзбен көр де ішпен біл. Сүйісер жастар қате етпес, мейлің илан, мейлің күл*».

Ақынның махаббат лирикасы тек бір-бірін сүйген екі жан арасындағы қарым-қатынасты бейнелеумен шектеліп қана қоймайды, сол адамдардың ішкі жан-дүниесін тануға күш салады. Автор танымында «махаббатсыз - дүние бос»: ол – бір уақытта адамның бойында дүниеге келіп, оның өмірінің мағынасына айналып, қуаныш, қайғыға толтырып, мазасыздық, шаттық күйін кешіртетін керемет сезім. Ол – Жаратқанның адам баласына берген сыйы, адамның хайуаннан артықшылығының бір белгісі, әйтпесе ақын махаббат болмаса, «хайуанға оны қосыңдар» демес еді. Дәл осы сезім белгісі Абай өлеңдерінде былайша көрініс тапқан: «*Ғашықтық келсе, жеңер бойыңды алып. Жүдетер безгек ауру сықылданып. Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе, дәмеленсе өртенер күйіп-жанып*».

Психологтардың айтуы бойынша, махаббаттың ең биік сатысы ретінде адамның ғұмырынды бір-ақ рет болатын сезім – ғашықтық. Абай айтады: «Сенен артық жан жоқ деп *ғашық болдым*, Мен не болсам болайын сен аман бол». Ақын дискурсында ғашықтық сезімін бейнелейтін *ғашық* лексемасының *асық* фонетикалық варианты да кездеседі: «Екі *асық* құмарлы, бір жолдан қайта алмай. Жолықса ол зарлы, сөз жөндеп айта алмай».

Ғашықтық сезімнің пайда болуынан шығатын нәтижені бейнелеуде ақын *ғашық* немесе *ғашықтық* лексемаларынан бөлек «ынтықтық», «ықылас», «жақсы көру» фреймдерін қолданады: «Бір өзіңнен басқаға *ынтықтығым* айтылмас», «Сізде сымбат, бізде *ықылас*», «Біреуді көркі бар деп *жақсы көрме*».

«Махаббат» концептісінің бейнелік репрезенттелуіне келсек, Абай дискурсындағы авторлық түсіндірілімді бейнелейтін бөлігі қайшылығы көп сезімді бейнелейтін «махаббат –ғадауат», «ғашықтық – құмарлық» антонимдік жұптарын құрайды: *Махаббат, гадауатпен* (ар. *дұшпандық, ашу, жек көру*) майдандасқан, Қайран менің жүрегім мұз болмай ма? Немесе *Ғашықтық, құмарлық* пен - ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол. Бұл жерде ақын ғашықтық –жүректің, яғни жан қалауы болса, құмарлық –тән (нәпсі) қалауы деп синонимдерді асқан шеберлікпен қарсы қояды.

Ақынның «Махаббат» концептіндегі детальдардың бірі – «шолпы»: «Білектей арқасында өрген бұрым, Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын» деп, Абай айтқандай, *шолпының* қазақы танымда сұлулық символы болумен қатар махаббатты да айқындайтын символ болып табылатындығы мәлім. Шолпының әрбір сыбдыры арудың еркелей басқан әр қадамын байқатып, ынтық жанның ғашықтық сезімін қытықтай түседі.

*Абай дискурсындағы интимдік лириканың тезаурустық қатары.* Ақын ғашық жандардың бір-біріне деген іңкәр сезімін сырттай сипаттаумен қатар ішкі арпалысын, жан-күйін, махаббаттың от боп шарпитын ішкі алауын анайы түрде емес, адамды ерекше құштарлық сезіміне жетелер көркем сөзбен, нәзік иірімдермен жеткізеді. Бұл – ақынның шеберлігі. Абайға дейін қазақ танымында ғашықтық тақырыбына арналған өлеңдер, оның ішінде интимдік лирика элементтері көп емес еді. Құнанбаев шығармашылығындағы ішкі сезімнің сыртқа шығу көріністері: «Тар төсекте төсінді, Иіскер ме едім жалаңаш? Иығымда сіздің шаш, Айқаласып тай-талас, Ләззат алсақ болмай ма, Көз жұмулы, көңіл мас?» немесе «Егер қолың тисе білегіне, Лүпілдеп қан соғады жүрегіңе, Бетінді таяп барсай тамағына, Шымырлап бу енеді сүйегіңе». Ал «Қызарып сұрланып...» өлеңінде мөлдір махаббатты асқан ілтипатпен жырлаған: *Қызарып, сұрланып, Лүпілдеп жүрегі. Жүрекпен алысып, Дем алыс ісініп, Саусағы суынып, Белгісіз қысылып, Пішіні құбылып. Иығы тиісіп, Төмендеп көздері. Үндемей сүйісіп, Мас болып өздері. Өзге ойдан тыйылып, Бірімен бірі әуре, Жүрекке құйылып, Жан рахат бір сәуле. Жүрегі елжіреп, Буындар босанып, Рахатпен әлсіреп, Көзіне жас алып.*

Абайдан кейінгі қазақ әдебиетінде мұндай махаббат көріністері Мағжан шығармашылығында өте әсерлі беріледі, М.Әуезовтың «Қаралы сұлуында», М.Мақатаев өлеңдерінде кездеседі.

Ақын дискурсында берілген интимдік лириканы ашатын құмарлық сезіміне тезаурус түзу арқылы махаббатты эмоционалдық өрістің құбылысы ретінде, адамның ішкі дүниесінің үзiгi ретінде қарастырамыз. Себебі мәтінде *құмарлық* сезім өрісімен байланысты ассоциация ретінде көрініс тауып, автор тән құштарлығы, ынтықтық сезімін әр алуан бейнелерге салып суреттейді. Осы жерде Абайдың «Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме» немесе «Ғашықтық, құмарлық пен – ол екі жол, Құмарлық бір нәпсі үшін болады сол» дегендегі ғашықтықтан болатын құмарлық пен нәпсі құмарлығы екі бөлек нәрсе екенін ескергеніміз жөн.

Енді Абай поэтикасындағы интимдік лириканы, яғни ынтықтық, құштарлық сезім күйлерін беретін тезаурусын тізіп көрейік: *тар төсек, төсін иіскеу, айқайласу тай-талас, ләззат алу, көз жұмулы, көңіл мас, қызарып, сұрлану, жүрегі лүпілдеу, жүрекпен алысу, дем алысы ісіну, саусағы суыну, иығы тиісу, көздері төмендеу, үндемей сүйісу, жан рахаты, жүрегі елжіреу, буындары босау, рахатпен әлсіреу, көзіне жас алу, қолы білегіне тию, лүпілдеп қан соғу, тамағына бетін таяу, сүйегіне бу ену т.б.*

Сонымен, Абай Құнанбаев шығармаларында, ақын танымында *махаббат* ұғымы ерекше сипатқа ие, барлық ой-толғамдарының бәрі махаббат сезімімен тығыз байланысты. Ақын ұғымында махаббат тек ғашықтық сезім емес, тәрбиелік мәндегі құндылық, этикалық, эстетикалық салаларды бір арнаға тоғыстыратын философиялық-дүниетанымдық категория.

*Абай шығармаларындағы ғылым концептісі.* Абай шығармаларының негізгі өзегі – ғылым, білім. Ақынның өмірлік миссиясының өзі – надандықпен күресу, халықтың көзін ашу, көкірегін ояту, сол жолда өзін құрбан ету сияқты, себебі Құнанбайдың баласы бола тұра, «мен ішпеген у бар ма?» дейтіні несі?

«Мыңмен жалғыз алысқаны» қалай?.. Өз қазағын неге сонша мінеп, сынайды? Әрине, бұл сұрақтардың жауабын тек ақынның өзінен табатынымыз анық.

Алдымен қазіргі ғылым ұғымымен Абай танымындағы «ғылымның» арасын ашып алайық. Қазіргі ғылым – терминдік мағынада жеке ғылыми салалардың тармақталған жиынтығы, яғни сала атауы болып табылады. Ал хакім Абай таныған ғылымның аясы кең. Ол қазақтың жазылмаған ғылымын жазбай таныды, ақын ұғымындағы ғылым – «Ғылым-Алланың бір сипаты, ол хақиқат» пен «Адамның ғылымы, білімі, хақиқатқа, растыққа құмарлық болып, әр нәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтық бірлән табылады»-ның аралығындағы күрделі ұғым. Ғылымды «Алланың ғылымы», «адамның ғылымы» деп екіге бөлген дана Абайдан ұғатынымыз: ғылым – адамзаттың Жаратушының жаратқандарын, тіпті Жаратушының өзін тануға, олардың сырын ұғуға ұмтылысы, себебі Алланы танып, білгісі келген Абай: «Көңілге шәк, шүбәлі ой алмаймын, Сонда да оны ойламай қоя алмаймын», – дейді.

Абай шығармаларындағы ғылым ұғымының тереңіне үңілсек, оның білім және ілім деген тармақтарға тарайтынын көреміз. Ақын тұжырымында ғылым адамға оп-оңай қона салатын дүние емес, ол – ізденудің, оқудың, талмай еңбектенудің нәтижесінде қол жеткізуге болатын қазына: «Ғалым болмай немене балалықты қисаңыз» немесе «Сізге ғылым кім берер, жанбай жатып сөнсеңіз». Демек ақын «ойынды таста, оқы, қолымнан келмейді деп қиындықтан қашпа, ізденбесең, еңбектенбесең, ешкім ғылым бермейді» дегенді айтады. Және оған жетудің бір жолы ретінде өркениетті, мәдениетті, ғылымы дамыған елдерден үйренуді жөн санайды. Ұлы ойшыл отыз екінші қара сөзінде «білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға» кеңес беріп, білім игерудің алты түрлі шартын атап көрсетеді. Ғылымды «пайда ойламай, ар ойлап» үйрену керектігін айтады.

Ақынның жоғарыда айтып өткен «толық адам» концепциясын (ақынның өзі «толық адам» өлшеміне өткен) толықтыратын концептілердің бірі – осы «ғылым» концептісі. Оның шығармаларында *ғылым*, *ғылым табу*, *ғылым бағу*, *ғылым үйрену*, *ғылым-білім*, *білмек*, *білген* сөздері мен тіркестері «ғылым» концептісін когнитивті-пропозициялық құрылым арқылы анықтауда маңызды рөл атқарады. Ақын шығармаларында басқаларға қарағанда, *ғылым* сөзі көбірек қолданылады. Ал ғылым ұғымының танымдық сипатын ашуда ақынның «біл» етістігін көбірек қолданғанын байқаймыз, жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның өзі ғылымның «білмекке құмарлықтан» туатынын айтады. Сондықтан Абай тіліндегі «біл» лексемасы «ғылым» концептісінің микроконцептісі және фреймі болады. Ақын шығармаларындағы «біл» ұғымына назар аударайық: «Баламды медресеге *біл* деп бердім; Талап қыл артық *білуге*; *Білгендердің* сөзіне махаббатпен ерсеңіз; Орыст тілі, жазуы – *білсем* деген таласы; *Білімдіден* шыққан сөз талаптыға болсын кез; *Білгенге* маржан, *білмеске* арзан; Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек.

Ақын шығармаларындағы «біл» сөзінің қолданысына назар аударсақ, қандай грамматикалық тұлғада тұрмасын мақсаттылық мән барын байқаймыз. Демек, ақын ғылым үйренудегі негізгі мақсат – білмек екеніне аса зор мән

береді. Ғылымды барынша насихаттаған дана Абай оны адамгершіліктің жоғарғы өлшеміне жеткізетін хақ жолының бірі ретінде таниды.

Абайды өзіне дейінгі және өзінен кейінгі сөз зергерлерінен ерекше даралайтын шығармалары – ғақлиялары, философиялық-поэтикалық сөздері екені белгілі. Ғылым тақырыбы өлеңдеріне қарағанда, ақынның осы қара сөздерінде көбірек айтылады: Біреуі – *білсем* екен демеклік. Біреу ақыл айтса: «Ой, тәңірі-ай, кімнен кім артық дейсің!» – дейміз, *артығын білмейміз*, айтып тұрса ұқпаймыз. Қайта, бала күнімізде жақсы екенбіз. *Білсек* те, *білмесек* те, *білсек екен* деген адамның баласы екенбіз (7- қара сөзінен); Екінші – ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен *білмек үшін* үйренбек керек (32- қара сөзінен). Кімде-кім сырттан *естіп білу*, *көріп білу* секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол – көп жиғаны бар адам (43-қара сөзінен). Отыз сегізінші қара сөзінде ғылымды адамның ақыл-парасатын жетілдіретін, адамдық деңгейге көтеретін құндылық ретінде бағалайды: *Ғылым-білімді* әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала *ғылым, білімді махаббатпенен* көксерлік болса, *сонда ғана оның аты адам болады*.

Ғылымға қатысты ақын тіліндегі тағы бір ерекше тіркес – *артық білу*. Ұлы ақынның қолданысында бұл – жай ғана тіркес емес, терең мағыналы, жаңаша мәнге ие тіркес. Ол адамды көп білуге, білімнің тереңіне бойлауға, яғни *артық білуге* ұмтылуға бағыттайды және сол *артық білімнің* кітапта екенін ескертеді: «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге. Артық білім кітапта, Ерінбей оқып көруге». Ақынның артық білуге талап қыл, ерінбе, ізден, артық білген адам өмірде өз орнын табады деген ойлары дана халқымыздың «талаптығы нұр жауар» деген даналығымен үндесіп жатыр. «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз. Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз», яғни білім жолында кері тартпай, алға ұмтылу, білмегенді сұраудан ұялмай, жалқауланбай талаптану керектігін баса айтады.

Білім-ғылымның пайдасына көз жеткізіп, «Жасымда ғылым барын ескермедім, қолымды мезгілінен кеш сермедім» дейтін ақын кейінгілердің білімге жастайынан ұмтылуын, білімнің биік шыңына шығуын қалайды, сондықтан да ғылымды барынша насихаттайды. А. Құнанбаев шығармаларындағы ғылым концептісі өміршең, өйткені оның ғылым-білімге қатысты ойлары, тұжырымдары күні бүгінге дейін өзекті, әрі маңыздылығын жойған жоқ. Абай көрсеткен ғылым үйренудің жолдары мен қойған талаптары да қазіргі ғылым мен білімнің заманында өзекті болып отыр.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбаевтың тілдік тұлғасын тану оның тек өлеңдері ғана емес, тұтас шығармашылығы (қара сөздері) негізінде жасалатын дискурсы арқылы жүзеге асуы тиіс. Тілдік тұлғаны толықтай тануға мүмкіндік беретін когнитивтік деңгейде қарастыру А.Құнанбаевты психологиялық, философиялық, теологиялық біліммен қаруланған ақын, суреткер, көркемсөз шебері, ойшыл тілдік тұлғалары біріктірілген тілдік тұлға ретінде тануымызға негіз болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Тураева З. Я. Лингвистика текста и категория модальности // Вопросы языкознания, 1994. №3 С. 105.
- 2 Караулов Ю.Н. Предисловие Русская языковая личность и задачи ее изучения// Язык и личность М , 1989. С. 5.
- 3 Нероэнак В. П. Лингвистическая персонология к определению статуса дисциплины // Язык. Поэтика. Перевод. Сб. Науч. Тр. М , 1996 С. 113-114.
- 4 Караулов Ю.Н .Русский язык и языковая личность М, 1987 С 38, 48-58
- 5 Ейгер Г. В., Раппорт И. А. Язык и личность: учеб. пособие. Киев, 1991. 263 с.
6. Мырзахметұлы М. Абайтану: 1-кітап. Өңд., толықт., 2-бас. --Астана: «Interactiv Kazakhstan», 2014. -432 б.
7. Абай. Қара сөз. Поэмалар [Мәтін] / Абай. -Алматы: Ел, 1993. -272 б.

ӘОЖ 82'1

### АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ ТЕРЕҢ ПСИХОЛОГИЗМ БАСТАУЫ

**Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы,**  
филол.ғ.к., профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақтың классик ақыны Абай поэзиясының ерекшеліктері айтылады. Абайдың қазақ өлеңіндегі терең психологизмнің негізін салушы екендігі дәлелденеді. Ақынның сүйікті інісі мен баласының қазасына қайғарып шығарған, сондай-ақ махаббат, өмір туралы өлеңдері талданады. Махаббат психологиясын аса нәзіктікпен жырлаған ақын шеберлігі айқындалады. Абайдың көңіл күй лирикасында сезімдер объективті образдар арқылы берілетіндігі айтылады. Кейде образдың объективтенуі мен субъективтенуі қатар келетіндігі нақты мысалдармен дәлелденеді. Абайдың суреттеген болмысының өмір шындығына дәл келуі, сондай-ақ басқаның сезімін, күйініш-сүйінішін өз сезімінен өткізе білетіндігі өлеңдері арқылы қарастырылады. Абайдың психолог ақын екендігін дәлелдейтін белгілі ғалымдар пікірлері де келтіріледі.

**Кілт сөздер:** Қазақ әдебиеті, Абай Құнанбаев, қазақ өлеңі, өміршең жырлар, Абай психологизмі.

Қазақ өлеңін толыққанды күйінде тың түрлерімен қазақ әдебиетінде ерекше дамытқан Абай екенін ескерсек, өлеңдегі терең психологизмнің де Абайдан басталуы – заңды құбылыс. Бұл ойымызды Ж.Ысмағұловтың мына пікірі де дәлелдей түседі: «Абай өлеңдерінің қай-қайсысын алсақ та, ондағы негізгі тақырып шешімімен қосарлана жүретін ақынның белгілі бір құбылысқа, оқиғаға көзқарасы, қатынасын, тікелей содан туындайтын әсерін,

сезімін, жан-дүниесінің басқа да иірімдерін анық көреміз. Әдебиеттану ғылымының өз тіліменен айтсақ, поэзиядағы терең психологизм деген – осы» [1, 131]. Ақын поэзиясы – адамның барлық қуанышы мен қайғысының, үміті мен күдігінің... жалпы көңілінің айнасы. Абай лирикасын сөз еткенде, ақынның тікелей адам сезіміне құрылған, ақын жанын тебіrentкен кейбір лирикалық өлеңдеріне ғана тоқталмақпыз.

Мазмұны мен тақырыбы жағынан оқшау тұрған бірсыпыра өлеңдер баласы Әбдірахман мен інісі Оспанға арналған. Сүйікті інісі мен баласының қазасына қайғарған ұлы ақынның адамгершілік сипаты да танылады. Бұл қайғылар М.Әуезов айтқандай «өзі оқымысты, білгір және халық қамы үшін ойланған қамқор ойшылдың қайғысы болды» [2, 156]. 1891 жылы Абайдың ең жақсы көретін інісі, адал дос серігі Оспан қайтыс болғанда «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің», «Жүрегім, ойбай соқпа, енді» сияқты «Жақсы-жаман көргені, Ойлай-ойлай у болып», «сенісерге жан таба алмай, сенделген ет жүрегінен» түңілген көңіл шері, жалғыздық мұңы шертілген зарлы шер жырлары туды.

Аллитерация тәсілі арқылы аса бір екпінді шебер үйлесіммен Оспанның өміріне қабырғасы қайыса отырып жазған «Оспанға» деген шап-шағын өлеңде азаматтықтың алып тұлғасы, адамдық қасиеті, қайтпас қайрат-жігері, жалынды жас өмірі, жақсы істері жіпке тізілгендей ап-айқын көз алдына келіп, нағыз адами қадір қасиетін шын сезінесің.

Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай...  
Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түңілмей...  
Жайдары жүзің жабылмай,  
Жайдақтап қашып сабылмай... [3, 183], - деп

Оспан өлімінен кейін де өмір барлығын көңіліне сүйеніш етіп, жақсы інісінің игі істерімен жанын жұбатқан ақын өлең соңында:

Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсің, япырмай! [3, 183], - деп түйеді.

Бұл – ақын басындағы трагедиялық жайдың оптимисттік рухқа толы түйінді тұсы. Ет жүрегін езген қайғыдан жаншыла бермей, інісінің өткен өміріне сүйсіне отырып, көкірегін қасіреттен тазартқысы келеді. Оспан қайғысынан туған екінші «Кешегі Оспан бір бөлек жан» делінетін өлең де өзгелерге адамгершіліктің үлгісі боларлықтай жаңа көркемдік түрмен жазылған.

Әбдірахман науқастанып жатқанда ақынның бірінші аузына алатыны - Алла.

...Жүрегім суылдап,  
Сүйегім шымырлап,  
Алладан тілеймін  
Құпия сыбырлап [3, 210], -

деп көңіліндегі үмітті сәуле жылт-жылт етіп, өзгелерден оңаша сүйікті ұлын дертінен айықтыру тілегімен, шарасыздықпен, құдайына жалбарына

сыйынған әкенің қан жылаған ішін, бір ысып, бір суынған, шошынған жүрегін, сарғайған жүзін, сарылған көзін, сағынышын, қысқасы, әкелік сезімнің күдіретті күшін көреміз. Ұлының науқасы кезінде жазған екінші («Алланың рахматын, жар тұтып әр неге») өлеңінде де сүйікті баласының тілегін тілеп, Аллаға жалбарынып, дау күткенде, діни-нанымдарды, мұсылманшылықтың дін кітаптарының өз тілін өзгертпей қолдана отырып толғанады. Діндарлық сенім, ақындық қиялмен Әбіш бейнесін құдай назарына дәл жеткізуді ойлап, «осы бір бейнеге мейірімінді төге гөр» дегендей қиналыспен үміттенген әке жүрегіннің, ақын-жүректің тілек-тебіренісін аңғарамыз. Әбдрахманға Кәкітай атынан жазылған екі хаттан да терең жан күйін байқаймыз. Ақын Кәкітай атынан сөйлеп толғанса да, қасіреттенген нақ өз жүрек шерінің, өз басынан кешіп отырған үміт пен күдік аралас сезімінің әсері бар. Және мұнда Кәкітай арқылы Әбдірахманға жетпек барлық жанашыр ағайын-туыстардың сағынышты сәлемі мен тілегі де бар. Бұл хат балаңдау ақын тілімен жазылған, өйткені Абай «Кәкітай хатында» тек өзі ғана айтар сөзін жазса шынайы болмас еді. Әбдірахманға Кәкітай атанан жазылған екі хаттың да шынайылығы – інілік ілтипат білдіре отырып, сөз арасында әзіл де араластыруы.

Жүректің сөзін сөйле, тіл,  
Жалғаны жоқ бояма  
Қу көсе қандай өзімшіл  
Бір сынамай қоя ма? [3, 213]

Мұндағы «қу көсесі» - Әбішті күтуге барған, Кәкітаймен түйдей құрдас, әзіл-қалжыңы жарасқан тату туысы Мағауия. Ақын әл үстінде жатқан Әбішті әзілмен сәл де болса көңілдендіруді де ойлаған. Алланың рахматын зар қылып тілеген, сағынышқа, махаббатқа толы:

Осы күн өмірімнің  
Ешбір жоқ қызығы,  
Жаралы көңілімнің  
Жазылмай сызығы [3, 215], -

деген Кәкітайдың алабұртқан көңілі тілеулес ойынан да хабар береді.

«Кешегі өткен ер Әбіш», «Тұла бойың ұят-ар едің», «Жиырма жеті жасында Әбдірахман көз жұмды», «Талаптың мініп тұлпарын», «Орынсызды айтпаған» деген жоқтау өлеңдерінде құйрықты жұлдыздай жарқ еткен азамат ұлының өнерін, зеректігін, ойлылығын, таудай талабын, биік адамгершілік қасиеттерін қастерлей сипаттап баяндайды, қазақ жастарына үлгі-өнеге тұтады. Қайғыға бой алдырмау қағидасын берік ұстанған ақын «Тағдырға тәбділ бола ма, Сабырлық қылса керек-ті,» - деген өзінің жұбаныш сезіміне сүйенеді. «Талаптың мініп тұлпарын» деген өлеңінде:

Ел ішіне сау келсең,  
Тағылым айтпас ер ме едің?  
Жол көрсетіп сонда өлсең,  
Арманым бар дер ме едім [3, 233], -

деген өкінішті арманда қалған ақын кемеңгер ойшылдығымен де көрінеді.

Абай поэзиясында махаббат тақырыбы реалистік түрде жырланады. Сезімдер объективтеніп, махаббат мәселесі адам еркіндігімен ұштасады.

Реалистік түрде жырланған махаббат лирикасының тамаша үлгісі – «Қызарып, сұрланып». Осы өлеңімен де Абайды адамның ішкі жан дүниесінде болатын түрлі психологиялық құбылыстарды тура суреттеу әдісін қазақ әдебиетінде бірінші қолданған ақын дей аламыз. Мысалы, оның «Қызарып, сұрланып» деген өлеңінде қос ғашықтың аласұрған жүрек тебіренісі айқын аңғарылады:

Қызарып, сұрланып,  
Лүпілдеп жүрегі,  
Өзгеден ұрланып,  
Өзді-өзі керегі.

Екі асық құмарлы,  
Бір жолдан қайта алмай.  
Жолықса ол зарлы,  
Сөз жөндеп айта алмай...

Дем алыс ысынып,  
Саусағы суынып,  
Белгісіз қысылып,  
Пішіні құбылып... [3, 171]

Өлеңде сағынысқан ғашықтардың ішкі дүниесінде болатын сан алуан психологиялық күйлер дәл суреттелінеді. «Бұл өлең махаббат психологиясын аса нәзік сезінген шеберлікті танытады. Абайдың махаббат жайындағы ең нәзік, ең көркем терең сөздері осы өлеңде көрінеді» [2, 151].

Жанында жапырақ,  
Үстінде жұлдыз да.  
Елбіреп-қалтырап,  
Жігіт пен ол қыз да [3, 171].

Жапырақтың да, жұлдыздың да елбіреп-қалтырауы өлең көркемдігін тереңдетіп, шынайы сезімді күшейте түседі.

Өзге ойдан тыйылып,  
Бірімен бірі әуре.  
Жүрекке құйылып,  
Жан рахат бір сәуле [33, 171].

Оңашадағы екі жастың бүкіл ішкі күйі, пәк сезімі, «ғажап бір жан рахатына бөленген сәулелі сәті» оқырманына шынайы түрде жеткізіледі.

Жүйрік тіл, терең ой,  
Сол күнде қайда едің?  
Ғашыққа мойын қой  
Жеңілдің, жеңілдің... [3, 171], -

деп аяқталады өлең түйіні. Ақын шын сүйіспеншілік сезімінің ерекше күшті құбылыс екенін ұғындырып, жастардың жан сезімін жеткізерліктей сөз таба алмаған жүйрік тіл мен терең ойдың жеңіліс табатынына, сүйіскен жандардың бір-біріне деген ғашықтық халі жүрек лүпілімен ғана танылатын дәлелдей түскендей. «Қызарып, сұрланып» екі ғашықтың кездесуін бейнелеудегі әдемі

психологизм, олардың көңіл күйін, ішкі сезімін терең ашып көрсетудегі көркемдік шеберлігімен айрықша көз тартады» [4, 108], - дейді Абай мұрасын зерттеуші, белгілі ғалым З.Ахметов. Бұл өлеңді әдебиет зерттеушісі Т.Нұртазин де жоғары бағалайды: «Абайға дейінгі қазақ әдебиеті сүйіспеншілікті мұндай көркем суреттей алған жоқ. Жан әлемінің құбылысын жаратылыс суретімен де қиыстыра келтіру қазақ әдебиетінде тек Абайдың ғана қолынан келеді» [5, 128].

Абайдың көңіл күй лирикасында сезімдер объективті образдар арқылы беріледі. Кейде образдың объективтенуі мен субъективтенуі қатар келеді. Объектив рухындағы өлеңдерге ақынның өз болмысы да араласып кетеді. Мысалы: «Желсіз түнде жарық ай» өлеңі былай басталады:

Желсіз түнде жарық ай  
Сәулесі суда дірілдеп,  
Ауылдың жаны терең сай,  
Тасыған өзен күрілдеп [3, 100].

Абайдың табиғат құбылыстарын қабылдауы да ерекше Қазақ ауылының жайлаудағы бір түнгі көрінісі тамаша бейнелілікпен берілген. Жарық айдың судағы дірілдеген сәулесі елестеп, тасыған өзеннің күрілі естіледі.

Қалың ағаш жапырағы  
Сыбырласып өзді-өзді,  
Көрінбей жердің топырағы,  
Құлпырған жасыл жер жүзі...! [3, 100]

Ағаштардың сыбырласқаны, жер бетінің жайнаған жүзі керемет суреттелген. Көңілге қонымды жанды табиғат суреттері көз алдымыздан тізбектеліп өтеді.

Таймаңдамай тамылжып,  
Бір суынып, бір ысып,  
Дем ала алмай дамыл қып,  
Елең қағып бос шошып.

Сөз айта алмай бөгеліп,  
Дүрсіл қағып жүрегі,  
Тұрмап па еді сүйеніп,  
Тамаққа кіріп иегі? [3, 100]

Түндегі ынтыққан екі жастың кездесуі де жанды бейнеде, асқан шеберлікпен жырланған. Бұл өлеңде ынтыққан сезімдер өзара үндестік табады. Айлы түндегі дала табиғаты жанға қылай жайлы сезілсе, ұғысқан жүректердің лүпілі де бізге анық жетіп тұр. Осылайша объектив образ бен субъектив образ тамаша үйлесім тапқан. Өлең адамды терең ләззат сезіміне бөлейді.

«Сап, сап, көңілім, сап, көңілім!» - Абайдың бозбала күнінде жазған сүйіспеншілік туралы өлеңдерінің елеулісі. Бұл ақынның өзіне өзі айтқан сөзі, Тоғжанға арналса керек. Сүйген қызынан жауап ала алмай, сергелдеңге түскен жігіттің өзіне-өзі басу айтып, сабырға шақыруы:

...Не күн туды басыңа.

Күні-түні жай таппай? [3, 39]

Осылай сұрай арнаудан, өзіне-өзі тіл қатудан басталған ойы риторикалық айшыққа ұласады:

Түн кезгенің мақұл ма,  
Жан жағыңа жалтақтай?  
Өлермін деп жүрмісің,  
Мұнан басқа жан таппай? [3, 39]

Ғашықтық халдің дәрменсіздігі айқын суреттеледі:

...Ауру да емес, сау да емес,  
Құрыды әл-қуатым [3, 39].

«Ғашықтық, құмарлықпен – ол екі жол» атты өлеңінен сүйген жүректің лүпілдеп соққан лебі анық сезіледі:

...Сенен артық жан жоқ деп ғашық болдым,  
Мен не болсам болайын, сен аман бол [3, 119].

Шын ғашық жүрек осыдан артық не деп тіл қатар?! Сүйгенінің амандығын тілеген жігіт осынау дүниедегі ғашық үшін құрбан боп кетуге дайын. Безгек ауру сияқты адам жанын жүдетер ғашықтық халді өлең түйінінде өте дәл көрсеткен:

Тұла бой тоңар, суыр, үміт үзсе,  
Дәмеленсе өртенер күйіп-жанып [3, 119].

«Қор болды жаным» – қазақ әдебиетінде бұрын-соңды болмаған жаңа түрмен жазылған өлең. Жігіттің шерлі жүрегіндегі үміт пен күдік тайталасқан сезім суреттеледі. Ал «Сен мені не етесің» өлеңінде жас жігіттің уәдесінде тұрмаған сүйген жарына ашынып жазған айыптау шері көрінеді:

...Ет жүрек өртенді,  
От боп жанып,  
Жалын шалып.  
Ішіме.  
Иттей қормын,  
Зармын,  
Сен үздің ғой бұл желкемді [3, 121].

Жаңа түрмен жазылған бұл өлеңде дертті жүрек бір сәт ғашығының амандық-саулығын тілесе, енді бірде қайта оралып келуін армандайды. Өлеңнің келесі шумағында жарының қатыгездігіне күйінсе де, оған «қош аман» айтады. Бірде амалы жоқтан өз тағдырына өзі мойынсұнғанын білдіреді. Қапаланған жігіт «серт бұзғаның, біл, орыны – шок» деген түйінді ойымен өзін жұбатады.

«Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» өлеңінде психолог ақын адамның ішкі дүниесіндегі құбылысты тап басып танытады, өзіне өзі мінездеме береді.

Ғашықтың тілі – тілсіз тіл,  
Көзбен көр де, ішпен біл... [3, 207].

Ғашық халін Абайдан асып кім айта алған?!

Абай көңіл-күй лирикасында сөзбен емес, жүрек тілімен сөйлейді. Ақынның суреткерлігі де, ойшылдығы да, психологтығы да осында жатыр. Көп өлеңдерінде айтар ойын емеуріннен білдіріп, қысқа қайыра салады.

Оқырман сонда да бар сырға қанып, іштей ойланып, өлең мазмұнын адаспай таниды. А.Байтұрсынов сөзімен айтқанда Абай өлеңдерінің «сөзі аз, мағынасы көп, терең» [6, 55].

«Абай – адамның сыр, сымбатын, ішкі дүниесін, психологиясын білуге, кісінің бейне образын жасауға ұста ақын. Бұл Абайдың поэзиясының әсіресе махаббат лирикасының күшті жағы, тағы бір биік шыңы, аса маңызды ерекшелігі» [7, 16], - деп зерттеуші ғалым Б.Кенжебаев ұлы ақынның сыршыл лирикасын әділ бағалаған. Белгілі әдебиетші-ғалым Қ.Жұмалиев «Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны» деген мақаласында Абайға дейінгі адам психологиясында болатын өзгерістерді суреттеудің екі түрлі әдісін, бірінші, психологиялық параллелизмді, екінші, ерекше құрылатын әр түрлі монологтарды атап кетеді [8, 61].

Абайдың сезім құбылысын тікелей суреттеу арқылы адам психологиясын көрсете алатын шеберлігін таныған үлкен зерттеушінің айтуынша ақынның терең психологиялық сыры мынада жатса керек: Бірінші, суреттеген болмысының өмір шындығына дәл келуі. Екінші, басқаның сезімін, күйініш-сүйінішін өз сезімінен өткізе білетіндігі, сол арқылы оқушыларының сезімін тербете алуы. Ұлы ақын поэзиясының тереңіне үңілген академик З.Ахметов Абайдың көңіл-күйін, сезімін жеткізу үшін қолданған *жүрек* сөзіне берілген жиырма үш, *көңіл* сөзіне берілген он бір анықтаманы келтіреді. Бұлармен қатар Абай *жүректің көзі, жүректің оты, көңілінің көзі ашық, көңілдің жайлауы, ой өлкесі* деген секілді метафораларды қолданғанын атап кетеді [4]. Ақынның сөз қолданысындағы бұл соны көркемдеу құралдарын негізінен Абайдың өзі шығарған.

Сезімдердің мейлінше объективтеніп берілген махаббат лирикасының озық үлгілеріне «Татьянаның хаттары», «Жігіт сөзі», «Қыз сөзі» сияқты өлеңдерін де жатқызуға болады. «Не іздейсің, көңілім, не іздейсің?», «Жүрегім, нені сезесің», «Жүрегім, ойбай, соқпа енді», «Жүрегім, соқпа, кел, тоқта» сияқты өз жан дүниесін лирикалық тәсілмен бейнелеген өлеңдерінен ақынның өзімен өзі сырласқан қалпын танимыз.

«Қайғы шығар ілімнен» - түңілу сарыны басым жалғыздық тақырыбында толғанған лирикасы.

Қайғы шығар ілімнен,

Ыза шығар білімнен.

Қайғы мен ыза қысқан соң,

Зар шығады тілімнен... [3, 182].

Білімі асқан, сезімге бай, ақыл толы жүрегімен шерленген ақын өзін жалғыз сезінеді.

Өз халқының жай-күйін баяндайтын тағы бір туындысы «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым». Мұнда жалпы жұртқа, қалың елі – қазағына арнап айтқан жолдармен қатар адамдарды іс, мінез-құлқына орай сынап отырып, саралап та айтады:

...Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,

Аузымен орақ орған өңкей қыртың...

...Бас-басына би болған өңкей қиқым,  
Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?.. [3, 57].

Ұлы ақынның философиялық, психологиялық көзқарастарын зерттеген Т.Тәжібаев ақын дүниетанымын жалпы сөз еткенімен кей тұстарына арнайы тоқталады. Абайдың психологиялық көзқарасының қырларын ашып, үштік мүше (ақыл, сезім, ерік) жайлы ұғымдарды талдайды. Орыстың озық ойлы психологтарымен үндес болған Абай психологиялық көзқарасы жағынан сенсуалистік бағытты ұстанған тұңғыш психолог ақын деген қорытындыға келеді. Бұл зерттеуде [9] Абайдың психологиялық көзқарасы алғаш рет психология тұрғысынан қаралды.

Қазақтың жазба әдебиетінің, соның ішінде қазақ лирикасының реалистік арнада дамуында, заман талабына сай өрбуінде Абай эстетикасы, философиясы, психологиялық көзқарасы... – заңғарлығы ерекше роль атқарады.

Абай адам жанының ең асыл да құпия сырларын сол күйінде көркем де бейнелі жеткізе білді. Терең сырға құрылған, адам жанына терең бойлай білген өлеңдері ұлы ақын шығармашылығының мән-маңызы жоғары бөлігін құрайды. Осылайша терең психологизмге бастауды біз Абай өлеңдерінен таптық. Ақын өлеңдері өміршеңдігімен, терең сыршылдығымен құндылығын жоймақ емес.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Ысмағұлов Ж. Абай: ақындық тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1994.
- 2 Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Санат, 1995.
- 3 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. 1-том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 336б.
- 4 Ахметов З. Абайдың ақындық әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1995.
- 5 Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті. // Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1986.
- 6 Байтұрсынов А. Қазақтың бас ақыны. // Кітапта: Абайды оқы, таңырқа... – Алматы: Ана тілі, 1993.
- 7 Кенжебаев Б. Абай – қазақ халқының реалистік әдебиетінің негізін салушы. – Алматы, 1954.
- 8 Жұмалиев Қ. Абай – қазақтың бірінші психолог ақыны. // Кітапта: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері және Абай поэзиясының тілі. 2-т. – Алматы: ҚМКӘБ, 1960.
- 9 Тажибаев Т. Философские, психологические, педагогические взгляды Абая Кунанбаева. - Алма Ата: Каз.Гос.Издат, 1957.

**АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ҰЛТТЫҚ  
РУХАНИЯТТЫҢ НЕГІЗІ**

**Каримсакова Бактигул,**  
филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау, Қазақстан

**Бердыева Айболек Ходжанепесовна,**  
аға оқытушы,  
Мақтымқұлы атындағы Түрікменстан мемлекеттік университеті,  
Ашхабад қ., Түрікменстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада Абай Құнанбайұлының қара сөздері қазақ әдебиетіндегі рухани-философиялық мұра ретінде жан-жақты талданады. Қара сөздердің жанрлық табиғаты, көркемдік-танымдық ерекшеліктері, мазмұндық-идеялық жүйесі ғылыми тұрғыдан сараланады. Абай қара сөздеріндегі адамгершілік, білім мен ғылым, мінез-құлық, еңбек, бірлік мәселелері ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар аясында қарастырылады. Сонымен қатар абайтанушы ғалымдар Қ. Жұмалиев, Б. Кенжебаев, Ғ. Есім, М. Мырзахметұлы еңбектеріне сүйене отырып, қара сөздердің қазақ прозасындағы орны мен маңызы айқындалады. Мақалада Абайдың қара сөздері тек әдеби мұра ғана емес, қоғамның рухани дамуына бағыт-бағдар беретін тәрбиелік-философиялық туынды екені дәлелденеді.*

***Кілт сөздер:** Абай Құнанбайұлы, қара сөздер, рухани кемелдік, философиялық проза, абайтану, адамгершілік, мінез-құлық, ұлттық құндылықтар, қазақ әдебиеті.*

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының қарасөздері – терең философиялық, әлеуметтік-гуманистік және діни пайымдарға толы әдеби туынды. Олар ақынның дүниетанымын, көркемдік ерекшелігін айқындап, қазақ прозасының биік деңгейіне көтерілген бірегей шығарма ретінде бағаланады. Қарасөздер тақырыптық тұрғыда әр алуан болып келеді, мазмұндық жүйесі Абайдың өлеңдерінен өзгеше, өз алдына бөлек көркемдік бағыт қалыптастырған.

Бұл ретте әдебиеттанушы Қ.Жұмалиев былай деп тұжырымдайды: «Көркем қарасөз қазақтың жазба әдебиетінің тарихында Алтынсариннен басталады. Публицистиканың алғашқы негізін қалаушы – Шоқан болса, оны одан әрі дамытушы – Абай. Абайдың қарасөздері – көркем әңгіме емес, даналық сөздер, мақала, ғылымдық, философиялық шолулар. Сөйтіп ол өзінің көзқарасын, дүниетануын қара сөзбен де кейінгілерге қалдырып кетті» [1, 45-б.]. Ия, бұдан шығар түйінді Абайдың қара сөздері – ұлттың рухани темірқазығы, ал оны талдау – абайтану ғылымының өзегі деп бағалар едік.

Абайдың қарасөздерінің құрылымына үңілсек, сөйлем формасы өзгеше, мазмұндық салмағы зор. Әр сөзі – ойдың, тәжірибенің, ішкі толғаныстың

көрінісі. Көпшілігі сұрақ-жауап формасында не оқырманмен ішкі диалог түрінде жазылған. Бұл тәсіл – Батыс пен Ресейдің бірқатар ойшылдары қолданған әдіс. Мұндай диалогтық форма ғылым мен өнер туралы терең көзқарасты жеткізудің тиімді тәсілі ретінде танылған. Тіпті бұл тәсілдің негізі көне грек философтарынан бастау алады.

Абай Құнанбайұлының қарасөздерін зерттеу барысында әдебиеттанушылар тарапынан әртүрлі бағыттағы ғылыми тұжырымдар қалыптасқан. Мәселен, философ әрі абайтанушы Ғарифолла Есім қарасөздерді «Сөз жанры» деп атап: «Абай ойына келген нәрселерін еркін айту үшін өзі арнайы жанр ойлап тапқан. Ол – сөз жанры. Ақынның қарасөздері – нағыз еркін ойдың жанры. Мұнда ешқандай бір дәстүрге, тәсілге бағынушылық жоқ. Ой еркін айтылған, мазмұны өзіне лайықты форма тапқан» Ғ. Есім Абай қара сөздерін «еркін ой жанры» деп бағалайды [2, 112-б.], – деп сипаттайды.

Ал абайтанушы ғалым Б.Кенжебаев Абай қарасөздерін теориялық тұрғыдан зерделей отырып, олардың «Ғақлия» деп аталуына қатысты пікір білдіреді: «Ғақлия – ғибрат, мысал жөнімен дін, мінез-құлық жайында айтылған өсиет, насихат сөздер. Абайдың қарасөздерінің бәрі бірдей мұндай ғибрат, мысал болып, бәрі бірдей дін, мінез-құлық туралы болып келе бермейді. Тек бірнеше сөзі (1, 15, 25, 28, 32, 34 сөздері) ғана дін, мінез-құлық туралы ғибрат, мысал-ғақлия болып келеді. Естуімізше, Абайдың өзі о баста тек осы сөздерін ғана «Ғақлия» деп атаса керек» Б. Кенжебаев қара сөздердің барлығы бірдей «ғақлия» емес екенін дәлелдейді [3, 78-б.].

Бұл пікірлерді зерделей келсек, екі ғалымның да көзқарасы жанрлық және мазмұндық тұрғыдан бір-бірін толықтырады, бірақ ұстанымдары әртүрлі бағытта екендігі байқалады. Ғ.Есім Абайдың қарасөздерін жанрлық жаңалық ретінде қарастырады, бұл – еркін философиялық ойдың көркем формасы деп тануымызға болады, ал Б.Кенжебаев – қарасөздерді мазмұндық жіктеу арқылы талдайды, яғни барлығы бірдей ғибраттық емес, сондықтан «Ғақлия» атауы шектеулі қолданысқа ие деген ойды түйіндейді.

Сонымен қатар, әдебиеттанушы ғалымдар Абай прозасының жанрлық көптүрлілігін атап көрсетеді. Қарасөздерде ғақлия, нақыл сөздер, ғылыми мақалалар, философиялық трактаттар, өткір сын мен мысқылға толы сатиралық әңгімелер, адамгершілік өсиеттер, публицистикалық насихат үлгілері, шешендік сөздер қатар орын алған. Бұл жанрлық байлық Абайдың ойшылдық деңгейін, көркемдік шеберлігін және рухани тереңдігін айқындайды.

Абайдың ақын шәкірттерінің тілін зерттеген абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлы қарасөздердің мазмұндық және тақырыптық аясын талдай келе, Абайдың тарихи миссиясын ислам әлемінің дағдарыс кезеңімен байланыстырады. Ол былай дейді: «Абай қазақ үшін Ғазалидей биік тұлға. Абай өмір сүрген дәуірде мұсылман әлемі ауыр кезеңдерді бастан кешіріп жатқан еді. Себебі, Абайдың тұсында мұсылман мемлекеттердің ешқайсында тәуелсіздік болған жоқ. Отарлаушы империялардың құрсауында қалған мұсылман елдері дін тұрмақ, ғылымнан, білімнен ажырап қалды. Міне, бүтін мұсылман әлемін қараңғылықтан алға сүйреп шығару туралы көзқарас

тұсында өмір сүрген Абай мұсылмандықты ғылым, білім арқылы дәріптеп, қазақ қоғамына жаңашылдық серпінін алып келді» [4, 203-б.].

Абайдың қарасөздері әдебиеттану ғылымына жаңа жанр ретінде енген. Бұл прозалық туындылар алғаш рет 1933 жылы «Абай» жинағында жарық көріп, ақынның кемелденген шағында жазылған. Қарасөздер – автордың жүрек толғанысы, философиялық тұжырымы мен өмірлік тәжірибесінің көрінісі. Сол себепті де Абайдың қара сөзбен жазылған ой толғамы қай кезеңде оқылса да, кез келген оқырман оның ішінен өз заманының белгілерін, рухани ізденістерін және адамзаттық құндылықтарды таба алады.

Абай Құнанбайұлының қарасөздері жан-жақты тақырыптарды қамтиды. Ақын әрбір мәселені нақты әрі ықшам түрде жеткізе отырып, терең философиялық ойлармен байытады. Ол көбіне адамның мінез-құлқын, іс-әрекетін талдап, ішкі болмысын тексереді. Абайдың ой толғамдары тек адам табиғатын сипаттаумен шектелмей, фәни өмірдің сырын ұқтыруға бағытталады.

Қарасөздерінде Абай өсиетін бір жағынан қызықты, күлкілі, ұғымға жеңіл етіп жеткізсе, екінші жағынан араб және парсы сөздерін кіріктіре отырып, ойға салмақ береді. Бұл тәсіл оның тілдік мәдениетінің кеңдігін және шығыстық біліммен терең таныстығын көрсетеді. Абайдың қарасөздері — қазақ әдебиетіндегі ерекше жанрлық үлгі ғана емес, сонымен қатар рухани-этикалық бағдарлама ретінде де бағаланады.

Абайдың қарасөздері – адамзат баласына ортақ рухани құндылықтарды дәріптейтін, тәрбиелік мәні терең философиялық туындылар. Онда ақын адамның ішкі болмысын, мінез-құлқын, ар-ожданын, білім мен ғылымға деген көзқарасын, әділет пен махаббатты терең пайымдайды. Бұл шығармаларда көтерілген мәселелер – тек қазақ қоғамына ғана емес, бүкіл адамзатқа ортақ рухани бағдар.

Абайдың 32-қарасөзіндегі «Ғылымды, ақылды сақтайтұған мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!» дегенде ұлы ойшыл: «Ғылымды, ақылды сақтайтұған мінез деген сауыты бар. Сол мінез бұзылмасын!» [5] деп, мінездің адам бойындағы білім мен ақылдың сақталуына кепіл болатынын атап көрсетеді. Абай Құнанбайұлы өзінің отыз сегізінші қарасөзінде адам болмысын кемелдікке жеткізбейтін үш негізгі кедергіні атап көрсетеді: надандық, еріншектік, залымдық. Бұл үш сипат адамзаттың рухани және әлеуметтік деграциясына себеп болатын теріс мінездер. Абай бұл қасиеттерді тек жеке адамға ғана емес, тұтас қоғамға зиян келтіретін факторлар ретінде қарастырады.

Абай Құнанбайұлы: «Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады» [5] деп, адам бойындағы енжарлықтың салдарын нақты әрі терең көрсетеді. Еріншектік өнерге, ғылымға, білімге, руханиятқа қарсы тұратын ішкі кедергі. Ол адамның шығармашылық әлеуетін тұншықтырады, қоғамның прогресіне нұқсан келтіреді. Сондықтан да Абай бұл мінезді өнердің дұшпаны деп атауы терең философиялық әрі тәрбиелік ескерту деп ұғынуымыз қажет.

Абайдың төртінші қарасөзіндегі «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» деген тұжырымы – терең әлеуметтік және моральдық сын. Бұл сөз тіркесі арқылы ойшыл адамгершілікке жат, еңбек пен өнерден алшақ, арам жолмен күн көргісі келетін мінезді әшкерелейді. Абай бұл мінездерді «өнерсіз иттің ісі» деп атауы арқылы оларды тек моральдық тұрғыдан ғана емес, рухани және мәдени мешеулік ретінде сипаттайды. Абай Құнанбайұлының «Алтыншы», «Сегізінші», «Он бірінші» және «Үшінші» [5] қара сөздері – надандық, еріншектік, мақтаншақтық секілді адам бойындағы кеселдерді шенеп, жоғары ілім мен адамгершілікке үндейтін терең философиялық пайымдаулар жасайды. «Бірлік, тірлік» деген сөз ұғымдарының мәнін аша келіп, «Алтыншы сөзінде» Абай: «Бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес» деп, қоғамдағы шынайы ынтымақтың материалдық емес, рухани негізін айқындап көрсетсе, «Ырыс – алды тірлік» деген тұжырымында тірлік – еңбек ету, жауапкершілік пен қажырлылықты меңзейді. Жан сақтау үшін қорқақтыққа, еріншектікке бой алдыру – ырысқа дұшпан болу деп бағаланады.

«Кеселді жалқау, қылжақ бас,  
Әзір тамақ, әзір ас,  
Сыртың пысық, ішің нас,

Артын ойлап ұялмас, - болып жүріп, тірімін деме, онан да Алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық», - дейді. Ұлы ақын осы пікірін өзінің «Үшінші», «Он бірінші» сөздерінде де толықтырып, ұштай түседі. Мал үшін ар-намысын сату, бірінің үстінен бірі арыз беріп, жала жабу, ауызбіршіліктің болмауы тәрізді мінездердің бәрі де надандықтан қашық болуға тәрбиелейді. Бұл әңгімелердің идеялық мазмұны да, келешек ұрпақ үшін құндылығы да осында болса керек.

Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлы – қазақ халқының рухани шамшырағы, адамзаттық биік мұраттарды ұсынған кемеңгер ақын, ірі тұлға деп танымыз. Оның айтып кеткен нақыл, афоризм сөзі – тек өткеннің үні емес, бүгінгі мен болашақтың да жолбасшысы. Біз оның адамгершілікке, ізгілікке, білім мен еңбекке үндеген қара сөздерінен рухани нәр алып, адамдық сипатымызды шыңдауға ұмтылдық.

Абайдың мұрасы – халықтың сарқылмас асыл қазынасы. Ол – әр қазақтың жүрегінде, санасында, өмірлік ұстанымында мәңгі жасайтын рухани ұстаз. Ұлы ақынның сөзімен айтсақ, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұстаным – бүгінгі қоғам үшін де ең қажетті рухани бағдаршам деп айтуымызға болады. Әр қазақ Абайдан тәлім алып, толық адам болуға талпынса – қоғамымыз кемелденіп, рухани биікке көтеріледі. Абаймен бірге өмір сүріп, Абаймен бірге ойлану – бұл ұлттың рухани жаңғыруының кепілі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Жұмалиев Қ. Абайға дейінгі қазақ поэзиясы және Абай поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1960.
2. Есім Ғ. Хакім Абай. – Алматы: Атамұра, 1994.
3. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. – Алматы: Жазушы, 1986.

4. Мырзахметұлы М. Абайтану. Таңдамалы ғылыми еңбектер. – Алматы: Қазақ университеті, 2010.

5. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2018.

ӘОЖ 82'1

## ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РЕЦЕПТИВТІ ЭСТЕТИКА: АБАЙ ЖӘНЕ ӘБІШ МҰРАЛАРЫ

**Жеткізгенова Әлия Түгелбайқызы,**

филол.ғ.к.,

қауымдастырылған профессор,

Yessenov University,

Ақтау қ., Қазақстан

*(Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын (грант № AP19678872) ғылыми жоба аясында дайындалды)*

**Аңдатпа:** Мақалада Абай Құнанбаев пен Әбіш Кекілбаевтың өркениет сабақтастығын жалғайтын жас ұрпақ тәрбиесіне кітап оқу мәдениеті арқылы берілетін тәлімі жөнінде баяндалады. Ғасырлық уақытқа жақын тәрбие принциптерімен бүтін бір қоғамды тұтастай рухани бірлікте ұстаған ұлы педагог А.С.Макаренко «Балаға берілген дұрыс тәрбие – бұл бақытты кәрілік, қате тәрбие – біздің келешектегі сорымыз, біздің көз жасымыз», деп ел болашағы жас буын екендігін баса айтып, ұрпақ алдындағы жауапкершіліктеріміз бен міндеттерімізді қадағалауға ұсынған еді. Міне, аталмыш мақалада да осы күн тәртібінен түспейтін өзекті мәселенің түйткілді тұстарынан ой қозғалады.

Мақала құрылымында Абайтанудың бүгінгі таңдағы жеткен жетістігі, шыққан биігіндегі зерттеуші ғалымдардың, институттардың ауқымды еңбегін саралау, оқырманды әдебиеттегі рецепция ұғымымен таныстыру, рецептивті эстетиканың басты концепцияларын ашып беру мәселесі қамтылды.

Абай шығармаларын оқытуды нақты жағдайда және жаңа ситуацияда қолдануды ұсынған ережелерді, әдістерді, ұғымдарды, заңдарды, қағидаларды, теорияларды практикалық тұрғыдан қолдану, оқу нәтижелері түсіну деңгейіне қарағанда материалды тереңірек игеруді талап ететіндігін жинақтап берген Абай ғылыми-зерттеу институтымен дайындалған «Абай таксономиясы» монографиясы ауқымды да іргелі зерттеу еңбек болып екендігіне мән берілді.

**Кілт сөздер:** Абайтану, автор, оқырман, рецептор, зиялылық, кітап оқу, өркениеттер өзектестігі, кітап оқу мәдениеті

Ұлттық рухқа сүйенген, ұлттық ділі бар, елін сүйетін сауатты әрі саналы жастардың қатары артуы – қоғам үшін маңызды міндет. Осы орайда Ә.Кекілбаевтың «Әу баста не болғанын білмесек, бүгін оңбай қателесуіміз, ал ертең атымен айдалаға лағып кетуіміз ғажап емес. Ондай қатердің үрейлі бір белгісі – қазір көп сөз болып отырған кітап оқу дағдарысы. Жұрттың кітап оқуға немқұрайды қарауы – ең алдымен оқу тарихын ұмытудан басталып жатқандай.. Ал бұл бағзы бабалардың адал еңбегін аякасты еткендік, өз болашағымызға өзіміз қалай болса, солай қарағандық болып шығады» [1, 4] деген Ә.Кекілбаев пікіріне сүйене отырып, адамзат мәдениетінің дамуы әлімсақтан-ақ оқу, жазу өнерімен тығыз байланысты болғандығын мықты ескергеніміз жөн.

Ә.Кекілбаев: «кітапқұмарлық шек пен шекараны білмейді екен. Расына келсек, кітапқа немқұрайдылық та тап солай. Оның да шек шекарасы болмайды. Тек бір миллиард жарлы-жақыбай ғана кітап оқудан құралақан емес көрінеді. Талай дамыған және дамып келе жатқан елдердегі миллиондаған сауатты кісі қолына кітап пен журналды тым сирек алады екен. Ал студенттер мен мектеп шәкірттерінің көпшілігі көз майын тек оқулықтарына немесе болашақ мамандықтарының жай-жапсарына жұмсайды екен. Қысқасы, кітапқа қалай қарайтынына қарап, кім-кімнің де болашағын алдын ала біле беруге болатыны даусыз» деп, [1, 31-32] сауатты жан көп-ау, бірақ сана мен сауатты рухани бітіммен үйлестіре алмағандардың қанша оқыса да кітап бетін құр парақтаумен бірдей саналатын әрекеті жалқыға ғана емес, жалпыға ортақ трагедия екендігіне оқырманының көзін жеткізе пайымды пікір қорытады.

Қазіргі таңда ақпарат алудың ең оңай, ең жеңіл, ең тиімді, ұтымды, уақыт үнемдейтін, әйтеуір артықшылығы көп делінетін интернет желісі көмегіне сүйену десек, Ә.Кекілбаев осы мәселені де назардан тыс қалдырмай, дәйекті деректермен: «...кітап оқу дағдарысы – біз сияқты аяусыз қатал экономикалық тұралауды жуық арада ғана бастан кешкен «жауыр» қоғамдарда ғана емес, көптен бері қоры отайып, қоңы сөгіліп көрмеген іргелі қоғамдарда да айта қаларлықтай мөлшерде орын алып отырған келеңсіздік. Ендеше, оның біздің бүгінгі ұлттық кеңістігімізден де тысқары әлемді қамтитын жаһандық себептері да аз болмаса керек. Оған бұл әңгіменің соңғы отыз-қырық жылды түгел қамтып келе жатқандығы да дәлел бола алады. Бұндай індеттің күшейгені сонша, өз дін, өз идеологиясын қалыптастырды. «жазба әдебиет дәурені өтті, ауыз әдебиет дәурені қайта келді», «Гутенберг (баспа өнімдері) галактикасын Маклюзи (аудиовизуалдық құралдар) галактикасын жұтып қояды» дейтін сәуегейлер де табылды. Сол тұста АҚШ-тың «Дженерал Электрик» компаниясы тәжірибе жасап, бір адамға бір мазмұнды хабарды текст, радиохабарлама, телебейне арқылы жеткізіп, әсерін жеке-жеке тексереді. Сонда адамның ми қабылдағыштарының қызметін тексеретін аппарат телебейне көрсетілген кезде атымен жайбарақат тұрса, радиохабар тұсында аздаған тітіреністі көрсетіп, ал тексті өз көзімен оқып танысу кезінде оның шкалалары үздіксіз қозғалыс үстінде болыпты» [1, 31] деп кітап оқу ерекшелігі адамның дүниетаным көкжиегінің жарқырай көрініп, өресі биіктей

түсуіне айрықша ықпалды екендігін атап көрсетеді. Бұған қоса мәтін, радиохабарлама, телебейне арқылы жасалған тәжірибе арқылы нақты

дәлелдерді ұсына білген. Аталмыш ақпарат құралдары бірін-бірі толықтыратын күшке ие болғанымен, қалай болған күнде де кітап арқылы әлем тану көзқарасы күн тәртібінен түспейтіндігін нақтылаған озық ойлы ойшылдың толымды толғамдарымен қалың көпшіліктің толық келісері анық.

Тарихымыздан дәулеті тасып, сәулеті аспандаған қаншама ел осынша берекеге рухани байлығының арқасында ие болып, даңқы жайылғандығын дәлелдейтін деректер бар. Ендеше, сол елді тарих бетінде атын қалдырмай жойып жіберудің тиімді тәсілі ілім-біліміне қол салу болғандығынан тұжырымдар дәйектеген абыз: «Бір мемлекеттің екінші мемлекеттің тарихына қиянат жасайтынын былай қойғанда бір билікші әулеттің екінші әулеттің тарихи мұраларына өш келетінін адамзат талай рет бастан кешкен. Б.ж.с.д. VII ғасырда эламдықтар Месопотамиядағы ежелгі білім көзі болып табылатын Ур-Намму Зикуратин көзапара жойып жіберді. Осыдан жиырма үш ғасыр бұрын Қытай императоры Цин Ши-Хуанди мәжусилермен алысқан болып, өзінен бұрынғы кітаптардың бәрін өртетті. Біздің VII ғасырда арабтар атақты Александрия кітапханасын талқандады. XVI ғасырда католик иерархтары майя мұрағаттарын құрттырды. XII-XIV ғасырдағы католик иезуиттері ежелгі қолжазбалар мен антикалық әдебиетті құртып шығады. Ежелгі иезуиттер кітаппен алысса, кейінгі иезуиттер жазуды өзгерту арқылы қоғамды тарихи жадынан айырып отыруды әдетке айналдырды. Қытай билікші династияларының осындай озбырлығына, басқаны қойып, конфуций мен даосизм мұраларының өздері аз ұшыраған жоқ. Тарихта болған төрт жүзден астам жазу түрі көбіне-көп бейбіт түрде емес, сондай күштеп өзгертуден азайды. Жазу мен оқуға монополия династиялық билік кезінде негізгі саяси күрес әдісі болды» [1, 19-20] деп жазуды, жазба мұраларды сақтап қалу өркениеттер өзектестігі мен ұрпақтар сабақтастығының басты кепіліне айнала бастағандығынан хабардар етеді.

Осы орайда әдебиеттанушы ғалым А.Кемелбаеваның «Сөз хикмет» еңбегінде: «Кітап – ұлы мағынаға ие, ол өркениеттің өзі мен көзі. Кітап – өте күрделі образ, оның құдіреті шексіз...Ұлы данышпандық кітапсыз тұл.

Кітапхана адамзатты қараңғы дүниенің қапасынан жарыққа, нұрлы әлемге алып шыққан рухани күштің символына айналды. Дүние жүзін мекендеген ұлттардың тағдырына осы бір кітапханалардың қасиеті мен әсері өз билігін жүргізбей қоймаған. Әсіресе, көктен түскен төрт кітапқа кенелген халықтардың ризығы ерекше екенін қазір толық ұғынсақ керек» [2, 100] деген пікірін айта отырып, Ұлы Абайдың данышпандық деңгейге жетуіне алтын көпір – кітаптың рөлі мықты болғандығына терең мән бергендігін атап өткен орынды.

Абайтану мәселесі білім беру саласының қай сатысында да, ғылым көкжиегін кеңейтуші ғалымдар еңбегінде де оқу, танысу, тану, білу, зерделеу, бағалау тұрғысынан ешуақытта назардан тыс қалған емес. Көзі қарақты, көкірегі ояу оқырманның ақыл қалтасына айналып, сана биігіне бағдаршам

іспетті болған қара сөздерінің бірінде «көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады» (14 қарасөз) деп ақыл, зейін, ықылас, ерік-жігердің білім қоржынына қосар жолын айқын көрсетеді.

Қазақ әдебиетін зерттеуге қадам басқан әрбір зерттеуші Абай әлеміне бойлап, философиялық көзқарастары мен ғибратына үңіліп, рухани кемелденіп, жан-жақты, интеллектуал адам болып қалыптасып, тамыры берік, келешегі кемел, ертеңі еңселі тұлға болудың даңғыл жолына Абай батасымен түспек. Сөз өнерінің биігіндегі Абай ілімінен сусындауға ден қоюшылар қатары қарапайым оқымандармен толыққалы қашан...«Абай шығармашылығы туралы революцияға дейінгі жазылған азды-көпті мақалалардан бастап қаншама зерттеу мақалалар, монографиялар, диссертациялар жазылды. Бірақ, Абайдың аса бай шығармашылық мұрасын тауыса талдау мүмкін емес. Өйткені, Абай – бір пайызы ғана көрініп, тоқсан тоғыз пайызы тылсым дүние болып қала беретін ақындық өнердің Айсбергі» [3].

Ғалымдар Абай шығармашылығына зерттеудің сан алуан аспектілерімен келіп жатқан кезеңде атқарылған шаруалар мен жарық көрген дүниелердің біршамалығы көз сүйіндіріп, көңіл қуантарлық.

«Еліміз тәуелсіздік алған жылдардан бастап Абай шығармашылығына жаңа көзқараспен пікір айтыла бастады. Қ.Мұқамбетқанов, М.Мырзахметов, З.Ахметов, т.б. Абай шығармашылығының қыр-сыры төңірегінде түрлі бағытта келелі зерттеулер жүргізгені белгілі. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары Абай шығармашылығының кеңес үкіметі кезінде тыйым салынған тұстары жаңа көзқараспен зерделенуде. М.Әуезов бастаған зерттеушілер шоғыры жылдар бойы жабулы күйінде қалған Абайдың ақындық айналасы деген мәселе төңірегінде шәкірттері, балалары Шәкәрім, Ақылбай, Әріп, өзімен үзеңгілес жүрген Байкөкше шығармашылықтары туралы да кеңінен зерттеу қолға алынып жатқаны қуантарлық жайт. Осы дүрмекке әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология факультетінің жанынан құрылған Абай ғылыми-зерттеу институты өз үлесін қосуда. Абай институтының хабаршысының әр санында Абайдың әдеби мұрасы туралы келелі зерттеулер жариялана бастады» [3].

Рецепция – қабылдау деген сөз. Рецепция термині ХХ ғасырдың 60–80-ші жылдарында Германияда пайда болған еді, ғалымдар Х. Яусс, П. Шонди, В. Изер, Р. Варнинг, М. Риффатерлер әдеби туындыны талдау барысында ең бастысы – оқырманның қабылдау секілді мәселесін басты назарда ұстады.

Дүниеге келген көркем туындының автордан кейінгі іздеушісі – оқырман. Автор және оқырман мәселесі А.А.Потебня, И.А.Ильин, Г.А.Товстоногов, Н.К.Бонецкая, В.Е.Хализев, А.П.Скафтымов сынды т.б. ғалымдардың тұжырымды ой-пікірлерімен жүйеленді.

«Рецептивті эстетиканың өкілдері әдеттегідей көркем шығарманың жазылуы мен құрылымдық бөлшектеріне, олардың көркемдік әсерге қосар үлесіне жіті көңіл бөліп, ғылыми негізде таразылауды басты міндет деп санамайды. Олардың көркем шығармашылыққа берер бағасы да, талдау әдісі де ерекше. Шығарманың оқырманға әсері, қабылдау процесіне қатысатын

бірліктер, оқырманның түрлері, олардың деңгейі сынды мәселелерге рецептивті эстетика ең алдымен назар аударады. Дәл осылай зерделегенде ғана көркем өнердің табиғатындағы бұған дейінгі белгісіз боп келген көптеген құпиялар ашылады деп есептейді. Расында да, рецептивті эстетиканың өкілдері жасаған әдеби-ғылыми жаңалық аз болған жоқ. Өйткені бұрынғы әдеби-теориялық мектептер тап осы тұрғыдан туындыны терең талдау нысанына ала қоймаған болатын. Қазіргі кезде де рецепция мәселесі әдебиеттану ғылымында аса өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Әдеби шығармаға рецептивті эстетиканың талап-тілектері аясында баға беру, оны жасаушы автор мен қабылдаушы оқырман арасындағы байланысты айқындау, қабылдау кезінде жүзеге асатын үдерістер, автордың мәтіндегі образы, автор дүниетанымы мен болмысының оқырманға әсері т.б. сынды күрделі де күрмеулі сұрақтардың жауабын беру үшін аталған ғылыми пәннің мүмкіндіктеріне жүгінуге тура келеді». [4]

Автор мен оқырман арасындағы шығармашылық тұрғыдан ғана емес, эстетикалық талғам таразының салмақты сүзгісінен өткен өзара байланысты айқындайтын еңбектер ғалымдары тарапынан да зерделеніп келеді. «Әдебиеттанушы ғалымдар шығарманы талдайтын кезде оған автор мен рецепиенттің, яғни қабылдаушының арасындағы диалогтық қатынас нысаны ретінде қарайды. Олар тыңдарманды, көрермен мен оқырманды көркем шығармашылықтың пассив қатысушылары ретінде емес, көркем шығарманың мәнін анықтаудағы белсенді, актив тұтынушы ретінде қарастырады» [4].

Оқырман жүрегіне жол тауып, қабылдау үдерісінің икемделген Абай шығармалары турасында: «Мысалы, Абайды алайық. ХІХ ғасырдың оқырманы мен ХХ ғасырдың оқырманының Абайды қабылдауы, оны түсінуі екі бөлек. Мұхтар Әуезовтің Абайдың шығармашылығы туралы жазған монографиясы мен бүгінгі Абайтанушылардың еңбектерінде айтарлықтай айырмашылықтың болуы заңды құбылыс. Себебі оған баға беретін мамандардың да құндылықтары, ғылыми аппараттары, талдау әдістері бір-бірінен ерекшеленіп тұрады. Совет кезеңінде дүниеге келген көптеген рухани-мәдени мұраларымызға бүгінде басқаша талдау жасап жатқанымыз да осының айғағы болса керек. Сол секілді, келер ұрпақ Абайды мүлдем басқаша ұғынуы мүмкін. Мұның бәрі көркем өнердің заңдылығы. Сондай-ақ, «әркімнің өз Абайы бар» деген сөз бар, яғни көркем шығарманың мәні тек қана дәуірге, белгілі бір қоғамдық формация мен тарихи-әлеуметтік ситуацияға ғана емес, белгілі бір адамдар мен адамдар тобының қабылдауына байланысты да өзгеріп отырады. Алпыстағы оқырман мен алтыдағы оқырманның Абайды қабылдауы әртүрлі болатыны айтпаса да түсінікті немесе техникалық сала мен гуманитарлық сала өкілінің оны түсінуі өзгеше болуы тағы мүмкін. Бір сөзбен айтқанда, оқырманның тәжірибесі аса маңызды рөл ойнайды» [4] деп ой қозғаған ғалым пікірі арқылы шығарма оқу мәдениетінің биіктігін басты орынға қояды.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кекілбаев Ә. Өркениет өзегі. Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, 2010 ж. 356.
2. Кемелбаева А. Сөз хикмет. – Алматы; Дәстүр, 2016. -382 б.
- 3.//Абайтану мәселелерінің жаңа заман көзқарасымен зерттелу жайы// Абай әлемі. <https://abai.alemi.kz/kz/post/view?id=1423>
- 4.Қазақстанның ашық университеті Әдебиет теориясы 9. Көркем шығарманың рецепциясы  
<https://openu.kz/kz/process/debiet-teoriyasi-krspe/guest/lesson/1947>

ӘОЖ 168'5

### ПОЭТИКАЛЫҚ STORYTELLING ДӘСТҮРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ НАРРАТИВ: АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БРЕНД ЭМОЦИЯСЫ МЕН СЕΝІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Алпысбек Нұрай,  
Кемеңгер Айсамал,  
«Л.Н.Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ магистранттары,  
Астана, Қазақстан

*Аңдатпа:* Мақала Абай Құнанбайұлының поэзиясын қазіргі инфлюенсерлік коммуникация теориясы аясында қарастыруды көздейді. Сенім капиталының тарихи-мәдени моделін ашуға мүмкіндік беретін бұл мақалада Абай өз дәуіріндегі ресми коммуникациялық арналардан тыс, бірақ қоғамдық санаға терең әсер еткен ықпалды коммуникатор болғандығы дәлелденеді.

*Кілт сөздер:* Абайдың сыни поэзиясы, цифрлық медиакеңістік, PR теориясы, инфлюенсерлік коммуникация

Қазіргі цифрлық медиакеңістікте инфлюенсерлік коммуникация қоғамдық пікір қалыптастырудың, бренд имиджін нығайтудың және аудиториямен ұзақ мерзімді байланыс орнатудың негізгі құралдарының біріне айналды. Инфлюенсер феномені дәстүрлі PR субъектілерінен айырмашылығы – ресми институттарға емес, жеке тұлғаның сенім капиталына сүйенуімен ерекшеленеді. Сенім капиталы инфлюенсердің беделі, моральдық ұстанымы, контентінің шынайылығы мен аудиториямен орнатқан тұрақты диалогы арқылы қалыптасады. Бұл ұғым қазіргі ғылыми дискурста жаңа терминологиялық сипатта қарастырылғанымен, оның концептуалдық негіздері ұлттық мәдениет пен дәстүрлі қоғамдық коммуникацияда бұрыннан бар. Қазақ қоғамында сенім капиталы көбіне сөздің салмағы, тұлғаның әдеби мен қоғамдық жауапкершілігі арқылы өлшенген. Осы тұрғыдан алғанда, Абай Құнанбайұлының поэзиясын қазіргі инфлюенсерлік коммуникация теориясы

аясында қарастыру – сенім капиталының тарихи-мәдени моделін ашуға мүмкіндік береді. Абай - өз дәуіріндегі ресми коммуникациялық арналардан тыс, бірақ қоғамдық санаға терең әсер еткен ықпалды коммуникатор. Ол халықпен формалды емес, бірақ сенімге негізделген ұзақ мерзімді байланыс орната алды. Бұл бүгінгі инфлюенсерлік PR-дің негізгі мақсатына толық сәйкес келеді.

Инфлюенсерлік коммуникациядағы сенім капиталының басты құрылымдық элементтерінің бірі – тұлғаның моральдық беделі мен құндылықтық позициясының айқындығы. Абай поэзиясында бұл элемент ерекше байқалады. Оның өлеңдері тек эстетикалық мәтін емес, қоғамдық мінез-құлықты реттейтін коммуникациялық құрал қызметін атқарды. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген жолдар аудиториямен жоғарыдан төмен сөйлесу емес, керісінше ортақ жауапкершілікке шақыру формасы ретінде көрінеді [1]. Қазіргі инфлюенсерлік коммуникацияда аудиторияны пассивті тұтынушы емес, белсенді серіктес ретінде қабылдау сенім капиталын арттыратын негізгі фактор саналады. Абай дәл осы тәсілді қолданды: ол халықты сынап отырып, өзін сол қауымнан бөлек қоймайды, керісінше «біз» категориясы арқылы коммуникация орнатады. Бұл – бүгінгі PR теориясындағы диалогтық модельдің ерте көрінісі. Абайдың беделі лауазыммен емес, сөздің әділдігімен, ойдың тереңдігімен және айтылған пікірдің қоғам мүддесіне бағытталуымен қалыптасты. Инфлюенсерлік коммуникацияда да аудитория сенетін тұлға ең алдымен моральдық тұрғыдан сенімді, құндылықтық ұстанымы айқын коммуникатор.

Бренд ұғымы заманауи маркетинг пен PR-де көбіне коммерциялық мәнде түсіндірілгенімен, оның түпкі негізі – символдық капитал мен репутация [2]. Ұлттық бренд те осы қағидаға сүйенеді. Ұлттық бренд – белгілі бір халықтың мінезі, құндылығы, мәдени коды мен қоғамдық идеалдарының жиынтығы. Абай поэзиясында қазақ қоғамының дәл осы брендтік бейнесі қалыптасты. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген жолдар – ұлттық қауымдастықты эмоциялық тұрғыдан біріктіретін коммуникациялық код. Бұл жерде Абай халықты идеализацияламайды, керісінше оның әлсіз тұстарын ашық көрсетеді. Қазіргі PR теориясында бұл тәсіл брендтің сенімділігін арттыратын фактор ретінде қарастырылады, себебі аудитория мінсіз бейнеге емес, шынайы бейнеге сенеді. Абайдың сыни поэзиясы ұлттық брендтің репутациялық тазалығын сақтауға бағытталған коммуникация. Ол қазақ қоғамын жалған мақтаннан арылтып, еңбекке, білімге, жауапкершілікке негізделген брендтік модель ұсынады. Бұл тұрғыда Абай ұлттық брендтің құндылықтық платформасын қалыптастырған стратег ретінде көрінеді. Инфлюенсерлік коммуникациядағы сенім капиталының тағы бір маңызды аспектісі – транспаренттілік пен этикалық жауапкершілік. Абайдың «Өтірік өрге баспайды», «Пайда ойлама, ар ойла» деген тұжырымдары бүгінгі PR этикасының базалық қағидаларымен үндеседі. Қазіргі инфлюенсерлердің аудитория алдындағы ең үлкен тәуекелі – сенімнің жоғалуы [3]. Бір рет жоғалған сенім капиталын қайта қалпына келтіру өте қиын. Абай поэзиясында өтірік, екіжүзділік, жалған бедел қатты сыналады. Бұл – инфлюенсерлік

коммуникациядағы fake influence, жасанды имидж, жасырын жарнама сияқты құбылыстарға қарсы мәдени иммунитет [4]. Абайдың беделі оның шыншылдығы арқылы қалыптасты, ол халыққа жағу үшін емес, шындықты айту үшін сөйледі. Қазіргі инфлюенсерлік PR-де де аудиторияға ұнау мақсатында құндылықтан бас тарту қысқа мерзімді нәтиже бергенімен, ұзақ мерзімді сенім капиталын жояды. Осы тұрғыдан алғанда, Абайдың поэзиясы – инфлюенсерлік коммуникациядағы этикалық стандарттардың ұлттық үлгісі. Аудиториямен ұзақ мерзімді байланыс құруда инфлюенсердің жеке бренді шешуші рөл атқарады. Жеке бренд – тұлғаның ойлау стилі, тілі, мінезі мен миссиясының тұтастығы. Абайдың поэзиясында авторлық стильдің тұрақтылығы оның жеке брендінің қалыптасқанын көрсетеді. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген жолдар Абайдың коммуникациялық миссиясын айқындайды: ол контентті хайп үшін емес, қоғамдық сананы өзгерту үшін жасады. Бұл бүгінгі инфлюенсерлік коммуникациядағы миссияға негізделген контент стратегиясына толық сәйкес келеді. Абайдың өлеңдері уақыт өте келе өзектілігін жоғалтпау арқылы оның брендінің тұрақтылығын дәлелдеді. Қазіргі инфлюенсерлер үшін де басты мақсат – уақытша танымалдылық емес, ұзақ мерзімді репутация қалыптастыру. Сенім капиталы дәл осы тұрақтылық арқылы жиналады.

Абай поэзиясындағы халықпен коммуникация біржақты ақпарат тарату емес, қоғамдық пікір қалыптастыруға бағытталған күрделі дискурс болды. Ол халықтың мінез-құлқын, ойлау жүйесін талдап, себеп-салдарлық байланыстарды ашады. Бұл қазіргі PR-де қолданылатын issue-based communication және thought leadership модельдеріне сәйкес келеді [5]. Абайдың сөзі өз дәуірінде қоғамдық пікір тудырды, қарсылық та, қолдау да тапты. Бірақ дәл осы пікірталас сенім капиталының өсуіне әсер етті. Қазіргі инфлюенсерлік коммуникацияда да аудиториямен пікірталасқа түсу, күрделі мәселелерді көтеру сенімді арттырады. Абайдың «Біріңді қазақ бірің дос» деген үндеуі – қауымдастық құруға бағытталған коммуникация. Қазіргі инфлюенсерлер де өз аудиториясын тек жазылушылар жиынтығы емес, ортақ құндылыққа негізделген community ретінде қалыптастырғанда ғана ұзақ мерзімді байланыс орната алады. Ұлттық брендтің инфлюенсерлік коммуникация арқылы қалыптасуы бүгінгі Қазақстан үшін стратегиялық маңызға ие. Абай поэзиясы бұл үдерістің мәдени-идеялық негізін көрсетеді. Оның өлеңдеріндегі білімге, еңбекке, әділетке, адамгершілікке үндеу – ұлттық брендтің мазмұндық өзегі. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңіндегі талаптар қазіргі ұлттық коммуникациялық стратегияда да өзектілігін сақтап отыр. Егер қазіргі инфлюенсерлер осы құндылықтарды заманауи форматта жеткізе алса, олар жеке бренд шеңберінен шығып, ұлттық брендтің амбассадорына айналады. Абай өз дәуірінде дәл осы рөлді атқарды: ол халықтың ішкі кемшілігін ашып көрсету арқылы ұлттық брендтің болашақтағы сенімді моделін ұсынды. Бұл модельдің негізінде шынайылық, жауапкершілік және рухани тереңдік жатыр.

Қазіргі цифрлық коммуникация кеңістігінде бренд пен аудитория арасындағы өзара байланыс функционалды сипаттан эмоциялық деңгейге

ауысып, ақпараттық әсерден гөрі сезімдік қабылдау шешуші факторға айналып отыр, осы тұрғыдан алғанда digital storytelling мен анимация брендтің мағынасын ғана емес, оның құндылықтық және психологиялық бейнесін қалыптастыратын стратегиялық құрал ретінде қарастырылады, өйткені визуалды нарратив пен эмоцияға құрылған оқиға тұтынушы санасында брендті дерексіз объект емес, ішкі тәжірибемен, жеке сезіммен байналысқан тірі образға айналдырады, ал бұл үрдіс қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы сөздің адам жанына әсер ету философиясымен терең мағыналық үндестікке ие. Абай үшін сөз – тек хабар жеткізуші емес, адам санасын оятатын, жүрекке әсер ететін рухани күш, осы идеяны оның «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деген тұжырымынан анық байқауға болады, бұл қағида қазіргі digital storytelling концепциясындағы негізгі талаппен – аудиториямен эмоциялық және құндылықтық резонанс орнату қажеттілігімен толық сәйкес келеді, себебі заманауи бренд коммуникациясында контенттің әсері тек эстетикалық сапамен емес, оның қабылдаушының ішкі дүниесіне тигізетін ықпалымен өлшенеді.

Digital storytelling мен анимацияның брендтің эмоционалды қабылдануына әсерін талдауда нарратив құрылымының маңызы ерекше, себебі кез келген тиімді цифрлық контенттің негізінде конфликт, кейіпкер, ішкі трансформация және мағыналық шешім секілді классикалық storytelling элементтері жатыр, ал бұл құрылым Абай поэзиясында да айқын көрініс табады, мысалы, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңінде ақын жеке лирикалық толғаныс арқылы ұлттың рухани дағдарысын, адам мен қоғам арасындағы ішкі қайшылықты көрсетіп, оқырманды тек бақылаушы емес, ойланушы, өзін-өзі танушы субъект деңгейіне көтереді, дәл осы тәсіл қазіргі брендтік storytelling-де қолданылады, яғни бренд өзінің жетістігін немесе өнімін тікелей жарнамаламай, аудиторияны ортақ мәселе мен эмоциялық тәжірибеге тарту арқылы сенім мен жақындық қалыптастырады, бұл жерде анимация визуалды метафоралар арқылы эмоциялық әсерді күшейтіп, нарративті бейсаналық деңгейде қабылдатудың тиімді құралына айналады [6]. Брендтің эмоционалды қабылдануында шынайылық пен сенім категориялары шешуші рөл атқарады, себебі жалған эмоция мен жасанды образдарға негізделген жарнамалық дискурс қысқа мерзімді әсер бергенімен, ұзақ мерзімді бренд капиталын қалыптастыра алмайды, осы тұрғыда Абай поэзиясындағы ар-ождан, жауапкершілік және адамгершілік ұғымдары бренд коммуникациясындағы сенім капиталын қалыптастырудың философиялық негізі ретінде қарастырылуы мүмкін. Абай «Ар ұялар іс қылмас ақыл зерек» деп, адам әрекетінің шынайы құндылықтарға негізделуі қажеттігін айтады, бұл ойды digital storytelling контекстінде брендтің өзін-өзі позициялау стратегиясымен байланыстыруға болады, өйткені қазіргі аудитория брендтің уәдесінен гөрі оның іс-әрекетіне, әлеуметтік жауапкершілігіне және мәдени адалдығына көбірек мән береді, ал анимация мен визуалды storytelling бұл құндылықтарды декларативті емес, бейнелік және эмоциялық формада жеткізуге мүмкіндік береді. Digital storytelling-дің тағы бір маңызды қыры — көрерменнің ішкі тәжірибесін қозғау арқылы мінез-құлық пен көзқарасқа әсер

ету, бұл тәсіл Абай поэзиясында ерекше байқалады, мысалы, «Өзіңе сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген жолдарда ақын тікелей үгіт айтпай, адам санасында жауапкершілік пен өзіндік рефлексия тудырады, дәл осындай әсер қазіргі брендтік нарративтерде де басты мақсатқа айналып отыр, яғни бренд аудиторияға не істеу керегін айтпайды, керісінше оған өзін тануға, таңдау жасауға мүмкіндік беретін эмоциялық кеңістік ұсынады, ал анимация бұл процесті символдық образдар, динамикалық метафоралар және көркем визуалды тіл арқылы тереңдете түседі.

Ұлттық бренд қалыптастыру контексінде Абай тұлғасын қазақтың рухани бренді, мәдени код пен тарихи жадының тасымалдаушысы ретінде қарастыру digital storytelling мен анимацияның әлеуетін кеңейтеді, себебі Абай поэзиясы тек әдеби мұра емес, қазақ дүниетанымының, ойлау жүйесінің және эмоциялық құрылымының жинақталған формасы. Осы поэзиядағы табиғат, адам, қоғам және уақыт образдарын заманауи визуалды тілде қайта интерпретациялау арқылы бренд пен аудитория арасында мәдени және эмоциялық жақындық орнатуға болады, мысалы, Абайдың жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерін анимациялық storytelling формасында пайдалану экологиялық, әлеуметтік немесе білім беру бағытындағы ұлттық брендтер үшін эмоциялық тұрғыда әсерлі және мәдени тұрғыда легитимді контент жасауға мүмкіндік береді, бұл тәсіл брендтің жаһандық кеңістікте ұлттық болмысын жоғалтпай, әмбебап эмоциялық тіл арқылы сөйлей алуына жағдай жасайды. Абай поэзиясын классикалық storytelling үлгісі ретінде қарастыру оның адам тағдыры, мінез-құлық, қоғам мен ішкі қайшылықтарды суреттеу тәсілдерінің қазіргі цифрлық нарративтермен үйлесімділігін көрсетеді, себебі Абай әрдайым кейіпкердің ішкі әлемін, моральдық таңдауын және рухани эволюциясын алдыңғы қатарға қояды, ал бұл қазіргі брендтік storytelling-де «кейіпкер – аудитория» қағидасымен толық сәйкес келеді, яғни бренд өзін басты кейіпкер ретінде емес, аудиторияның ішкі жолын айқындайтын серіктес ретінде көрсетеді [7]. Мазмұн мен форма үйлесімі сақталған жағдайда ғана digital storytelling мен анимация тәрбиелік, ағартушылық және сенім қалыптастырушы әлеуетке ие болатынын Абайдың «Тыңдаушының көңілі жайланып, ойға түсер» деген идеясы арқылы ғылыми тұрғыда негіздеуге болады, себебі эмоция арқылы берілген мағына ғана ұзақ мерзімді есте сақталып, мінез-құлыққа әсер етеді.

Digital storytelling пен анимация брендтің эмоционалды қабылдануын қалыптастыруда тек технологиялық немесе визуалды құрал емес, терең философиялық және мәдени негізге сүйенген коммуникациялық стратегия екенін айтуға болады, ал Абай Құнанбайұлы поэзиясындағы сөз құдіреті, ой мен сезімге әсер ету тәсілдері, шынайылық пен жауапкершілікке негізделген дүниетаным бұл стратегияның теориялық және рухани іргетасын айқындайды, сондықтан заманауи цифрлық контенттің негізгі мақсаты ақпаратты жай жеткізу емес, аудиториямен эмоциялық және құндылықтық байланыс орнату екені Абай мұрасымен сабақтастырыла отырып дәлелденеді, бұл өз кезегінде бренд коммуникациясының ұзақ мерзімді тиімділігі мен сенім капиталын қалыптастырудың негізгі шарты ретінде қарастырылуы тиіс. Инфлюенсерлік

коммуникациядағы сенім капиталы — технологиялық емес, құндылықтық категория. Оның негізінде тұлғаның моральдық беделі, этикалық ұстанымы, аудиториямен орнатқан диалогы және контентінің мағыналық тереңдігі жатыр. Абай Құнанбайұлының поэзиясы — осы қағидалардың тарихи-мәдени дәлелі. Абайды тек әдеби мұра тұрғысынан емес, ұлттық коммуникациядағы сенім капиталын қалыптастырған ықпалды инфлюенсер ретінде қарастыру қазіргі PR ғылымы үшін маңызды әдіснамалық бағыт ашады. Осы тұрғыдан алғанда, Абай өлеңдері — бүгінгі инфлюенсерлік коммуникация, ұлттық бренд және ұзақ мерзімді аудиториямен байланыс құру мәселелерінің рухани әрі теориялық негізі ретінде қарастыруға болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Абай Құнанбайұлы. Шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 2005.
2. Keller, K. L. Strategic Brand Management. – Pearson Education, 2013.
3. Brown, D., Hayes, N. Influencer Marketing: Who Really Influences Your Customers? – Routledge, 2008.
4. Freberg, K. et al. “Who are the social media influencers? A study of public perceptions.” Public Relations Review, 2011.
5. Jenkins, H. Convergence Culture: Where Old and New Media Collide. – New York: NYU Press, 2006.
6. Fog, K., Budtz, C., Yakaboylu, B. Storytelling: Branding in Practice. – Springer, 2010.
7. Salmon, C. Storytelling: Bewitching the Modern Mind. – Verso, 2017.

ӘОЖ 82'1

## **АБАЙДЫ ТАНЫТҚАН АХМЕТ: «ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ**

**Жазықбек Нуриман Жеңісқызы,**  
«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ-ның 4-курс студенті  
**Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы,**  
филол.ғ.к., профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада қазақ әдебиеттану ғылымының негізін қалаушылардың бірі Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы талданып, оның Абай тұлғасын танудағы және танытудағы тарихи маңызы айқындалады. Зерттеудің өзектілігі – Абай мұрасының ұлттық ой-сана мен көркемдік дүниетанымның қалыптасуындағы рөлін алғаш ғылыми тұрғыдан бағалаған Ахмет еңбегінің танымдық, тағылымдық мәнін бүгінгі күн тұрғысынан қайта пайымдауда. Мақсаты – Ахметтің «Қазақтың бас ақыны» мақаласы арқылы Абай шығармашылығына берген әділ бағасын, эстетикалық өлшемін және қазақ әдеби сынының

*бастауындағы орнын ашу. Зерттеу нысаны – аталған мақала, пәні – ондағы Абай бейнесін ашуда қолданылған талдау мен бағалау тәсілдері. Зерттеу әдістері ретінде салыстырмалы, тарихи-әдеби және мәтіндік талдау әдістері қолданылды. Мақалада Ахметтің Абайды тек ұлы ақын ретінде емес, ұлт руханиятының жетекшісі, ойшыл ұстазы ретінде танытқаны дәлелденеді. Зерттеу нәтижесінде «Қазақтың бас ақыны» мақаласының қазақ әдеби сыны мен әдебиеттану ғылымының дамуындағы іргелі туынды екендігі айқындалды. Бұл тұжырым қазіргі әдеби білім мен ұлттық құндылықтарды оқыту үдерісінде зор тәрбиелік маңызға ие.*

**Кілт сөздер:** *Ахмет Байтұрсынұлы, Абай, «Қазақтың бас ақыны», әдеби сын, әдебиеттану, танымдық мән, тағылымдық маңыз, тарихи-әдеби талдау, ұлттық руханият.*

2025 жылы қазақ халқының ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы — Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толып отыр. Бұл атаулы дата — тек бір тұлғаның өмір белесі ғана емес, қазақ руханиятының, әдебиеті мен ғылымының даму тарихындағы ерекше кезең болып табылады. Абай мерейтойы еліміздің барлық өңірінде республикалық және халықаралық деңгейде ғылыми конференциялармен, мәдени-танымдық іс-шаралармен, оқу-тәрбие бағдарламаларымен кең көлемде аталып өтуде. Мұның барлығы Абай шығармашылығының уақыт өткен сайын жаңаша қырынан танылып, қазіргі замандағы рухани құндылықтармен өзара сабақтасып отырғанын дәлелдейді.

Салыстырмалы тұрғыдан алғанда, Абайдың 175 жылдық мерейтойы (2020 ж.) пандемия жағдайында өтсе де, ұлттық деңгейде рухани серпіліс әкелген ірі мәдени құбылыс болды. Ал 180 жылдық мерейтой — Абай мұрасына жаңаша көзқарас қалыптастыру, оны ұлттық болмыстың өзегіне айналдыру кезеңі ретінде бағаланады. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі ғылыми қауым мен жас зерттеушілер үшін Абай тұлғасын қайта зерделеу, оның идеялық және адамгершілік мұрасын жаңа қырынан пайымдау аса өзекті.

Абайды халқына танытқан, оның ақындық болмысын алғаш ғылыми тұрғыда талдаған тұлға — Ахмет Байтұрсынұлы. Оның 1913 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Қазақтың бас ақыны – Абай» атты мақаласы қазақ әдебиеттануы мен сыншылдығының іргетасын қалаған алғашқы ғылыми еңбектердің бірі саналады. Бұл мақалада Ахмет Абай шығармашылығын жүйелі түрде саралап, оның ұлттық мәдениет пен қоғамдық ойдағы орнын айқындады.

Ахмет Байтұрсынұлы ХХ ғасырдың басындағы ұлт зиялыларының алдыңғы қатарында тұрып, қазақ халқының мәдени және рухани оянуына жол ашқан тұлға болды. Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы сынды серіктестерімен бірге ол ұлттың азаттығы мен өркендеуіне қызмет етті. Алайда Ахметтің өзгешелігі — ол бұл мақсатқа әдебиет пен сөз өнері арқылы жетуді көздеді. «Қазақтың бас ақыны» мақаласында Ахмет Абайды ұлт рухының айнасы, ой мен сөздің ұстазы ретінде танытты.

Бүгінгі таңда бұл мақаланың ғылыми, танымдық және тәрбиелік маңызы кеміген жоқ, керісінше, жаңаша мазмұнмен толықты. Себебі Ахметтің еңбегі

арқылы біз тек Абайдың шығармашылық болмысын емес, қазақ халқының рухани кодын, ұлттық ойлау мәдениетін танимыз. Сондықтан осы еңбекті қайта қарастыру — қазіргі ұрпақ үшін де маңызды рухани сабақ.

Осыған орай, бұл зерттеу «Абайды танытқан Ахмет: “Қазақтың бас ақыны” мақаласының тағылымы» атты тақырыпқа арналып, үш бағыттағы өзектілікті қамтиды:

1. Мерейтойлық мәні – Абайдың 180 жылдығы қарсаңында оның мұрасына жаңаша көзқарас қалыптастыру;
2. Тарихи-ғылыми маңызы – Ахмет мақаласын Абайтанудың бастауы ретінде талдау;
3. Рухани-тәрбиелік сипаты – ұлттық құндылық пен ой мәдениетінің сабақтастығын көрсету.

Зерттеу нысаны – Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласы.

Зерттеу пәні – мақаладағы Абай тұлғасын танытудағы идеялық, танымдық және рухани-эстетикалық қырлар.

Мақсаты – Ахмет Байтұрсынұлының аталмыш мақаласының идеялық, эстетикалық және рухани мазмұнын талдап, оның қазіргі ұрпаққа берер тағылымдық мәнін айқындау.

Міндеттері:

1. Мақаланың жазылу тарихы мен әлеуметтік контекстін ашу;
2. Ахметтің Абай бейнесін талдау әдістерін анықтау;
3. Еңбектің әдебиеттанудағы және мәдениеттегі рөлін бағалау;
4. Ахмет мақаласының қазіргі кезеңмен байланысын көрсету.

Зерттеу әдістері – салыстырмалы, мәтіндік, тарихи-әдеби талдау, жүйелеу және тұжырымдау әдістері.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – Ахметтің Абайды танытудағы көзқарасы қазіргі әдебиеттану тұрғысынан қайта пайымдалып, оның еңбегінің қазақ әдеби сыны мен рухани ойлау жүйесінің қалыптасуындағы рөлі жаңаша негізде дәлелденеді. Теориялық және практикалық маңызы – зерттеу нәтижелері қазақ әдебиетінің тарихын, Абайтану мен Ахметтану бағыттарын оқытуда, сондай-ақ ұлттық руханият пен ой мәдениетін тәрбиелеуде құнды дереккөз бола алады.

Зерттеу әдістері. Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны» мақаласына ғылыми тұрғыда алғаш тоқталғандардың бірі – академик М. Әуезов. Ол өзінің «Абай Құнанбаев» (1933) атты еңбегінде Ахмет мақаласын қазақ әдебиеттану ғылымының бастауындағы іргелі зерттеу ретінде атап өтеді. Әуезов Ахметті «Абайды ғылыми тұрғыдан танытқан тұңғыш зерттеуші, қазақ сынының негізін қалаған тұлға» деп бағалаған.

Ғалым Р. Сыздықова «Сөз құдіреті» (2004) атты еңбегінде Ахметтің тілдік талдау тәсіліне ерекше назар аударады. Ол Ахметтің сөз саптауындағы дәлдік пен стильдік бірізділікті атап өтіп, «Байтұрсынұлының әрбір ойы тіл мәдениетінің биік үлгісі, ал сөйлем құрылымдары қазақ синтаксисінің шебер өрнегі» деп пікір білдіреді.

Зерттеу барысында Ахмет көзқарасын кейінгі ғалымдар еңбектерімен сабақта қарастыру маңызды болды. М. Мырзахметұлы «Абайтану тарихы» (1994) атты еңбегінде Ахмет мақаласын Абайтанудың алғашқы теориялық моделі ретінде сипаттап, «Ахметтің талдауында көркем ой мен ғылыми пайым ұштасып, Абай тұлғасы ұлттық рухани биіктік тұрғысынан танылған» деп тұжырымдайды.

Рухани-этикалық тәрбие: Жүрек тәрбиесі

Абайдың рухани ілімі — қазақ философиясының алтын қазығы.

Жүрек, ақыл, қайрат үйлесімі

Он жетінші қара сөзіндегі:

*“Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста”*

деген ой айтылады. Мұнда адам тұлғасының тұтастығы, жан мен рухтың үйлесімі көрсетілген. Бұл тұжырымды көптеген қазақ философтары, әсіресе Ғарифолла Есім мен Мұхтар Мағауин өз еңбектерінде жан-жақты зерттеді.

Абайдың жүрек тәрбиесі туралы ойлары — қазіргі психология мен этика үшін де құнды.

Махаббат философиясы. “*Махаббатсыз дүние бос*” деген өлең жолдары көптеген жазушылардың пікірінше, адамзаттық гуманизмнің шыңы. Ол мейірімсіз, сүйіспеншіліксіз адамның толық адам бола алмайтынын айтады. Бұл тақырыпты Сәбит Мұқанов пен Зейнолла Қабдолов әдеби талдауларында ерекше атап өткен.

Абайдың махаббат, адамгершілік, ішкі сезім тақырыптарын жырлаған өлеңдерінің бірі — «Көзімнің қарасы». Бұл өлеңде ақынның жүрек түкпіріндегі шынайы сезім, адал махаббат, адам жанын тәрбиелейтін нәзік лирика көрініс табады. Өлең жолдары арқылы Абай адам жанының тазалығын, сүйіспеншіліктің тереңдігін көрсетіп, оқырманды ойға, сезімге, тәрбиеге жетелейді:

Көзімнің қарасы,

Көңлімнің санасы.

Бітпейді ішімде

Ғашықтық жарасы...

Бұл өлең арқылы ақын адамзаттың ішкі жан дүниесін түсінуге, жүрекпен сезінуге үндейді. Өлең тек махаббат жыры ғана емес, адамның рухани кемелденуіне ықпал ететін тәрбиелік маңызы бар шығарма ретінде де бағаланады.

Зерттеу нәтижелері: Абай Құнанбайұлының шығармаларында тәрбиелік мазмұн ерекше орын алатыны анықталды;

– Ақын поэзиясы жас ұрпаққа рухани тәрбие берудің маңызды құралы бола алатыны дәлелденді;

– Абайдың «толық адам» ілімі – қазіргі заман тәрбиесіне сай келетін тұжырым екені нақтыланды;

– Оқушылар Абай өлеңдері мен қара сөздерінен өмірлік бағыт-бағдар алатыны байқалды;

– Абай шығармаларын оқу арқылы жастардың адамгершілік, ізгілік, еңбекке көзқарасы арта түсетіні анықталды. Абайды зерттеген қазақ ғалымдары мен олардың еңбектері. Абай мұрасын жүйелі зерттеу — қазақ ғылымында «Абайтану» атты дербес бағыттың қалыптасуына алып келді. Бұл еңбектердің барлығы Абайдың поэзиясындағы тәрбиелік құндылықтарды терең ашып көрсетеді.

Қорытынды: Абай мұрасын зерттеген ғалымдардың еңбектері оның шығармаларының адамгершілік, білім, еңбек, рухани тәрбие тұрғысынан өлшеусіз құнды екенін дәлелдейді. Сондықтан Абай поэзиясы — ұлттық тәрбиенің таусылмас қайнары әрі болашақ ұрпақтың адамдық қалыптасуына бағыт беретін мәңгілік бағдар.

Абайдың поэзиясы – халқымыздың рухани әлемін байытқан, тәрбие мен өнегенің сарқылмас көзі. Ақын шығармаларында адамгершілік, еңбек, білім, әділдік, ұлттық сана сияқты құндылықтар терең жырланған. Оның әрбір өлеңі мен қара сөзі – жас ұрпақты тәрбиелеудің, адамды рухани кемелдендірудің құралы. Сондықтан Абай мұрасы – мәңгілік тәрбие мектебі, ол бүгінгі күнде

де өзекті, болашақта да бағасын жоғалтпайтын рухани байлық. Зерттеу нәтижелері Абай поэзиясының тәрбиелік мәнінің жоғарылығын көрсетті және оның шығармалары қазіргі білім беру жүйесінде маңызды орын алуы тиіс екенін дәлелдеді. Осы арқылы жастардың рухани дамуы, саналы өмір сүруі және қоғамға пайдалы азамат болуға ұмтылуы қамтамасыз етіледі. Сондықтан Абайдың поэзиясын оқыту мен насихаттау – ұлттық тәрбие мәселесіндегі негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Құнанбаев, А. (2005). Қара сөздер мен өлеңдер. Алматы: Жазушы.
2. Әуезов, М. (1997). Абай жолы (2 томдық). Алматы: Ғылым.
3. Ысқақов, Б. (2012). Абай шығармаларының тәрбиелік мәні. – Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, №4, 15–19 бет.
4. Оразбаева, Ф. (2014). Тілдік тұлға және ұлттық тәрбие. – Алматы: Арыс.
5. Сыздық, Р. (2000). Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ана тілі. 2. Абай Құнанбаев. Өлеңдер жинағы <https://www.zharar.com/kz/olen/5684-zhukteu.html>
6. Абай. Қара сөздер. – Алматы: «Арда», 2007. – 168 б.

ӘОЖ.818.992

### АБАЙ ІЛІМІ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ

**Полатбекова Самал Акылбековна,**  
Қожа Ахмет Ясауи атындағы  
Халықаралық қазақ-түрік университеті,  
Түркістан қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақала қазақтың ұлы ойшылы Абай Құнанбайұлының қара сөздері мен өлеңдеріндегі тәрбиелік қағидалар бүгінгі жас ұрпақтың тұлғалық қалыптасуына негіз бола алатын құндылықтар жүйесі ретінде қарастырылады. Абай Құнанбайұлының адам тәрбиесіне қатысты көзқарастары мен оның «толық адам» ілімінің қазіргі жастар тәрбиесіндегі маңызы талданады. Абай ілімі – еңбекқорлыққа, білімге, толық адам болуға, адамгершілік пен ұлтжандылыққа үндейтін терең философиялық мұра. Зерттеу барысында ақынның «Толық адам» тұжырымы, «Ынталы жүрек, шын көңіл, қайратты ақыл» секілді рухани-этикалық ұстанымдары жастар тәрбиесіндегі маңызды бағыттар ретінде талданады. Жұмыс Абайдың тәрбиеге қатысты идеяларының қазіргі қоғамдағы маңызын айқындап, оларды білім беру мен тәрбие процесінде қолданудың тиімді жолдарын ұсынады.*

***Кілт сөздер:** Абай ілімі, толық адам, жастар тәрбиесі, адамгершілік құндылықтар, бес асыл іс, бес дұшпан, білім мен ғылым, еңбек тәрбиесі, рухани-имани тәрбие, ұлтжандылық, азаматтық сана, мінез тәрбиесі,*

*моральдық құндылықтар, өзін-өзі дамыту, мәдени мұра, жүрек, ақыл, қайрат үйлесімі, рухани кемелдену, қоғамдық жауапкершілік.*

### Кіріспе

Қазақ халқының рухани әлемінде Абай Құнанбайұлының орны айрықша. Ол ұлттық ой-сананың қалыптасуына, моральдық құндылықтардың дамуына, адам тәрбиесі мен қоғам мәдениетінің өсуіне өлшеусіз үлес қосты. Абай шығармашылығы – ұлттық болмыстың, адамгершіліктің, білім мен еңбекті қадірлеудің, адамды кемелдікке жетелейтін ізгіліктің тұнған мәйегі. Бүгінгі таңда әлемдік өзгерістер, ақпарат тасқыны, рухани дағдарыстар жастар тәрбиесіне жаңа талап қойып отырған кезде Абай ілімі бұрынғыдан да өзекті бола түсуде.

Абайдың «Толық адам» ілімі, адамдық қасиеттерді дамытуға бағытталған өсиеттері, білім мен ғылымға шақырған идеясы – қазіргі заманда да жастардың жан-жақты дамуына, рухани кемелденуіне жол көрсететін мәңгілік бағдар. Бұл мақалада Абай ілімінің негізгі қағидалары мен оның жастар тәрбиесіндегі орны жан-жақты қарастырылады.

Абай ілімінің мәні және тәрбиелік қағидалары

Абайдың бүкіл шығармаларының өзегінде – адамды түзету, қоғамды жетілдіру идеясы жатыр. Ол адам мінезін қалыптастырудың, жақсы қасиеттерге баулудың жолдарын көрсеткен. Абай ілімі жүйелі түрде қарастырылғанда, оның жастар тәрбиесінде маңызды бес бағытқа ерекше мән бергенін байқауға болады: адамгершілік-имандылық тәрбиесі, білім мен ғылымға ұмтылу, еңбек пен талапқа баулу, рухани-мәдени даму, ұлтжандылық пен азаматтық сана қалыптастыру. Әрқайсысы жеке-жеке қарастырылғанда да, барлығы бірігіп нағыз «Толық адамды» тәрбиелеуге бағытталған кешенді жүйе құрайды.

Адамгершілік тәрбиесі – Абай мұрасының өзегі

Абай адам тәрбиесін ең алдымен мінез-құлықтан, адамдық қасиеттерді дамытуға ұмтылудан бастайды. Оның әйгілі «Бес асыл іс», «Бес дұшпан» тұжырымы – жастарды дұрыс жолға бағыттайтын моральдық бағдар.

Бес дұшпан: өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ. Бұл – қоғамдағы рухани дағдарыстардың негізгі себептері. Абай жастардың осы жаман әдеттерден аулақ болуын талап етеді.

Бес асыл іс: талап, еңбек, терең ой, қанағат, рахым. Осы қасиеттерді бойына жинақтаған адам ғана қоғамға пайда келтіріп, өмір жолында адаспай, өз орнын таба алады. Абайдың бұл моральдық қағидалары қазіргі тәрбиелік жұмыстарда, отбасылық және мектеп тәрбиесінде аса маңызды. Жастар арасындағы жауапсыздық, жеңіл өмірге ұмтылу, әлеуметтік желідегі даңғаза мәдениетке еліктеу жағдайында Абайдың адамгершілік ілімі – рухани иммунитет ролін атқарады.

Білімге, ғылымға құштарлық – кемелдіктің бастауы

Абай білімді адамды адамзаттың ең қасиетті тұлғасы деп санады. Ол: «Ғылым таппай мақтанба» деп жастарды бос мақтаннан арылып, пайдалы білім алуға шақырды. Ақынның білімге қатысты ұстанымдары: ғылымды

игеру – адамның өзін-өзі кемелдендіруінің жолы; білім – ұлттың өркендеуінің негізгі күші; оқу мен ізденіс үздіксіз болуы керек; ақыл-ой еңбегі еңбек мәдениетінің жоғарғы түрі. Бүгінгі ғылым мен технология қарқынды дамыған заманда Абайдың бұл идеялары бұрынғыдан да маңызды. Жастардың функционалдық сауаттылығын арттыру, ақпаратты дұрыс талдау, өздігінен білім алу дағдыларын қалыптастыру – Абай өсиетінің заманауи көрінісі.

**Еңбек тәрбиесі – табыстың шарты**

Абай еңбекті адам өмірінің мәні деп білді. «Еңбек қылмай ер оңбас» немесе «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» деген сөздері жастардың санасына еңбекқорлықты сіңіруге арналған.

Оның пікірінше, еңбек: адамды тәртіпке үйретеді; еріншектік пен жалқаулықтан сақтайды; рухани және материалдық тұрғыдан жетілдіреді; қоғамға пайда әкеледі. Қазіргі жастардың жұмысқа бейімделуі, мамандық таңдау мәдениеті, кәсіпкерлікке икемделуі – Абайдың еңбек тәрбиесімен тікелей байланысты. Оның практикалық ақыл-кеңестері нарық заманындағы бәсекеге қабілетті тұлға болудың негізін қалайды.

**Рухани-имани тәрбие және «Толық адам» тұжырымы**

Абай ілімінің шыңы – «Толық адам» философиясы. «Толық адам» – жүрек, ақыл, қайрат үшеуін тең ұстаған, рухани кемелдікке жеткен тұлға. Абайдың түсіндіруінше: ақыл – білім мен танымның, жүрек – мейірім мен адамгершіліктің, қайрат – әрекет пен табандылықтың символы. Осы үш қасиет үйлесім тапқанда ғана адам шынайы кемелдікке жетеді. Иmandылық Абай үшін дінге соқыр сену емес, адамды мейірімді, әділ, кісілікті болуға тәрбиелейтін рухани құндылық. Ол «адамның адамшылығы – жақсы мінез бен ақылға» байланысты екенін айтады. Қазіргі ақпараттық қоғамда рухани дағдарыстар күшейген кезде, Абайдың «Толық адам» ілімі жастарды ішкі құндылықтарды бағалауға, рухани тепе-теңдік сақтауға үйрететін маңызды бағыт.

**Ұлтжандылық және азаматтық сана қалыптастыру**

Абай халқын сүйген, оның болашағына жауапты қараған ойшыл. Ол жастардың елге қызмет етуін ең үлкен парыз деп санаған. Абайдың ұлтқа қатысты идеялары: елдің дамуы білімді, еңбекқор жастарға байланысты; тіл мен мәдениетті сақтау – әр азаматтың міндеті; рушылдық, жалқаулық, ел ішіндегі алауыздық – қоғамды артқа сүйрейтін кеселдер; ұлттың болашағы – бірлік, ынтымақ, парасаттылықта. Бүгінгі жаһандану заманында ұлттық болмысты сақтау, мәдени мұраны құрметтеу, мемлекетшіл ойлауды қалыптастыру – Абай ілімінің баға жетпес тәлімдік қырлары.

**Қорытынды**

Абай ілімі – жастар тәрбиесіне арналған аса құнды рухани мұра. Оның адамгершілікке, еңбекке, білімге, рухани кемелділікке шақырған қағидалары бүгінгі күннің талабына сай келеді және жас ұрпақтың тұлғалық дамуына үлкен әсер етеді. Абайдың тұжырымдары: адам мінезін қалыптастырады; білімге деген ынтаны арттырады; еңбектің қадірін түсіндіреді; рухани байлыққа баулиды; ұлттық сананы нығайтады. Сондықтан Абай ілімін білім беру жүйесіне, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы тәрбие

бағдарламаларына, отбасы тәрбиесіне кеңінен енгізу – ұлт болашағы үшін аса маңызды міндет. Абай айтқандай, «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұстаныммен тәрбиеленген ұрпақ қана рухани биікке көтеріледі, ел дамуына үлес қосады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абай Құнанбайұлы. Қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 2005. – 176 б.  
7-қара сөз – адам тәрбиесі туралы ойлар (б. 12–14).  
19-қара сөз – адамның мінез-құлқы, жалқаулық, мақтаншақтық (б. 41–43).  
32-қара сөз – ғылым, білім және еңбек туралы (б. 68–70).  
38-қара сөз – толық адамға тән қасиеттер (б. 83–85).  
45-қара сөз – адамгершілік, жүрек, қайрат, ақыл үйлесімі (б. 98–101).
2. Абай Құнанбайұлы. Өлеңдер мен поэмалар. – Алматы: Жазушы, 2002. – 280 б.  
«Ғылым таппай мақтанба» өлеңі – жастарды білімге шақыру (б. 54–55).  
«Интернатта оқып жүр» – оқу мен мінез тәрбиесі жайлы (б. 60–61).  
«Әсемпаз болма әрнеге» – адамдық қасиет пен кемелдік туралы (б. 72–73).
3. Әуезов, М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1997. – 425 б.  
Абайдың өмір жолы және педагогикалық көзқарастары (б. 210–230).  
Абайдың жастар туралы ойлары (б. 315–328).
4. Нұрғалиев, Р. Абайдың әлемі. – Алматы: Ана тілі, 1994. – 320 б.  
Абайдың философиялық ой-тұжырымдары (б. 112–128).  
Толық адам» концепциясының мәні (б. 207–220).
5. Ергөбек, Қ. Абай және рухани тәрбие. – Алматы: Білім, 2010. – 240 б.  
Жастар тәрбиесіндегі Абай мұрасының рөлі (б. 45–68).  
Абайдың адамгершілік-құндылықтық қағидалары (б. 120–138).
6. Қоңыратбаев, Т. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 2004. – 372 б.  
Абай шығармашылығы және тәрбиелік мәні (б. 255–267).
7. Затаевич, А. Қазақтың 1000 әні. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005.  
Абайдың әндері арқылы берілетін рухани тәрбиелік идеялар (б. 145–152).

ӘОЖ 82.09 (574)

### АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫНДАР

**Бекібай Назира Қыдырбайқызы,**

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: филол.ғ.к., профессор Ж.Т.Қобланов  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа:* Абайдың рухани болмысын терең танып білу үшін, ақын сілтеп отырған «екі жаққа» яғни Батыс пен Шығыстың рухани ой қазыналарына барынша терең бойламайынша, оларды екшеп сусындаған

ақын ойының соқпақтарымен жүре отырып зерттемейінше, көздеген нысанаға дәл жету қиын.

Мақалада Абайдың шығармашылығындағы шығыстық сарындар мәселесі талданып, ғылыми тұрғыдан баға беріледі.

**Кілт сөздер:** поэзия, шығыс әдебиеті, өлең, дәстүр, жаңашылдық.

Шығыс мәдениетінің алтын дәуірінде туған өшпес жұлдыздар: Әбілхасым Фирдоуси, Низами Ганжауи, Хожа Хафиз, Омар Хайям, Әлишер Науайылар өз заманының рухани абызы, батагөйі, ақындық қайнар бұлағы болды. Шығыс әдебиетіне еліктеп бір кезде батыс классиктері де талай-талай одалар, эпиграммалар, шығармалар жазған: Шекспирдің, Гетенің, Байронның, Монтескьенің Шиллердің, Пушкиннің, Лермонтовтың күншығыс мәдениетіне, әдебиетіне арнап жазған өлең мен шығармалары аз емес.

Уильям Шекспирдің «Отеллосы», Джон Гордон Байронның «Абидостың қалыңдығы», Александр Пушкиннің «Бақша сарайындағы фонтаны», Шарль Монтескьенің философиялық романымен жазылған «Персиялық хаттар» - француз өмірімен Персия өмірін жарыстыра отырып, романның бас кейіпкері хаттары арқылы Батыстың буржуазиялық салт-санасын, деспотизмін сынауы, Марль Франсуа Вольтердің күншығыс тақырыбына жазылған трагедиялық драмалары «Зайра», «Мұхамед», Михаил Лермонтовтың грузин халқының өмірінен алып жазған поэмасы: «Демон» немесе Низами Ганжауидің «Жеті ару» дастаны, Фридрих Шиллердің назарын аударған Карло Гоццидің «Турандот ханшайымының» сюжетіне кірген сияқты мысалдар келтіруге болады. Ертеде дүниежүзіне тараған Низами мен Науайының бес дастаны «Хамсасын» яғни «Ләйлі Мәжнүн», «Хұсроу мен Шырын», «Фархад-Шырын», «Ескендір-Наме», «Сырлы қазынасын», Әбдірахман Джамидің «Ескендір намесі», «Жүсіп-Злихасы», «Ләйлі-Мәжнүн», «Алтын таспиығын», «Жеті тағын», Фирдоусидің «Шах-намесін», арабтың «Мың бір түнін» білмейтін қазірде Азия мен Еуропада халық жоқ деуге болады[1,87].

Бір ғана «Ләйлі-Мәжнүн» адам сүйіспеншілігінің ұлы дастаны, ұлы романтикасы. Дүниежүзінің әдебиет қазынасы болған Шекспирдің «Ромео мен Джульетасынан», «Ләйлі-Мәжнүн» кем бе, дәлелірек айтсақ «Ромео-Джульетаның» алдында тұрған түпсіз махабаттың хикаясы туралы тамаша дастан осы ғана. Арабтың Арон Рашидтің Халифа заманында, Индияның ұлы моғолдары, Персияның Сасаниттер сельджуктер тұсында музыка, сәулет, философия дамуы өз заманының шыңына жетті, сонымен бірге үш континеттің түйісі болған Орта Азия теңізі арқылы бүкіл Еуропаның дамуына да, Шығыс әдебиеті әсер етті.

Түн дүниесіндегі тынысы ауыр медреседе болашақ ақын Абайдың оқу-тәрбиесі басталды. Айналасы - басына сәлде, үстіне ұзын шапан киіп, көзді сүрмелеп, мұртты таңқита қиып, бес уақыт намаз, ораза, тарауық иптар арасында таспиық-шаһилилмен өткен түндерін көріп, қайыр-ниязға күзғындай таласатын: кәрі қалпе, қараңғы шәкірт, соқыр хазірет болады.

Сол кезде бұл ортаға ой-сезім, қиялдарының ешқайсысы бойсына алмаған қыр баласы, жас талапкер дұғаны жаттаудың ара-арасында өз бетімен іздене

бастайды. Бала қиялын мыналар ортасынан, мыналар дүниесінен бөлегірек бір тұлғалар өзіне қарай бой ұрғызады. Жақсы жайлау, өзгеше бір қоныстың шеті тартады.

Фзули, Шамси, Сәйқали,  
Науаи, Сағди, Фирдауси,  
Хожа, Хафиз-бұ һәммаси,  
Мәдәт бер я шағири фарияд! [2,60] -

деп сыйынады. Өлеңіме медет бер, ұлы ақындар! Бұл жас ақынның тұңғыш тырнақ алдысы, поэзияның есігін енді ғана ашып, ақындық табалдырығынан алғаш аттауы. Ә дегенде аршылмаған жас ақындық қуаты буғанда пір тұтып, сыйынғаны шығыс классиктері болды. Бұл өлеңді Абай 14 жасында жазған.

Сол медреседегі жылдарда ол шығыс классиктеріне бой ұрып, солардың үлгісімен ғазалдар түрінде «Әліфби», «Йүзі Раушан» деген екі өлең жазады. Бұл өлеңдерге парсының аруз өлшемін қолданған. Сонымен бірге өлеңнің өлшемі де ұйқасымен ырғағы да шығыстық шағатай үлгісімен, шағатай мәдениетінің ақындарына ұқсас жазылады. Осыған айқын дәлел «Әліфби» өлеңін Абай:

А. Әліф дек ай йузіңе ғибрат еттім,  
Б. Би, Бәләй дертіңа Ниспат еттім.  
Т. Ти, тілімнән шығарып түрлі абият,  
С. Си, салай мәдхыңа хұрмат еттім.  
Ж. Жем жамалы қандай-ақ рузи маған,  
Х. Хи Қалайық таппадым жаным сәнән, -

деп араб әліппесіндегі жиырма тоғыз әріптің әрқайсысының атымен бастап лирикалы ғазал жазады да сөзін:

Я, - ярым қалай болар жауап сөзің!  
Мәт қасың тәштит-кірпік, сәкін көзің!

Абай белгісіз қызға арнаған осы өлеңінде араб әрпін түгел өңгеріп, леп белгілерін де қанжығасына байлап ап:

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Болуға асты-үстілі көнсең өзің! [2,60]-

деген әзілқой мысқылмен бітіреді. Бұл не? Оған жауап беру үшін өзбектің XV ғасырдағы ұлы ақыны Науайының:

Шахзадаға айтты ол ғылым сүй деп,  
Ғылымның негізі сол «Әліфби» деп,  
Әліп-алам өзінше ұқты Фархад,  
Би-бала тыңдау болмас содан артық.  
Қайғы оның тал бойын билеп сүйіп,  
Алмақ болды әліпті талша иіп [3,103].

Осы сияқты Науайы, басқа парсы, өзбек, шағатай ақындарын, тек жеке әріптерді өлең арасында әлде қалай пайдаланған болса, Абай бүкіл әріпті түгел алып тамаша шеберлікпен бір сәтте жазып шығады, сөз тіркестері, жүйелері қабысып, бірімен бірі жымдасып, бір ойға, бір мақсатқа қызмет етеді, бұл әрине, оның ақындық шабытының пәрменді қуатынан. Абайдың осы қуатын біз кейінірек «Оспанға» жазған жоқтау өлеңінде көреміз, бұл әрине, сыртқы

түрге бойсұну немесе жалаң әріпке күйіттеу емес, өйткені қанша сұлу жазылғанмен құр ғана әріпті айту да эстетикалық мәні шамалы, бұл керісінше ішкі рухтың жемісі, ой ағымның желімі, ақындықтың тамаша өрнегі төл үлгі, қолтума пішін, тың сарын, қазақ үлгісі. Дәлірек болу үшін өлеңді келтірейік:

Жайнаған туың жығылмай  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай  
Жаужүрек жомарт құбылмай.  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түңілмей,  
Жағалай жайлау дәулетің  
Жасыл шөбің қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің  
Жайдақ тартып су алмай,  
Жайдары жүзің жабылмай  
Жайдақтап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай –  
Жақсы өліпсің япырай!... [2,200].

«Ж» әріпімен басталып «ай» мен аяқталатын бұл жоқтау өлеңі, ақындық арынның еркіндігі, сөздің өзінен-өзі бұлақтап аққандай тігісін білдірмей жымпиып тұтасып кеткеніне дәлел. Жыр шапқан аттай жосылып жатыр. Осы сықылды Абайдың «Жалын мен оттан жаралып», «Самародный сары алтын» атты шеберліктің үлгісін көрсетерлік өлеңдері оқушыны тамсандырады. Дыбысқа күйттеп құрылған өлеңді «аллитерация» дейді. Осы үлгі Шығыс классиктерінен көбірек кездеседі. Батыс ақындарында да жоқ емес. Бірақ Абай «күйттеуі» сол 14-15 жасындағы «Әліфпи» мен барша әріпті бірақ тізіп өзгертіп әкетеді де тынады. Теріңірек қарағанда

Үтір мен асты-үстілі жазу да бар,  
Болуға асты-үстілі көнсең өзің!-

деген қазақы әзілмен айтып тұрса да, анығында еліктеу белгісі болып шығады. Сырты он бір буынды, қазақы төрт жолды асқақ ұйқас болғанмен де, бұл өлең де аруз өлеңмен жазылған.

Бұл сол кезде Абайдың шағатай поэзиясына таза еліктеу ретінде ілеспек болған талабын көрсетеді. Онда тақырып, тіл, ырғақ, кейде ұйқас және теңеу, салыстыру суреттерінің (көзі гауһар сияқты) бәрі де өз төркіні кім екенін танытып тұр. Ал «Оспанға», «Самародный сары алтын», «Жалын мен оттан жаралып» - бұл әріпті түгелдеуден көрі ақындықтан туған жеміс, «Әліфпи» сияқты жалаң еліктеу емес. Абай тәрізді «Әліфпиді» түгел өлең ету немесе әріппен бір ойды тұтас беру үлгісін біз кездестіре алмадық, сондықтан бұл Абайдың өзіне тән ерекшелігі.

«Әліфбиден» соң Абайдың сол жылдары Шығыс классиктеріне түрін, мазмұнын, ұйқасын ұйқастырып жазған өлеңі - «Йүзі раушан».

Йүзі раушан, көзі гауһар,

Лағыдек бет үші әхмәр,  
Тамағы қардан һәм биһтар,  
Қашың күдірет, қолы шегә...

Бұл да сол жас кезіндегі алғашқы көрген шығыс классигінің «аруз» үлгісі. Шығыс әдебиетіндегі ғасырлар бойы адам бейнесін, қуатын, сезімін, қымбатты асыл затқа, жиһазға теңеу дәстүр болды. Сол сарынмен Абай да сұлудың көзін гауһарға, бетін «лағылдек» асыл тасқа теңейді, тамағы қардан ақ, қолы шигә дейді. Бұл өлеңді айтып тұрған ақындықтың есігін енді ғана ашқан жас Абай. Ал ержеткен, ақылы толған, кемеліне келген Абай не дейді, енді осыған келейік.

Сөз айттым әзірет Әлі, айдахарсыз,  
Мұнда жоқ алтын иек сары ала қаз,  
Кәрілікті жамандап өлім тілеп,  
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз.  
«Әсіре қызыл емес»деп жиренбеңіз.  
Түбі терең сөз артық бір байқарсыз. [2,145].

Бұл 1889 жылы ақынның 44 жасында үш ақынды сынап – бірі Көкбай өзінің поэмасындағы қаһарманын ескі араб әдебиетінің қаһарманы Әзірет Әлімен теңесе, екінші ақын Әріп Тәңірбергенов өзінің «Зайда» атты поэмасындағы әйелдің көркін «алтын иек, сары ала қыз, гауһар жүзді»деп суреттейді, үшінші ақын кәрілікті жамандайды. Бұл арада Абай жалаң сөз, жылтыр теңеуді сынап, адам келбетін - затпен, табиғатпен салыстыру сияқты шығыстың ескі дәстүрінен көрі адам сұлулығын өзінен, кейіпкердің ішкі сезім дүниесінен іздегенін поэмада «әсіре қызыл» - арзан сөзден көрі, терең мағыналы сөздің ұтымды екенін айтады. Сөйтіп Абайдың реализмге мықтап ауысқанын көреміз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Әуезов М. Абайды білмек парыз ойлы жасқа. Алматы: Санат, 1997.- 416 б.
2. Абай. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. –Алматы, 2008. - 568 б.
3. Науаи Ә. Таңдамалы шығармалары. - Алматы. 1948 (1968).- 221 б.
4. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 1-том. Алматы: Ғылым. 1997. – 472 б.
5. Қирабаев С. Талантқа құрмет. Алматы: Жазушы. 1988. – 248 б.

## II СЕКЦИЯ. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР

ӘОЖ 82'1

### **АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХИ-ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ РУХАНИ-МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ**

**Салықова Айназ Сәкенқызы,**  
«7M01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Атырау қ., Қазақстан

**Қамарова Нағбду,**  
филол.ғ.к., профессор  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада Алтын Орда дәуіріндегі әдебиеттің тарихи-қоғамдық және рухани-мәдени маңыздылығы қарастырылады. Аталмыш кезеңнің әдеби мұрасы ортағасырлық қоғамдағы қоғамдық қатынастарды, билік жүйесін, моральдық нормаларды және дүниетанымдық ұстанымдарды бейнелеу ретінде талданады. Әдебиеттің әлеуметтік ой-пікірді, этикалық құндылықтарды және рухани тәрбиені қалыптастырудағы рөліне ерекше мән беріледі. Алтын Орда дәуірі шығармалары тек көркемдік қана емес, сонымен қатар тәрбиелік, дүниетанымдық функцияны атқарғаны, қоғамдық нормалар мен рухани бағдарларды бекітуге ықпал еткені көрсетіледі. Алтын Орда әдебиетінің түрік жазба дәстүрі мен рухани мәдениеттің дамуының маңызды кезеңі ретінде маңыздылығы жайлы қорытынды жасалады.*

***Кілт сөздер:** Алтын Орда, ортағасырлық әдебиет, тарихи-қоғамдық ой, рухани мәдениет, этикалық құндылықтар, дүниетаным.*

#### **Кіріспе**

Алтын Орда дәуірі түркі халықтарының тарихи дамуында ерекше орын алатын кезең болып саналады. Бұл уақыт аралығы саяси құрылымның нығаюымен, әлеуметтік қатынастардың күрделенуімен және рухани мәдениеттің жаңа деңгейге көтерілуімен сипатталады. Аталған үдерістер сол дәуірде қалыптасқан әдеби мұрадан айқын көрініс тапты. Сондықтан Алтын Орда дәуірі әдебиетін тарихи дерек көзі ғана емес, қоғамның әлеуметтік болмысы мен рухани дүниетанымын танытатын маңызды мәдени құбылыс ретінде қарастыру өзекті мәселе болып табылады.

Алтын Орда кезеңінде дүниеге келген әдеби шығармаларда қоғамдық тәртіп, билік жүйесі, адам мен қоғам арасындағы байланыс, әділет пен жауапкершілік мәселелері кеңінен қамтылды. Туындылар сол заманның әлеуметтік құрылымын, халықтың дүниетанымын және өмірлік

ұстанымдарын бейнелейтін мазмұнға ие. Әдеби мәтіндер арқылы дәуірдің тарихи ахуалын, әлеуметтік сана деңгейін және қоғамдық құндылықтарды тануға мүмкіндік туады. Алтын Орда әдебиеті қоғамның ішкі дамуын айқындайтын маңызды рухани дерек ретінде бағаланады.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің рухани мәдениетке қосқан үлесі де айрықша. Бұл кезеңдегі шығармаларда моральдық нормалар, этикалық ұстанымдар, діни таным және адамгершілік құндылықтар жүйелі түрде көрініс тапқан. Әдебиет рухани тәрбие құралы ретінде қызмет атқарып, қоғам мүшелерінің мінез-құлқы мен дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етті. Осыған байланысты Алтын Орда дәуірі әдебиетінің тарихи-әлеуметтік және рухани-мәдени маңызын кешенді түрде талдау қазіргі әдебиеттану мен гуманитарлық ғылымдар үшін ғылыми мәні жоғары мәселелердің бірі болып табылады.

#### Әдеби шолу

Алтын Орда дәуірі әдебиетін зерттеу мәселесі қазақ әдебиеттану ғылымында ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі түрде қарастырыла бастады. Бұл бағыттағы алғашқы ғылыми тұжырымдар көне және орта ғасырлардағы түркі әдеби мұраларды тарихи сабақтастық тұрғысынан бағалаумен тығыз байланысты болды. Әсіресе Алтын Орда кезеңінде жазылған шығармаларды түркі халықтарының ортақ рухани қазынасы ретінде қарастыру үрдісі орнықты.

Алтын Орда дәуірі әдебиетінің тарихи негіздерін айқындауда Н. Келімбетовтің еңбектері ерекше мәнге ие. Ғалым Алтын Орда кезеңінде қалыптасқан әдеби мұраларды түркі жазба дәстүрінің жалғасы ретінде сипаттай отырып, олардың тарихи-әлеуметтік мазмұнына назар аударады. Зерттеуші бұл дәуірдегі әдеби шығармаларда мемлекеттік құрылым, билік жүйесі және қоғамдағы моральдық нормалардың көрініс тапқанын атап көрсетеді. Автордың пайымдауынша, Алтын Орда әдебиеті сол кезеңдегі қоғамдық сананың деңгейін айқындайтын маңызды рухани дерек болып табылады [1, 214–219 б].

Әдеби мұраның рухани-мәдени маңызын талдауда А. Қыраубаеваның зерттеулері маңызды орын алады. Ғалым орта ғасырлардағы түркі әдебиетінің идеялық мазмұнын қарастыра отырып, Алтын Орда кезеңінде жазылған шығармалардың тәрбиелік, этикалық сипатын терең ашады. Автор бұл дәуірдегі әдеби мәтіндерде ислам өркениетінің ықпалы күшейіп, адамгершілік, әділет, имандылық ұғымдарының жетекші орын алғанын көрсетеді. Алтын Орда әдебиеті рухани мәдениетті қалыптастырушы құрал ретінде бағаланады [2, 167-172 б].

Тарихи-әлеуметтік контексте қарастыруда М. Жолдасбековтің ғылыми пайымдары назар аудартады. Зерттеуші Алтын Орда дәуіріндегі әдеби шығармаларды әлеуметтік ойдың көрінісі ретінде талдайды. Ғалымның пікірінше, бұл кезеңдегі әдебиет қоғамдағы әлеуметтік жіктеліс, билік пен халық арасындағы қатынас, қоғамдық жауапкершілік мәселелерін бейнелеу арқылы тарихи шындықты жеткізген. Автор Алтын Орда әдебиетін тек көркем

мұра емес, әлеуметтік сана айнасы ретінде қарастыру қажеттігін негіздейді [3, 58–63 б].

#### Негізгі бөлім

Алтын Орда дәуірі Еуразия кеңістігінде ірі саяси құрылымның қалыптасуымен және әлеуметтік қатынастардың жаңа жүйеге түсуімен ерекшеленеді. Бұл кезеңде мемлекет басқару ісі орталықтандырылып, әскери-әкімшілік құрылым нығайды. Қоғамдық құрылымда билеуші әулет, әскери ақсүйектер, дін өкілдері және қарапайым халық арасындағы қатынастар айқын жіктелді. Әлеуметтік иерархия қоғамдық санаға ғана емес, сол дәуірде қалыптасқан әдеби мұраның мазмұнына да тікелей ықпал етті.

Алтын Орда қоғамында билік пен заң үстемдігі негізгі әлеуметтік реттеуші тетікке айналды. Мемлекеттік басқару жүйесінің күшеюі қоғам мүшелерінен тәртіп пен жауапкершілікті талап етті. Осы жағдай әдеби шығармаларда әділет, билік иесіне адалдық, қоғамдық тәртіпті сақтау секілді ұғымдардың кең көрініс табуына негіз қалады. Әдебиет әлеуметтік тұрақтылықты сақтаудың рухани құралы ретінде қызмет атқарды және қоғамдық нормаларды бекітуге бағытталды [4, 112–118 б]. Дәуірдің саяси жағдайы да әдебиеттің қалыптасу алғышарттарына тікелей әсер етті. Алтын Орда көпэтносты және көптілді мемлекет ретінде түрлі мәдени дәстүрлердің тоғысуына мүмкіндік жасады. Үдеріс әдебиетте мазмұндық әрі тілдік алуандықтың қалыптасуына жол ашты. Түркі тіліндегі жазба шығармаларда исламдық дүниетаныммен қатар дәстүрлі түркілік моральдық ұстанымдар сақталып, синтезделген рухани жүйе қалыптасты. Мұндай жағдай әдебиеттің қоғамдық ойды жеткізуші құралға айналуына ықпал етті [5, 76–81 б]. Әлеуметтік қатынастардың күрделенуі әдебиеттің мазмұндық аясын кеңейтті. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік, билік пен халық арасындағы өзара байланыс, адам мінез-құлқы мен жауапкершілігі мәселелері әдеби мәтіндерде көрініс тапты. Шығармалар тек көркемдік мақсатты ғана көздемей, қоғамдық тәрбие мен әлеуметтік сананы қалыптастыру міндетін де атқарды. Алтын Орда дәуірі әдебиеті әлеуметтік тәжірибені жинақтаған рухани кеңістік ретінде бағаланады [6, 59–64 б].

Алтын Орда дәуірінің тарихи-әлеуметтік жағдайы әдебиеттің қалыптасуына тікелей ықпал етіп, оның мазмұндық бағытын айқындады. Әдебиет қоғамның әлеуметтік құрылымын, саяси тәртібін және рухани бағдарын бейнелейтін маңызды мәдени құбылыс деңгейіне көтерілді.

Алтын Орда дәуірінде қалыптасқан әдеби мұра әлеуметтік ойды бейнелеудің маңызды формасына айналды. Бұл кезеңдегі әдеби мәтіндерде қоғам ішіндегі жіктеліс, билік пен халық арасындағы қатынас, әділет ұғымы және жеке тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігі жүйелі түрде көрініс тапты. Әдебиет тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, әлеуметтік тәжірибені жинақтайтын және қоғамдық сананы қалыптастыратын рухани алаң қызметін атқарды.

Әлеуметтік теңсіздік мәселесі Алтын Орда дәуірі әдебиетінде астарлы сипатта бейнеленді. Қоғамдағы билеуші топ пен қарапайым халық арасындағы айырмашылықтар тікелей сипаттаудан гөрі, моральдық-этикалық өлшемдер

арқылы көрсетілді. Әдеби мәтіндерде байлық пен биліктің өткіншілігі, әділетсіздікке ұшыраған адамның ішкі күйі, әлеуметтік әділдікке деген ұмтылыс көркем оймен жеткізілді. Шығармалар қоғамдағы теңсіздікке сын көзбен қараған рухани көзқарастың қалыптасқанын дәлелдейді [7, 93–98 б]. Билік пен халық арасындағы қатынас мәселесі де әдеби ойдың өзегіне айналды. Әдеби мәтіндерде билік иесінің жауапкершілігі, халық алдындағы міндеті және әділетті басқару идеясы алдыңғы орынға шықты. Билеуші бейнесі тек саяси тұлға ретінде емес, моральдық өлшемдерге бағынатын қоғамдық субъект ретінде сипатталды. Ұстаным Алтын Орда әдебиетінде биліктің шексіз емес, қоғамдық тәртіп пен адамгершілікке тәуелді екенін көрсетуге бағытталды [8, 141–146 б]. Адам мен қоғам арасындағы байланыс Алтын Орда дәуірі әдебиетінде ерекше маңызға ие болды. Жеке тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігі, мінез-құлқы мен іс-әрекетінің әлеуметтік салдары әдеби мәтіндерде кеңінен қозғалды. Әдебиет адамның ішкі дүниесі мен қоғамдық орта арасындағы үйлесімділікті сақтаудың маңызын насихаттады. Идеялар арқылы әдебиет әлеуметтік тәрбие құралы қызметін атқарып, қоғам мүшелерінің моральдық бағдарын қалыптастыруға ықпал етті [9, 57–62 б].

Кесте 1 – Алтын Орда әдебиетіндегі тарихи-әлеуметтік ойдың көрінісі:

Әлеуметтік мәселе	Әдеби мәтіндердегі көрінісі	Қоғамдық мәні
Әлеуметтік теңсіздік	Байлық пен биліктің өткіншілігін көрсету, әділетсіздікке моральдық баға беру	Әлеуметтік әділдікке ұмтылыс қалыптастыру
Билік пен халық қатынасы	Билеушінің жауапкершілігін алдыңғы қатарға шығару	Әділетті басқару идеясын орнықтыру
Әділет ұғымы	Моральдық өлшем ретінде бейнелеу	Қоғамдық тәртіпті сақтауға ықпал ету
Адам мен қоғам байланысы	Жеке тұлғаның әлеуметтік жауапкершілігін көрсету	Қоғамдық сананы тәрбиелеу

Алтын Орда әдебиеті тарихи-әлеуметтік ойдың көркем бейнеленген үлгісі ретінде қоғамдағы өзекті мәселелерді рухани деңгейде зерделеуге мүмкіндік берді. Әдеби мәтіндер әлеуметтік шындықты тікелей баяндаудан гөрі, оны адамгершілік пен әділет өлшемдері арқылы бағалауға бағытталды.

Алтын Орда дәуірі әдебиеті рухани мәдениетті қалыптастыруда айрықша қызмет атқарды. Бұл кезеңдегі әдеби мәтіндерде қоғамның діни-этикалық бағдарлары, моральдық құндылықтар жүйесі және дүниетанымдық ұстанымдар тұтастай көрініс тапты. Әдебиет рухани тәжірибені жинақтайтын әрі оны ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін негізгі құралға айналды. Осы арқылы әдеби мұра қоғамдық сананың ішкі құрылымын айқындайтын маңызды мәдени феномен ретінде орнықты.

Діни-этикалық ұстанымдар Алтын Орда дәуірі әдебиетінің мазмұндық өзегін құрады. Әдеби мәтіндерде имандылық, сабыр, қанағат, әділдік секілді ұғымдар адам болмысының негізгі өлшемдері ретінде ұсынылды. Дін әдебиетте догмалық сипатта емес, адам мінез-құлқын реттейтін рухани бағдар ретінде бейнеленді. Көзқарас әдебиетті діни сана мен адамгершілік тәрбиенің тоғысқан кеңістігіне айналдырды [10, 201–206 б]. Моральдық құндылықтар жүйесі Алтын Орда әдебиетінде қоғамдық тұрақтылықты сақтаудың маңызды тетігі ретінде қарастырылды. Әдеби мәтіндерде ар-намыс, адалдық, жауапкершілік және өзгенің хақысын құрметтеу идеялары кеңінен насихатталды. Құндылықтар жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғамға қатысты нормалар ретінде ұсынылды. Әдебиет осылайша моральдық тәрбие құралы қызметін атқарып, қоғам мүшелерінің рухани бағдарын қалыптастыруға ықпал етті [11, 134–139 б]. Алтын Орда дәуірі әдебиетінде дүниетанымдық көзқарас тұтас рухани жүйе ретінде көрініс тапты. Адам өмірінің мәні, уақыттың өткіншілігі, тағдыр мен жауапкершілік мәселелері әдеби ойдың басты тақырыптарына айналды. Бұл мәселелер жеке философиялық пайым деңгейінде емес, қоғамдық тәжірибемен тығыз байланыста бейнеленді. Әдебиет арқылы адам өзін қоғамның бір бөлігі ретінде танып, рухани кемелденуге ұмтылды [12, 88–93 б].

Жалпы, Алтын Орда дәуірі әдебиеті рухани тәрбие мен мәдени сабақтастықты қамтамасыз еткен маңызды құрал болды. Әдеби мұра қоғамның моральдық нормаларын бекітіп қана қоймай, рухани дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған кешенді жүйе ретінде қызмет атқарды. Ерекшелік Алтын Орда әдебиетінің тарихи маңызын ғана емес, оның рухани-мәдени құндылығын да айқындайды.

#### Талдау-қорытынды

Жүргізілген талдау Алтын Орда дәуірі әдебиетінің тарихи-әлеуметтік және рухани-мәдени маңызының көпқырлы сипатын айқындауға мүмкіндік берді. Әдеби мұра сол кезеңдегі қоғамдық құрылымның, әлеуметтік қатынастардың және рухани бағдардың көркем әрі мазмұнды көрінісі ретінде қалыптасты. Әдебиет қоғам өмірінде тек эстетикалық қызмет атқарып қана қоймай, әлеуметтік тәжірибені жинақтаушы және рухани тәрбие құралы ретінде маңызды рөл атқарды.

Алтын Орда дәуіріндегі тарихи-әлеуметтік жағдай әдеби ойдың бағыт-бағдарын айқындады. Қоғамдағы билік жүйесі, әлеуметтік жіктеліс және қоғамдық тәртіп әдеби мәтіндерде моральдық өлшемдер арқылы бейнеленді. Әдебиет әлеуметтік шындықты тікелей сипаттаудан гөрі, оны адамгершілік пен әділет ұғымдары арқылы бағалауға негізделді. Ерекшелік әдебиетті әлеуметтік сананы қалыптастыратын рухани кеңістік деңгейіне көтерді.

Талдау барысында Алтын Орда әдебиетінде тарихи-әлеуметтік ойдың көркем түрде жеткізілгені анықталды. Әлеуметтік теңсіздік, билік пен халық арасындағы қатынас, жеке тұлғаның қоғам алдындағы жауапкершілігі әдеби мәтіндердің мазмұндық өзегіне айналды. Мәселелер арқылы әдебиет қоғамдағы тәртіп пен үйлесімділікті сақтауға бағытталған рухани бағдар

ұсынды. Әдеби ой әлеуметтік тәжірибені саралап, қоғамдық мінез-құлық нормаларын бекіту қызметін атқарды.

Рухани-мәдени бойынша, Алтын Орда дәуірі әдебиеті дүниетанымдық және этикалық құндылықтарды жүйелі түрде қалыптастырды. Әдеби мәтіндерде имандылық, әділет, жауапкершілік, ар-намыс секілді ұғымдар рухани өмірдің негізгі тіректері ретінде орнықты. Әдебиет жеке адамның ішкі дүниесін қоғам мүддесімен ұштастырып, рухани кемелденуге бағытталған тәрбие құралына айналды.

Қорытындылай келгенде, Алтын Орда дәуірі әдебиеті тарихи кезеңнің рухани айнасы ретінде бағаланады. Ол қоғамның әлеуметтік құрылымын, рухани құндылықтар жүйесін және дүниетанымдық бағдарын тұтастай бейнелейтін мәдени мұра болып табылады. Осы ерекшеліктер Алтын Орда әдебиетінің қазақ әдебиетінің қалыптасуындағы тарихи сабақтастықты камтамасыз еткен маңызды рухани негіз екенін дәлелдейді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Атамұра, 2005. 214–219 б.
2. Қыраубаева А. Ежелгі әдебиет. Алматы: Білім, 2002. 167–172 б.
3. Жолдасбеков М. Көне түркі әдебиеті және тарихи сабақтастық. Алматы: Ғылым, 1999. 58–63 б.
4. Көмеков Б. Е. Қыпшақтар және Алтын Орда дәуірі. Алматы: Ғылым, 1998. 112–118 б.
5. Пищулина К. А. Алтын Орда және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 76–81 б.
6. Сыдықов Е. Б. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Алматы: Қазақ университеті, 2010. 59–64 б.
7. Мағауин М. Қазақ әдебиетінің тарихы. I том. Алматы: Қазығұрт, 2010. 93–98 б.
8. Қасқабасов С. Алтын Орда және қазақ рухани мәдениеті. Алматы: Арыс, 2014. 141–146 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Түркі әдебиетінің тарихы. Алматы: Санат, 2004. 57–62 б.
10. Дербісәлин Ә. Қазақтың көне жазба әдебиеті. Алматы: Мектеп, 1987. 201–206 б.
11. Әбілқасымов Б. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы: Ғылым, 2001. 134–139 б.
12. Егеубай А. Орта ғасырлардағы түркі әдебиеті және дүниетаным. Алматы: Қазақ университеті, 2012. 88–93 б.

**ҚАРАТПА АТАУЫШТАРДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯ  
ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ (10-СЫНЫП  
ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ)**

**Тажен Аяжан Нуржанқызы,**  
Абай атындағы ҚазҰПУ магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: **Қобланова Айман Жылқыбайқызы,**  
филол.ғ.к., PhD, профессор  
Алматы қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада қаратпа атауыштардың этномәдени коннотациясы мен олардың тіл үйрету үдерісіндегі коммуникативтік-прагматикалық рөлі кешенді түрде қарастырылған. Зерттеу жұмысы 10-сынып оқушыларына қазақ тілін оқыту тәжірибесіне негізделіп, қаратпа атауыштардың ұлттық дүниетаным, мәдени код және тұлғааралық қарым-қатынас тетігі ретіндегі қызметі айқындалады.*

*Жалпы, мақалада қаратпа атауыштарды оқыту тіл үйретудің мәдени-бағдарлы әдістемесіне қосылған жаңа қадам ретінде қарастырылады. Автор оқыту тәжірибесінде ұлттық этикет пен эмоционалды қарым-қатынас үлгілерін пайдалану оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына, лингвомәдени құзыреттілігінің қалыптасуына ықпал ететінін тұжырымдайды.*

***Кілт сөздер:** қаратпа атауыштар, этномәдени коннотация, тіл үйрету әдістемесі, коммуникативтік прагматика, ұлттық мәдениет, сөйлеу этикеті, когнитивтік лингвистика.*

Қазіргі тіл білімінде тіл тек қатынас құралы ретінде ғана емес, ұлттың мәдени коды мен рухани әлемін бейнелейтін күрделі жүйе ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, тілдің этномәдени сипатын ашуда ерекше рөл атқаратын элементтердің бірі – қаратпа атауыштар жүйесі. Қаратпа формалары тек грамматикалық категория емес, ұлттық мінездің, этикалық ұстанымның және мәдени дәстүрдің тілдік бейнесі. Олар арқылы халықтың дүниетанымы, қарым-қатынас нормалары, қоғамдағы иерархиялық және эмоциялық қатынастар көрініс табады.

Қазақ тіліндегі қаратпа атауыштар – сөйлеу мәдениетінің өзегі, ұлттық этикеттің басты көрінісі. «Айналайын», «қарағым», «балам», «шырағым», «құлыным», «ағатай», «апай», «жолдасым» сияқты формалар сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы әлеуметтік мәртебе мен эмоционалды қашықтықты реттеумен қатар, адамгершілік, ізгілік және мейірім ұғымдарын да тілдік деңгейде білдіреді. Осындай ерекшеліктер қаратпа атауыштардың тек тілдік емес, этномәдени және прагматикалық табиғатын айқындайды.

Қазіргі замандағы білім беру жүйесі, соның ішінде жаңартылған білім мазмұнына негізделген қазақ тілі мен әдебиеті пәндері, оқушылардың коммуникативтік, мәдени және тұлғалық құзыреттерін дамытуға бағытталған.

Бұл тұрғыдан алғанда, қаратпа атауыштардың этномәдени коннотациясын меңгерту – оқушылардың ұлттық құндылықтар жүйесін тануына, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруына, эмоциялық интеллект пен прагматикалық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Қаратпа сөздердің тіл үйрету үдерісіндегі маңыздылығы соңғы жылдары педагогикалық және психолінгвистикалық зерттеулерде жиі айтылып жүр. Себебі тіл үйренуші тек грамматикалық құрылымдарды меңгеріп қана қоймай, сол тілдің мәдени-әлеуметтік контекстін де түсінгенде ғана шынайы коммуникативтік тұлғаға айналады. Қазақ тілін оқытуда қаратпа атауыштардың қолданылуын үйрету – оқушыларға сөйлеу актісінің мәдени ерекшеліктерін, қарым-қатынас әдебін, ұлттық сөйлеу мінез-құлқын танытудың тиімді жолы болып табылады.

10-сынып деңгейінде жүргізілген тәжірибелік сабақтарда оқушылардың қаратпа формаларды қолдану арқылы сөйлеу этикеті, мәдени сәйкестілік және эмоционалдық әсер ету дағдыларының дамығаны байқалды. Бұл тәжірибе қаратпа сөздердің тіл үйретудегі тек тілдік емес, тәрбиелік және мәдени әлеуетін дәлелдейді. Мәселен, «айналайын» немесе «қарағым» сияқты сөздердің тура аудармасы өзге тілдерде болмағанымен, олардың ұлттық эмоциялық-мәдени реңкі оқушылардың ұлттық сезімін, тектілік түсінігін және тілдік танымын кеңейтеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі – қазіргі тіл үйрету процесінде тіл мен мәдениетті тұтастықта меңгертудің, атап айтқанда, қазақ тіліндегі қаратпа атауыштардың этномәдени коннотациясын жүйелі түрде оқытудың қажеттілігінен туындайды. Қазіргі оқушының тек коммуникативтік біліктілігі емес, мәдени сәйкестілігі мен этикалық рефлексиясы да маңызды көрсеткішке айналып отыр. Осы тұрғыда қаратпа сөздерді үйрету тек тілдік материалды меңгерту емес, ұлттық тәрбиенің, мәдени сезімталдықтың және адамгершілік құндылықтардың қалыптасуына бағытталған кешенді әдістемелік бағыт ретінде қарастырылады.

Зерттеудің мақсаты – қаратпа атауыштардың этномәдени коннотациясын айқындап, олардың тіл үйрету үдерісіндегі прагматикалық және мәдени әлеуетін талдау; 10-сыныптағы қазақ тілі сабағында оларды оқытудың тиімді әдістемелік тетіктерін ұсыну.

Зерттеу міндеттері:

Қазақ тіліндегі қаратпа атауыштардың этномәдени және прагматикалық табиғатын анықтау;

Қаратпа формалардың оқушылардың сөйлеу мәдениеті мен мәдени-тілдік құзыретін қалыптастырудағы орнын айқындау;

10-сыныптағы оқу процесінде қаратпа сөздерді меңгертудің әдістемелік үлгілерін жасау;

Тәжірибелік сабақтар нәтижесінде қаратпа атауыштардың тіл үйретудегі тиімділігін дәлелдеу.

Мақалада коммуникативтік лингвистика, этнолингвистика, когнитивтік прагматика және мәдениетаралық коммуникация теорияларының ұстанымдары негізге алынды. Әдіснамалық негіз ретінде А. Вежбицка, С.

Браун, П. Левинсон, Ә. Қайдар, Е. Жанпейісов, Р. Шаханова, Н. Аралбаева еңбектері қолданылды.

Осылайша, зерттеу тілі мен мәдениеттің өзара байланысын тәжірибелік оқыту контексінде қарастыра отырып, қаратпа атауыштардың этномәдени табиғатын терең тануға және оны оқыту тәжірибесіне тиімді енгізудің ғылыми негізін қалады.

Материалдар мен әдістер.

Зерттеу барысында қазақ тіліндегі қаратпа атауыштардың этномәдени табиғаты мен олардың тіл үйрету процесіндегі прагматикалық қызметін анықтау мақсатында кешенді лингвомәдени, психолингвистикалық және әдістемелік тәсілдер қолданылды. Зерттеу әдістемесі 10-сынып оқушыларының коммуникативтік құзыретін қалыптастыру тәжірибесіне негізделіп, теория мен тәжірибені ұштастыруға бағытталды.

1. Материал көзі мен зерттеу нысаны

Зерттеу нысаны ретінде қазақ тіліндегі қаратпа атауыштардың жүйесі және олардың 10-сыныптағы тіл үйрету процесінде қолданылу ерекшеліктері алынды.

Зерттеу материалдарына:

Қазақ тіліндегі көркем және ауызекі сөйлеу мәтіндерінен жиналған 300-ден астам қаратпа сөз үлгісі;

Төлен Әбдік, Б. Майлин, Ә. Кекілбаев, Д. Исабеков, С. Мұратбеков сияқты қаламгерлердің шығармаларындағы қаратпа формалар;

Қазақ тілін оқытуға арналған мектеп оқулықтары (10-сынып) мен мұғалімдерге арналған әдістемелік құралдар;

10-сыныптағы қазақ тілі пәні бойынша жүргізілген практикалық сабақтардың жазбалары, оқушылардың жұмыс дәптерлері мен сауалнама нәтижелері енді.

2. Қолданылған әдістер

а) Лингвомәдени талдау әдісі.

Бұл әдіс арқылы қаратпа атауыштардың ұлттық-мәдени мазмұны, яғни олардың сезімдік, этикалық және мәдени реңктері анықталды. Мысалы, «айналайын», «құлыным», «қарағым» сияқты формалар аналық мейірім, бауырмалдық, жақындық сезімдерін білдірсе, «аға», «апай», «мырза», «ханым» сияқты қаратпалар әлеуметтік иерархия мен сыпайылық кодтарын танытады.

ә) Прагмалингвистикалық талдау әдісі.

Қаратпа атауыштардың сөйлеу жағдаяттарындағы қызметі, адресатқа бағытталған эмоциялық және коммуникативтік әсері зерттелді. Мысалы, Т. Әбдік шығармаларындағы диалогтарда («Өліара», «Парасат майданы») кейіпкерлер арасындағы эмоциялық қатынасты жұмсартуда немесе шиеленісті күшейтуде қаратпа сөздердің ерекше рөл атқаратыны анықталды.

б) Психолингвистикалық әдіс.

Бұл әдіс арқылы оқушылардың қаратпа атауыштарды қабылдау және қолдану ерекшеліктері зерттелді. Арнайы сауалнама нәтижесінде 10-сынып оқушыларының 74%-ы кейбір дәстүрлі қаратпа формалардың («айналайын»,

«шырағым») мағынасын толық түсінбейтінін, бірақ олардың эмоциялық әсерін интуитивті сезінетінін көрсетті.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, қаратпа атауыштар тек коммуникативтік қызмет атқаратын тілдік элемент емес, сонымен қатар ұлттық мәдени кодты, дәстүрлі дүниетанымды, әлеуметтік қатынасты бейнелейтін этномәдени феномен болып табылады. Оларды тіл үйрету үдерісінде тиімді қолдану оқушылардың тілдік санасын, ұлттық танымдық қабілетін және коммуникативтік сыпайылық нормаларын қалыптастыруға зор ықпал етеді.

1. Қаратпа атауыштардың этномәдени коннотациясының тілдік бейнесі

10-сыныптағы практикалық зерттеу барысында анықталған басты нәтиже – оқушылар қаратпа формалардың мағыналық нәзіктігін, эмоциялық реңкін және мәдени астарын толық түсіне бастаған. Мысалы, сабақ басында оқушылардың көпшілігі «айналайын», «шырағым», «құлыным» сияқты сөздерді тек қарым-қатынастағы жақындық пен жылы сөз ретінде ғана қабылдаса, тәжірибе соңында олар бұл қаратпалардың қазақ дүниетанымындағы қамқорлық, аналық мейірім, амандық тілеу, ізгі ниет ұғымдарын білдіретінін нақты мысалдар арқылы түсіндіріп берді.

Этномәдени тұрғыда қарағанда, қазақ халқындағы «қаратпа» ұғымы эмоциялық және әлеуметтік реңкті қоса қамтиды. Т. Әбдік шығармаларындағы кейіпкерлер сөзінен бұл ерекшеліктер айқын байқалады. Мысалы, «*Өліара*» повесіндегі кейіпкердің мына сөзін қарастырайық:

«Балам-ай, өмірдің шындығын ерте түсінсең екен...»

Бұл сөйлемде «балам-ай» қаратпа формасы тек ата-аналық қатынасты ғана емес, мейірім мен қамқорлықтың, тағдырлық толғаныстың көрінісі болып тұр. Мұндай мысалдар қазақ мәдениетінде қаратпа атауыштардың жеке тұлғаның эмоционалдық және рухани байланысын бейнелеудегі орны ерекше екенін дәлелдейді.

Прагмалингвистикалық тұрғыда қаратпа формалар адресатқа бағытталған сөйлеу актісінің коммуникативтік әсерін күшейтеді. Олар сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қатынасты жақындастырады, эмоциялық үйлесім орнатады және сөйлеу этикетін сақтауға көмектеседі. Осы тұрғыдан алғанда, тіл үйрету үдерісінде қаратпа атауыштар мәдениетаралық коммуникацияны модельдеудің тиімді тәсілі болып табылады.

2. Көркем мәтін талдауының нәтижелері

Оқыту барысында оқушылармен бірге Төлен Әбдік шығармаларындағы қаратпа сөздер талданды.

Мысалы, «*Парасат майданы*» шығармасындағы диалогта:

«Қарағым, сенің әділетке сенетінің қандай жақсы, бірақ өмірде бәрі ондай емес қой...»

Бұл контексте «қарағым» сөзі бір мезетте жұбату, қамқорлық және өмірлік тәжірибені бөлісу мағынасын қамтиды. Мұндай сөйлемдер арқылы оқушылар қаратпа формалардың мәтіндік-психологиялық әсерін сезініп, оның сөйлеу ниеті мен эмоциялық функциясын ажыратуға үйренді.

Т. Әбдік шығармаларындағы кейіпкерлердің қарым-қатынасында қаратпа атауыштар философиялық астар мен адамгершілік ойды жеткізудің тіліне айналған. Бұл оқушыларды тілдің мәдени табиғатын сезінуге, тілдік тұлға ретінде ойлануға үйретті.

Қазақ тіліндегі қаратпа атауыштардың этномәдени және прагматикалық сипатын 10-сынып деңгейінде тіл үйрету тәжірибесі арқылы зерделеу нәтижесінде бірқатар маңызды ғылыми және әдістемелік қорытындылар алынды.

Біріншіден, қаратпа атауыштардың этномәдени мазмұны оқушылардың ұлттық танымдық қорын кеңейтуге, тіл мен мәдениеттің тұтастығын сезінуге мүмкіндік беретіні анықталды. Мысалы, сабақ барысында оқушылар «қарағым», «айналайын», «қалқам», «бауырым», «балам» сияқты ұлттық реңкі бар қаратпаларды талдау арқылы олардың тек лексикалық емес, эмоциялық-бағалауыштық қызметін де аңғарды. Бұл атаулардың көпшілігі қазақ қоғамында жасы, туыстық қатынасы, жынысы сияқты әлеуметтік факторларға байланысты қолданылады. Осы арқылы оқушылар тілдегі иерархиялық қарым-қатынас пен этикеттік дәстүрдің тілдік бейнесін түсінуге үйренді.

Екіншіден, тәжірибелік сабақтар барысында оқушыларға түрлі коммуникативтік жағдаяттар (диалог, рольдік ойындар, шағын мәтін құрастыру) ұсынылды. Мұнда әр оқушы қаратпа сөздердің прагматикалық реңкін тандап қолдануға тиіс болды. Мысалы, бір оқушы «Қайырлы таң, апай!» деген бейтарап форма қолданса, екіншісі «Айналайын, апай, бүгін сабақ ерекше болды!» деп эмоциялық-коннотативті қаратпа пайдаланды. Талдау көрсеткендей, екінші форма сөйлеушінің эмоционалды қатынасын, құрмет пен сүйіспеншілігін білдіріп, сөйлеу актісінің прагматикалық тиімділігін арттырады.

Үшіншіден, қазақ этномәдени кеңістігінде қаратпа атауыштар тек коммуникация құралы емес, рухани құндылықтар мен дәстүрдің тілі екені дәлелденді. Мәселен, Төлен Әбдік, Ә. Кекілбаев, Ш. Мұртаза сияқты қаламгерлердің туындыларында «қарағым», «шырағым», «жарығым» сөздері адам жанының жылуын, сүйіспеншілікті, ұлттық менталитетті танытатын көркем құрал ретінде көрініс табады.

Мысалы, Төлен Әбдіктің «*Оң қол*» әңгімесіндегі дәрігердің кейіпкерге жылы лебізбен «Қарағым, қорықпа, бәрі жақсы болады» деуі тілдің этикеттік мәдениетін ғана емес, қазақтың адамгершілік ұстанымының вербалды көрінісін айқындайды. Бұл эпизод оқушылармен талқыланғанда, олардың тіл мен мінездің сабақтастығын түсінуіне сеп болды.

Төртіншіден, оқыту үдерісінде этномәдени қаратпаларды жүйелі қолдану оқушылардың тілдік креативтілігін арттырды. Мысалы, тәжірибе барысында жүргізілген шығармашылық тапсырмаларда (эссе жазу, диалог құру, мәтінге эмоционалдық өң беру) 10-сынып оқушылары қаратпалардың экспрессивтік әлеуетін кеңінен пайдаланды. «Қалқам, бүгінгі күнің сәтті өтсін!» сияқты тіркестер оқушылардың өзара қатынастағы жылы, сыпайы қарым-қатынас мәдениетін дамытқаны байқалды.

Бесіншіден, салыстырмалы талдау нәтижесінде, қазақ тіліндегі қаратпа атауыштар мен ағылшын, орыс тілдеріндегі *address forms* арасында айқын ұлттық айырмашылықтар бары анықталды. Мысалы, ағылшын тіліндегі *dear, honey, sweetheart* сияқты сөздер негізінен жеке қатынастағы эмоционалдық реңкті білдірсе, қазақ тіліндегі «айналайын», «жарығым» сөздері ұлттық дүниетанымның, туыстық бауырмалдықтың символы ретінде қызмет етеді. Бұл салыстыру оқушылардың интермәдени коммуникацияға деген қызығушылығын арттырды.

#### Қорытынды

Қаратпа атауыштар – тілдің құрылымдық элементі ғана емес, ұлттық мәдениеттің рухани өзегін танытатын семиотикалық құбылыс. Бұл зерттеу барысында қаратпа формалардың қазақ халқының дүниетанымындағы, этикалық қатынастарындағы және сөйлеу мәдениетіндегі орны нақты тәжірибелік негізде дәлелденді. Тіл үйрету процесінде қаратпа атауыштарды мақсатты түрде қолдану оқушылардың ұлттық мәдени кодты қабылдауын, адамаралық қатынастағы сыпайылық пен ізеттілікті түсінуін қамтамасыз етеді.

10-сынып тәжірибесі нәтижесінде анықталғандай, қаратпа формалар оқушылардың сөйлеу мәдениетінде жағымды эмоциялық ахуал тудырып, қатысымдық біліктілікті дамытудың пәрменді құралы бола алады. Тәжірибелік сабақтар барысында оқушылар қаратпа атауыштардың әлеуметтік, этикалық және мәдени реңктерін түсіне отырып, оларды түрлі жағдаяттарда орынды қолдануға дағдыланды. Бұл олардың ұлттық қарым-қатынас мәдениетін меңгеру деңгейін арттырды.

Зерттеу нәтижелері болашақта қазақ тілін оқыту әдістемесін ұлттық негізде жетілдіруге, коммуникативтік-прагматикалық бағдарды күшейтуге және тіл мен мәдениеттің сабақтастығын ғылыми негізде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, қаратпа атауыштардағы этномәдени коннотацияны оқыту – тіл үйретудің тек тілдік емес, рухани, мәдени және тұлғалық бағыттағы жаңа парадигмасын қалыптастыратын маңызды үрдіс болып табылады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қайдар, Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 320 б.
2. Жанпейісов, Е. Этномәдени лексика және оның тілдік табиғаты. – Алматы: Ғылым, 2005. – 285 б.
3. Уәли, Н. Сөйлеу мәдениеті және прагматика. – Алматы: Раритет, 2007. – 310 б.
4. Айтбаев, Ә. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Ғылым, 2001. – 276 б.
5. Смағұлова, Г. Мәтін лингвистикасы және прагматика. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 243 б.
6. Балақаев, М., Серғалиев, М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 2004. – 240 б.

7. Нұржанова, Ж. Тіл және ұлттық мәдениет. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 312 б.

ӘОЖ 81'11

## КИЕЛІ ТОПОНИМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ

**Сатыбалдиева Камшат,**  
«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекші: **Нұрдәулетова Бибайша Ильясқызы**  
филол.ғ.д., профессор  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Бұл мақалада қазақ тіл біліміндегі сакральды топонимдер мен агиотопонимдердің қалыптасуы, олардың тарихи-мәдени негізі, лингвистикалық табиғаты жан-жақты қарастырылады. Жер-су атауларының шығу төркіні мен семантикасы халықтың діни наным-сенімдерімен, мифологиялық дүниетанымымен, рухани құндылықтарымен тығыз байланысты екендігі ғылыми деректер мен мысалдар арқылы дәлелденеді. Автор топонимдердің жасалу кезеңдерін, олардың номинациялық сипатын, сондай-ақ сакрализация құбылысының пайда болу заңдылықтарын талдай отырып, әлемдік ономастикадағы агиотопонимдердің көріністеріне шолу жасайды.*

*Зерттеу нәтижесінде киелі топонимдер мен агиотопонимдер ұлттық ономастиканың маңызды қабаты ретінде қарастырылып, олардың лингвомәдени, этнолингвистикалық, тарихи және әлеуметтік қырлары кеңінен сипатталады.*

***Кілт сөздер:** топонимия, географиялық атаулар, киелі топонимдер, сакральді ономастика, агиотопонимдер, ономастикон, этномәдени код*

Қоршаған ортадағы объектілердің барлығының дерлік өз атаулары бар. БҰҰ сарапшылар тобының анықтамасы бойынша, географиялық атау деп Жер шарындағы объектіге қатысты атауды айтады. Географиялық нысандардың атауларын топонимдер (гректің тоπος – «мекен, орын» және ονομα – «атау») деп атайды. Қазіргі заманғы өркениетті географиялық атауларсыз елестету мүмкін емес. Топонимдер қоғам дамуының ажырамас бөлігіне айналған. Топонимия кез келген аймақтың, елдің тарихы мен географиясының, халқының айнасы деуге болады. Осы тұрғыдан алғанда, топонимдердің мағынасын, олардың пайда болу жағдайларын, өзгерту сипатын зерттеудің маңызы зор. Адамзат қоғамының дамуы барысында адам өзін қоршаған ортадағы географиялық объектілерге атау беруге тырысты. Бұл адамның жергілікті мекен ортасына бейімделуінің бір көрінісі болатын. Уақыт өте келе қойылған атаулар тұрақтанған, ал кейбіреулері тарихи жағдайларға

байланысты жойылып, ұмыт болып кетті. Осылайша, географиялық объектілердің сипатын бейнелейтін атау сөздердің тобы оқшаулана бастады, яғни топонимдену (топонимизация) жүрді [1, 6,7 бб.]. Киелі топонимдер – белгілі бір этностың рухани тәжірибесін, дүниетанымын, мәдени кодын және тарихи жадын сақтаушы ерекше ономастикалық қабат. Әр халықтың санасында қасиетті мәнге ие жер-су атаулары тек географиялық нысанды белгілеумен шектелмей, сол этностың мифологиялық, діни, философиялық түсініктерін, ұжымдық санасының терең қабаттарын бейнелейді. Сондықтан киелі топонимдердің қалыптасу процесі кездейсоқтықтан туындамайды; ол ұзақ тарихи эволюцияның, діни-наным жүйелерінің, әлеуметтік-мәдени процестердің және тілдік даму динамикасының нәтижесі ретінде қарастырылады.

Адамзат тарихында сакрализация құбылысы – табиғат нысандарын киелі деп тану, оларды ерекше күш иесі ретінде қабылдау – өркениеттің ең көне кезеңдерінен бастау алады. Көшпелі және отырықшы халықтардың дүниетанымдық айырмашылықтары сакральді кеңістікті қабылдауға әртүрлі ықпал еткенімен, киелі топонимдердің жасалуында ортақ концептуалды негіздер бар: табиғатқа тәу ету, тылсым күшке сену, әулиелер культі, тарихи оқиғалардың сакрализациясы, мифтік бейнелер мен культтік тұлғалармен байланыстыру.

Зерттеу жұмысының материалдары қазақ және шетел ономастикасына, топонимия мен сакральды атауларға арналған ғылыми еңбектер, лингвистикалық сөздіктер, топонимиялық анықтамалықтар, тарихи-этнографиялық және мифологиялық деректер негізінде жинақталды. Негізгі дереккөздер ретінде қазақ топонимдерін зерттеген отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері пайдаланылды.

Зерттеу барысында сипаттамалы-лингвистикалық, семантикалық, этимологиялық, тарихи-салыстырмалы және лингвомәдени талдау әдістері қолданылды. Бұл әдістер киелі топонимдердің шығу төркінін, мағыналық ерекшеліктерін және олардың халықтың рухани-мәдени дүниетанымындағы орнын айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері қазақ тіліндегі киелі топонимдердің халықтың көне дүниетанымы, діни наным-сенімдері және тарихи жадымен тығыз байланысты қалыптасқанын көрсетті. Мұндай атаулар географиялық нысандарды белгілеумен қатар, этностың рухани мәдениетін, мифологиялық және діни түсініктерін бейнелейді.

Талдау барысында киелі топонимдердің теонимдік, агиотопонимдік және тарихи-аңыздық негізде жасалатыны анықталды. Қазақ ономастикалық кеңістігінде «әулие», «ата», «баба», «тәңір» компоненттерімен келген атаулардың басым болуы табиғат нысандарын киелі кеңістік ретінде қабылдау дәстүрін дәлелдейді. Сонымен қатар сакральды топонимдердің уақыт өте келе мағыналық тұрақтылыққа ие болумен қатар, тарихи-әлеуметтік өзгерістерге байланысты түрлену үдерісіне ұшырайтыны байқалды.

Жалпы, киелі топонимдер қазақ халқының ұлттық дүниетанымы мен рухани мәдениетінің маңызды көрсеткіші болып табылады.

Қазақ тіл білімінде қасиетті ономастиконды зерттеу халықтың діні, тарихы мен мәдениеті туралы бай және әртүрлі ақпарат алуға мүмкіндік береді. Лингвистика саласында қасиетті ономастикон күні бүгінге дейін кешенді түрде зерттелген жоқ. Дегенмен орыс тіл білімінде қасиетті топонимикаға арналған көптеген зерттеулердің авторларын атауға болады. Олар: М.Б.Горбаневский, В.Я.Дерягин, А.А.Минкин, И.И.Муллонен, Н.М.Теребихин және т.б.

Сонымен қатар әулиелердің есімдерін В.И.Супрун, Б.А.Успенский, Ф.Б.Успенский, А.В.Юдин қарастырған. Бұл зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде сакральді ономастиконның теоним – құдайдың есімі, агеоантропонимдер – әйгілі әулиелердің есімдері, агитопонимдер – географиялық атауларды білдіретін жалқы есімдер жан-жақты сараланған, жіктелген, топтастырылған, мағыналары ашылған және сөздіктер құрастырылған.

Лингвистикалық сөздіктерде «агитопоним» дегеніміз грек тілінен агео – қасиетті, топос – орын деген мағынаны білдіреді. Яғни, әулие ретінде танылған тұлғаларға байланысты мекендер (қоныс орыны, әулиенің өмір сүрген немесе жерленген жері және т.б.) және соған байланысты қалыптасқан киелі жер-су атауларын атаған.

Американдық топономист Дж.Р.Стюарт ХХ ғасырдың 70-жылдарында мынадай жіктеуді және географиялық атауларды ұсынды: сипаттамалық; ассоциативті; оқиғаларға байланысты; иелік; мемориалдық; халықтық-этимологиялық; жасанды; ұсыныс; қате; ауыстырылған.

Киелі (латын тілінде – sacer sacri)) сөзі кейде қасиетті деген мағынаны да білдіргенімен, екеуі екі түрлі ұғым. Халқымыз табиғатта әлдебір тылсым күш өзінен басым болған кезде, оның иесі бар, әрі киелі деп санаған және оған сенген. Киелі деп сәтүрлі көрініс табатын, ежелгі діни көзқарас пен аңыздарда бүкіл әлемдік діндерді білдіру үшін қолданылады. Басқаша айтқанда, киелі сөзі – адамзаттық дүниетанымдық деңгейде ата-бабалардың әлемімен байланыстырған және байланыстырушы нәрселер болып есептеледі [2, 160, 161 бб.].

Халықтың санасында рухани мәнге, ерекше құрметке ие болатын, діни, мифологиялық сипатты немесе сол оқиғаларға негізделген географиялық атауларды – киелі топонимдер деп атаймыз. Бұндай географиялық атаулардың киелі атануы да тектен тек емес. Киелі топонимдердің астарында терең түсінік, мәдени код, тарихи жады бар. Жер бетіндегі бүкіл ұлттар мен ұлыстардың киелі деп тапқан жер-су атаулары бар. Адамзат тарихында сакральді атаулардың болуы қалыпты жағдай.

Христиандардың католиктік тармағы басым елдерде «әулие» деген мағына беретін сан, сәнт-, сәнта-, сәнт сөздерімен байланысты атаулар көп. Францияда Сен-Жермен, Сен-Жак, Сен-Мартен, Испанияда Сантьяго атаулары көптеп саналады. Америкаға қоныс аударған еуропалықтар «әулие атауларды» өздерімен бірге алып келді. Осылайша, Әулие Лаврентий өзені мен шығанағы, Сан-Диего, Санто-Доминго, Сан-Кристоваль, Сан-Паулу, Сан-Сальвадор,

Санта-Крус, Сантьяго, Сан-Хосе, Санто-Фе, Сан-Хуан, Сан-Франсиску, Сан-Франциско тәрізді атаулар пайда болды.

Сауд Арабиясының батыс бөлігінде орналасқан Медина қаласы мұсылмандардың басты қасиетті қаласының бірі болып табылады. Ислам діні пайда болғанға дейін арабтар бұл қаланы Ясриб деп атаған. 622 жылы Мұхаммед пайғамбар осы қалаға келді, қала Мадина-эн-Наби — «пайғамбар қаласы» деп атала бастады. Бірақ уақыт өте келе қолданыста қала атауының қысқарған нұсқасы әл-Мадина қалды. Бұл нұсқа қазақ тіліне аударғанда «қала» дегенді білдіреді.

Тынық мұхиттың шығыс бөлігінде орналасқан Пасхи аралы әкімшілік тұрғыдан Чили мемлекетінің құрамына енеді. Бұл аралды алғаш рет картаға 1722 жылдың 5 сәуірінде голланд теңізшісі Я.Роггевен түсірген болатын. Дәл осы күн христиандар мерекесі Пасханың бірінші күні болатын. Сол себепті осы діни мерекенің құрметіне теңізші оны Пасхи деп аталды. Ал Сакраменто – АҚШ-тағы өзен, қала атауы. Алдымен өзен атауы қалыптасқан, ол испан тіліндегі Sacramento – «әулие құпия» (католиктердің қасиетті ұғымы) дегенді білдіреді.

Моңғол Алтайындағы Мунх-Хайрхан-Ула шыңының атауы моңғол тілінде «мәңгілік қасиетті тау» дегенді білдіреді. Ал Гоби Алтайы мен Оңтүстік Сібірдегі бірнеше тау атаулары «әулие» мағынасын білдіретін богдо термині қалыптасқан: Ихэ-Богдо («күлкен әулие»), Бага-Богдо («кіші әулие»), АрцаБогдо («аршалы әулие»), Гурван-Богдо («үш әулие»), Табын-Богдо-Ола («бес әулие тау»).

Қырым түбегіндегі Феодосия қаласының тарихы тереңнен бастау алады. Бұл қала біздің заманымызға дейінгі VI ғасырда гректердің отары ретінде негізі салынған болатын. Гректер қаланы Феодосия, яғни «кұдай берген» деп атаған.

Гималайдың солтүстік беткейінен басталып, Үнді мұхитының Бенгаль шығанағына құятын Брахмапутра өзенінің атауы «Брахма ұлы» дегенді білдіреді. Брахма Шива және Вишну индуизмдегі басты үш құдай болып табылады [1, 29, 30 бб.].

Қазақ топонимдерінің шығу төркініне қатысты бірқатар зеттеу жұмыстары мен сан түрлі пікірлер бар. Қазақ тіл білімінде ономаст-ғалымдар әр топонимнің әр компонентін барынша талдап, қай тілден енгенін, қазіргі кезде қай тілде осы нұсқаның сақталғандығын зерттеп, еңбектерінде мысал ретінде дәйектеген. Ә.Әбдірахманов (1975) қазақ топонимдерінің этимологиясын ашуға көңіл бөлген, Е.Қойшыбаев (1974) Қазақстан топонимдерінің қысқаша түсіндірмелі сөздігін жасаған, Ғ.Қоңқашбаев (1963) Қазақ географиялық атаулардың сөздігін құрастырған, Т.Жанұзақов (2019) өз еңбектерінде жер-су атауларының түптөркінін ашқан [2, 162 б.]. Дербес тіл белгілі бір тілдік қауым ыңғайында ғана қалыптасатындықтан этностық топтардың құрылымдық негізін, субэтникалық құрамын анықтау мен тіл табиғатын тану өзара сабақтас процестер.

Қазақ тіл білімінде сакральды топонимдер ұзақ уақыт бойы зерттеліп келеді, ал соңғы жылдары бұл тақырыпқа деген қызығушылық арта түсті.

Қазақ тіліндегі киелі топонимдер көбінесе жергілікті діни және рухани сенімдермен тығыз байланысты болып, халықтың мәдениетінің, дүниетанымының айқын көрінісі болып табылады [2, 162 б.].

Киелі топонимдерді шартты түрде бірнеше топқа бөліп қарстыруға болады: 1) теонимдік топонимдер; 2) киелі, қасиетті әулиелердің есімдерінен бастау алатын агиотопонимдер; 3) діни-наным сеніммен қойылған атаулар; 4) киелі жер-су аттары; 5) қазақ жеріне әр кезеңдегі қоныстанушылардың өзгертуінен пайда болған атаулар; 6) тарихи аңыз-оқиғаларға қатысты қалыптасқан атаулар. Зерттеу жұмысымда осы атаулардың кейбіріне тоқталғым келеді.

Бұрынғы замандағы адамдардың дүниетанымы мен қоршаған ортаны танып білудегі алғашқы түсінігі туралы зерттеуші былай дейді: «Қоршаған ортаның әрбір бөлігі сакрализация процесіне (Құдай, Жаратқан, қасиетті) ұшырай бастайды.

Киелі географиялық нысандарда тау, жота, өзен, көл, қорғандар, сыйыну орындары атауларының негізінде жасалған топонимдік атаулар мол кездеседі. Мәселен, қазақ ономастикасында «әулие» сөзіне қатысты агиотопонимдердің қатарынан таулардың, төбелердің, шатқалдардың, үңгірлердің, көлдердің, өзендердің, ауыл атауларын кездестіруге болады. Тараз қаласының ескі атауы – Әулие Ата да осыған дәлел.

Көшпелі қазақ үшін географиялық нысандардың ішінде тауға сиыну, тәу ету, тағзым ету ерекше орын алады. Түркі халықтарының ономастикалық жүйесін зерттеуші Э.Мурзаев тау, жота, төбеге байланысты түркі халықтарында табу ұғымы жайлы мынадай түсінік қалыптасқанына тоқталып өтеді: «Тау, шыңдардың иелері болған. Адамдар олардың атын тікелей атамаған. Табу бұзылған жағдайда жамандыққа, сәтсіздікке ұшырайды деп түсінген. Тау басында әртүрлі ғибадаттар жасалған. Құрбандық шалып, тауға тағзым ету салты да орындалған.

«Әулие» компонентімен келген топонимдер: тау, бұлақ, құдық, өзен, қорым, қоныс. Әулиетау (Ақмешіт) – Ұлытаудың ең биік шыңы. Әулие сөзінің мағынасын Б.Тохан былай ашып көрсетеді: «Әулие – «1. Құдай жолын қуып, дін уағыздаушы адам. 2. Айтқаны келетін, сәуегей адам. Ауысп: қадірлі, қасиетті».

*Әуликөл* – Қостанай облысындағы көл, әрі елдімекен. Халық аңызында «Көл бір күнде аяқ астынан құрғап, астына жоқ болып кетіпті де түнде қайтадан пайда болыпты. Содан соң Әуликөл аталып кетіпті. Көлдің бұлайша аталуы – оның басқа да қасиетіне, емдік, шипалық, ерекшелітеріне байланысты болуы мүмкін» деп пікір білдіреді топонимист Т. Жанұзақ.

*Әулиетас* – бұлақ. Әулие + тас компоненттерінен құралған атау. Әулиетас деп аталуында үлкен мән-мағына жатыр. Әулиелердің қарапайым адамдарға қарағанда қасиеттері басым. Аңыз-әңгімелерден олардың табиғаттан тыс керемет қабілетке ие екенін көруге болады. Географиялық нысандардың атауларындағы әулиелердің есімдері қазақ жерінде ислам дінінің орныққан кезеңінде пайда болған. Қазақстанның басқа облыстарымен салыстырғанда Оңтүстік Қазақстанда «әулиелі жер» қасиетті орындардың саны едәуір көп, олардың көпшілігі әулиелердің есімімен аталады. Сондай-ақ, Маңғыстауды да

атап өтуге болады. «Маңғыстаудағы топонимикалық кеістігінің біртұтас бейнесін жаңғыртуда діни-танымдық ұғымдарға, соның ішінде сопылыққа негізделген сакральді топонимдер ерекше орын алады».

Топонимдердің жасалу, пайда болу, шығу тарихында ерекше орын алатын маңызды мәселенің бірі – діни ұғым-түсініктермен, халықтың ескі наным-сенімінен туындаған атаулар. Халықтың жүріп өткен тарихындағы діни оқиғалар, тылсым құбылыстар, перілер әлемі, жын-шайтандар олардың өміріне айтарлықтай әсер етті.

Қазығұрт тауы, Қазығұрт атауы қазақ тілі ономастикалық кеістігіндегі түркі халқы мәдениетінде айрықша мәнге ие феномендік атау. Қазығұрт атауының шығу тегіне қатысты толық мағлұматты Қ.Өмірәлиевтің еңбектерінен кездестіруге болады.

*«Қазығұрттың басында кеме қалған,*

*«Ол әулие болмаса, неге қалған?»* деген қазақ арасында кеінен таралған аңыз-әңгіме бар. Оның себебін – Нұх пайғамбар заманында жердің бетін топан су қаптап, Нұх пайғамбар кемесі тоқтайтын таудың бірі – осы Қазығұрт деп аңыз сыр шертеді. Әр аңыздың түбінде шындық жататыны мәлім. Қазығұрт тауының басында кемеңің қалған не қалмағаны туралы теолог Б.Сағындықұлы мынадай дәлел келтіреді: «Топан су азайғанда «Нұхтың кемесі менің төбеме қайырылады» деп биік таулар өзара таласқан. Нұх пайғамбар аласа тауға тоқтауға бұйрық алады. «Аласа тау деген осы болуы мүмкін» деп Нұх пайғамбар арабтардың Жудысына келсе, періштелер «бұл емес» дейді. Армяндарды Араратына келсе, тағы да «бұл емес» дейді. Қазақтардың Қазығұртына келеді. «Бұл да емес» деген соң қазіргі Бұқар облысы, Тамды ауданы маңайындағы Нұрата тауына жылжиды. Нұх пайғамбардың кемесін қабыл алған киелі тау осы еді. Аласа таулар Нұхтың кемесі тоқтайды деп үміттенгендіктен, балбырап, балқып кеткен. Сондықтан жоғарыда аталған таулардың бәрінде де кемеге ұқсас белгі қалған».

Қасиетті жерлер, мекендер мен орындар адамның тіршілік ету ортасын қасиетті етіп қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі географиялық объектілерді, материалдық және өндірістік тіршілік пен мәдениеттің объектілерін атау біртұтас қасиетті кеістікті құруға ықпал етеді. Қазақтың кең-байтақ жер аумағында Хан Тәңірі, Бектау ата, Қазығұрт топонимдерді мифтік жер-су аттары ретінде қабылданғаны белгілі. Себебі, тілімізде аталмыш топонимдерге қатысты мифологиялық ұғымдар мифтер, тарихи мәтіндер, аңыз-әңгімелер көп.

Киелі антропонимдер – *Бабаата күмбезі* (ОҚО), *Баба түкті шашты Әзиз* (ОҚО), *Баба* (бейіт, Ақтөбе обл.). Қазақ киелі антропонимдердің құрамында *ата, баба, бап (баб)* сияқты сиыну сөздері қалыптасқан. Халық ұғымындағы киелі бейнелердің жалпы көрінісінде ата-бабаға деген құрмет байқалады. Ата-баба тірі кезінде де, о дүниелік болса да адамдарды Жаратушымен байланыстырушы, екеуінің арасындағы алтын көпір қызметін атқарушы.

*Бектауата* – тарихи тау, биіктігі 1215м., село, Қарағанды обл. Халық аңызы бойынша Бектау ата және Беғазы деген екі әулие болған. Бұл әулиелер

тауды мекендеген. Солардың құрметіне географиялық нысан Бектауата тауы атанған.

*Бабаата* – Шымкент облысындағы ұзындығы 44 км созылып ағып жатқан өзен атауы. Баба арғы тек дегенді білдіреді. Қазақтар әулие деп санаған кісіні бап немес баба деп атаған. Мысалы, Баба түкті шашты Әзиз, Арыстан бап, Қамбар бап.

Қасиеттілік пен қасиетті ұғымдар әрқашан сенуші адамның санасы үшін маңызды болды. Сондықтан, халық өз өмірін ұйымдастыру процесінде ономастикалық номинациямен адамдар саналы түрде, рухани-адамгершілік идеяларын қосады. Ал көптеген жекеленген тұлғалар белгілі бір жақсы қасиеттері арқылы халық санасында қасиетті, киелі ұғымын қалыптастырған. Осылайша қарапайым халық тарапынан қасиетті ономастикон агнионимдермен ұсынылған[2, 164, 165 бб.]. Осылайша сакральды топонимдер мен агнионимдер жүйесі қазақ халқының рухани-мәдени тәжірибесінің маңызды қабатын құрайды. Қасиетті атаулардың қалыптасуы тек діни түсініктермен шектелмей, тарихи оқиғалар, атақты тұлғалар, табиғи нысандардың ерекшелігі, сондай-ақ халықтың әлеуметтік-психологиялық құндылықтарымен де тығыз байланысты. Киелі кеңістік ұғымы ғасырлар бойы қалыптасып, әр өңірдің өзіндік аңыздық және тарихи мазмұнымен толыққан. Осыған байланысты әрбір киелі нысан – белгілі бір этномәдени кодтың, рухани сабақтастықтың, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келген дүниетанымдық түсініктердің көрінісі.

Қоршаған ортаны тану мен атау үдерісі адамзат мәдениетінің ең көне қабаттарынан бастау алады. Осы тұрғыдан алғанда, киелі топонимдер тек географиялық нысандарды белгілеу қызметін атқарып қана қоймай, белгілі бір этностың рухани дүниетанымын, тарихи жадын, діни-мифологиялық түсініктерін және мәдени кодын сақтаушы маңызды тілдік-мәдени құбылыс болып табылады. Топонимия – халықтың жүріп өткен жолының, әлеуметтік-тарихи тәжірибесінің және табиғатпен қарым-қатынасының айнасы.

Зерттеу барысында сакральды топонимдердің қалыптасуы кездейсоқ құбылыс емес екені айқындалды. Олардың пайда болуы халықтың көне наным-сенімдерімен, табиғат нысандарын киелі деп қабылдауымен, әулиелер культімен, тарихи оқиғалардың сакрализациясымен және мифологиялық ойлау жүйесімен тығыз байланысты. Қазақ жеріндегі Хан Тәңірі, Қазығұрт, Бектауата, Әулиеата, Бабаата сияқты атаулар халық санасында қасиетті кеңістік ұғымын қалыптастырып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан рухани сабақтастықтың көрінісіне айналған.

Қазақ тіліндегі киелі топонимдер жүйесі этностың дүниетанымдық ерекшелігін, ислам дінінің орнығу кезеңдерін, сондай-ақ одан бұрынғы тәңірлік, анимистік, мифологиялық түсініктердің ізін сақтайды. Бұл атауларда табиғат пен адам, өткен мен бүгін, миф пен тарих өзара астасып жатады. Сондықтан сакральді топонимдерді лингвистикалық тұрғыдан зерттеу халықтың мәдени-рухани мұрасын тануда, ұлттық болмысты айқындауда және тарихи жадыны жаңғыртуда аса маңызды. Киелі топонимдер мен агнионимдер қазақ халқының рухани мәдениетінің ажырамас бөлігі ретінде ұлттық бірегейлікті сақтауға, тарихи сананы қалыптастыруға қызмет етеді.

Оларды кешенді түрде зерттеу – тек тіл білімінің ғана емес, тарих, этнография, мәдениеттану салалары үшін де өзекті міндет болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Каймулдинова К.Д. Топонимика. Алматы, 2011. – 267 б.
2. Қараман А., Сапашев О. Аймақтық сакральді топонимиядағы номинация жүйесі ұлттық код ретінде. Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. №2, 2025. [https://www.researchgate.net/publication/393338408\\_AJMAKTYK\\_SAKRALDY\\_TOPONIMIADAGY\\_NOMINACIA\\_ZJESI\\_LTTYK\\_KOD\\_RETINDENomination\\_system\\_in\\_regional\\_sacral\\_toponymy\\_as\\_national\\_codeSystema\\_nominacij\\_v\\_regionalnoj\\_sakralnoj\\_toponimii\\_kak\\_nacionalnyj\\_kod](https://www.researchgate.net/publication/393338408_AJMAKTYK_SAKRALDY_TOPONIMIADAGY_NOMINACIA_ZJESI_LTTYK_KOD_RETINDENomination_system_in_regional_sacral_toponymy_as_national_codeSystema_nominacij_v_regionalnoj_sakralnoj_toponimii_kak_nacionalnyj_kod)

ӘОЖ 81'11

### ЭТНОТОПОНИМИКА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

**Избасарова Аругүл Абзалқызы,**  
«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекші: **Көшімова Бибатпа Әмірханқызы,**  
филол.ғ.к., профессор  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Қазіргі заманғы ғылыми парадигма тұрғысынан ономастикалық зерттеулерді, соның ішінде топонимикалық мәселелерді тек бір ғылым саласының әдіснамасы негізінде қарастыру жеткіліксіз, өйткені атаулардың пайда болуы мен тарихи дамуы табиғи орта жағдайларымен, этномәдени және әлеуметтік-тарихи үдерістермен тығыз байланыста қалыптасады. Осы себепті топонимдердің семантикалық және этимологиялық табиғатын жан-жақты ашу үшін бірнеше ғылым салаларының деректері мен әдістеріне сүйену қажеттігі туындайды. Осындай кешенді тәсілдің аясында бұл мақалада рулар, тайпалар және халықтар аттары сақталған географиялық объектілерді білдіретін топонимияның ерекше тармағы — этнотопонимдер қарастырылады.

**Кілт сөздер:** топонимдер, этнонимия, этнотопонимка, ру-тайпа атаулары, этнос.

Топонимиканың үлкен бір саласы – этнотопонимика. Ол ру, тайпа және халық атауларынан туындаған географиялық атауларды зерттейтін ғылыми бөлім болып табылады. Ал этнонимдердің негізінде қалыптасқан жер-су атаулары этнотопонимдер деп аталады.

Этнотопонимдердің құрылымдық өзегін этноним құрайды. Этноним – белгілі бір ру, тайпа немесе халықтың атауы, ал осы атаулардың табиғаты мен қалыптасуын зерттейтін ғылым саласы этнонимика деп аталады.

Этнотопонимдер халықтың қоныстану ареалын, тарихи-географиялық кеңістігін, көші-қон бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді. Бұл ғылым этнография, тарих, лингвистика, география, археология сияқты салалармен тығыз байланыста дамып келеді.

Белгілі бір этностың атауы сол этнос өкілдері мекендеген аумаққа таралуы адамзаттың ең көне дәуірлерінен-ақ байқалады. Сондықтан этнотопонимдерді географиялық атаулардың ең ежелгі қабаттарының бірі деп қарастыру орынды. Өркениеттің бастапқы кезеңдерінен бастап-ақ этностық атаулар аумақтық белгілер ретінде қолданылған. Бұл құбылыс рулық-тайпалық жер иелену жүйесімен байланысты, яғни бір сөзбен әрі халық, әрі оның мекені аталған жағдайлар кең таралған.

Этнотопонимия – тарихи тұрғыдан белсенді категория. Бұл топонимдердің белгілі бір аумаққа тән болып орнығуы тарихи-географиялық алғышарттарға негізделеді. Мұнда шешуші рөлді этностың қоныстану ерекшеліктері, этносаралық байланыстардың сипаты және шаруашылық қызметтің өзіндік заңдылықтары атқарады. Яғни этнотопонимдер этнонимдердің таралу тарихын, олардың көші-қон өзгерістерін, мемлекеттік саясат және басқа да факторларға байланысты өзге этнонимдермен алмастырылу үдерісін зерттеуге мүмкіндік беретін дереккөз ретінде талданады [1]. Этнотопонимдердің маңызын қазақ ономастикасының сардары Телғожа Жанұзақ: «Топонимдерден, яғни жер-су аттарынан ру, тайпа аттарының қойылуы сирек кездесетін құбылыс. Оған керісінше, жер-су аттарының ру-тайпа аттарынан қойылып отыруы жиі кездесетін, халық тарихына тән оқиға. Оны ономастикалық зерттеулерде этнотопонимика деп атайды» [2, 80], - деген пікірімен келтіреді де, этнонимдердің бір құрамына жатқызады.

Этнотопонимиканың негізгі нысаны — құрамында этноним кездесетін немесе этносқа қатысты мағыналық жүк арқалайтын топонимдер. Оның басты міндеттері:

- Этноатаулардың пайда болу уәжін анықтау;
- Этностық компоненттердің географиялық таралу аймағын белгілеу;
- Этногенез және этникалық тарихты топонимия арқылы анықтау;
- Тарихи-мәдени үдерістердің әсерін талдау.

Этнотопонимдер этнонимдердің негізін құрайтын компонент болғандықтан көп мәселелер этнос және этнонимдер тұрғысынан қаралады. Қазақ ру, тайпаларының қалыптасу, өмір сүру кезеңдері, жүрген мекен-жерлері, шығу тарихы ерте заманнан бері көптеген ғалымдардың назарын аударды. Бұл мәселе XIX ғасырдан қолға алына бастады. Алғаш рет зерттеушілер Н.А. Аристов, А. Харузин мен Ш. Уәлиханов «Қазақтардың шежіресі» атты мақаласында қазақтың көне тайпалары үйсін, қаңлы, дулат, алшындар туралы, Орта ғасырлық және Алтын орда заманындағы өмір сүрген қазақ ру, тайпаларын, қыпшақтар мен арғын, наймандар, керейлер тарихын, Ұлы жүз шежіресін баяндай отырып, өзінің ғылыми көзқарасын қалдырып кетті.

Қазақ халқының көне тарихын, халық болып қалыптасуына дейінгі ру-тайпалардың, тайпа одақтарының қалыптасуы мен дамуын, олардың этносы мен этнонимдерін зерттеу мәселесі революцияға дейінгі кезеңде де ғалымдардың назарында болды. Бұл бағытта А. Левшин, Г. Потанин, В. В. Радлов, А. Харузин, Н. Аристов, В. В. Бартольд, Ш. Уәлиханов және басқа да зерттеушілер еңбек етті. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде көне және ортағасырлық грек, қытай, араб, парсы, көне түркі және ертедегі славян жазба деректерімен қатар, түркі халықтарының, соның ішінде қазақтардың шежірелік материалдарын кеңінен пайдаланған. Әсіресе Н.А. Аристов еңбегінде ру, тайпа тарихымен қатар, олардың кейбіреуіне жасалған лингвистикалық талдаулар да кездеседі.

Революциядан кейінгі кезеңде түркі халықтарының этногенезі, этностық құрамы, сондай-ақ бірқатар этнонимдердің этимологиясы мәселелерін зерттеу бағыты кең өріс алды. Бұл салада С.П.Толстов, А.Н.Бернштам, А.Н.Кононов, Л.П.Потапов, Т.А.Жданко, С.М.Абрамзон, Р.Кузеев, Д.Е.Еремеев және басқа да кеңестік зерттеушілер маңызды ғылыми еңбектер жазды. Төңкерістен кейінгі кезеңде қазақ халқының этногенезі, тайпалық құрамы және бірқатар этнонимдердің этимологиясы жөнінде құнды еңбектер жазған зерттеушілер қатарында М.Тынышпаев, С.Аманжолов, Ә.Марғұлан, А.Әбдірахманов, І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақов, сондай-ақ В.В.Востров пен М.Мұқанов, С.Мұқанов және басқа да авторларды атауға болады. Әсіресе этнотопонимдерді әр халықтың этникалық тарихымен байланысты зерттеген А. Әбдірахмановтың еңбегі айрықша. Ғалым Қазақстан аумағындағы этнотопонимдерді жинап, тарихи-этимологиялық тұрғыдан талдау жасаған. Бұған Ашина, Үйсін, Қаңлы, Созақ, Дулат, Арғын, Керей, Найман, Қоңырат, Шапырашты секілді этнотопонимдерді зерттеуі дәлел. Мәселен:

Үйсін атауына қатысты Үйсін тауы - ежелгі үйсіндердің ата мекенінің орталығы болған Іле аймағының Шапшал ауданы мен Моңғолкүре ауданының аралығында орналасқан. *Қарусұн – Қара усұн* (қара үйсін), *Алус ұн – алусұн* (алғы үйсін), *Сарыгусұн – сары үйсін* деген тайпа аттарының жер-су атында сақталған түрі болуы мүмкін. Ерте замандарда бұл жерлерді үйсін тайпалары мекендеген [3, 12].

Қаңлы тайпа одағының атауы тарихи топонимдерде кездесетіндігі жөнінде А. Әбдірахманов мынадай дерек келтіреді: «І ғасырда Ташкент қаласының жанындағы Ангрен деген жердің қасындағы қала Қаңқа аталған. С. П. Толстовтың зерттеуіне қарағанда осы қаланың жанында Қанарық деген канал болған. С. П. Толстов Амударияның көне тармағы Сарыкамыштың оң саласы Канга-дарияның аты да осы этнонимге қатысты деп қарайды» [4, 46]. Профессор Ә. Қайдаров *қаңлы* сөзіндегі «қаң» бөлімін өзен аты, ал «-лы» бөлімін туынды сын есім жұрнағы ретінде қарастырады да, «Қаң бойындағылар», «Қаң өзенін мекендеушілер» деген тұжырым келтіреді [5]. Атаудың этимологиясына қатысты осындай пікірді І. Кеңесбаев пен Т. Жанұзақ та айтқан болатын: «...этноним канглы состоит из двух морфокомпонентов. Его первый компонент *кан (қаң)*, «река», а второй *-лы* - показатель множественный

и собирательности. Таким образом, этноним *канглы* означает «племя, живущее на берегу реки», то есть речники» [4, 53].

Керей атауындағы *кер* түбірі және оған сөз тудырушы *-іш* жұрнағы қосылып жасалғандығы туралы деректер кездеседі. А. Әбдірахманов еңбегінде *кер* түбірінің түркі тілдерінде «тау», «жота», «қыр», «тау басы» деген түсінік беретінін дәлелдеген [4]. Бұдан бөлек Керей гидроним атауы: 1) Ақмола облысы Қорғалжын ауданындағы көл және соған құятын өзен аты; 2) Қарағанды облысы Нұра ауданында орналасқан Керейөзен.

Маңғыстау өлкесіндегі жер-су атауларының ру-тайпа атауларынан қалыптасуын зерттеген ғалым Б. Көшімова Алан этнотопониміне қатысты мынадай дерек келтіреді: «Алан – Орталық Үстірттегі құдық. Аландар біздің заманымыздың I ғасырлардан бастап біздің заманымыздың IV ғасырына дейінгі аралықта географиялық жағынан бүгінгі Қазақстанның батыс аймағын қамти батысқа қарай Днепр, Дон, Днестр, Дунай аймақтарына дейін мекендеген – сармат – савроматтар делінетін тайпалық бірлестіктің құрамында болған тайпа. Бұдан басқа *Аланқала*, *Қоңыралан*, *Сүмбетеміралан* деп аталатын этнотопонимдер кездеседі» [6, 126].

Емір этнотопониміне қатысты: «*Емір* – Маңғыстау ауданындағы ауыл, жер аты. Емір – ортағасырлық оғыз-түрікмен тайпасы *имир* атынан пайда болған», - десе, *Уа* этнотопонимі жайлы: «*Уа* – Маңғыстау ауданындағы құдық атауы. *Уа* атауы ортағасырлық оғыз-түрікмен *Ыва* тайпасының атынан пайда болған» деген деректер келтіреді.

Зерттеу көрсеткендей, этнотопонимдер — тек географиялық атаулар ғана емес, белгілі бір этностың мәдени-танымдық бейнесін, дәстүрлі қоныстану аумағын және этникалық үдерістерін сипаттайтын күрделі лингвомәдени дереккөз. Қазақ жеріндегі этнотопонимдердің таралуы ру-тайпалық құрылымның көне жүйесін, олардың тарихи қозғалысын және этносаяси өзгерістердің ықпалын дәлелдейді. Осы тұрғыдан алғанда, этнотопонимдер тарихи-географиялық айғақ көздері ретінде этногенез мәселелерін анықтауда ерекше рөл атқарады.

Демек, этнотопонимика – тек лингвистикалық немесе географиялық зерттеу емес, тарих, этнография, археология, география, мәдениеттану сияқты ғылымдар тоғысындағы кешенді ғылыми сала. Этнотопонимдерді жан-жақты зерделеу қазақ халқының этникалық болмысын, тарихи санасын және мәдени тамырларын терең түсінуге мүмкіндік береді. Сондықтан этнотопонимдерді зерттеу жұмыстары әлі де жалғасып, жаңа материалдармен, жаңа әдістемелермен толықтырылуы қажет.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Маликов А.М. Монгольские элементы в этнонимике и этнотопонимах долины Зеравшана (XV-XIX вв.) // Урало-алтайские исследования №4, 2021, С. 92.
2. Жанұзақ Т.С. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. – 400 б.

3. Мыңжанұлы Н. Үйсін туралы жалпы шолу // Ежелгі Үйсін елі. / Құраст. Шадыман Ахметұлы. - Үрімжі: ҚХР Шыңжаң халық баспасы, 2005.
4. Әбдірахманов А. Қазақстан этнотопонимикасы. Алматы, Қазақ ССР-інің «Ғылым» баспасы, 1979. – 127 б.
5. Қайдаров Ә. Қаңлы. Қазақ Совет Энциклопедиясы, 6-т. Алматы, 1975. – 640 б.
6. Көшімова Б. Маңғыстау өңірі топонимиясының тарихи, мәдени, энциклопедиялық ақпараттар жүйесі. – Алматы: Нұрлы Әлем, 2011. – 301 б.

ӘОЖ 82'1

## ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛІ

**Өмірзақ Гүлден Маратқызы,**  
 «7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
 Ғылыми жетекші: **Отарова Ақмарал Нұрғожақызы**  
 филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
 Yessenov University,  
 Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада қазақ поэзиясының көрнекті өкілі Төлеген Айбергенов шығармашылығының стильдік табиғаты мен көркемдік-идеялық ерекшеліктері жан-жақты талданады. Ақын поэзиясындағы ұлттық рух, туған жерге деген махаббат, табиғат пен адам тұтастығы, сағыныш феномені, философиялық ой мен лирикалық сезімнің үйлесімі ғылыми тұрғыда қарастырылады. Зерттеу барысында Төлеген Айбергенов лирикасының дәстүрлік негіздері мен жаңашылдық сипаты, поэтикалық тілінің метафоралық жүйесі, еркін ырғақтық құрылымы және эмоционалдық экспрессиясы айқындалады. Ақынның Абай мен Мағжан поэзиясымен рухани сабақтастығы, сондай-ақ ХХ ғасырдың 60–70 жылдарындағы қазақ әдеби үдерісіндегі орны анықталады.*

***Кілт сөздер:** Төлеген Айбергенов, қазақ поэзиясы, ақын стилі, лирика, сағыныш, ұлттық рух, көркемдік жүйе, поэтикалық тіл, дәстүр мен жаңашылдық, метафора, еркін ырғақ.*

Төлеген Айбергенов поэзиясының стильдік табиғаты, көркемдік-идеялық ерекшеліктері және ақынның қазақ әдебиетіндегі орны талдауға түседі. Зерттеу барысында ақын шығармашылығының дәстүрлік тамырлары, лирикалық әлемнің тақырыптық аясы, поэтикалық тілдің динамикасы мен жаңашылдық сипаты ғылыми тұрғыда қарастырылады. Ақын поэзиясындағы ұлттық рух, табиғат пен адам тұтастығы, метафоралық жүйе, еркін ырғақтық құрылым және эмоционалдық экспрессияның көркемдік мәні ашылады. Төлеген Айбергенов лирикасының қазақ өлеңіне әкелген жаңашыл үрдістері және оның кейінгі буын ақындарға ықпалы анықталады.

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы даму тарихы ұлттық поэзияның көркемдік әлеуетінің жаңа белеске көтерілгенін дәлелдейді. Әсіресе 60-70 жылдардағы әдеби үдеріс қазақ өлеңіне жаңа тыныс, жаңа ойлау мәдениетін әкелді. Осы кезеңде ұлттық поэзияға қуатты серпін берген ақындардың бірі - Төлеген Айбергенов. Оның шығармашылығы дәстүр мен жаңашылдықты үйлестіре отырып, қазақ лирикасының көркемдік қорын байытты [1, 117].

Төлеген Айбергенов поэзиясы - мазмұндық тереңдігімен, эмоционалдық қуатымен, көркемдік ізденістерімен ерекшеленетін ұлттық құндылық. Ақынның стилін ғылыми тұрғыдан талдау ұлттық сөз өнерінің өсу заңдылықтарын анықтауға, әдебиеттегі эстетикалық бағдарды бағалауға мүмкіндік береді. Төлеген Айбергенов шығармашылығы қазақтың бай ауыз әдебиетімен, эпикалық және лирикалық дәстүрімен тығыз байланысты. Ақын жырларында халық поэзиясына тән образдық ойлау жүйесі, табиғат пен адамның рухани тұтастығын қатар суреттеу тәсілдері жиі байқалады. Әсіресе оның «Атамекен» немесе «Қазақстан көктемдері» өлеңдеріндегі табиғат бейнесі халықтық лирикаға тән поэтикалық өрнектермен сабақтасып жатады. Сонымен бірге ақын поэзиясында Абай қалыптастырған философиялық-лирикалық дәстүрдің жалғастығы көрінеді.

Төлеген сезім мен ойды тұтастықта алып, адамның ішкі рухани әлеміне терең бойлайды. Бұл - Абайдан бастау алған тереңдік пен Мағжан поэзиясындағы нәзік сыршылдықтың жаңа дәуірде көрінуі [2, 242]. Осылайша ақын ұлттық дәстүрден алшақтамай, қайта оны жаңа көркемдік деңгейге көтеріп, өз стилін қалыптастырды.

Төлеген Айбергенов поэзиясының негізгі желісі - туған жерге, Отанға деген шынайы махаббат. Ақын лирикасында туған жер кең мағынада түсіндіріліп, ұлттық рухтың, адамдық ардың, азаматтық болмыстың өзегіне айналады. «Мен сенің ақ төсіңе шаңқай түсте көлеңкем түспесін деп тік тұрамын» сияқты жолдар оның поэзиясындағы асқақ патриотизмді айғақтайды.

Табиғат лирикасы ақын шығармашылығының көркемдік шыңдарының бірі болып табылады. Т. Айбергенов табиғатты жанды құбылыс, әрекет үстіндегі тірі организм ретінде суреттейді. Бұлақтың «бала қайындай солқылдап» ағуы, шыңдардың «семсер суырып тұрған ақперенге» ұқсауы - поэтикалық қиялдың кеңдігін көрсететін динамизмі жоғары бейнелер. Махаббат тақырыбы да ақынның лирикалық әлемінде маңызды орынға ие. Оның махаббат жырларында сезімнің нәзік иірімдері мен ішкі драматизм поэтикалық мәдениетпен өріледі.

«Мені ойла», «Сыр» сияқты өлеңдерінде адамның рухани күйі терең әрі сыршыл тәсілмен жеткізіледі [3, 188].

Төлегеннің жырларындағы басты әуен – сағыныш. Әр өлеңінде сол бір терең сезім арқылы ол адамның рухани биіктігін, ойының кемелдігін, махаббатының тазалығын өлшейді. Ақынның бар арманы мен мұраты осы сағыныш атты жұмбақ сезімнің бесігінде тербелгендей. «Сағыныш» атты топтамасында бұл күй тасқындай төгіліп, теңіздей тулап, тау шыңындай

асқақтайды. Ақынның жалындаған сезімі сізді де оятып, өмірге деген құштарлығыңызды жаңғыртады. «Сағындым жаным мен сені!» деп шынайы сырын жайып салған алғашқы жолдарының өзінде-ақ Төлеген өзіңе сырласыңдай жақын тартылып кетеді.

Үмітке толы, армандай толы әр жерде бір түп қарағай,  
Сағынбай жүрсе, қалуы мүмкін жамырасуға жарамай.  
Биікте тұрған таулар да мынау нұрына таңның боялған.  
Сені мен менің ғасырлар күткен сағынышымнан оянған.  
Балалар бізді сағынған жаным, арманның аңсап биігін,  
Әжелер бізді сағынған, жаным, талдырып асқар иығын.  
Көкірегінде сағыныш барда мұрат та сенде бар, жаным,  
Алдыңда тұрған қыраттың саған көрінбей жатқан ар жағын.  
Жазира белдер қуанышыңды болмасын мәңгі шектемек,  
Алдыңнан орман кес-кестеп шықса сағынышыңмен көктеп өт.  
Мен мұны саған жазып отырмын арманымды орап сезімге,  
Жан-жақтан түскен шұғыланың бәрін сағынып жүрген кезімде.

Орыс поэзиясында Марина Цветаева «Пушкин мені махаббатымен арбады» десе, Төлеген Айбергенов поэзиясы оқырманын алдымен сағынышымен баурайды. Оның жырларын оқыған жан сағынышсыз махаббаттың да, бақыттың да, адалдықтың да болмайтынына көз жеткізбей қоймайды. Ақын өлеңдеріндегі сағыныштың нәзік дірілі тек көркемдік қуат беріп қана қоймай, шығармаларының философиялық тереңдігін арттыра түседі. Төлегеннің шығармалық өрнегінде жасандылық жоқ - сезім тамшылары жүректен қалай төгілсе, ақ паракқа да сол қалпы түскен.

Адамдармен сағына амандасу - рухани байлық. Туған жерінді, Отаныңды да сағынып жүрсең ғана бағасын түсінесің. Арманыңа жетуді сағынып күтсең - сол арманның мәні арта түседі. Сағынышсыз барған жердің табиғаты да мейірін төкпейді: теңіз жастық шағындай толқымайды, таулар да асқақ көрінбейді, баққа кірсең де бұлбұл үнін сезбей қаласың. Әлемнің құпиясы да тек сағыныш кілтімен ғана ашылады. Төлеген шығармашылығының өзегі – осы. Ол әр өлеңімен оқырман жүрегін сағыныштың мөлдір бұлағына қайта-қайта шомылдырып алады. Оның сағынышының шегі жоқ. «Атамекен» өлеңінде:

Көл-дария көкірегімнен бір тұнба ашып,  
Мен тұрмын ата-баба жұртын басып.  
Жаутаңдап қазір менің жанарымда,  
Түп-тұтас жиырма жеті жыл тұр ғашық.

-деген жолдар ақынның туған жерге деген махаббатын айқын бейнелейді. Шын мәнінде, ол өмірінің алғашқы жиырма жеті жылын қарақалпақ топырағында өткізіп, тек соңғы үш жылында ғана туған қазақ жеріне табан тигізді. Сол үш жыл оның шығармашылығының құлпырып, жүрегіндегі сезімнің тасып-төгілген шағына айналды. Бұған себеп – туған жер табиғатының, атамекеннің адамға берер ерекше қуаты, рухани нәрі.

Төлеген Айбергенов батырлық рухты жаңғыртып, сағыныштың сырлы әуенімен үйлестіре білген ақын. Оның жырларынан төгілген өр мінез адамды

мұнның тұманынан шығарып, жігерлендіріп, рухтандырады. Ақын шығармаларындағы батырға тән мәрттік те, кеңдік те – сөзбен толық суреттеуге келмейтін ерекше әлем. Бұл қасиеттер әсіресе оның «Бір тойым бар» атты лирикалық туындысында айрықша көрінеді.

Бір тойым болатыны сөзсіз менің,  
Дәл қай күні екенін айта алмаймын.  
Бірақ..бірақ...  
Ешкімді де билетпей қайтармаймын.  
Онда ортаға тасталар ұран сондай:  
Қайта алмайды қартың да бәрі бір ән салмай.  
Жиырма бестің бәрін де сабылдыртам,  
Кемпірлерге қыз күнін сағындыртам.  
Сәбилерге ағаны үлгі етемін.  
Жеңгейлердің толтырам гүлге етегін...

Осы жырдың тереңінен ақынның отызға жетпей үзілген ғұмырында орындалмай қалған талай арман-мұраты сезіледі. Барша жанға сағыныштың жылуын сыйлағысы келген ақ жүрек иесінің биік мақсаттары да осында тоғысады. Өмірді шын сүюден туған ақынның мөлдір сезімі параққа табиғи күйінде төгіліп, әр жүрекке жол табады. Бұл өлең адамзатты жарықтанған сағыныш әлеміне жетелейтіндей. Мұндай кіршіксіз сезім тек барша адамды бауырына тарта алатын кең жүректе ғана туады.

Төлеген Айбергенов – қазақ поэзиясында жаңа көркемдік жүйе қалыптастыруға үлес қосқан жаңашыл ақындардың қатарында. Оның шығармаларындағы еркін ырғақ, тосын образдық құрылым, эмоционалдық серпін қазақ өлеңінің жаңа кезеңін айқындады. Лирикалық кейіпкердің даралануы да ақынның жаңашылдық сипатын көрсетеді. Төлеген жырларындағы

«мен» - өз болмысын жасырмайтын, рухани әлемі ашық, өмірге құштар, туған жерін сүйетін тұлға. Бұл бейне қазақ поэзиясының дәстүрлі лирикалық кейіпкерін жаңа сипатта дамытуға ықпал етті [5, 38]. Ақын поэзиясында философиялық ой мен лирикалық сезімнің үйлесуі оның эстетикалық көзқарасының күрделілігін, көркемдік кеңістігінің тереңдігін көрсетеді. Өмірдің өткіншілігі, уақыт қозғалысы, адам рухының биігі жөніндегі ой-толғамдар оның шығармаларын идеялық тұрғыдан байыта түседі.

Төлеген Айбергенов поэзиясы - ұлттық сөз өнерінің көркемдік көкжиегін кеңейткен, дәстүр мен жаңашылдықты органикалық түрде біріктірген қуатты поэтикалық құбылыс. Ақынның стильдік даралығы поэтикалық тілдің динамикасынан, метафоралық бейнелеудің жаңалығынан, эмоционалдық

оның шығармашылығын мәңгілік құндылық деңгейіне көтереді. Ақын поэзиясының рухани тазаруға, азаматтық арға, ұлттық болмысқа бағытталған мазмұны кейінгі буын ақындарына бағдар болған шығармашылық мектеп болып қала береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Айбергенов Т. *Жадымда қалған жырлар*. - Алматы: Жазушы, 1985.
2. Қирабаев С. *Әдебиет және дәуір*. - Алматы: Білім, 1997.
3. Ысқақов Б. *Қазақ лирикасының көркемдік жүйесі*. - Алматы: Ғылым, 2002.
4. Тұрсынов Е. *Қазіргі поэзиядағы стиль мәселелері*. - Алматы: Қазақ университеті, 2010.
5. Сүйіншәлиев Х. *Қазақ әдебиетінің тарихы*. - Алматы: Санат

ӘОЖ 82'1

### ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

**Асанова Анзия Асанқызы,**  
«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекші: **Қобланов Жоламан Таубайұлы**  
филол.ғ.к., профессор  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Әбіш Кекілбаевтың шығармашылық өмірі, оның ішінде әсіресе көркем прозасы қазақтың сөз өнерін, жалпы тұтас түркі дүниесін әлемдік деңгейде таныта білген көркемдік-эстетикалық құбылыс болды. Суреткердің тұлғалық бейнесі, жалпы шығармашылығы әдеби тұрғыдан аз зерттелген жоқ. Бұл мәселені әр қырынан қарастырған ондағын ғылыми зерттеу мақалалары жарық көрді, бірнеше диссертациялар қорғалды. Бірақ, мұның өзі өмірі мен шығармашылығы толық зерттелді деген ұғым тудырмаса керек. Мақалада Әбіш Кекілбаев прозасындағы ұлттық характер, ұлттық сипат мәселелері қарастырылады.

*Кілт сөздер:* ұлттық сипат, проза жанры, бейне, кейіпкер, ұлттық мінез

Көркем әдебиеттегі ұлттық сипат мәселесі міндетті түрде ұлттық характермен (мінезбен) тікелей байланысты екені белгілі. Бұл тұрғыда қазақ әдебиетінің, оны ішінде іргелі жанр – прозаның көрнекті өкілдері Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, Т.Нұрмағамбетов, С.Сматаев, Ш.Мұртаза, Қ.Ысқақ, Қ.Жұмаділов, С.Досанов, Ә.Асқаров, А.Алтай, Ұ.Доспанбетов, т.б. шығармаларынан айқын көрінеді. Солардың ішінде Қазақстанның Еңбек Ері, халық жазушысы, академик жазушы Әбіш Кекілбаев шығармашылығын да ерекше айтуға болады.

Дара тұлғаның жалпы шығармашылығы ұлттық бояуының қанықтығы мен ерекшеленетінін зерттеушілер талай рет айтып келеді. Жалпы ұлттық таным оның көркем шығармаларының барлығының стиліне тән ерекшелік. Осы пікірге мысал ретінде Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», «Елең-алаң»,

«Аңыздың ақыры» романдары мен «Күй», «Бәсеке», «Ханша дария хикаясы», «Шыңырау» хикаяттары мен «Көлденең көк атты», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», «Керек адам», «Міне, керемет», «Ақырғы аялдама», «Ең бақытты күн», «Аш бөрі», т.б. әңгімелерінде ұлттық бояуының соншалықты қанықтылығымен, қазақы мінез-болмысты мейлінше тере бере білуімен ерекшеленеді. Оны шығармаларының атауларының өзі («Үркер», «Елең-алаң», «Көлденең көк атты», «Есболай», «Тасбақаның шөбі», т.б.) көркемдік жүйеде ұсақ-түйек деген нәрсенің болмайтынын, шығарма атауының өзімен біраз жайтты аңғартуға болатынын көрсетеді.

Халықтық, ұлттық характер мәселесі өнердің барлық түрінде, оның ішінде әдебиеттің барлық жанрларында көрініс тауып отырады. И.Л.Гинзбург бұл мәселені поэтикада да өзекті екендігін айтады: «Характер играет важнейшую роль во всех родах и видах искусства» [1,225].

Қазіргі таңда ғылымда ұлттық характердің негізіне, этномәдени құндылықтарға көңіл аудару жағы жиі көрініп жүр. Оның толып жатқан себептері бар екені белгілі. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін өзінің мәдени құндылықтарын түгендей бастаса, екінші жағынан бұрынғы кеңестер одағының құрамынан бөлініп шыққан республикалардың өз ұлттық байлықтарының бар екеніне назар аударған дүние жүзінің елдері мен халықтары олардың табиғатын бар қырынан тануға ұмтылыс жасауда. Осы бағдарда суреткер Әбіш Кекілбаевтың көркем және публицистикалық шығармаларына да ерекше назар аударыла бастауы кездейсоқ жағдай емес. Өйткені, суреткердің қай шығармасы болса да этникалық сипатымен еркешеленіп отырады. Бұл – көркем шығармадағы негізгі факторлардың бірі. Оны түп негізі – генезисі қазақтың эпостық жырларында жатыр. Қазақ эпосының этникалық сипатын зерттеген ғалым Т.Қоңыратбаев бұл туралы былай деп жазады: «Тақырыптың маңыздылығы этникалық танымға ерекше мән беріп, ұлттық сананы қалыптастыру, этномәдени құндылықтарды игеру мақсаттарынан туындайды» [2,52].

Этникалық таным көп халықтарда қызыл кітапқа жазылатын сирек құбылысқа айналып бара жатқан бүгінгі таңда Ә.Кекілбаев шығармалары халықтық, ұлттық дүниетанымның, этнотанымның өзекті мән-маңызы ретінде қабылдануы да сондықтан.

Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (1981) мен «Елең-алаң» (1984) романдары Қазақстанның Ресей құрамына кіруі мен содан кейінгі алғашқы дәуірдің күрделі қарым-қатынастарын суреттейді. Ә.Кекілбаев – қазақ қоғамы өміріндегі түрлі саяси өзгерістерге, ұлт болмысындағы өміршендікке, алуан жайттарға қоғамдық санамызды қалыптастыруға күш салған қаламгерлеріміздің бірі. Қазақ тарихында туған жер, тас босаға, тал бесік үшін қу далада тәні, құба түзде көрі, құба белде елі қалғанша шыбын жанын шүберекке түйіп, тіпті пида еткен, басын бәйгеге тіккен әйгілі хандар, қол бастаған қаһармандар, шүкіршілік дейік, аз болмаған ғой. Сайын далада тұлпарлар үзілмесе, сол тұлпардың жалын тартып, мінісімен-ақ бар ғұмыры күрес-тартыспен өткен, ел тағдыры шешілер тұста, небір қилы-қиян ұрыс заманаларда «тәуекел» деп көптің алдына шыға білген, ақылдығы мен

даналығы, көрегендігі мен көсемдігі шебер қиюласқан айтулы тұлғалар болған. Олай болуы заңды да. Күні кешеге дейін Әбілқайыр ханның, сонау ХҮІІІ ғасырдағы Абылай ханнан кейінгі аса ірі тарихи тұлғаның төңірегіндегі түрлі алып-қашпа пікірлер бертінде ғана өзінің дұрыс бағасын ала бастаған секілді. Әбілқайырға байланысты ертелі-кеш айтылған пікірлерді шолып отырғанда, оны атқарған қызметіне, тарихымыздан алар орнына шынайы баға бергендерге алғашқылардың бірі болған Ілияс Есенберлин де, ал осынау тарихи тұлғаның оның өмір сүрген заманымен, дәуір, уақыт тынысымен тығыз байланыста алып қараған қаламгер Әбіш Кекілбаев болды.

Бұл тарихи тақырыпқа Ә.Кекілбаевтың алғашқы қалам тартып қана емес, «Аңыздың ақыры» деп аталатын алғашқы романын (1974) ол халық жадында сақталған аңыз сюжетіне құрып, тарих туралы философиялық толғаныс жасаған. Бас-аяғы екі-үш адамның (хан, Кіші ханша, шебер) іс-әрекетіне негізделген роман кейіпкерлерінің ішкі сезім күйлерін, жан әлеміндегі толғанысын суреттеуге құрылады. Хан жорықта жүргенде, оны құрметпен күтіп алғысы келген Кіші ханша мұнара салғызады. Мұнараны салушы шебер бұл мұнара арқылы кіші ханшаға өзінің інкәрлігін бейнелейді. Оған қызғаныш танытқан хан шеберді жазалайды. Жазушы ішкі монологты пайдалана отырып, характерлердің сыртқы әрекеттері ғана емес, ішкі ой-сезім арпалысы арқылы ашады. Хан характерінде күйініш-сүйінішін сездірмегенмен, толғаныс басым. Ханша мен шебер мұнара тілімен сөйлеседі. Мұнара – шебердің жан сезімі, құштарлығы. Оны түсінерлік, бейнелілікті танырлық сезім ханшада да мол. Ханға хабарды үлкен ханша өзегін құрт жеген қызыл алма арқылы береді. Ойлы хан әлемді тебіrentкен әміршілік әрекеттерінің өткіншілігін, опасыздығын түсініп, ханшаға қызғаншақтық танытады. Бұл да – ұсақ дүние. Ойлап қараса, дүние опасыз екен, қызғаныш пен сабыр, өкініш пен үміт, қанағат пен тойымсыздық қатар жүреді екен. Хан осыған талдау жасайды.

Осыдан бастап ішкі монолог Әбіштің жазу мәнеріне еркін кіргенін байқаймыз. «Үркер» романында қазақ тарихының мәселелері (қазақ хандығының көшпелі салтанаты, өзіндік дербестігі, ел ішіндегі әртүрлі жағдайлар, ел басқарушылары арасындағы алауыздықтар, Әйтеке, Қазбек, Төле билердің билік үшін күресі, т.б.) де Әбілқайырдың ойлауы, еске түсіруі түрінде беріледі. Бірақ тиянақ таппаған тарих елді тағы да тығырыққа тіреп отыр. Жоңғар шабуылы елді тықсырып барады. Осыдан барып Әбілқайырдың Ресей мемлекетіне бодан боп кіру идеясы туады. Жеке елдің ханы боп тыныштық таппаған Әбілқайыр орыстың панасына кіріп, сән түземек, абырой-атаққа ие болмақ болады. Роман Әбілқайырдың орыс патшасына елші жіберуі, Тевкелев бастаған елшілердің келуі, оның қазақ ру басшыларынан ант алуы оқиғаларына құрылады. Әрине, бұл оп-оңай іске аса алмасы белгілі. Әбілқайыр шешіміне наразы ру басшыларының тартысы, ханның түрлі айла-амал қолдануы, т.б. жайлар романда кеңінен суреттеледі. Романда сонымен бірге ел тағдыры, оны ұстаудың жайы, орысқа бағынудың себеп-салдары сияқты мәселелер маңында ой-толғақтар мол. Ондаған адамдардың

характерлері, ұлттық мінез-болмыс қырлары да жан-жақты әрі әдемі ашылып отырады.

«Елең-алаң» романы – «Үркер» романының заңды жалғасы. Онда орыс елшілігі мен Әбілқайырдың арасында қиыншылықтармен іске асқан келіссөздерден кейінгі екі елдің арасындағы ара қатынастардың ширай түсуі сөз болады. Роман оқиғасында қазақ делегациясының Петербургке баруы, Орынбор экспедициясының құрылуы мен қазақ даласына сапары Ор өзенінің бойына бекініс салу, Татищев пен Әбілқайырдың кездесуі, Әбілқайырдың бодандыққа беріктігіне қайтадан ант беруі секілді жайттар сөз болады. Башқұрттар көтерілісі, оның қазақтарға әсері негізгі арнаға қосыла суреттеледі.

Бұл романда да жазушы Әбілқайыр идеясын қолдауымен көрінеді. Орысқа қосылуды маңдай алдыңнан туып, жолыңды жарқыратып тұратын Үркер жұлдызына балайды. Елең-алаң – сол таңның әлі де атып болмағандығының бейнесі. Қазақ елі үшін әлі де көп нәрсе жұмбақ, күдікті. Екі роман да осыған мезейді, ойландырады.

Бұл екі романда автор кейбір үстірт топшылауларға бейім тұратынымыздай, тіпті де Әбілқайырды «ақтап алу» мақсатын көздемеген, керісінше, оның барша болмыс-бітімін, кескін-келбетін қыруар ғылыми, тарихи құжаттарға негіздей отырып, кескіндеген де, оқырманға шынайы түрде жеткізіп, тұжырым жасауды, пікір түюді сол оқырманның өзіне, көңіл қалауына қалдырып отырғандай көрінеді.

Романның негізгі кейіпкері – Әбілқайыр. Жазушы Әбілқайырды қол бастаған батыр, ел бастаған көсем билеуші, халық мүддесіне жақын жан ретінде көрсетуге тырысады. Әбілқайыр бейнесі қазақ әдебиетінде әр түрлі сипатта суреттеліп келді. Мәселен, С.Сматаевтың «Елім-ай» трилогиясында ол – мансапқор, құзғын пиғылды көп сұлтанның бірі боп суреттеледі. Ал Қ.Жұмаділовтің «Дарабозында» қазақты орысқа сатқан алаяқ, баққұмар сұлтан ретінде бейнеленсе, І.Есенберлиннің «Жанталасында» дарақы, әпербақан, өркөкірек жан болып кескінделген [3]. Ә.Кекілбаевтың ерекшелігі – Әбілқайыр бейнесін жасау үшін тарих қойнауына үңіліп, сол тұстағы қазақ халқының әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалына талдау жасай отырып, кейіпкердің сондай қиын заманда елін аман-есен сақтап қалу жолындағы шешуші қадамдарға барғанын батыл көрсетеді. Аталған романдар жарық көргеннен бері сыншылар мен әдебиеттанушы ғалымдар бұл туындаларды, ондағы Әбілқайыр бейнесін әр қырынан сөз етуде.

«Үркер» және «Елең-алаң» романдарында кейіпкерлер бейнесі арқылы қазақтың ұлттық характерін ашатын эпизодтар өте мол. Мұнда бас кейіпкер Әбілқайырдан бастап, көптеген жанама, қосалқы кейіпкерлердің бойындағы ұлттық сипаттар олардың ойлау жүйесі, кейіпкер сөзі мен өзара диалогтық қарым-қатынастар, ұлттық ой-сана мен әдет-ғұрып, салт-дәстүрлің көріністері арқылы мейлінше жарқын ашылған. Автор кез келген көріністер мен ситуацияларда қазақты жомарт мінезін, қонақжай қалпын, кеңпейіл ниетін суреттеумен бірге, олардың бойындағы кері тартқан кешірімсіз жат қылықтарын да жасырмай отырады. Бұған суреткер шығармалардың

мазмұндық-идеялық, концептуалдық болмысын саралау арқылы көз жеткізуге болады.

Қазақтың қазақ атанып, елдің ерлікті қастерлеп, ердің елдікті сақтап, ұлан-байтақ жерді қорғап қалудағы жампоз жан пидалығы мен қапысыз қаһармандығы халықтың есесі түсіп естен танған, ескерусіз қалған сұрапыл, зұлмат жылдар да, аштан қырылып, көптен жырылған, байтал түгіл бас қайғы күндерде де жадынан жарты есе шыққан емес. Ендеше, тарихта болған Әбілқайыр ханның шынайы бейнесін, барша болмысын, адамға тән қуанышы мен ренішін, көрегендігі мен көрместігін, даралығы мен баққұмарлығын, т.б. көрсетуді мақсат еткен романшы.

Ә.Кекілбаев осы мақсатын абыроймен орындап шыққан. І.Есенберлин төл әдебиетімізге жанры жағынан тарихи роман-хроника әкелсе, Ә.Кекілбаев философиялық, психологиялық тұрпаттағы тарихи романды әкелді. Қаламгердің стиліне тән шалқар шабыт, нәзік лиризм, терең философиялық, оқырманын ұйыта білетін психологизм, ешкімге аса ұқсай бермейтін, тек қазаққа ғана тән ұлттық бояуды шымдай айқындығы ерекше байқалып отырады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақ әдебиетінің тарихы. 9-том. Алматы, 2006. – 495 б.
2. Гинзбург И.Л. Характер в лирике // Гринберг И.Л. Лирическая поэзия. М., Советский писатель, 1955. – 228 с.
3. Қоңыратбаев Т. Қазақ эпосының этникалық сипаты. Алматы, 2002. – 268 б.

ӘОЖ 81'44

#### **МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ДИСКУРСТАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

**Муханбеткали Салтанат Темирханқызы**

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,

Ғылыми жетекші: **Нүрдәулетова Бибайша Ильясқызы**

филол.ғ.д., профессор

Yessenov University,

Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Мақалада Маңғыстау өңірінің топонимдері ұлттық дискурстың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады. Топонимдердің қалыптасуы қазақ халқының тарихи жады, этномәдени коды, дүниетанымы және рухани өмірімен тығыз байланысты. Автор топонимдердің мифологиялық, діни, табиғи және тарихи негіздерге сүйеніп, ұлттық болмысты бейнелеудегі рөлін сипаттайды. Сонымен қатар, қазіргі кезде кейбір тарихи атаулардың өзгеруі ұлттық санаға, тарихи

*сабақтастыққа теріс әсер етуі мүмкін екендігі айтылып, оларды ғылыми тұрғыда зерттеу мен насихаттаудың маңыздылығы көрсетіледі.*

**Кілт сөздер:** *топоним, ұлттық дискурс, тарихи жады, Маңғыстау, этномәдени код*

Қазақ халқы үшін топонимдер тек жер-су атауы ғана емес, тарихи жадының, мәдени болмыстың, рухани танымның көрінісі болып табылады. Әрбір атау – сол жердің өткені, халықтың өмір сүру салты, наным-сенімі мен дүниетанымына қатысты ақпарат көзі. Қазақстанның батыс аймағында орналасқан Маңғыстау өңірі – сан ғасырлық тарихты, аңыз-әпсаналарды, батырлар мен әулиелер туралы мәліметтерді бойына сіңірген қасиетті аймақ. Бұл өңірдегі жер-су атаулары да сол тарихи-мәдени контекстпен тығыз байланысты. Маңғыстау топонимдерінің қалыптасуы мен мағынасы қазақ халқының көшпелі мәдениетімен, мифологиялық танымымен, әлеуметтік құрылымымен сабақтас. Көптеген атаулар тарихи тұлғалармен, ру-тайпа қозғалыстарымен, діни орындармен және табиғи бедерлермен байланысты. Топонимдер – халықтың ауыз әдебиетінде, жыр-дастандарында, шежірелерінде де жиі кездесетін, тарихи дерек көзі ретінде құнды тілдік бірліктер. Бұл зерттеудің мақсаты – Маңғыстау топонимдерінің ұлттық дискурстағы орнын анықтап, олардың мәдени-тарихи код ретіндегі қызметін саралау. Сонымен қатар қазіргі кезде орын алып жатқан атаулар өзгерісі мәселесі де талданып, ұлттық сана мен тарихи жадқа ықпалы қарастырылады.[1, 78-б.]

Маңғыстау топонимдерінің бір бөлігі табиғи ерекшеліктерді білдірсе («Қарақұдық», «Жығылған», «Шайыр»), енді бірі белгілі тұлғалардың есімдерімен тығыз байланысты («Бекет ата», «Есен ата», «Қосай»). Мұндай атаулар тек географиялық орын емес, сонымен қатар рухани құндылықтың да нышаны. Топонимдер арқылы халықтың дүниетанымы, кеңістікпен қатынасы, тарихи жады көрініс табады. [2, 133-б.]

Маңғыстау өңірі – тарихи-мәдени кеңістік ретінде көптеген жер-су атауларын бойына жинақтаған. Бұл топонимдердің әрқайсысы қазақ халқының өмір салтына, дүниетанымына, тарихи жадысына қатысты құнды ақпарат сақтайды. «Шерқала» – Маңғыстау өлкесіндегі ерекше формалы тау. Атауы түркі тілінде «шер» – «арыстан», «қала» – «қорған» деген мағынаны білдіреді. Аңыз бойынша, бұл жерде бір кездері бекініс болған және оны арыстан жүректі батырлар қорғаған. Бұл атау батырлық пен жұмбақтықты меңзейтін мифологиялық символға айналған. [3]

«Отпан тау» – Адай тайпасының ұйысқан жері ретінде қасиетті орын саналады. Бұл жерде жыл сайын Наурыз мейрамы кезінде алау жағылып, батырлар рухына арнап құран бағышталады. Ол туралы мәліметтерді Б. Аяғанның «Қазақстан тарихы» еңбегінен кездестіруге болады.

«Саура» – теңіз маңындағы шатқал атауы. Бұл атаудың шығу тегі «сауыр» – «жартасты, құлама беткей» деген мағынамен байланысты. С. Сейітовтың еңбектерінде Саура шатқалы ежелгі адамдардың қонысы ретінде сипатталады.

«Қарақұдық», «Шайыр», «Тұщықұдық» сияқты атаулар табиғи ресурстар мен ландшафтық сипатқа негізделген. Мәселен, Қарақұдық – қара түсті құмды құдық болса, Тұщықұдық – тұщы суы бар бекініс болған жер. Бұл атаулар ХІХ ғасырдағы саяхатшылар жазбаларында да кездеседі.

«Бекет ата» – қазақ даласындағы ең белгілі әулиелердің бірі. Оның есімімен байланысты жер атауы – тек топоним емес, бүкіл халықтық рухани-діни феноменнің көрінісі. Бекет атаның есімі Маңғыстау жерасты мешіттерімен, діни мектептерімен тікелей байланысты.[4]

Ұлттық дискурс – ұлттың өзін-өзі бейнелеу, тану, түсіндіру үдерісі. Бұл дискурс көбіне тіл арқылы жүзеге асады. Топонимдер – осы үдерістің маңызды құралы. Олар тарихи оқиғаларды, этностық құрамды, табиғи орта ерекшеліктерін тіл арқылы сипаттайды. Әрбір жер атауы – белгілі бір ұлттың тарихымен, руханиятымен, дүниетанымымен тығыз байланыста қалыптасады. Топонимдер ұлттық сананы бекітеді, тарихи жадыны сақтайды және ұлттың мәдени кодын болашақ ұрпаққа жеткізетін маңызды семиотикалық құрал ретінде қызмет етеді. Мысалы, «Отпан тау» – Адай тайпасының рухани символы ғана емес, бүкіл Маңғыстау халқының бірлік пен батырлықтың белгісі ретінде қабылданады. Мұнда жыл сайын от жағу дәстүрі – ұлттың көне наным-сенімдері мен қазіргі рухани бірлігін жалғайтын дискурсивтік әрекет. «Шерқала» – мифологиялық сипаттағы атау. Ол тек табиғи нысан емес, халық жадында батырлық, ерлік пен жұмбақтықтың символы ретінде орныққан. Бұл атау арқылы халықтың аңыз-әпсаналарға, мифтерге деген қатынасы, дүниетанымдық ерекшелігі көрініс табады. «Бекет ата» – ұлттық дискурста ерекше орын алатын сакральды топоним. Бұл атау дін мен дәстүрдің, ғылым мен руханияттың тоғысқан жері ретінде қабылданады. Бекет ата тек жер атауы емес, ұлттық руханияттың өзегі. «Қарақұдық», «Шайыр», «Тұщықұдық» сияқты атаулар да дискурсивтік мәнге ие. Олар халықтың тіршілік көзі – су, құдық, жайылым секілді шаруашылық, геоэкологиялық дүниетанымымен байланысты. Қазақтың кеңістікпен қарым-қатынасы осы топонимдер арқылы анықталады.

Мұндай атаулар ұлттық дискурста үш түрлі қызмет атқарады:

1. Тарихи жадыны сақтау: атау арқылы халық өткенін еске түсіреді (мысалы, соғыс, көшу, ру-тайпа шежіресі).
2. Мәдени код ретінде: атаулар халықтың салт-дәстүрі, діни сенімі мен мифтік дүниетанымын бойына жинайды.
3. Тілдік және танымдық көпір: ескі сөздер мен ұғымдар атауларда сақталып, олар арқылы тілдің құрылымы мен семантикалық қабаттары танылады.

Қазіргі таңда кейбір тарихи атаулардың жойылуы немесе өзгертілуі ұлттың тарихи санасына теріс әсер етуі мүмкін. Бұл – тілдік мұраның үзілуі, мәдени кодтың әлсіреуі деген сөз. Сондықтан топонимдерге тек географиялық атау ретінде емес, рухани мұра ретінде қарау – маңызды міндет. Ұлттық дискурс – белгілі бір ұлттың өзін-өзі таныту, түсіндіру тілі. Бұл тұрғыда топонимдер ұлттың тілінде, тарихында, ауыз әдебиетінде, қоғамдық санада маңызды рөл атқарады. Мысалы, “Отпан тау”, “Шерқала”, “Қаратау”, “Түпқараған” сияқты

атаулар тарихи оқиғалар мен мифологиялық бейнелермен сабақтасып, ұлттық болмысты бейнелейді. [5]

Маңғыстау – ерте заманнан бері әртүрлі этностардың мекені. Топонимдер арқылы жергілікті халықтың көші-қон бағыты, діни сенімдері, тіпті шаруашылық түрлері туралы да мәлімет алуға болады. Топонимдер тілдің көнелігін, құрылымын, семантикалық ерекшелігін сақтайды. Олар арқылы: Ескі сөздер тіріледі (мысалы, “құдық”, “шоқы”, “жыра”); Диалектілер мен жергілікті тіл ерекшеліктері танылады; Тарихи сананың сабақтастығы сақталады. [6]

Маңғыстау топонимдері – қазақ ұлтының рухани және тарихи мұрасы. Олар ұлттық дискурсты қалыптастыратын, ұлттың өзін-өзі тануына жол ашатын маңызды семиотикалық және мәдени код. Бұл атауларды сақтау – ұлттың тарихи жады мен тілін сақтау деген сөз. Қазіргі кезеңде кейбір тарихи атаулардың өзгеруі немесе жойылуы ұлттың тарихи жадына кері әсер етуі мүмкін. Сондықтан топонимдерді ғылыми тұрғыда зерттеу, тарихи атауларды қалпына келтіру және оларды білім беру мен ақпараттық кеңістікте кеңінен насихаттау – аса өзекті міндет. Бұл – тек тілге ғана емес, тұтас ұлттық санаға, рухани мұраға деген құрметтің көрінісі.

Осы ретте Маңғыстау топонимдерін зерттеу – қазақ халқының тарихи-мәдени мұрасын тану мен бағалаудың, ұлттық болмысты сақтау мен ұрпаққа аманаттаудың маңызды құралы ретінде қарастырылуы тиіс.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қойшығараұлы, М. Ұлт тарихы және ұлттық таным. – Алматы: Білім, 2006. – 78-б.
2. Қойгелдиев, М. Ұлттық сана және тарих тағылымы. – Алматы: Жалын, 2011. – 133-б.
3. Нұрдәулетова, А. Маңғыстау топонимдерінің семиотикалық сипаты // Қазақ тілі мен әдебиеті, 2012. – №3. – Б. 54.
4. Баймаханов, М. Қазақ топонимдерінің этномәдени негіздері // Тілтаным, 2020. – №1. – Б. 68.
5. Тұрсынова, Г. Топонимдер – тарихи жадының айнасы // Қоғам және дәуір, 2019. – №2. – Б. 45.
6. Сейітов, С. Маңғыстау аңыздары. – Ақтау: Маңғыстау баспасы, 2005. – 102-б.

**ӘБШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «МАХАМБЕТ» ДАСТАНЫНДАҒЫ  
БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ ӨРЛІГІ**

**Каржауова Арайлым Жасеновна,**  
«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Атырау қ., Қазақстан

**Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы** - ғылыми жетекші,  
филол.ғ.к., профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада белгілі жазушы Ә.Кекілбаевтың «Махамбет» дастаны туралы зерделенеді. Аталған дастанда қызғыштың әні арқылы Махамбеттің сол бір қиын кезеңдегі жағдайына жақсы түсінік бере алған. Махамбеттің көп өлеңдерінен «Қызғыш құстың» бітім болмысы бөлек мұңды элегия екенін бәрі біледі. «Махамбет» дастанында «Қызғыштың әні» бөлімі Махамбеттің сол аттас өлеңінің негізіне құрылған. Деректі-тарихи «Махамбет» дастаны Ә.Кекілбаевтың «Шандоз» атты деректі шығармасына кіріспе сияқты болды. Дастанда батыр бейнесінің өр мінезділігін айқын көрсететіндігі сөз болады.

*Кілт сөздер:* қазақ әдебиеті, Ә.Кекілбаев, «Махамбет» дастаны, «Қызғыштың әні», деректі-тарихи туынды

Махамбет туралы қазақ әдебиетінде дастан, әрі тойнағы бөлек зерттеу еңбек жазған жазушының бірі – Ә.Кекілбаев. Ә.Кекілбаевтың құмартып, түбітиек бозбала шағынан бастап қалам тербеп, келе жатқан сүйікті тақырыбы – Махамбет. «Махамбет» дастаны – қазақ әдебиетінде Махамбет тақырыбына алғаш жазылған шығармалардың бірі, бұл дастан автордың 1958 жылы студент кезінде өмірге келген.

Өзі кезінде көп әдебиетшілерден мақтау алған дүние. Бірақ, жазғандарын жариялауға келгенде, тым кірпияз, асығып-аптықпайтын жазушы мұны қоржын түбінде ұзақ ұстаған. Дастанның «Қызғыштың әні» бөлімі Махамбеттің сол аттас өлеңінің негізіне құрылған. Дастан: Махамбет сынды бұла перзентінің халі мен бірге қайғырған даласының жай-күйі, Махамбет пен патшаның унтер офицері арасындағы диалог пен эпилогқа құрылған. Ешкінің асығындай шымыр да шағын шығарманың бас-аяғы – 252-ақ жол. Махамбет те бір – қызғыш құс та бір. Сол бірлікті біз де сақтап, ақынның бітім-болмысы бөлек «Қызғыш құс» өлеңіне тоқтала кетейік:

«Қызғыш құс» – мұңды элегия. Қаламгер, әсіресе, «Қызғыштың әні» арқылы Махамбеттің сол бір қиын кезеңдегі жағдайына жақсы түсінік бере алған.

Махамбеттің көп өлеңдерінен «Қызғыш құстың» бітім болмысы бөлек. «Исатайдан айырылып» делінуіне қарағанда, 1838 жылдан соң шығарылған шығарма. Бір ерекшелігі қызғыштың аты аталатын өлең жолдарының бәрі де Исатайға арнап шығарылған:

Қызғыштай болған есіл ер,  
Қайран да жұрттан не көрді?! [1, 132].

Өзі: «Жалғыздық», «Адыра қалған Нарынның», «Біткен істің міні жоқ» өлеңдерімен сарындас. «Қызғыш құс» ақынның өзге шығармаларындай емес, тәптішке түспей, жоғалмай, міні құрымай, құйрық-жалы күзелмей жеткен бақытты шығарма. «Махамбет – психологиялық параллелизмнің өз кезеңіндегі теңдесі жоқ шебері», – десек, соның айқын үлгісі – осы өлең.

Қызғыш – су құсы, көлінің қорықшысы болғанда, Махамбет жерінің қорғаны, елінің жоқшысы. Екеуінің де «қанаты қатты», топшысы тегеурінді, бірақ «мойын бос», ерік күштінің қолында. Сол сеп болып, бұл – елден, құс – көлден айырылып, екеуі құла түзде табысып, мұндасады! Тілімізде «қызғыштай қору» деген қалыптасқан тұрақты тіркес бар. Құстың бұл түріне ел берген жалғыз мінездеме – осы. Соған қарағанда, оған: бауырмалдық, күрескерлік тән. Басқа қандай қасиеттері бар еді? Ол сыршыл ақынға несімен жақты? Дауылпаз, күрескер ақынның аузына: бүркіт, қаршыға, лашын сияқты қыран құс түспей, дәл осы қызғыштың түсуі, оны өте-мөте жақын тартуының сыры неде?

Қызғыш – қандай құс? Қызғыштың қандай құс екеніне бірнеше энциклопедияда берілген анықтама-түсініктер бізді қанағаттандырмады. Соның ұшығын неміс ғалымы Альфред Брэм (1829-1884) ұстатқандай болды. Бүкіл ғұмырын жан-жануарларды зерттеуге сарп еткен, артына «Хайуандар өмірі» атты бірнеше томдық анықтамалық еңбек қалдырған ғалымның сол шығармасының 11-ші томынан қызғышқа қатысты төмендегі жолдарға көзіміз түсті:

«Қызғыш – ерте көктемнің алғашқы хабаршыларының бірі, қараторғаймен, бозторғаймен бірге ұшып келеді. Кейде бұл құс қыс ызғары қайтпаған кезде келіп қалып, қиын күндерді бастан кешеді. Тобымен ұшып, отанына жете салысымен, жан-жаққа бытырап, жаздың тіршілігіне кіріседі. Бұл – жылдам ұшатын, үнемі тыным таппайтын, қагілез құс. Ұшқаны өте тамаша, бұралаң-бұлтарысы көп, әсіресе, басына қауіп төнгенде, тіпті, тез самғайды. Қызғышты неғұрлым көп бақыласа, соғұрлым оның жақсы, ақылды құс екеніне көз жеткізуге болады. Оның аңшы біткеннің аузын аштырып, айран-асыр қалдыратын сақтығы – құрметтеуге лайық.

Ол қандай адамға сеніп, қандай адамнан қашу қажеттігін де жақсы біледі. Жаманшылықты ешқашан ұмытпайды. Өз жұбы өлген қайырсыз жерді жылдап ұмытпай жүреді.

Қызғыш барлық төрт аяқты жыртқыштарды өте-мөте жек көріп, оларға үлкен ерлікпен қарсы тұрады. Ол ізшіл иттің басынан шүйлігіп ұшып, өлермендікпен қарсыласады. Қызғыш түлкіге де солай шабуыл жасайды. Бірақ, түлкі көп ретте өжетірек құстың бірін қолға түсіріп қалады да қалғандарын қатты абыржытып, қорқыныш себеді» [2, 215-216].

Бұл жолдардан қызғыш пен ақын арасындағы ғажап ұқсастықты көреміз. «Адам баласының табиғатқа қатысы қашан да әдемілік негізін қалаған. Үндестік – іргелі эстетикалық ұғым». Ол – ерте келетін жыл құсы. Махамбет те – кезеңінен ерте келіп қалған ердің сойы. Ол жылдам, қағілез болғанда, Махамбет те – нағыз белсенді харекеттің, күрестің адамы. Қызғыш екі аяқты жауын алыстан айырса, ақынның да сақтығы бір басына жетіп артылады. Екеуі де төрт аяқты итке есе бермегенімен, айласына құрық бойламайтын түлкі сұмға алдырып қалады. Екеуі де кеткен кегін, наласын ұмытпайды. «Ер дініне берік», қанаттының ханы – қаршыға мен бүркіт, хан сарқытына үймелеген маңайындағылар қарға болғанда, қызғыш оларыңнан қыңбайды.

Елдің ханы – Жәңгір, Баймағанбет сұлтан, боқ шоқыған қарғасы – Қарауылқожа, Балқы, Шонты болғанда, солардың жағасына қол апарып жүрген адамның қызғышы – ел қорғаны – Махамбет! Қандай ұқсас тағдыр! Сұңғыла ақын аспан мен айдын еркесі құс арасынан өзінің сыңары дегдар қызғышты қалай дәл тапқан? Соны өлеңінде қалай шебер кестелеген?

Айтып-айтпай немене,  
Құсалықпен өтті ғой,  
Махамбеттің көп күні! [1, 104].

Шынтуайтқа келгенде, айтарын айтып кеткен Махамбет бұл бейопа тірліктен ұпайын түгендеп те кетті. Оның құсалықпен өткен жасын ғұмырының бір күнінің өзі «жарамды бір теріге алғысыз» жаманның шаршысына толып, шабын білеп өткізген бүтін бір өміріне бергісіз. Қазан түбінің қаспағын қырып, қырғыш болып өткенше, асты көл, үсті шексіз кеңістікте қанатың қызып, айдарыңнан жел есіп, самғап, қызғыш болып өткенге не жетсін! Көп күнімізді құсалықпен өткізіп жүрген кешегі ақын Махамбет емес, бүгінгі мына біз мұңлықтар емес пе екенбіз?! Махамбеттер өлгенмен, рухы өлмепті. Қараойда бас кесілгенмен, тіл кесілмепті. Туырлық тұл емес екен, түбіне ту қайта байланды. «Кейін қалған жас баланың көңілі жай табар» күн де туды.

Қызғыш байғұстың дауысын қаперіне де ілмеген, бәрі-бәрі тамам болған талақ – дүние-ай!.. Жалғыз жаяу жолаушы өзге ешкім де емес, ол – Махамбет.

– Қыр желі,  
Арсылдама, абалама!  
Құр жаяу жолаушыны табалама.  
Ол кеше қыран еді саңқылдаған,  
Ал, бүгін – жалпылдаған қара қарға, –

дейді [1, 36]. Бұл сәтте ол ақын жайынан да анық хабар береді. Өкініші бар – өксуі жоқ, қыжылы – бар қынжылудан ада, иілгенмен, иліге кетуден азарда-безер кәдімгі өзіміздің Махамбет! Өте ұқсас тағдыр. Құс – тағдыр, адам – тағдыр! Қандай егіз ұқсастық!

Енді жас Әбіштің қаламына іліккен «Махамбет» дастанының «Қызғыштың әні» бөліміне назар салсақ... Ақын қазасын аза тұтқан бар тіршілік, жансыз табиғат жауыздар ісінен түңіліп, лағынет айтқан. Табиғаттың мұнайған кейпі поэмада кейіптеулер арқылы түйдек-түйдек тізбегімен берілген:

«Қыр кезереді, безереді», «нұрлы күн безеді», «жылан жол жетелейді», «көленке жүзіледі», «бұлдыр күн шөгеді», «өлімді естігенде, ала қыр еңкілдейді», «жел зарлады», «жел кеңкілдеді», «боз дөң кемпірдің иығындай селкілдеді», «түз гүлдері батырға келіп жамырады», «бар дүние құлақ түрді», «көктің де көзінен жас құлап тұрды», «жер бауырлап, басын соқты», «қаймығып, қайғылы аспан қаймақтанды», «асқар таудың асқақ жаны жер болды», «асқар тау бұл қорлыққа шыдай алмай, бармағын шайнап қалды», «тосын өлім теңізді де теңселтті», «толқындардың балуан қолы төмпештеп, бай-байлап көкірегін ұрып жатты», «алап азадан абдырады», «тентек жел қырды мұз-тілімен жалап тұрды», «жел жаяу аттының тірсегін сабап тұрды», «қыр кектің бір үйірін айдап қалды», «қыр желі құтырынды, ысқырынды», «ақ боран азу тісін қайрап қалды», «қасқа дала қайғыдан қар жамылды», «аспан ана айналаға уыс-уыс ақ шашын жітіріп, жұлып жатты», «ер өлім айналасын дүрліктірді», «қаралы ауыл қайғыдан қалғып қалды», «қара дауыл тек екіленіп тұрды», «жел сыңсыды», «дөңнің иығы құнысты», «жетім елік маңырады», «ботасыз аруана аңырады», «бұлттың көзінен жас ақты», «адыраспанның қураған соңғы жапырағы үзіліп түсті», «тіпті, түбінен жұлынған ебелек екеш ебелек те ыққа қарай ебіл-себілі шығып жылап бара жатты» т.б.

Осыншама тірліктің бәрін қабыстырған қаралы істің кінәлісі – бір адамды қаламгер жанамалап атын атамай өлең шумақта:

– Бұл да бір ісінсін, шіренсін бір.  
Бетіне қаны шауып, түр енсін бір!  
Ертең ол Махамбеттің басын алып,  
Генералдан крест бер деп тіленсін бір!  
Ар жағын ақшаға әкеп тіреп қойсын,  
Қырғызды боқтап-боқтап іреп қойсын.  
Қазақтың азаттығын көрге көміп,  
Басына патша темір крест қойсын! –

дейді [1, 36]. Әңгіме мазмұны кімге бағышталғаны айдан-анық. Ол – Баймағанбет сұлтан. Өлеңді жолдағы мазмұнды тереңдете ашу үшін, қаламгердің «Шандоз» деректі-тарихи баянындағы оған қатысты ойларын кеңірек ашып, салыстыра түсіндіреміз:

«Пугачев бүлігі басылған соң, қазақ даласының батысын қамтыған қазақ руларының дүрбелеңінде Айшуақ балалары да көзге түсіп, орыстың «Сахарная, Антонов, Каленов бекіністеріне шабуыл жасаған балаларының ұрлығы үшін» Айшуақ сұлтан Орал бекінісіне қамалып, 1787 жылға дейін тұтқында болады» [3, 36]. – дейді

Орыс сеніміне бірден кіріп кетуіне қарағанда, Баймағанбет ол оқиғадан қалыс қалған. Жәңгірдің тұсында ол – Жайықтың Бұхар бетінің әміршісі. Көтерілісті басу жолындағы белсенді күрес басшыларының бірі. 1841 жылғы К. Бутенов пен П. Никифоров елшілігін Сырдарияға дейін бастап барған экспедицияға қатысады. «4-ші күні колонна жазықпен ілгері жүріп, Бұлақсай өзенінің бойына жетіп тоқтады. Осы жерде маған ол уақытта Жайық сырты қазақ ордасының басшысы сұлтан Баймұханбет Айшуақов келіп қосылды. Генерал адъютант Перовскийдің бұйрығы бойынша ол мені Яксартқа дейін,

одан қайрар жолда бастап жүруге тиіс болды... Мен оны даланы тамаша білетін орысшаға жетік адам ретінде таныдым. Ол күн сайын мені қазақтардың жаз кезіндегі негізгі тамағы қымызбен қамтамасыз етіп отырды. Ол алдыңғы лектегі менің қасымда болды. Соңымыздан бір топ сұлтандар мен билер және қымыз құйылған үлкен саба артулы екі аяқты арба еріп отырды», – деп жазады экспедиция басшысы Бас штаб офицері, әскери барлаушы И.Ф. Бларамберг [3, 240].

Бұдан белгілі болғаны – Баймағанбет орысша жүйелі білім алған адам. Хиуаға баратын елшілік құрамында Махамбетке дос-жар пейілдегі офицер Мұхамедшәріп Айтов та болыпты. Ал Баймағанбет тобында немере інісі поручик Мұхамед-Әли 160 қазақ жасағымен болған екен. Бұлар 1 август күні Ырғыз бен Торғай өзендерінің қиылысқан жерінен кірекештерді және 400 түйе, 40 қазақ кірекештерді алып кері қайтқан. 17 август күні Ырғыз өзені бойынан Баймағанбеттің өзі де кейін қайтулы. И.Ф. Бларамберг оның жанында 18 би, ақсақал, сұлтандардың болғанын, аттанар қонақасыда олардың кезекпен келіп, басшыларының қолынан ет асағанын тәптіштеп жазады. И.Ф. Бларамберг осы сапарда полковник Баймағанбет Айшуақовты қатты жақсы көріп, достасқан. Баймағанбеттің кейіннен генерал-майор шенін алуы – орыс ұлықтарымен осындай қарым-қатынасы, үкімет алдындағы сіңірген қызметінің арқасы. Өлең жолдарындағы ой тарих деректерін осылай ашады.

Махамбетке қарсы жау топты ұйымдастырушы – Баймағанбет. Махамбет – Баймағанбет сұлтан құрған тордың қасіретті құрбаны.

«Шандозда» «Баймағанбет бірінен-бірі өткен екі дүлдүлдің, бірінен-бірі өткен екі толғауының тууына себепші бола алғаны үшін, тарихта қалуға лайық», – делінген [4, 308]. «Екі дүлдүл» – Махамбет пен Шернияз. Қаламгер тілінде қағытпа ирония да бар. Тарихи тұлғалар Исатай мен Махамбет өмір-тарихын Баймағанбетсіз айту мүмкін емес. «Махамбет те есесін жібермейді. Өз түбіне жеткен Баймағанбетті ол да тірісінде – бір, өлісінде – екі рет өлтіреді. Тірісінде өлтіргені – сұлтанды жерден алып, жерге салған атақты толғауы. Өліде өлтіргені – халықтың Баймағанбеттен оның өшін алғаны... «Бір кісіні екі бөлек қоймақ жоқ», – деп, ақынның кесілген басын қолынан алып, шын жендеттің кім екенін айдай жұртқа паш еткен» [4, 308].

Негізінде, ел аузындағы аңыздың бір тінінде Баймағанбет қорқып, Асаубай Махамбеттің басын сұрап қоймаған соң, ешкімге білдірмей, түн ішінде жерлепті-міс. Көрге түскен бас мүрденің аяқ жағына салыныпты. Қалай болғанда да, ақиқаты – бастың денеден бөлек жерленуі.

Жазушы жеріне жеткізіп, өлеңінде айта алмай кеткен ойларын деректі-баянында еркін көсіліп, Баймағанбетке қатысты деректерді біршама ақтарған. Жанры бөлек екі шығармасындағы ойлары бірін-бірі толықтырып, оқырманна олар жөнінде кең түсінік бере алған.

Екіншісі – «Петербургке барып, қуанышы қойнына сыймай келе жатқан сұлтанды тасып жатқан Електің өткелінде салға мінгізіп, өткелшінің аузын алып, арқан үзілді деп, жора-жолдастарымен суға ағызып жіберіп, патшадан алған сыйының қызығын көрсетпейді», – дейді [4, 307]. Бұл – Асаубай мен Үбінің ісі көрінеді.

Бұл жай: Х.Досмұхамедов, В.Ф.Шахматов, Қ.Жұмалиев, Т.Әлімқұлов, Б.Аманшин, Ә.Сарай, Ә.Кекілбаев, Қ.Мұқанбетқалиев т.б. зерттеулері мен еңбектерінде жазылған. «Патшадан алған сыйлығының қызығын көрсетпейді», – дегені де, сұлтанның патша үкіметінің мықты қолшоқпары және атаққұмар болғанын да аңғартқан. «Қазақстандағы патша үкіметінің саясатына қолдау көрсеткені үшін, әскери старшина (1836), подполковник (1839) болғаны, Жоламан Тіленшіұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басуға қатысты, Исатай Тайманов бастаған көтерілісті басуда белсенділік танытқаны, 1838 жылы 12 шілдеде Қиыл өзенінің жағасындағы шайқасқа араласқаны, 1843 жылы Кенесары Қасымов жасағына қарсы күрескені» тарихи деректерде жазылған [4, 134]. Оның бұл әрекетін Х. Досмұхамедұлынан бастап, Ә. Сарай, Ә. Кекілбаев, М. Қозыбаевтар да тарихи дерек ізімен дәлелдеген.

Қаламгер өлеңіндегі:

«- Ертең ол Махамбеттің басын алып,  
Генералдан крест бер деп тіленсін бір!» –

деуі Баймағанбеттің осы әрекеттеріне байланысты жазылған [4, 40 б.].

Қ.Мұқанбетқалиевтың «Бас жұтқан бас» повесінің оқиғасы да Баймағанбеттің осы әрекетіне байланысты ой қозғайды. Соның салдарынан өз басын да алдыртып тынады. «Былыр Махамбетке кісі жіберіп, Сүйеуғали аулының жанындағы төбе басына шыққанында да дәл осы бір көрініс көз алдына кеп тұрып алып еді... «Айтпақшы, кеше түсімде көрген Бас кімдікі секілді-тұғын»? Ол қатты қажыған кісінің түрімен қабағын қарс жауып, түйіле ойланып еді, бәрі ап-айқын көз алдына тұра қалды. «Шексіз... бас сонікі... Соның басы! Енді таныды». Сұлтан есіне түсіргеніне қуанып үлгергенше, қорқыныш қоса қабат келді. «О, сұмдық! Тірінің басын өлі жұтты деген не? Бұл не болды екен» [4, 159]. Қ. Мұқанбетқалиевтың «Бас жұтқан бас» повесінің айтар түйіні де – осы. Ақынның басын алғанымен, өз басын да жұтатып тынды. Қысастықтың, бәрібір, қарымтасы қайтпай қоймайтындығы тарихта әлдеқашан-ақ осылай дәлелденген.

«Өз ісінен өзі шошынған, секем алған сұлтан мүлде мазасынан айырылып бітеді. Көзін жұмса, түсінде өзінің басын жұтып жатқан әлдеқандай бір жұмбақ бастан шошиды! Халықтың сүйікті ақынын өлтірген сұлтан өлі мен тірінің арасында күй кешеді. Сол күйінде Исатай-Махамбет көтерілісіне қатысқан бір сарбаздың оғынан өлім табады», – деп түйеді.

«1966 жылдың 9 июлінен бастағанда ақын басы 17 жыл бойы қағаз жәшік ішінде әр жерде жатты. 1983 жылы 15 майда қайта жерленгенін», – Х.Әбисатов нақтылай жазған [4, 140].

Біздің осыған қосарымыз: «Бұдан да басқа оны масқаралаған өлең – Абыл Тілеуұлынікі». Бұрын жарияланғанымен, зерттеушілер назарынан тыс қалып келді [5, 65]. Себебі, Маңғыстау шеткері жатқандықтан, оқшау қалды. Екіншіден, ақын Абылдың дәріптелмей қалуы оның күйші Тарақұлы Абылмен шатастырылып келуінен де болды, Қ.Сыдықов өзінің зерттеу еңбегінде екі Абылдың бар екенін түбегейлі дәлелдеп шықты.

Абыл ақынның екінші бір өлеңінің шығу жайына тоқталайық. Исатай өліп, көтеріліс жеңіліс тапқан соң-ақ, бұл ел Қайыпқалидың Хиуа ханы берген

хандық өкілдігін мойындамай қойған. Мойындау былай тұрсын, ел ішіне келуін, алшаң басып жүруін де қош көрмеген. Абыл ақынның атақты «Қайыпалдыға айтқаны» деп аталатын өлеңі – елдің опасызға шығарған үкімі. Баймағанбет – Жайықтың Арқа бетіндегі елдің билеушісі. Адай елінің бір шеті осы өңірді жайлайтындығы себепті, бір жағынан, оған да әкімшілік бағыныста болып келді.

Баймағанбет бірде, ішінде Абыл ақын да бар, ел жақсыларын қонаққа шақырады. Шақырғанда бармау ерсі, Абыл да барады. Барған ғұрлы, тоң-торыс, ішін бермейді. Қатқан тоңды жібітпек болған Баймағанбет жиендігін бұлдап, қалжыңға сайып: «Нағашеке, маған арнар сөзің жоқ па? Сендей ақын жиеніне құр ауыз келмеген шығар? Барың болса айт, аянбайтын жерің – осы», – дейді. Абыл сол жерде домбырасын шалып-шалып жіберіп, іштегі запыранын бір-ақ ақтарады:

– Бопайдан туған әкең – Айшуақ хан,  
Табаның таймай тұр-ау, мінген тақтан.  
Дәлірген тажал-сынды дәрежеңді  
Деп жүрсін: «кұдай қорып, қызыр баққан!».  
Қаңғырған Қайыпалды тәңір қаққан!  
«Ер өлді», – деп, етек бұлап жылайтұғын,  
Байеке-ау, қай ісің бар елге жаққан, –

деп, Абыл ақын от ауыз, орақ тілімен Махамбет қарымтасын қайтарған. 1777 жылы туған Абыл Тілеуұлы Баймағанбетке бұл сөзді айтқанда, үзеңгісін ұзартқан кісі еді. – Осы сөзімді өз аузымнан айтайын деп келдім, әйтпесе хан шақырды екен деп, қапылып ат ерттер кісің мен емес. Жүзіңді Бабалы көрсін деген, Баймағанбет көрер кісім емес еді, – депті [5, 66].

Абылдың бұл өлеңі Шернияздың өлеңінен кем түспейді. Абылдың Абыл атын шығарған өлең. Баймағанбетке елдің атынан айтылған қарғыс және ол – алдындағы екі ақынның өлеңдерінен кейінгі халықтың Баймағанбетке айтар нәлетін тиянақтап кеткен азулы ақын. Сонда мұндай өлеңдердің бәрін де Баймағанбет көзі тірісінде де, өлгеннен кейін де тек Махамбетке қатысты естіген екен!

Сұлтанның атаққа семіріп, туған халқының басындағы ауыр жағдайды елемегені тарихи деректерде жиі жазылған. «Мұнар күн», «Қызғыш құсты», былай қойғанда, Махамбеттің «Баймағанбетке айтқанында» қаншама идея, серпін, сатира жатыр. Романтизм дегеніңіз – асқақ жыр, асқынған қайшылық, ұлы сатира, бітімсіз тартыс».

Ал, «Мәңгілік шабысқа шыдас беретін Махамбеттің құдіретті сөз жебесі Жәңгір ханды да, Баймағанбет сұлтанды да қатыгездіктің жалауындай желбіретіп, тарих кеңістігінде әлі де ұшып келеді» [4, 75].

Махамбет ажалының қандықол бас жендеті Ықылас Төлеевті Баймағанбеттің қалай марапаттағаны белгісіз. Ал енді сұлтанның баласы оны ескерусіз қалдырған жоқ. Бұрын зерттеушілердің көзіне түспеген бір деректің сырын ашайық. Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві, № 4 фонд, офис №1, Д-іс, 34-64 бетінде 1850 жылы 27 декабрь Ықылас Төлеевті Анна лентасына тағылған алтын медальмен ұсынуға толтырылған қағаз бар.

«Қол қойғандар: айырықша тапсырмалар чиновнигі: Лазеревский, әскери старшина: С.Баймұханбет», – деп толтырылған [68, 58]. Осы марапаттау туралы бұйрықта ел алдындағы одан да мықты, еселі еңбек еткен Бәйменбет Маяев күміс медальге ұсынылған. Баймағанбеттің баласының Ықыластың әкесіне қызметін ескеріп, бағалағаны күдік келтірмейді.

Тақырыпты таңдап баратын жас Әбіштің сол кездің өзінде осындай деректерді тауып, таразылай алуы сұңғылалығын танытады.

Кейбір тарихи деректерде Жәңгір екеуінің аты қатар аталады. Қаламгер тағы бір «Махамбетке» атты өлеңінде:

– Алтын тақты қақ бөліп,  
Алпауыз жан ыланды  
Алшыдан салып өтіпсің, –

дейді [6, 111]. Мұндағы «ылаң» – Жәңгір хан. Оның да атын аталмаса да, оның кімге бағышталғаны түсінікті.

Сөйтіп азаттықтың алмас қылышы Махамбет ақын бейнесі жазушы өлеңдерінде тарихи деректер ізімен ауытқусыз бейнеленген.

Т.Әлімқұлов «Қараой» әңгімесінде де ақын өмірінің соңғы күнін қайталанбайтындай етіп суреттегені белгілі. Зерттеуші оның осы шығармасы туралы «қарапайым шынайылық нәтижесінде санамызға орныққан кезеңдік әдеби трафаретті жойып жіберді. Тарихи образ бен дәл бүгінгі өмірдің байланысы бастау алады», – деп, әдебиеттегі сілкіністі дәл көрсетеді [3, 226].

Сол айтқандай, Ә.Кекілбаевтың осы «Махамбет» дастаны да сілкініс тудырды. Кейіннен Т. Әлімқұловтың «Қараойы» жазылды. «Қараой» – қаралы хикаяның жалғасы.

Соңғы эпилог – аза. Қара жамылған ауыл, қара бұлт тұмшалаған аспан, насыры бүгіліп, жерге кіріп кетердей болып қалған асқар тау, теңселген теңіз, ізіне ақ боран ілестірген өкпек жел, олар да өксігін баса алмады. Көген кесілген, желі үзілген. Төрт түлік ығып кеткен. Жел ту талақайын шығарған жыңғыл мен шіліктің басы ұйысып қалған. Енді оның оңайлықпен бүршік жаруы екіталай. Бауыры суық қара жердің қазылған сауыры қайта көмілгенде, төмпек болып қалды. Қырдың алыс бір түкпірінен бұл мекенге көңілі қатты қалып, безіп бара жатқан қызғыш құстың үні қалықтады, оның басындағы жағдай да ақын тағдырымен ұқсас.

Поэмада: азаттық, бостандық пен ақ құс, төрде отырған ару бейнесіне баламаланған. Эпитеттер, метафоралар көркем қолданыста жақсы ойнатылған: «бұлдыр күн», «зымиян түнек», «азаттықтың ақ құсы», «арыстан жүрек», «арлан ой», «ер өлім», «азаның ащы үні», «қаралы ауыл», «жылан жол», «нар жүрек», «өрт жүрек», «шандыр жүрек», «қайғылы аспан», «қу дәурен», «айғыр дәме» – барлығы Махамбеттің қазасынан кейінгі азалы суретке қызмет еткен. Бас-аяғы жеті беттік поэмада «қыр» сөзі 17 рет қайталанады. Мына бір шумақ:

Шығармаймыз қыр үнін,  
Шығармаймыз қыр гүлін.  
Киеміз қырдың құндызын,

Мінеміз қырдың жүйрігін, – дейді [3, 145]. Мұнда «қыр» жәбірленуші, заманнан теперіш көруші – қазақ елі де, ал, оған қарсы жақтағы озбырлық иесі – ақ патша. Ресейдің қазақ жеріндегі үстемдігі, оларға қарсы бітіспес ұлттық күрестің айбыны шағын дастанда ашылған. Сөз жоқ, «Махамбет», түбітiek бозбала жазғанына қарамастан, қазақ әдебиетінің сол жылдардағы бір жетістігі.

Біз көтерілістің ұлы сүргінінің даласында қалдырып, ескермей кетіп жүрген Махамбеттің тағы бір ұлы ерлігі бар. Ол – Абайға дейінгі ақындардың ең шоқтық биігі бола тұрып, қазақ өлеңінің бөтен сөзбен былғанбауы, саф тазалығы үшін де үлгі болған – күрескер ақын екендігінде. Бұл тұрғыдан алғанда, ол – ұлттық сөз өнеріміздің де қызғыш құсы.

«Отарға айналған елде қоғамдық дамудың бір кезеңінде ұлт мүддесін мансұқ ететін топтар пайда болады екен де, олар халықтың сорына айналады екен. Исатай, Махамбет тұсында сол нышан анық көрініс тапты. Сол себепті Исатай, Махамбет көтерілісі әрі ұлт-азаттық көтеріліс, әрі азаматтық ішкі майданға айналды» [7, 145], – деп жазды қазақтың бірегейінің бірі – Ә.Сарай. Қазақстан дәл осы сәтте сондай «азаматтық ішкі майданның» өтінде тұр.

Ертеректе қағазға түскен «Махамбет» дастаны – ақынның тағдыр-талайын тереңнен қозғайтын, жаңаша толғайтын деректі-тарихи «Шандоз» баянына жолашар – баспалдақ.

Ә.Кекілбаевтың «Махамбет» дастанында автор батыр бейнесінің өр мінезді ер екендігін айнытпай көрсетеді. Исатаймен айнымас серік болған ақынның өз өлеңдерімен үндесіп жатқан дастан тарихи шындықты оқырманына шынайы жеткізген. Аталған дастан – қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған ерекше туынды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Махамбет. Жорық жырлары. Алматы: Халықаралық Абай клубы, 2007. – 408 б.
2. Ақын тағдыры. Зерттеулер. Шығармашылық топ: С.Әнес және т.б. – Алматы: Арыс, 2003. – 313 б.
3. Махамбет Өтемісұлының туғанына 200 жыл толуына арналған «Махамбет-ерлік пен елдіктің өшпес рухы» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары// Атырау: ҚР Білім және ғылым мин-гі; Атырау облыстық әкімшілігі; М. О. Әуезов атын. әдебиет және өнер ин-ты, Ш.Уәлиханов атын. тарих және этнология ин-ты, Х. Досмұхамедов атын. Атырау мем. ун-ті, 12-14 қыркүйек, 2003. - 393 б.
4. Кекілбайұлы Ә. Шандоз. Деректі-тарихи баян. – Алматы: «Арыс», 2004. – 353 б.
5. Сыдиықов Қ. Көркемдік өрнектер. – Алматы: Рауан, 1992. – 48 б.
6. Кекілбайұлы Ә. Азаттықтың ақ таңы. – Алматы: Қазақстан, 1998. – 178 б.
7. Сарай Ә. Исатай-Махамбет тарихы. Алматы: «Мерекенің баспалар үйі» ЖШС, Mereke baspasy, 2012. – 528 б.

**ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САНА МЕН  
ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС САБАҚТАСТЫҒЫ**

**Кабулов Муса,**

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,

Ғылыми жетекші: **Қабылов Әділет Дыбысұлы,**

филол.ғ.к., профессор,

Yessenov University,

Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Қазақ әдебиетінің рухани кеңістігін кеңейтіп, көркем сөзбен сурет салған қалам қайраткері Әбіш Кекілбайұлының прозасы – тарихи сана мен ұлттық болмыстың терең тамырласып, біртұтас көркемдік арнаға айналған айрықша әлемі. Жазушының романдары мен повестерінде өткен дәуірлердің ізі жай ғана дерек ретінде емес, халықтың жадында сақталған рухани тәжірибе, ұлттық мінез бен салт-дәстүрдің айнасы ретінде көркем бейнеленеді. Ол тарихи кезеңдер мен тұлғалардың келбетін қайта жаңғырта отырып, оқырманды уақыт шеңберінен асырып, бүгінгі күнмен сырласуға жетелейді. Әбіш Кекілбайұлы үшін тарих – қатып қалған шежіре емес, ұлттың ішкі жан дүниесін, ар-ожданын, тағдырлы таңдауын танытатын тірі құбылыс. Осы арқылы қаламгер ұлттық болмыстың күрделі табиғатын ашып, қазіргі оқырманға терең мазмұнды, тұлғалық ой мен рухани жауапкершілік жүгін ұсынатын көркемдік биікке көтеріледі. Мақалада суреткер прозасындағы тарихи сана мен ұлттық болмыс сабақтастығы пайымдалады.*

***Кілт сөздер:** Әбіш Кекілбайұлы, қазақ әдебиеті, рухани кеңістік, қалам қайраткері, тарихи сана, ұлттық болмыс, тарихи кезеңдер, тұлғалар келбеті*

Тарихи сана – ұлттың өткенін тануға, рухани құндылықтарын түсінуге және болашағын бағдарлауға мүмкіндік беретін рухани тетік болса, ұлттық болмыс – сол тарихи тәжірибе негізінде халықтың өмір салты, ойлау жүйесі мен дүниетанымынан қалыптасқан тұтас ұғым. Бұл үрдісте Әбіш Кекілбайұлы шығармашылығы айрықша орын алады. Ол – қазақ тарихының ең күрделі де қайшылықты кезеңдерін көркем тілмен өрнектей отырып, ұлттың рухани бейнесін қайта жаңғыртқан заңғар жазушы.

Әбіш Кекілбаев – біздің бүгінгі мына әлемге үшінші мыңжылдықтың басындағы қазақ осындай деп алға тарта алатын аз адамымыздың бірі. Қаламгердің қазіргі қазақ қоғамындағы алар орнын оның жазушылығымен де, тарихшылығымен де, ойшылдығымен де, саясаткерлігімен де, қайраткерлігімен де толық жеткізіп айта алмаймыз.

Әбіш Кекілбаев туындылары жалпыадамзаттық мәселелерді әлемдік өреде қарастыратындығымен, ой тереңдігімен, көркемдік кестесімен, тіл өрнегінің классикалық үлгісін көрсетуімен, қай жанрға салғанда да өрен жүйрік шығатындығымен тәнті етеді.

Кекілбаев кеңістігіндегі аса бай мұра руханият ауқымына да сыймайды. Әбіштің дара ақылы бізге өтпелі кезеңде көп көмектескенін, Әбіштің сара сөзі алабұртқан халықтың санасын сабасына түсіруге септескенін біз ешқашан ұмытпауға тиіспіз [6]. Бұл – Әбіш Кекілбайұлы прозасында ұлттық болмыс пен тарихи сананың сабақтасып, рухани мұра арқылы қазіргі қоғамға жетуі туралы нақты мысал.

Тарихи сана жазушы шығармаларында өткен мен бүгіннің арасындағы рухани байланысты орнату құралы ретінде көрінеді. Ол тарихты бүгінгі ұрпақтың дүниетанымымен сабақтастырып, ұлттық идеяны алға тартады. Бұл – тарихи шығарманың танымдық әрі тәрбиелік қызметін арттыратын көркемдік ерекшелік.

Ұлттық болмыс – халықтың тілі, ділі, діні, дүниетанымы, салт-дәстүрі мен мінез-құлқының жиынтығы. Әбіш Кекілбайұлы шығармаларында бұл ұғым терең философиялық мазмұнмен өріледі. Кейіпкерлердің іс-әрекеті, ой-толғамдары, өмірге деген көзқарасы арқылы қазақ халқының рухани болмысы көркем бейнеленеді.

Әбіш Кекілбайұлы прозасы – тарихи танымның, көркемдік ізденістің және ұлттық идеяның бір арнаға тоғысқан бірегей көрінісі. Оның «Үркер», «Елең-алаң» мен «Аңыздың ақыры» романдары мен «Күй», «Шыңырау» сияқты повестері қазақ халқының тарихи жадын, ұлттық мінез-құлқын, әлеуметтік-психологиялық болмысын терең де шынайы бейнелейді. Жазушы көркем сөз арқылы ұлттың өткені мен бүгіні арасында алтын көпір орнатып, тарихи сана мен ұлттық болмыстың рухани сабақтастығын қалыптастырады.

Әбіш Кекілбайұлы үшін тарих – тек өткен оқиғалардың шежіресі емес, қазіргі қоғамның келбетін анықтайтын, ұлттың рухани тұтастығын сақтаудың басты кепілі. Оның тарихи туындылары белгілі бір кезеңді бейнелеумен шектелмей, сол заманның рухын, адамдардың дүниетанымы мен ішкі әлемін терең ашуға ұмтылады. Мысалы, «Үркер» романында XVIII ғасырдағы Ресеймен қарым-қатынас, Әбілқайыр хан бастаған тарихи тұлғалардың дипломатиялық күресі сипатталады. Жазушы тарихи деректерді шығармашылық тұрғыдан қайта ой елегінен өткізіп, сол дәуірдің ішкі рухын, идеологиялық және психологиялық астарын ашуға күш салады. Бұл тәсіл арқылы оқырман тарихи санаға бей-жай қарамай, одан тағылым алу қажеттігін түйсінеді.

Қазақ тарихының күрделі кезеңін суреттей отырып, халық өмірінің арыдан келе жатқан тарихи сабақтастығын терең қамтитын кең тынысты эпикалық шығармадағы әрбір көркемдік компонент өз орнын тауып, күрделі сюжеттік-композициялық желіде жымын білдірмей біртұтас байлап баяндауы арқылы автор көркем сөзбен кестеленген тұтас бір эпикалық көркем полотно тудырған. Суреткердің адам портретін бейнелеуінен бастап, табиғат көріністерін суреттеу, адам болмысын мінездеу, іс-әрекетті баяндау, түс-елес құбылысын жеткізу, ішкі ой ағымы мен психологиялық процестерді бейнелеу және дүниәуи мәселелерді философиялық тұрғыдан пайымдау шеберлігі сүйсінтеді [7].

«Елең-алаң» романындағы Әбілқайыр ханның бейнесі тарихи өзгерістерге байланысты айрықша тереңдеп суреттелген. Оның ел билеу тәсілдері мен стратегиялары бұрынғыға қарағанда байи түсіп, жаңа деңгейге көтерілген. Бұл Әбіш Кекілбайұлы прозасындағы негізгі арқау – тарихи сана мен ұлттық болмыс сабақтастығы мәселесінің орталық көрінісі болып табылады.

Ханның тұлғасы тарихи сананың көрінісі ретінде, өз билігін нығайту мен адамдарды бағындыру мәселелерінде жаңашыл, сан алуан амалдарды пайдаланады. Бұл оның мемлекеттік басқарудағы адамдармен келісімге келу шеберлігін толық меңгергенін көрсетеді. Яғни, Әбілқайыр заман талабын, геосаяси жағдайды түсініп, билікті тек күшпен емес, халықтың еркіне сүйену арқылы ғана сақтап қалуға болатынын ұғынады. Бұл – тарихи кезеңдерді сабақтастыратын көшбасшының ақылды санасы.

Сонымен қатар, Әбіш Кекілбайұлы прозасы үшін ізгілік пен адамгершілік ұлттық болмыстың өзегі болғандықтан, Әбілқайырдың тұлғасы осы болмысты сақтаудың үлгісін көрсетеді. Әбілқайыр өзін ханмын деп санай отырып, дәрежелікке жол бермейді, яғни хандық құқығын орынсыз және асыра пайдаланудан аулақ. Оның бұл ұстанымының түпкі негізі – адамдық қағидаттарды жоғары қою. Билік қолында тұрған кезде де, ізгілік пен парасаттылықты ұмытпауды мақсат етеді. Себебі, ханның қоғам алдындағы құрметі оның өзін-өзі бақылай білуіне және салмақтылығына тікелей байланысты. Бұл қазақ болмысындағы ханның беделі тек туған тегінде емес, оның адами қасиеттерінде жатқандығын көрсетеді.

Әбілқайырдың «Елең-алаңдағы» тұлғасы тарихи сананы (заманға сай басқару тәсілдерін енгізу т.б) және ұлттық болмысты (ізгілік, парасат, қанағатшылдық т.б) сабақтастыра білген көшбасшының бейнесін береді. Жазушы тарихи оқиғалар ізін сақтай отырып, сол арқылы ел тағдыры, халық өмірінің кешегісі мен бүгінгісі, ертеңі жөнінде ойланады. Қазақтың ұлттық ерекшеліктері, халықтық салт-санасы ұғым түсініктеріне қатысты материалдар мол келтіріледі. Автор жақсыны мадақтайды, ұнамсыз жайларға сын көзімен қарай жазады. Халықтық жиындар мен ондағы ел тіршілігі, аға билердің өнегелі сөздері халық санасында қалыптасқан шешендік өнер поэтикасына негізделеді. Шығармада көрініс тапқан ел тағдырына қатысты ақылды ойлар, халықтың мінез-құлқы сол елдің мекені болған даланың кеңдігін бейнелейді. Халықтың характерінде де осындай сипат басым. Ерлік те, сөз ұстар тапқырлық та сол ортаның шындығынан туады [8].

Әбіш Кекілбайұлы "Аңыздың ақыры" романы бірнеше кейіпкерлердің өмірін, ойларын және ішкі сезімдерін баяндайтын күрделі тарихи роман. Шығармадағы негізгі кейіпкерлер – Әмірші, Кіші ханым және Жаппар. Роман билік, махаббат, адалдық және адамның ішкі әлемі туралы терең ойларға жетелейді. Әмірші, Кіші ханым және Жаппардың тағдыры арқылы біз өмірдің мәні мен адамның рухани ізденістерін түсінеміз. Роман алғаш рет «Махаббат мұнарасы» деген атпен жарияланған. Автор үшін тарихи тұлға – жай деректік кейіпкер емес, рухани-адамгершілік концепцияны жеткізуші көркем символ.

«Шыңырау» повесінде де ұлттық әдет-ғұрыптар, оның ішінде суға, табиғатқа деген құрмет, жер-су атауларының киелі саналуын айқын байқауға болады. Автор қазақтың экологиялық мәдениетін, табиғатпен үйлесімді өмір сүру философиясын шынайы суреттейді. Бас кейіпкер Еңсептің еңбекқорлығы, табандылығы, қиындыққа мойымауы – қазақтың шыдамды, төзімді мінезін айқын көрсетеді. Оның тағдыры арқылы жазушы ұлттық болмыстың беріктігін, қайсарлығын, ауыртпалыққа мойымайтын рухын бейнелейді.

Осы арқылы Әбіш Кекілбайұлы өз прозасында ұлттық болмыстың мәнін тарихи санамен сабақтастырып, өткен дәстүрлер мен қазіргі қоғам арасындағы байланысты көрсетуге ұмтылады. Тарихи сана мен ұлттық болмыстың бұл сабақтастығы шығарманың әр кейіпкерінің әрекетінде, олардың табиғатқа, ата-баба мұрасына, мәдени құндылықтарға деген қатынасында көрініс табады. Әбіш Кекілбайұлы прозасында қазақ ұлтының болмысы оның қайшылықты мінезінен, өршіл рухынан, даналығынан, сонымен қатар тарихтың түрлі сынақтарынан сүрінбей өтіп, өзін сақтап қалған рухынан көрінеді. Бұл идеяны жазушы көркем бейнелер мен көркемдік детальдар арқылы жеткізеді.

Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығында тарихи сана мен ұлттық болмыс бір-бірінен ажырамас ұғымдар ретінде қарастырылады. Ол тарихты өткеннің көшірмесі ретінде емес, бүгінгі күннің өлшемімен сараптайды. Жазушы үшін тарих – ұлттың өзін-өзі тануы мен жаңғыртуының басты арнасы. Оның шығармаларында тарих – тек өткенге үнілу емес, бүгінгі күннің рухани кемелденуіне жол ашатын сабақ. Мәселен, «Күй» повесінде ертеден жеткен күй аңызы арқылы ұлттық өнер мен тағдыр, адамның ішкі арпалысы суреттеледі. Бұл туындыда ұлттық рух пен адамдық мұрат қатар көрінеді.

«Күй» повесі нақты бір жылмен шектелмегенімен, қазақ пен түрікмен тайпалары арасындағы ежелгі тарихи қақтығыстарға негізделген. Руаралық жаугершілік, кек алу, намыс үшін күрес – сол дәуірдің тарихи санасын қалыптастырған басты ұғымдар. Кейіпкерлердің әрекеті жеке бастың емес, тұтас рудың, елдің мүддесіне бағындырылған. Бұл – көшпелі қоғамға тән тарихи сананың ойлау жүйесі.

Повесте қазақ халқының ұлттық болмысы күй өнері арқылы ашылады. Күй – тек музыкалық шығарма емес, халықтың жан дүниесі, рухани коды. Күйші бейнесі арқылы қазаққа тән сабыр, тереңдік, сөзсіз түсінісу, өнерге табыну сияқты қасиеттер көрінеді. Домбыра мен күй – ұлттық болмыстың негізгі белгілері ретінде алынған.

Автор тарихи оқиғаларды құр баяндап қана қоймай, сол заман адамдарының психологиясын, дүниетанымын ашады. Жөнейттің ішкі арпалысы – тарихи сананың адам тағдырына қалай әсер ететінінің дәлелі. Ал күйдің ұрпақтан-ұрпаққа жетуі – ұлттық болмыстың уақытпен үзілмей жалғасатынын көрсетеді.

Ә.Кекілбайұлы тарихи қақтығыстар арқылы адамзатқа ортақ мәселені көтереді: кек пен зорлық – өткінші, ал өнер мен руханият – мәңгілік. Бұл идея ұлттық тарихтан бастау алып, жалпыадамзаттық деңгейге көтеріледі. «Күй» повесінде тарихи сана мен ұлттық болмыс өзара тығыз байланыста көрініс

тапқан. Шығарма өткен тарихты еске түсіре отырып, ұлттық рухтың, өнердің, адамгершіліктің мәңгілік құндылық екенін дәлелдейді.

Ә.Кекілбайұлының тарихи прозасында қазақ даласының кендігімен қатар, халықтың рухының да шексіздігі сипатталады. Бұл кеңістік пен рух сабақтастығы – ұлттық идеяның негізін құрайтын басты тірек. Жазушы шығармаларының тілі бай, образды, мәнерлі. Ол қазақтың ауыз әдебиеті мен халық даналығын шебер пайдалана отырып, ұлттық болмысты ашуда көркемдік әдістерді жетік қолданады.

Шығармаларындағы теңеулер мен эпитеттер, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер ұлттық болмысты, қазақтың ойлау жүйесін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Әсіресе, кейіпкерлердің диалогтары арқылы автор ұлттық болмысты, қазақтың шешендік өнерін, сөз қадірін қастерлеу дәстүрін көркем бейнелейді.

Жазушы тарихи оқиғаларды тек тарихи оқиға ретінде ғана баяндап өте шығудан аулақ. Автор бірінші кезекте белгілі тарихи кезең оқиғаларының жүйесін, ағынын емес, сол жүйе, сол ағын негізінде кейіпкерлерінің психологиясын, олардың белгілі тарихи тұлға ретіндегі ой-пікірлері, тілек-нысаналары, ішкі және сыртқы саясат бағыттарын бағдарлау, таразылау қабілетінің ауқымын танытуды баса қадағалайды.

Тарихи оқиғалардың түп негізінде жатқан көкейтесті ой-мұраттардың ерекшелігін, жеке адам мен тарих арасындағы қатынастың саяси-әлеуметтік және психологиялық алғышарттары мен нәтижелерінің сырларын танытуға ерекше көңіл бөледі [8].

Қорыта айтқанда, Әбіш Кекілбайұлы прозасындағы тарихи сана мен ұлттық болмыс – қазақ әдебиетінің көркемдік-идеялық дамуына қосылған ірі үлес. Жазушы тарихи оқиғалар мен тұлғалар арқылы қазақ халқының рухани биіктігін, даналығын, күрескерлік мінезін танытады. Оның тарихи шығармалары – ұлттың жады мен болмысын қайта жаңғыртатын рухани құндылық. Жазушының қаламы арқылы өткен тарих тек еске алу нысаны емес, бүгінгі күннің бағдаршысы, болашақтың рухани негізі ретінде көркем шындыққа айналады. Осы арқылы жазушы прозаның тарихи сананы қалыптастырудағы және ұлттық болмысты танытудағы орнын айқындайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Кекілбаев Ә. Үркер. Роман. – Алматы: Жазушы, 1981. – 584 б.
2. Кекілбаев Ә. Елең-алаң. Роман. – Алматы: Жазушы, 1984. – 432 б.
3. Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. Роман. – Алматы: Жазушы, 1971. – 352 б.
4. Кекілбаев Ә. Шыңырау. Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1982 – 456 б.
5. Кекілбаев Ә. Күй. Роман және повестер. – Алматы: Жазушы, 1966 – 40 б.
6. Абдрахманов С. Кекілбаевтың әдеби кеңістігі // Қазақ әдебиеті. 08.06.2018.
7. Қабылов Ә. Ә.Кекілбаев романдарындағы кейіпкерлердің ішкі әлемінің танылуы // Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығы заманауи гуманитарлық зерттеулер контекстінде. Халықаралық ғылыми-

практикалық конференция материалдары. – Ақтау: Yessenov University, 2025. 307 б.

8. Қамарова Н. Әбіш Кекілбайұлының шығармашылығы заманауи гуманитарлық зерттеулер контексінде. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Ақтау: Yessenov University, 2025. 307 б.

ӘОЖ 81'11

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ТІЛДІК ДИСКУРС: КОГНИТИВТІК ТӘСІЛ ТҰРҒЫСЫНАН

**Шақырған Айша Баубекқызы,**  
«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Ғылыми жетекшісі: **Исакова Асылымай,**  
филол.ғ.к., қауымдастырылған профессор,  
Yessenov University,  
Ақтау қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада жасанды интеллект пен адам арасындағы тілдік дискурстың ерекшеліктері когнитивтік лингвистика тұрғысынан салыстырмалы түрде талданады. Когнитивтік тәсіл тіл мен ойлау, таным мен коммуникация арасындағы өзара байланысты анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеуде адам дискурсының антропоцентристік, интенционалды және мәдени шарттылығы, ал жасанды интеллект дискурсының алгоритмдік, дерекке негізделген және үлгілік сипаты айқындалады. Сонымен қатар, жасанды интеллекттің тілдік модельдері адамның когнитивтік құрылымдарын ішінара имитациялағанымен, олардың толыққанды сана мен концептуалдық тәжірибеге ие еместігі көрсетіледі. Мақала нәтижелері қазіргі лингвистикадағы цифрлық дискурс, нейролингвистика және жасанды интеллект мәселелерін зерделеуде маңызды.*

***Кілт сөздер:** когнитивтік лингвистика, дискурс, жасанды интеллект, тілдік сана, антропоцентризм, концепт.*

XXI ғасырда жасанды интеллекттің (ЖИ) қарқынды дамуы тіл білімінің дәстүрлі мәселелеріне жаңа қырынан қарауға мүмкіндік беріп отыр. Әсіресе, тілдік дискурс пен когнитивтік үдерістердің арақатынасы жасанды интеллект технологиялары арқылы қайта пайымдалуда. Қазіргі таңда ЖИ жүйелері табиғи тілді өңдеу, мәтін тудыру, диалог құру сияқты күрделі коммуникативтік әрекеттерді жүзеге асыра алады. Бұл жағдай «жасанды интеллект тілі адам тіліне қаншалықты ұқсас?», «ЖИ дискурсын адам дискурсы деп тануға бола ма?» деген өзекті сұрақтарды туындатады.

Когнитивтік лингвистика тілді адамның танымдық қызметінің көрінісі ретінде қарастырады. Сондықтан адам мен жасанды интеллект дискурсын салыстыруда когнитивтік тәсіл ең тиімді әдістердің бірі болып табылады. Бұл

мақалада адам дискурсы мен ЖИ дискурсының ұқсастықтары мен айырмашылықтары, олардың когнитивтік негіздері талданады.

*Когнитивтік лингвистика* – тілді адамның ойлау жүйесімен, танымдық тәжірибесімен тығыз байланыста қарастыратын бағыт. Бұл салада тіл тек коммуникация құралы емес, сонымен қатар білімді ұйымдастырушы, концептуализациялаушы құрал ретінде танылады (Lakoff, Langacker).

Дискурс ұғымы мәтіннен кеңірек мағынаға ие. Ол нақты коммуникативтік жағдаятта жүзеге асатын, адресант пен адресаттың танымдық, әлеуметтік, мәдени ерекшеліктерін қамтитын тілдік әрекет болып табылады. Адам дискурсы интенцияға, прагматикаға, эмоцияға және контекстке тәуелді. Яғни, дискурс – тілдік сана мен когнитивтік құрылымдардың көрінісі.

Адам дискурсының когнитивтік сипаты. Адам дискурсының негізгі ерекшелігі – оның антропоцентристік табиғаты. Адам сөйлегенде немесе жазғанда өзінің өмірлік тәжірибесіне, эмоциялық күйіне, мәдени біліміне сүйенеді. Бұл дискурста концепттер жүйесі ерекше орын алады. Концепт – адам санасында қалыптасқан, тіл арқылы вербалданатын ментальды құрылым.

Адам дискурсы келесі когнитивтік сипаттармен ерекшеленеді:

- Интенционалдылық – сөйлеушінің белгілі бір мақсатқа бағытталуы;
- Контекстуалдылық – тілдік бірліктердің мағынасы жағдаятқа тәуелді болуы;
- Эмоционалдылық – субъективті бағалау мен сезімнің көрініс табуы;
- Мәдени кодтылық – ұлттық-мәдени білімнің дискурста бейнеленуі.

Осы қасиеттер адам дискурсын күрделі әрі көпқабатты когнитивтік құбылыс ретінде сипаттайды.

Жасанды интеллект дискурсының ерекшеліктері. Жасанды интеллект дискурсы – алгоритмдер мен нейрондық желілер негізінде қалыптасатын тілдік өнім. ЖИ тілдік модельдері үлкен көлемдегі мәтіндік деректерді өңдеу арқылы тілдік заңдылықтарды үйренеді. Алайда бұл үдеріс адамның танымдық тәжірибесіне емес, статистикалық ықтималдыққа сүйенеді.

ЖИ дискурсының негізгі ерекшеліктері:

- Алгоритмдік негізділік – тілдік құрылымдар есептеу модельдері арқылы жасалады;
- Санасыздық – ЖИ-дің өзіндік сана-сезімі мен ниеті жоқ;
- Имитациялық сипат – адам дискурсының формасын қайталайды;
- Контексті шектеулі түсіну – контекст тек дерек ретінде өңделеді.

Демек, ЖИ дискурсы когнитивтік модельдеуге негізделгенімен, ол *толыққанды когнитивтік субъект емес*.

Адам мен жасанды интеллект дискурсын салыстырмалы талдау. Адам мен ЖИ дискурсын салыстыру когнитивтік лингвистика үшін маңызды. Ұқсастықтары ретінде грамматикалық құрылымдардың сақталуын, логикалық байланысты мәтін тудыру қабілетін атауға болады. Алайда айырмашылықтары әлдеқайда терең.

	Адам дискурсы	ЖИ дискурсы
<i>Таным көзі</i>	Өмірлік тәжірибе	Деректер базасы
<i>Сана</i>	Бар	Жоқ
<i>Интенция</i>	Айқын	Бағдарламаланған

Эмоция	Табиғи	Симуляцияланған
Мәдени код	Ішкі	Үйретілген

Бұл салыстырудан көрінгендей, ЖИ дискурсы адам дискурсының когнитивтік тереңдігін толық қамти алмайды. Ол тек тілдік үлгілерді механикалық түрде қолданады.

Қорытындылай келе, жүргізілген талдау адам мен жасанды интеллект дискурсының айырмашылықтары когнитивтік деңгейде айқын көрінетінін дәлелдейді. Адам дискурсы – сана, мәдениет және тәжірибеге негізделген күрделі когнитивтік құбылыс. Ал жасанды интеллект дискурсы – адам тілінің құрылымын модельдейтін, бірақ танымдық субъектілікке ие емес жүйе.

Сонымен, когнитивтік тәсіл жасанды интеллекттің тілдік мүмкіндіктерін объективті бағалауға мүмкіндік береді. Болашақта ЖИ технологиялары дамығанымен, адам дискурсының антропоцентристік табиғаты оның бірегейлігін сақтап қалады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Лакофф Дж. Женщины, огонь и опасные вещи. – М.: Языки славянской культуры, 2004.
2. Сопиева Б.А., Алдабергенова А.А., Оспанова Ж.Т. Қазақстанның медиадискурсы лингво-когнитивтік аспект аясында. (мақала) 2025
3. Лангакер Р. Когнитивная грамматика. – М.: Институт языкознания РАН, 2008.
4. Кубрякова Е.С. Язык и знание. – М.: Языки славянской культуры, 2004.
5. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 2010.
6. Searle J. Minds, Brains and Programs // Behavioral and Brain Sciences, 1980.

ӘОЖ 81(362)

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚҰС АТАУЛАРЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Даулетова Нүргүл Алдабергенқызы**

«7М01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,  
Атырау қ., Қазақстан

**Қамарова Нағбду Сұлтансихқызы** - ғылыми жетекші,

Филол.ғ.к.,  
Ақтау қ., Қазақстан

**Андатпа.** Бұл мақалада қазақ тілі мен түрік тілдеріндегі құс атауларының фонетикалық ерекшеліктері қарастырылады. Қазақ тілі мен түрік тіліндегі құс атауларын зерттеу түркі тілдерінің жалпы сөздік қорының, тарихы мен мәдениетінің ортақ негізін көрсететін тіл білімінің ерекше

тақырыптарының бірі болып отыр. Екі тілдегі құс атауларының фонетикалық ерекшеліктері салыстырыла зерделенеді.

**Кілт сөздер:** қазақ тілі, түрік тілдері, құс атаулары, фонетикалық ерекшеліктер, лингвистика

Әлемдік тіл білімі соңғы жылдарда ерекше қарқынмен дамып, жаңаша бағыт алып, тың өзгерістер мен жаңа ғылыми көзқарастар легін алып келді. Ұлт тіліндегі әрбір тілдік элементтердің табиғатын ұлт болмыс-бітімімен, этнос тіршілігімен сабақтастыра қарастыру бүгінгі таңдағы ғалымдардың алға қойған мақсаттары болып отыр. Қазақ тілі мен түрік тіліндегі құс атауларын зерттеу – түркі тілдерінің жалпы сөздік қорының, тарихы мен мәдениетінің ортақ негізін көрсететін тіл білімінің ерекше тақырыптарының бірі. Аталған зерттеулер арқылы екі тілдегі құс атауларының (мысалы, «құс», «бүркүт», «лашын») нұсқалары ұқсас, көбіне бірдей. Зерделеу барысында олардың көне түркі және ортақ түркі тілдерінен бастау алатыны байқалады. Қазақ тіліндегі құсбегілікке қатысты атаулар халқымыздың дүниетанымдық ерекшеліктерін танып білуге мүмкіндік береді. Бұл салаға қатысты атаулар ұлттық рухани мұраны өз бойына сақтап келеді.

Ислами әдебиетте өз орнын ойып тұрып алған ғалымның басты объектісі болып отырған аталмыш дастандар және ондағы деректер де соның айғағы болып есептеледі [1, 272]. Дәл осындай зерттеуді өз кезегінде ғалым Гөкмен Мор да жасап кетеді. Алайда ол тек қана «Диуани лұғат ат-түріктегі» құс атауларын ғана қарастырған болатын. Нәтижесінде ғалым ондағы құстарды жыртқыш құстар, балықшы құстар, шаруашылыққа пайдаланылған, сәндік құстар деп бөлген болатын [2, 92]. Ғалым Халил Ерсойлы өзінің «Түрік танымындағы құстар» атты кітабында құс аттарының қойылу себебі, жалпы құс табиғатының адам өміріндегі алар орны тақырыбында осы кезеңге дейінгі аңыз-әфсаналар мен Түрік тіліне өз әсері болған тілдерден кірген құс атаулары жайлы тарқатып жазады. Мәселен, сандуғаш пен бұлбұл сияқты құстардың қайсысы бірінші қолданылды жыр-дастандарда, әдебиет беттерінде қайсысы кеңінен қолданылы деген сияқты сұрақтарға жауап береді. Одан бөлек мәдениеттердің тоғысы менен айрығындағы құс атауларының қолданысын кеңінен қарастырады [3, 24]. Ғылымның аталған алаңында белгілі бір тұжырымдар жасап, жаңалық аша қою оңай емес, себебі мұндағы мақсат пен міндет бөлек. Қазақ тілі, оған қоса қазақ тіл білімі де үлкен бір арнаның жалғасы. Ол түркі тілдес барша ұлттардың бір бұтағы болған қазақ халқының рухани қазынасы.

Өзара этногенездік қатыснастағы және бір семьяға қарасты тілдердің арасындағы айырмашылықтар абсолюттік деңгейде бола бермейді. Бір тілдегі абсолюттік белгілер сол тілдің басқа да құрамында кездесуі мүмкін. Бұл жағдай көбінесе территориялық жағынан көрші тілдерде көп кездесіп жатады. Сондықтан да тіл білімінде екі тілдің айырымы үшін тек қана дистинктивтік белгілер пайдаланылады. Дистинктивтік белгілер тіл құрамында жиі кездесетін ерекшеліктер және сол тілдің басқа көрші тілдерден негізгі айырмашылығын көрсетеді.

Қазақ тілі қарақалпақ, ноғай және өзбек қыпшақтарының тілдерімен бірлесіп келіп қыпшақ-ноғай шағын тобын құрайды. Ноғай ордасына кірген ру мен тайпа негізінде қалыптасқан тілдер басқа тілдерінен дыбыстық жағынан өзгеше келеді және ол ерекшеліктер түркология саласында былайша көрсетіліп жүр:

✓ Басқа түркі тілдерінде айтылатын ч афrikаты жоқ, оның орнына ш дыбысы жүреді;

✓ Көрші дауыссыздың әсерінен м, б, п дыбыстары бірінің орнына бірі жұмсала береді, сондай-ақ, м дыбысы б және п дыбыстарына ауысады;

✓ Көрші дауыссыздың әсерінен н дыбысы д, т дыбыстарына ауысады.

Қазақ тілі осы белгілер жағынан жоғарыда аталған тілдерімен жақын болғанымен, оны өз деңгейінде бөлектеп тұратын екі айырмашылық бар:

1) Көрші дыбыстың әсерінен л дыбысы д, т дыбыстарына ауысады. Бұл өзгешелік –лар көптік жалғауының –дер, -тар түрінде келуі ноғай тобындағы қарақалпақ, ноғай тілдерінде жоқ.

2) Қыпшақ тілдерінде сөз басында келетін й//ж//дж дыбыс сәйкестіктерінің ішінен қазақ тілінде ж дыбысы қолданылады. Бұл жерде й дыбысын айту қазақ тіліне тән жағдай болып табылмайды;

3) Басқа тілдерде сөз соңында қолданылатын ш дыбысының орнына қазақ тілінде с дыбысы айтылады. Мәселен, таш-тас.

4) Жоғарыдағы құбылыстан қазақ тілінде ч>ш, ш>с ауысулары болғандығы айқындалған секілді. Себебі, ш дыбысының қарлұқ тілдеріндегі ч дыбысына, ал с дыбысының көп тілдердегі ш дыбысына сәйкестігі анықталды. Бұл қазақ тілін үшін жүйе ретінде қалыптасқан ерекшеліктер болып табылады.

Түркі тілдерін жіктеуде олардың бір-бірімен қатысын анықтау алғышартының бастысы ретінде әр уақытта да дыбыстық белгілері алынатындығы белгілі. Бір тілдің келесі бір тілдермен қатынасын анықтау үшін фонетикалық белгілерді басшылыққа алу ХІ ғасыр түркологі Махмуд Қашқаридан басталады. Ғалым сол кездегі түркі тілдерін негізгі екі топқа жіктеуде дыбыстық өзгерістерді де есепке алады. Ал біздің кезімізде түркі тілдерінің «жас мөлшерін» фонетикалық белгілер арқылы анықтауға ғалым С.Е.Малов атсалысты. Ғалым ескі және жаңа тілдердің ерекшеліктерін өзара салыстырып, соның негізінде түркі тілдерін «өте көне», «көне», «жаңа», «өте жаңа» топтарға бөледі. Ғалым С.Маловтың жіктеуі бойынша, қазақ тілі «өте жаңа» топқа енеді. Ғалым көрсететін «көнелік» және «жаңалық» белгілерін ескеретін болсақ, қазақ тілі қатаңнан гөрі ұяң дыбысы көп тілдер қатарына жатады. Сондай-ақ, ол қазақ тілін түбір мен қосымша шегінде рт, лт, нт т.б. дыбыс тіркестері кездеспейтін тілдер тобына жатқызады. Дегенмен зерттеуші көрсеткен бұл өзгешеліктердің қазақ тіліне қатысы бар.

Қазақ тілінде кейбір дауыссыздардың қолданылу ерекшелігі бар. Негізгі ерекшеліктері жөнінен қазақ тілі өзгеріске ұшыраған тілдер тобына жатуға тиіс. Жалпыалтайлық консонантизм қазақ тілінде жаңа сипатта орныққаны күмән туғызбайды. Қазақ тілінде р ~ з, сондай-ақ л ~ ш | с сәйкестігі де тілдің негізгі құрамын қамтитындығы белгілі. Сөзіміздің дәлелі ретінде төмендегі

мысалдары беріп отырмыз: көр-көз, семір-семіз, сондай-ақ жас-йаш, бес-беш және білек сөздерін салыстырға отырып л ~ ш | с сәйкестігінің іздерін байқауға болады [4, 4-7].

Кезекті түрік және қазақ тілдеріндегі құс атауларының дыбыстық деңгейдегі ерекшеліктеріне берсек:

а) Дауыссыз дыбыстардың ауысуы

Екі тілдегі құс атауларын салыстыру барысында **З > Ш, Ч > Ш, Қ > Х, У > В, С > Ш, Й > Ж, Ғ > В, Р > И** ауысымдары байқалады. Айталық, байғыз ~ bakuş, түйе құс ~ deve kuşu, лашын ~ laşın, тауыс ~ tavus kuşu, тауық ~ tavuk, қораз ~ horoz, қарлығаш ~ kırlangıç, сандуғаш ~ sanduvaç, көгершін ~ güvercin, үкі ~ ruhu, торғай ~ tougar, т.б.

**Қ-ның К-ге/ Ғ-ның Г-ге/ Н-ның Ң-ға ауысы**

Қазақ және түрік тілдеріндегі қ дыбысының к-ге ауысуы сөз басында, сөз ортасында және сөз соңында байқалады. Бұл сол дыбыстың қай позицияда келгеніне байланысты. Ал ғ-ның г-ге, н-ның ң-ға ауысуы сөз ортасында ғана кездеседі. Сөз басында келетін қ дыбысының түрік тіліндегі к дыбысына ауысуына мынадай мысалдар келтіре аламыз: қу (аққу) ~ kuğu; қаз ~ kaz, қарға ~ karga, қарлығаш ~ kırlangıç, қылқұйрық ~ kulkuuyruk, т.б. Осыған орай М.Томанов қ дыбысының сөз басында өзгеріп қолданылатындығын ескертеді. Олар: әзірбайжан тілінде ғ, түрік тілінде к, чуваш тілінде х дыбыстары [4, 55]. Оған қоса, ғ, ң дыбыстарының сөз құрамында ғана кездесетіндігіне тоқталып өтеді. Көне түркі тілдерінде қолданылған сөз басындағы қ, к дыбысының өз сипатын сақтап қалған тілдер қатарында қазақ тілі бар. Ал қазірде түрік тілі бұл сипатынан айырылып көне түркі тіліндегі к дыбысының к-ге өзгертілген нұсқасын қолданады.

Сөз ортасындағы қ дыбысының к дыбысына, ғ-ның г-ге ауысуын сұңқар ~ sunkar, балықшы құс ~ balıqçıl kuşu, ұзаққарға ~ ekin kargası, қарға ~ karga, торғай ~ tougar секілді құс атауларынан байқаймыз. Ал сөз соңындағы барылдауық ~ bağırtlak, қылқұйрық ~ kulkuuyruk, жапалақ ~ yabakukak тәрізді ауысулар да қазақ және түрік тілдерінде кездесуі тілімізге жат құбылыс емес.

Ұяндану құбылысы

Қатаң дыбыстардың сөздің әр позициясында келіп ұяндануы және оның тұрақты орын алып отыруы жайлы М.Томановтың «Қазақ тілінің тарихи грамматикасы» еңбегінде айтылып өтеді [4, 58]. Біздің зерттеуіміздегі қазақ және түрік тілдеріндегі ұяндану процесі қ-г, т-д, п-б дыбыстарының алмасуынан көрініс табады. Мысалы, байғыз ~ baykuş, сауысқан ~ saksagan, жапалақ ~ yabakukak, барылдауық ~ bağırtlak, көгершін ~ güvercin, бүлдіршін ~ bildirgin, түйе құс ~ deve kuşu, көкек ~ guguk, түйғын ~ doğan kuşu, үкі ~ ügi. Байқап тұрғанымыздай, ұяндану процесі қазақ тілінен түрік тіліне де түрік тілінен қазақ тіліне де кері байланыста жүзеге асқан.

ә) Дауысты дыбыстардың өзгерісі

Құс атауларын талдау барысында **Ә > Е** қазақ тіліндегі ә дыбысының түрік тілінде е дыбысына ауысып қолданылған тұсын аңғардық: ләйлек ~ leulek. Тілімізді дауысты дыбыстың жуан нұсқасының жіңішке вариантқа ауысуы жиі ұшырасады. Ал мұндағы «ә» де «е» дыбысы да жіңішке

дауыстылар. Бұл мысалдан жіңішке дауысты дыбыстардың да өзара алмасу қабілеттерінің бар екендігін аңғарамыз. Екеуі де жіңішке, ашық, езулік дауыстылар. Бір категорияға жататын бұл дыбыстар өзгеріске де бейім тұратыны байқалады. Ы дауыстысының У дауыстысына өзгеруі түркі тілдеріндегі жиі алмасатын дыбыстар қатарына жатады. Мысалы, қазақ тіліндегі тауық сөзі түрік tavuk ретінде қолданылады. Бұл атауда тек қана дауысты дыбыстардың ғана емес дауыссыз дыбыстың да өзгеруін байқай аламыз. Сапалық жағынан қарағанда у дыбысы да ы дыбысы да қысаң дауыстылар қатарында. У ерінмен езудің қатысына қарай у еріндік болса, ы – езулік. Жіңішке дыбыстың жіңішке дыбысқа алмасуы ү ~ ө дыбыстарынан да көрінеді. Мысалы, үйрек ~ ördek. Сөз басында келген ү дыбысының түрік тілінде ө-ге өзгеріп қолданылуы бұл дыбыстардың сәйкес дыбыстар екендігін аңғартады. Бұл дыбыстардың түркі тілдерінде ауысып қолданыла беретіндігіне М.Томановтың «Башқұрт, татар тілдері вокализмнің тарихи даму ерекшеліктеріне лайық ө дауыстысы біршама қысқарып ү-ге айналған да, керісінше ү дыбысы сәл кеңейіп ө-ге айналған» деген пікірі дәлел бола алады [4, 14].

Ұ-ның У-ға өзгеруі де құс атауларында орын алған. Мәселен, сұңқар ~ sunkar, ұлар ~ ular. Дыбыстардың жіктелімі жағынан бұлар жақтың, тілдің, ерін мен езудің қатысына қарай бір категорияға тән. Яғни бұл дыбыстардың ұқсастықтары мен бір-бірінің орнына жұмсалып валенттіліктері жоғары. М.Томанов қазақ тіліндегі ұ дауыстысының ескі түркілік нұсқасы у дыбысы екенін айтады [4, 13].

Ұ жуан дауыстының Ү жіңішке дауыстымен сәйкестігіне бұлбұл ~ bülbül сөзін жатқызуымызға болады. Тілдегі дауыстылардың жуан нұсқадан жіңішкеге, керісінше жіңішкеден жуанға ауысып, өзгеріп отыруы заңды құбылыс. Өйткені ұ дыбысы ү-нің жуан нұсқасы. Сондықтан түркі тілдерінде ұ-ның ү-ге не керісінше ү-нің ұ-ға өзгеруі жиі ұшырасады.

Қазақ және түрік тілдеріндегі құс атауларының дыбыстық өзгерісінде

Ү > Ы, І > Ы, Ө > У, Е > У, Ә > И, Ұ > Е, А > Ы дыбыстарының сәйкестігі байқалды. Оны мына мысалдардан байқай аламыз: бүлдіршін ~ bildircin, көкек ~ guguk бүлдіршін ~ bildircin түйе құс ~ deve kuşu, бәбісек ~ ibibik kuşu, көкек ~ guguk, қарлығаш ~ kırlangıç т.б. Бұлардан байқайтынымыз тіліміздегі жуан, жіңішке дауыстылардың бірін-бірі алмастырып, өзгеріске ұшырауға бейім тұратындығы. Сонымен бірге дауысты дыбыстардың жуан вариантының орнына жіңішкесі және керісінше жіңішке вариантының орнын жуан варианты басқандығы.

Фонетикалық құбылыстар

Тіл динамикалық көрсеткіш болғандықтан, тарихи тұрғыдан тіл құрамындағы сөздердің бір дыбысының түсіп қалуы не керісінше қосылып айтылу құбылыстары байқалады. Сол секілді қазақ және түрік тілдеріндегі дыбыстық жағынан бір-біріне сәйкес келетін сөздердің түрлі фонетикалық құбылыстарға ұшырағандығы байқалды. Сөз басында бір дыбыстың қосылып айтылуы, яғни протеза құбылысы бәбісек ~ ibibik kuşu атауынан көрінеді. Мұнда екі тілде де құс атауы үш буыннан тұрады. Қазақ тіліндегі

«бәбісек» атауына сөздің алдына б ұяң дауыссызының қосылуы арқылы келген. Екі тілдегі атау дыбыстық жағынан бір-біріне сәйкес келеді. Мысалы, б – Ø ; ә – і; б – b; і – i; с – б; і – i; к – k. Көріп тұрғанымыздай, барлық дыбыстар бір-бірімен сәйкес дыбыстар негізінде келген де, тек қазақ тіліндегі атауда сөз басына артық дыбыстың қосылып айтылуы байқалады. Ал сөз ортасында бір дыбыстың түсіп қалуы қар – лы Ø –ғаш ~ kır – lan – gıç сөздерінен байқалды. Мұнда түрік тілінде келген екінші буынының соңындағы n (н) дыбысы қазақ тілінде айтылмайды. Сондай-ақ, жа – па – Ø – лақ ~ уа – ба – **ku** – lak атауында бір буынның түгелдей түсіп қалғанын көруге болады. Екі тілдегі сөзді буынға бөліп қарағанда қазақ тілінде үшінші «ку» буынының түсіріп айтылатынын аңғарамыз. Біздіңше, жапалақ атауы түрік тіліндегідей жа(л)па(қ)+құлақ сөздерінің қосындысынан жасалған болуы керек. Алайда тілдің тарихи дамуының нәтижесінде қазақ тілінде бір буын түсіріліп, осы варианты сақталған секілді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

- 1 Adem Aydemir. Kutadgu bilig ve Divanü Lugati't türk'te kuşlar. International journal of Social Sciences volume 6 Issue 1, January 2013. – p. 271-297.
- 2 Gökmen Mor. Divanü Lugati't türk'te kuş adları üzerine bir inceleme Researcher: Social Science Studies 2016, Cilt 4, Sayı 7. – s. 74-95.
- 3 Prof. Dr. Halil Ersoylu. Türk kültüründe Kuşlar. Mayıs 2015. – s. 132.
- 4 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. Мектеп, 1988. – 263 б.

УДК 82'1

### РОДИНА В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕРЕМЕН И ТРАГЕДИЙ XX ВЕКА В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ «ПУТЬ АБАЯ»

**Кенжитаева Жанагул Лукмановна,**  
магистр, старший преподаватель,  
**Орынбай Алтынай., Нұрпейісова Аружан,**  
студенты 1 курса, специальность Архитектура  
Казахский агротехнический исследовательский  
университет имени С.Сейфуллина,  
Астана, Казахстан

***Аннотация.** В статье рассматривается тема родины в творчестве М. Ауэзова, как ключевая и многогранная составляющая его художественного мировоззрения. Автор подчеркивает, что понятие родины для Ауэзова выходит за рамки географического или эмоционального образа и раскрывается как духовная сущность, связанная с историей, культурой и судьбой народа. Особое внимание уделяется роману-эпопее «Путь Абая», в котором отражены процессы становления национального самосознания, взаимосвязь поколений и поиск путей обновления общества. Анализируются*

*произведения, посвященные природе Казахстана и социальным трагедиям XX века, где родина предстает как символ свободы, источник духовной силы и вместе с тем страдающая мать.*

**Ключевые слова:** *многогранная, история, культура, национальный характер, независимый дух, связь с природой.*

Тема родины в творчестве Мухтара Ауэзова как ключевая и многогранная составляющая его художественного мировоззрения. Автор подчеркивает, что понятие родины для Ауэзова выходит за рамки географического или эмоционального образа и раскрывается как духовная сущность, связанная с историей, культурой и судьбой народа. Особое внимание уделяется роману-эпосе «Путь Абая», в котором отражены процессы становления национального самосознания, взаимосвязь поколений и поиск путей обновления общества. Анализируются также произведения, посвященные природе Казахстана и социальным трагедиям XX века, где родина предстает как символ свободы, источник духовной силы и вместе с тем страдающая мать. Гуманистический подход М. Ауэзова делает тему родины значимой не только для казахской, но и мировой литературы.

В его книгах показана панорама народной казахской жизни с середины XIX века до середины XX века. Его героями были легендарные батыры, исторические личности, современники 60-х годов.

Вершиной творчества Ауэзова является социально-исторический роман-эпопея «Путь Абая» (1 книга «Абай» (1942-1947); книга 2-я (1952-1956) [1].

Значение роман-эпопеи «Путь Абая» заключается в том, что он стал подлинным народным произведением, в котором с большим проникновением прослежены процессы формирования казахского национального характера, те духовные силы, которые жили в народе и стали залогом его светлого будущего. К циклу о прошлом относятся подлинные шедевры прозы писателя, полные сурового реализма в описании степи - рассказы «Серый Лютый» (1929), «Сиротская доля» (1921), «Кто виноват» (1923), «В тени прошлого» (1925), и повесть «Выстрел на перевале («Событие на Караш-Караш»).

Мухтара Ауэзова «Серый лютый» (Кок – Серек) - история волчонка, оказавшегося в руках людей. Автор удивительно интересно нарисовал повадки хищника, его набеги на табуны окрестных аулов. События разворачиваются на фоне живописной природы, которая словно оживает под пером автора. Эта повесть является одним из лучших произведений писателя. Тема родины (Отан) является стержневой, всеобъемлющей и глубоко личной в творчестве классика казахской литературы Мухтара Ауэзова. Она выходит за рамки простого описания природы или выражения патриотических чувств, превращаясь в многогранное исследование национальной идентичности, исторической судьбы народа и его духовного наследия. Для Ауэзова родина - это не абстрактное понятие, а живая, одухотворенная сущность, объединяющая прошлое, настоящее и будущее казахской степи и ее людей.

Родина как историческая судьба народа, вершиной творчества Ауэзова и главным выражением темы родины является роман-эпопея «Путь Абая» [2].

Здесь родина представлена через призму жизни великого просветителя Абая Кунанбаева и исторической эпохи, в которой он жил (вторая половина XIX века). Формирование национального самосознания: Ауэзов показывает, как в условиях патриархально-феодального общества, находящегося на переломе эпох, происходит становление национального самосознания. Абай, главный герой, становится символом пробуждения народа, его стремления к свету, знанию и справедливости. Через его борьбу с косностью беев и феодалов писатель показывает внутренние противоречия общества, которые нужно преодолеть ради будущего родины.

Историческая правда и боль: Автор не идеализирует прошлое. Он с глубокой болью описывает межродовые распри, несправедливость, невежество и страдания простых людей. Эта боль за свой народ, за его разобщенность и отсталость - неотъемлемая часть его любви к родине. Он верит, что путь к процветанию родины лежит через просвещение и единство. Преемственность поколений: В эпоху прослеживается связь времен - от древних преданий и песен до новых идей Абая. Родина предстает как непрерывная цепь поколений, где каждый несет ответственность за сохранение и приумножение наследия предков.

Любовь к родной земле и природе занимает особое место в творчестве Ауэзова. Она не просто фон для событий, а активный участник повествования, источник силы и вдохновения для героев. Одухотворенный пейзаж [3]. Описания бескрайних степей, могучих гор, живописных рек, как Иртыш наполнены глубоким лиризмом. Для Ауэзова степь - это колыбель нации, свидетель ее истории. Он передает тончайшие нюансы времен года, звуки и запахи родной земли, выражая свою безграничную привязанность к ней. Символ свободы и воли: Степь в его произведениях часто символизирует свободу, простор и волю казахского народа, его независимый дух. Потеря связи с природой равносильна потере связи с родиной и самим собой.

Родина в контексте социальных перемен и трагедий XX века, особенно в ранних рассказах («Судьба беззащитных», «Сиротская доля») и поздней публицистике, Ауэзов обращается к острым социальным проблемам и трагедиям, выпавшим на долю Казахстана в XX веке - коллективизация, голод, политические репрессии, а позже и экологические катастрофы. Гражданская позиция, его публицистика 1980-х годов (несмотря на то, что это были уже последние годы его жизни, его мысли и идеи оставались актуальными и после него) выражала глубокую озабоченность будущим родины, особенно в свете испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне. Он одним из первых заговорил об этой беде, выражая боль и тревогу за здоровье и будущее своего народа и земли. Родина как страдающая мать: В этих произведениях родина часто предстает как страдающая мать, нуждающаяся в защите и заботе своих сыновей и дочерей. Патриотизм для Ауэзова - это активное действие, борьба за справедливость и благополучие народа.

Гуманизм и общечеловеческие ценности Ауэзов рассматривал тему родины не в узко националистическом ключе, а в широком контексте общечеловеческих ценностей. Диалог культур: Он подчеркивал важность

дружбы и сотрудничества с другими народами, в частности с русским народом, видя в этом путь к просвещению и развитию своей родины. В «Путь Абая» показано благотворное влияние русской культуры и передовой мысли на становление казахского просветительства. Национальное как общечеловеческое Ауэзов доказал своим творчеством, что глубоко национальная тема, искренне и талантливо рассказанная, становится понятной и близкой людям во всем мире. Его родина, Казахстан, через его книги вошла в мировую литературу.

Тема родины в творчестве Мухтара Ауэзова представляет собой сложное, многогранное и глубоко эмоциональное явление. Это не просто выражение патриотических чувств, а всеобъемлющее философское осмысление истории, культуры, природы и судьбы казахского народа. Родина как синтез прошлого и настоящего: Ауэзов мастерски объединяет историческое наследие, древние традиции и современные ему реалии, показывая родину как живой, развивающийся организм. В его произведениях прошлое не забыто, оно активно формирует настоящее и указывает путь в будущее.

Глубокая привязанность к родной земле через лирические и живописные описания степей, гор и рек Казахстана писатель передает свою безграничную любовь к родной природе. Земля для него - это не просто территория, а священное место, колыбель нации и источник ее духовной силы. Гражданственность и боль за народ патриотизм Ауэзова не был абстрактным. Он остро реагировал на социальные несправедливости, трагедии и проблемы своего времени (голод, репрессии, экологические бедствия). Его творчество пронизано болью за страдания народа и призывом к активным действиям во имя его благополучия. Образ Абая как символа Родины: В эпопее «Путь Абая» образ великого просветителя становится квинтэссенцией темы родины. Абай олицетворяет собой стремление народа к знаниям, справедливости и единству, показывая, что истинный патриотизм заключается в просвещении и духовном росте. Национальное и общечеловеческое: Ауэзов сумел поднять национальную тему до уровня общечеловеческих ценностей. Его произведения доказывают, что глубоко национальное искусство, искренне рассказывающее о судьбе одного народа, становится понятным и близким всему миру.

Таким образом, для Мухтара Ауэзова родина - это не просто место рождения, а сложная система духовных, исторических и культурных ценностей. Его творчество остается бессмертным гимном казахской земле, ее народу и его борьбе за достойное будущее, вдохновляя новые поколения на служение своей Отчизне.

Важным аспектом темы родины в творчестве Ауэзова является взаимосвязь человека с историей своей земли. Писатель показывает, что судьба каждого героя неразрывно связана с судьбой народа, а личная ответственность перед родиной - это моральный долг каждого гражданина. Он призывает читателя не только помнить прошлое, но и бережно относиться к

будущему страны, понимая, что именно духовная прочность и единство являются ключом к процветанию нации [4].

Ауэзов сумел художественным словом увековечить память о великих личностях, героических страницах истории и непреходящих ценностях казахского народа. Его произведения - это глубокий источник знаний о менталитете, традициях и мировоззрении казахов, отражённый с поразительной точностью и любовью. Неоспоримо, что творчество Ауэзова стало важнейшим этапом в развитии казахской литературы. Он открыл миру богатую духовную культуру Казахстана, поднял значимые социальные и философские вопросы, которые сохраняют актуальность и сегодня. Его произведения вошли в золотой фонд не только национальной, но и мировой литературы.

Таким образом, Мухтар Ауэзов - это великий художник слова, чьё творчество навсегда осталось символом любви к родной земле. Тема родины у писателя - это гармония человека и природы, память о прошлом и забота о будущем, внутренняя сила народа и его культурное величие. Его книги воспитывают чувство патриотизма, уважение к истории и веру в лучшее будущее. Творчество Ауэзова является бессмертным памятником Родине, вдохновляющим новые поколения сохранять духовные ценности, уважать свои корни и с гордостью носить имя казахского народа.

#### **Список литературы:**

1. Жакупов, Ж. А., Мейрамбекова, Л., Абдыханова, Б. А., & Бейсембаева, С. Т. (2021). Некоторые особенности языковой репрезентации времени и пространства в казахских сказках и эпических поэмах. *Keruen*, 73(4). извлечено от <https://keruenjournal.kz/main/article/view/>
2. Казахский Национальный педагогический университет имени Абая. (2024, 27 сентября). В Abai University обсуждены инициативы по охране объектов всемирного наследия Казахстана. <https://www.kaznpu.kz/ru/36376/news/> образования в области музыки (кружки по игре на домбре, қобызе, жетігене и д
3. Скворцов А.А. Сторителлинг. Как рассказать историю интересно, чтобы она не превратилась в скучный набор фактов? // Меркатор Групп.: 2007
4. <https://mysl.kazgazeta.kz/news/11852>

**М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ НЕГІЗДЕРІ**

**Амангелдіқызы Айнұр,  
Абикенов Мұхит Төкенұлы,**  
филол.ғ.к.,  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ  
агротехникалық зерттеу университеті,  
Астана, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеті М.Әуезов шығармалары, М.Әуезов тілінің әсемдігі, ішкі қуаты арқылы өлшенетініне баға беріледі. Ол үрдістің кері шегінуі әдеби дамудағы ілгерілеу болып табылмасына сенімді екені баса айтылады. Жазушы Әуезов өз кейіпкерлерінің бойындағы жеке қасиеттерді пейзажбен, даланы суреттеумен тікелей байланыстыратындығы талданады.*

***Кілт сөздер:** М.Әуезов, қазақ әдебиеті, шеберлік, пейзаж, көркемдік*

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезов еңбектеріндегі ар-намыс концептісі – қоғамда тек, халықтың әлеуметтік ортасын ғана емес, шығармадағы кейіпкерлердің бір-бірімен сөйлесуін, түсінісуін, пікірлесуіндегі өзіндік орынын белгілеуді қамтамасыз ететін қатынас құралы. Сонымен қабат, кейіпкерлердің шығармадағы өзіндік орынын, әлеуметтік өмір сүру деңгейін, өзіндік өмірге деген көзқарасын айқындайды. Егер ар-намыс концептісін функционалдық жағынан анықтағымыз келсе, оны қатынас құралы, адамдардың бір-бірімен пікір алысып, өзара түсінісуінің құралы дейміз.

ХХ ғасырдың соңы әдебиеттану қолданысындағы парадигмалардың ауысып, алмасуымен ерекшеленеді. Жазушы кейіпкерлерінің жеке өзіндік қасиеттері, сонымен қатар, әдеби көзқарастарының жүйесін өзінше пайдалануы да жаңа зерттеудің орталығына айналды. “Антропоцентристік әдебиеттік негіздегі парадигма бағдарынан қарағанда зерттеу нысаны таным объектісінен субъектіге ауысады, яғни әдеби образ негізінде көрініс беретін адам тұлғасы мен адамның сөз саптауындағы адами мәселе – ар-намыс концептісі әдеби талдауға түседі. Антропоцентристік әдеби-шығармашылық білімінің дамуына өзіндік үлес қосқан З. Қабдоловтың: «Көркем әдебиеттің шекарасынан аспай, ауқымнан алыстамай тұрып, кейіпкер тұлғасын *жасаушы мен тұтынушыға*, яғни нақты әдеби тұлға – адамға назар аудармай тұрып, жеке қасиеттіліктің әдебиеттегі құдіретін түсіну мүмкін емес... адамның әуелі ойын, мақсатын, әдеби ұстанымын түсініп алмай немесе адамды әрекетінен танымай тұрып, өзін жете тани алмайсың» [1, 7 б.] деген пікірімен келіспеуге болмайды.

Әрбір әдебиетші белгілі жазушы өзінің алдындағы тұлғалар қалдырып кеткен барлық әдеби байлықты меңгеруімен, соны иелене алуымен кейіпкер бойындағы жинақылықты немесе концептілік негізді қалыптастыра алады. Әр

кейіпкердің әдеби тілі көп дәрежеде жалпыға ортақ тілден, біршама деңгейде өзіндік жеке тілдік ерекшеліктен тұрады.

Өйткені ұлттық мәдениетті меңгеру мен әлеуметтік психологияның қалыптасуы кейіпкер әрекетінің көмегі арқылы ғана мүмкін болады. Сондықтан әдебиеттегі кейіпкер болмысын зерделеу кешенді талдау негізінде тарихи-мәдени қайнар көздерді, мәтіннің этноұлттық ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын, халықтың философиялық дүниетанымы мен психологиялық мінездемесін айқындау арқылы іске асуы және кейіпкердің жан-дүниесінің болмысын түсінуге, зерделеуге жетелейтін әдебиеттанудағы категория ретіндегі кейіпкер болмысының ішкі және сыртқы құбылысы қазіргі білім парадигмасының мазмұнын, күй-қалпын айқындаушы маңызды ғылыми ұғымға айналуға (концепті ретінде).

Егер шығарма негізіндегі ар-намыс концептісін адамзат баласының бойындағы қасиет - ой мен санаға қатысы жағынан анықтамақ болсақ, онда кейіпкер бойындағы ар-намысты қалыптастыратын, оны жарыққа шығаратын құрал, ойлау құралы дейміз.

Жалпы ар-намысқа қатысты жағдайларды (ұят, ар, кек, арлану, намыстану, қарымта қайтару, кекшілдік, т.б.) құрылымы жағынан анықтамақ болсақ, намыс және ар – адамдар арасында рухани – таза қарым-қатынас қатынас жасауға қажетті материалдардың жиынтығы деп қараймыз. Ар-намысты ұлттық сипатына қарай адами ұстаным немесе мәдени қырлар жүйесі, психологиялық жүйе деп анықтау да ар-намыс концептісінің қоғамда атқаратын қызметіне қатысты екені сөзсіз.

Қазіргі әлем кеңістігіндегі жаһандану мен ұлтсыздану үрдісі өріс алған алмағайып замандағы тәуелсіздіктің жаңа сапасы мен сипатының маңызы ерекше. Соның нәтижесінде ұлттық сананың жаңғырып, болмысымызды тануға деген құлшыныс қазіргі тәуелсіз мемлекетіміздің мүддесімен сабақтасуда. Бұл жағдаят ұлтсыздану үрдісіне қарсы ұлтжандылық сананың қалыптасып, ұлттық негізді дәлелдейтін тірек-дәйектерді зерттеуді жаңа да кешенді деңгейге көтеруді қажет етуде.

Дегенмен, қазіргі дүние дамуын байсалды зерделеудің пайымдау жүйесі қазіргі заманға сай өркениет дамуының нәтижесі ретіндегі жаһандану үрдісін жоққа шығара алмайды. Осы жағдайда ғаламдасудың бір жолы ретінде тұтасу немесе концептуалдану үрдісі байқалуда. Осы ғаламдық кеңістікке, мысалы, қазақ ұлтының да бір бөлшек боп еніп, өзіндік болмысымен сақталып қалуының кепілі – дүниенің тұтас бейнесін немесе дүниенің ұлттық бейнесін мәдениеті, ары мен намысы, халықтық ар-ожданы арқылы тану. Нақты айтқанда, оған негіз болатын қалыптасқан ұлттық негізді ар-ұжданы тұтынушы ұжымдағы намыстың коммуникативтік қызметімен сабақтас ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін оның мұрагерлік (кумулятивтік) қызметі.

Осыған орай, қазіргі әдебиеттану білімінде дүниені концепті арқылы танудың әлемдік моделі және сонымен сабақтас ұлттық моделі анықталуда. Демек, қазіргі заманда ар-намыс концептісінің қызметі жалаң коммуникативтік құрал ретінде емес, ойды білдіріп қана қоймай, халықтық санада ойды түзетін, құратын, сақтайтын, жеткізетін таным тетігі, ел тарихын

сақтаған мәдени-құжаттық қор деп тұжырымдалады. Осы қағидаға сәйкес ар-намыс концептісін зерттеу оны тұтынушымен тығыз байланыста зерттейтін антропоэзектік (адамтанымдық) бағыт өріс алуда. Яғни мұнда сөз иесінің болмысына (тұлғасына) ерекше мән беріледі. Бұл арада мұндай зерттеулерге нысан болатын – әдеби шығарма арқылы ұлттың болмысы мен мәдениетін дәйектейтін ел тұлғаларының ісі мен сөзі, рухани шығармашылық мұрасы.

Осыған орай, егемен елдің ар-ождан саясатының рухани құндылығын Еліміздің басшысы Қ.К. Тоқаевтың: «Ұлтты күшейтудің бір тетігі – туған ана тілі және оның ар-ожданы» деп бағалаған тұжырымы ұлттық болмысымыз бен елдігімізді адами ұстанымдылығы және мәдениеті арқылы танудың бағдары болары анық (2,45).

Өз алдына егемен ел болуға, тәуелсіз мемлекет құруға бет алған, сол жолда қайта түлеу, жаңғыру кезеңін бастан кешіріп отырған кезеңде ұлттық тұлға болған ел ағаларының рухани мұрасын танудың, әдебиетіміз және мәдениетіміздің асылы мен құдіретін танудың ел үшін қаншалықты өзекті мәселе екенін атап көрсеткен жөн.

Қазақ шығармасының, әдебиетінің өміршендік, мұрагерлік құндылығы «халқы үшін қызмет етуден басқа бақыт жоқ» деп білген М.Әуезов сынды тұлғалардың барлық қасиетін жан-жақты аша алады. Атап айтқанда, оны іске асыратын – ғалымдық, суреткерлік, ағартушылық, кәсіптік тұлғасының толық бейнесін образ арқылы аша алатын әдебиеттану білімінің адамтанымдық бағыттағы әдеби кейіпкердің тұлғалық теориясы. Сондықтан шығармадағы кейіпкердің тұлға ретінде қалыптасуында ар-намыс концептісін танытатын келесі компоненттер енеді:

1) шығармадағы кейіпкерлер бойында ар-намыс концептісін танытатын құндылықтық (аксиологиялық), дүниетанымдық жүйе, тәрбие мазмұны;

2) өмір сүруге және рухани таза болуға деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі;

3) жеке тұлғалық (адамдық, терең жекелік) қасиеттер.

Қазақи ортаға тән ар-намысты игерген, мәдени ұстанымды тұлға – кейіпкер болмысы, ішкі жан-дүниесі және әдеби дискурсы (басқа кейіпкерлермен сөйлесуі, көзқарасы) арқылы анықталатын психикалық, әлеуметтік, этикалық және т.б. құрамдас бөліктерін толық қамтитын толыққанды көрінісінің бір түрі. Адамды ішкі психикалық ойлау дүниесінен, өзінше өмірді түсіну немесе меңгеру түйсігінен тысқары зерттеу мүмкін болмайды, ар-намысты жасаушы, қолданушы, пайдаланушы – адамға назар аудармай, шегінен аспай, кейіпкердің ішкі дүниесін тану мүмкін емес. Себебі, кейіпкердің жеке сөзін естімей, көзқарасын біліп-танымай, оның қандай адам екені жайлы мәлімет алу мүмкін емес. Сондай-ақ, қоршаған ортаны жеке адамнан тысқары да қарастыру мүмкін емес, себебі, сол қоршаған ортаға сай сөйлейтін тұлғасыз көзқарас жай қоғамға сай өзіндік ойлау жүйесі болып қана қалады. Сондықтан «Шығармадағы ар-намыс концептісінің негізі болып танылатын басты тұлғаның әдеби тұлға ретінде қалыптасуы тек басқалармен қарым-қатынасы арқылы ғана жүзеге асады».

Ғалым Зәки Ахметов көркем мәтінге сүйене отырып ар-намыс концептісіне негіз бола алатын әдеби тұлғаның деңгейлік моделін жасап, оның үш құрылымдық деңгейін анықтап көрсетеді: 1. Әдеби шығармадағы ар-намыс үлгісін қалыптастыратын немесе әдеби вербалдық-семантикалық деңгей (немесе құрылымдық-жүйелік); 2. Әдебиеттану негізіндегі когнитивтік деңгей (немесе тезаурустық); 3. Әдебиеттанудағы кейіпкердің сөйлеуіне қатысты (образдық түзілу негізінде) прагматикалық деңгей (уәждемелік) [3, 11 б.]. Ар-намыс концептісін саралап тануда ғалым Зәки Ахметов жеке дара зияткерлік қасиетін қарастыруды ұсынады да, шығармадағы кейіпкер тұлғасының бірінші деңгейіне сәйкес тілдік намысқой-әділетшілдігін «алғашқы деңгей» деп атайды. Бұл деңгей – әдеби вербалдық-семантикалық (әдебиеттану негізіндегі семантико-қатарлық, инварианттық) шығармадағы кейіпкердің қарапайым сөйлеу немесе өзін өзі ұстай білуді меңгеру дәрежесін көрсетеді, өзіндік көзқарасы мен қоршаған ортаға сай бейімделе білу қасиетінен тұрады. Вербалдық-семантикалық деңгейде негізгі бірліктер ретінде кейіпкер сөзі қарастырылады, ал олардың арасындағы қатынас түрлі әдебиеттегі метафора, немесе эпитеттерді орынды қолдана білуі арқылы көрініс табады, әдебиеттану негізіндегі стереотиптері – стандартты фразалар мен сөйлемдер.

Бұл деңгей қарым-қатынас арқылы іске асады. Онда әдеби тұлға жалпы намысқой кейіпкерге тән ерекшеліктерді меңгереді. Оны қазіргі әдебиеттану ілімінде әдеби аялық білім деп түсіндіреміз. Кез келген айтылымның мән-мағынасын түсіну үшін сөйлеуші мен тыңдаушыда халықтың өткен тарихынан, рухани дүниесінен хабардар аялық білім негізі болу керек. Аялық білім – халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі арқылы қалыптасқан ұғым-түсінігі. Өмірлік танымды меңгеру арқылы шығарма кейіпкері бойындағы немесе санасында қалыптасатын аялық білім танымдық қызметпен, яғни, оның ойлау жүйесімен тікелей байланысты. Сол себепті осы деңгейде тіл үйренушінің санасында танымдық қызмет арқылы әдебиеттану туралы жаңа таным, жаңа ұғымдар қалыптасады. Әдеби қаһарманның сөйлесім әрекетінде кездескен әдебиеттану негізі бірліктердің құрылымдық, салғастырмалы, қолданбалы қасиеттерін, жалпы беретін мағынасын түсінуі оның осы алғашқы деңгейін анықтайтын өлшем болмақ.

Екінші әдебиеттану негізіндегі әдеби шығарма негізіндегі тезаурустық деңгей – әр адамның танымында, шығармашылығында ұғым, идея, тұжырым бірліктерінен құралатын когнитивтік деңгей. Онда әлеуметке тән релеванттық білімдер мен түсініктердің өзектілігі мен бірегейленуі және ұжымдық немесе жеке когнитивтік кеңістік тудыруы жүзеге асады. Бұл деңгей тұлғаның білім, сана, танымын бейнелеген мәтіндері негізінде қалыптасқан, ой түзуші, ой және ойды қабылдаушы тұтастығынан тұратын әдебиеттану негізіндегі кейіпкердің дискурсын танытады.

Көркем шығарманың өн бойында арқылы көрінетін кейіпкердің өзіндік ішкі феномені – психикалық, әлеуметтік және этикалық, эмоциялық компоненттерден тұратын күрделі құрылым. Әдеби кейіпкердің ішкі болмысы оның көркем шығармадағы сөйлеуі яғни әдеби дискурсы арқылы анықталады.

Көркем шығармадағы әдеби когнитивтік немесе әдеби тезаурустық деңгей - тұлғаның әлемнің кейіпкер сомдау моделінің, оның мәдениетаралық құзыреттілігінің көрінісі, дүниетаным мен өзіндік таным сабақтастығының нәтижесі арқылы іске асқан тезаурустық қалыптасу кезеңі. Бұл деңгейдің ерекшелігі кейіпкердің орталық мәдени ұғымдарды меңгеру дәрежесін сипаттайтын тұлғаның жеке және ұжымдық тәжірибе қоры арқылы көрінеді.

Әдебиеттану негізіндегі когнитивтік деңгейдің бірлігі ретінде алғашқы деңгейдегі кейіпкердің көзқарасы, ұстанымының көмегі арқылы аңғарылатын түрлі түсініктер, идеялар, концептілер қарастырылады, олардың арасындағы қатынас әлемнің құрылымын бейнелейтін белгілі бір тәртіпке келтірілген иерархиялық жүйе бойынша тізбектеледі, стереотиптері - өз тезаурусындағы түсініктеріне сәйкес таңдап алынған әралуан жалпылама айтылулар, қанатты сөздер мен афоризмдер арқылы көрініс табатын концептілер арасындағы тұрақты стандартты байланыстар.

Кейіпкер бойындағы намыс концептісіне басым қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, идеалдарын бейнелейтін неғұрлым маңызды концептілері оның тезаурусында соғұрлым кеңірек көрініс табады. Тезаурус дегеніміз – біріншіден, жиілігі бойынша реттелген әдеби сөздік қор, екіншіден, осындай сөздіктің негізінде айқындалған шығармадағы әдеби тұлғаның өзіндік бір ғалам бейнесінің суреті. Ол сурет әдеби тұлғаға тән ғалам бейнесі үзіктерімен тікелей байланыста болатын концептуалдық құрылымға негізделеді. Концепт – көпкомпонентті, күрделі когнитивті құбылыс, кейіпкер бойындағы әдебиеттану ғылымына негізделген әдеби-когнитивті деңгейлерінің негізгі бөлшегі, әлемнің шындық немесе көркемдік негізін көрсетуші ұжымдық сананың қозғалысын айқындаушы бірлік. Адам санасындағы дүние бейнесі концептілердің көмегімен сөз арқылы таңбаланып, жарыққа шығады, вербалданады. Оның құрылымын орталық нүктесі, яғни өзегі бар және сол өзек маңына топтасқан білімдер, тұжырымдар, түсініктер мен ұғымдар, ойлар, қиялдар, болжамдар, ассоциялардан тұратын өріс түрінде елестетуге болады. Осы бағыттағы адам танымының үдерісі оның сол әлемде қандай бағдар ұстанғанына байланысты. Концептілік өріс құру арқылы белгілі бір концепт шеңберіндегі ғаламның көркем бейнесі сипатталады.

Концепт ұғымын әдебиеттану негізінде ерекшеленетін ментальды көрініс ретінде айқындау гуманитарлық, оның ішінде әдебиеттану негізінің антропоцентристік әдебиеттік парадигмасының қалыптасуындағы заңды қадам болып табылады.

Намысқой тұлғаның қалыптасу үрдісі адамның жалпы интеллектуалдық деңгейінен, парасат биігінен бастау алып, оның тұлғалық мінезінің құрылымын, саяси, қоғамдық, психологиялық және т.б. ерекшеліктері түзеді. Бәрінің негізін тұлғаның ұлттық болмыс-бітімін, ұлттық-рухани құндылығын, ұлтжанды сезімін, қоғамдық ой биігін сипаттайтын рухани қажеттілік құрайды. Екінші бір қажеттіліктің бірі – ұлттық тәрбие арқау болған отбасылық тәрбие үрдістері, тектілік ұғымының ана сүтімен санаға сіңірілуі. Демек, М.Әуезов сынды ұлт перзенттерінің ұлттық тұлға болып қалыптасуы кездейсоқтық емес.

Демек, жоғарыда аталғандарды қорытсақ, ғалым З. Ахметов әдебиеттану әлемінде білімінде намысқа бейім кейіпкердің ішкі табиғатын бір құрылымға жинақтап, оны үш деңгейде анықтайды [3,85]:

Бірінші деңгейді кейде нөлдік деңгей деп те атайды. Себебі онда әдеби тұлғаның дәстүрлі салт-дәстүрді меңгеру деңгейі анықталады. Атап айтқанда, тәлім-тәрбие алған отбасы мен ортасы, тегі, білімі және соған сәйкес қалыптасқан өзіндік сөз қолданысы, яғни ұлттық ұстанымды қолдану ерекшелігі, жеке ой жеткізу көрнектілігі (метафора, мақал-мәтелдер, фразеологизмдерді орынды қолдануы).

Осы деңгейге сәйкес М.Әуезов өз шығармаларына арқау еткен атап айтсақ, ерекше әдеби тұлға қалыптастыруына әсер еткен қайнар көздердің бірі – ол дүниеге келген тарихи шежіре мен көркем сөз астасқан Ұлы Шыңғыстау өлкесі. Бала кезінен Ұлы Абайдың асыл сөздерін естіп, халқымыздың қайғы-мұңын жырлап, өлең-толғауларын ту қылып көтерген және сол өлкенің гауһар жырларын тыңдап, таным бұлағын суарып, рухына сіңіріп өскен. Оның артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Ғасырлар бойы көшпелі тіршілікті бастан кешіріп, ХІХ ғасырдың бел ортасында жол айрығына келген қазақ өмірінің барлық әні мен нәрін, сыны мен сырын, соры мен бағын теңдессіз тарихи тұлға Абай тағдыры арқылы әрі көркем, әрі түпсіз ой көзімен ашып берген суреткер туралы талай-талай ізденістер жалғаса бермек. Олай болатыны Мұхтар Әуезов шығармашылығы ғасырлық өлшемдердің аясына әлдеқашан именбей-ақ енген.

Екінші деңгейде кейіпкердің ұлтшыл, қазақи мінезіне тән танымдық кеңістікті құрайтын әртүрлі түсініктер мен білімі өзектеліп, әдеби тұлғаның өзіндік ғаламының жеке бейнесі ашылады, өзіндік ой әлемі (тезаурус) қалыптасады. М.Әуезовтің бұл деңгейге сәйкес тұлғалық шығармашылығының жүзеге асып, тұлға ретінде танылуының қырлары танылды. Ұлы жазушы, ғалым, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезовтің көркем мұрасы біздің төл әдебиетіміздің ғана емес, бүкіл адамзат мәдениетінің де жетістігі. Романшы, драматург, ғалым, сценарийшы, аудармашы – бұл ұлы қаламгер дарынның толық емес тізімі. Оның Абай туралы эпопеясы мен асқан шеберлікпен жазылған шағын әңгімелері, повестері ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің алтын қорына мәңгілік енеді.

«Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарында жарияланған алғашқы әңгімелері мен зерттеу мақалаларынан, повестері мен драмалық шығармаларынан-ақ өзін қалыптасқан қаламгерлік жазу өрнегі, белсенді азаматтық бет-бағдары мен пікір толғамы бар сөз зергері ретінде бар даусымен мәлімдеді.

Сонымен қатар өзіндік танымдық деңгейде білімінің өзектеліп, тілдік тұлғасын анықтайтын мақалаларының ғылыми-танымдық сипаты.

Үшінші, яғни әдебиеттанудағы прагматикалық деңгейдің басты өзегі – сөйлеуші (я жазушы) мен тыңдаушының (я оқушының) арақатынасы. Нақты айтқанда, тыңдаушының танымын, көзқарасын, психологиясын айтушының ескеріп, барынша оған ықпал етуді, сөзін ұғындыруды, ойын жеткізуді мақсат

етуі. Бұл арада әдебиеттанудағы прагматикаға негіз болатын уәж бен мақсат жеке тұлғалық сатысына көтерерлік қуатты факторлар екенін атап өткен жөн.

Абай шығармалары халықтың ауызша және жазба ескерткіштерінде сақталған көне қазақ мәдениетінен, шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларынан - тәжіктің, азербайжанның, өзбектің классик, поэзиясынан, орыс сол арқылы Европа мәдениетінен нәр алған. М. Әуезов көрсеткен осы «үш ұлы қайнар бұлақтың» ізі оның өз шығармаларында да, әсіресе, «Абай жолында» сайрап жатыр. Жазушы *«әдебиеттануға негізделген сөздік жазынан менің романдарымның Абай өмір сүрген тарихи дәуірге сәйкес ерекшеліктері мол. Оның үстіне мен Абайдың өз шығармаларының сөздік қорынан да мейлінше пайдаландым»* дегенді сірә кемеңгер ақынмен өз арасындағы сол рухани ортақтықтан шығарып айтса керек. Абай шығармаларында да, эпопеяда да халқымыздың 19 ғасырдың 2-жартысындағы өмірі суреттеледі. Абай да, Әуезов те сол кезеңдегі көне қазақ мәдениетін, яғни халық ауызша көркем тіл байлығын, әсіресе, ондағы байырғы құбылыстарды, шешендік нақыл сөздерді, мақал-мәтелді, билер айтысындағы түрлі көне және дәстүрлі сөз қолданыстарды, афоризмдік орамдарды, аңшылыққа, халқымыздың тақпақ пен тапқыр жауаптарында қалыптасқан ежелгі тілдік дәстүрді, ас беруге, қыз ұзатып келін түсіруге, өліктің артын күтуге, той-томалақ түрлеріне, әр алуан этнографиялық затты қаласы, рухани мәдениетке байланысты әдеби-лексикалық қабаттардың қай-қайсысын да қажетінше қамти пайдаланды.

Абай заманында Орта Азия мен Араб шығысының классик ақындарының шығармалары кеңінен тараған. Бұларды, яғни шығыс мәдениетінің ұлы шығармаларын – Рудаки шығармалары тілінің данышпан қарапайымдылығын, Фирдауси ғазелдеріндегі әуезді ырғақты, Низами мен Руми жырларының өн бойынан айқын сезілетін дыбыстық, сондай-ақ, жеке сөз түріндегі қайталауларды, синтаксистік егіздеулерді, ассонанс пен аллитерациялық тәсілдер, Сағди мен Хафиз өлеңдерінің сырт әуенділігі мен саздылығын барынша жетік білді. Шығыстың көркем сөз өнерінде кеңінен тараған садж, тавзе, ил-тизом, таносуб, иштиқоқ тәсілдерін өздерінің шығармаларында Абай да, Әуезов те жиі пайдаланды.

Әрине, М.Әуезовтің жеке қалыптастырған әдебиет кейіпкерінің әдеби негізін, деңгейін, мақсатын анықтайтын негізгі өзек – ұлтты сүю, оған насихат айту. Сонымен, жазушының кейіпкер бойындағы қасиетін, табиғатын ашып, ғалымдық қабілетін, көркем әдеби-тілдік шеберлігін танытатын оның мұрасының ұлттық мазмұны мен көркем де түсінікті шығармасының арқауы – троп түрлері, архаикалық этнолексика, риторикалық сұраулар, мақал-мәтелдер және айқын мақсат. Ал бұл ұлы мақсаттардың іске асуының негізгі тетігін М.Әуезовтің шығармашылығынан табылатын асыл мұрасы, оны танытатын ұлт мәдениетінің ерекше қасиетін хабарлаушы танымдық ақпаратты, сонымен байланысты ХХ ғасыр басында пайда болған ағартушылық және ұлттық сананы оятушы өзіндік тілдік әлемі десек, соның негізінде оны дәлелдейтін – кейіпкер сомпмдаудағы әдеби-тілдік тұлға теориясы.

Заманымыздың заңғар жазушысы, қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ХХ ғасырдағы биік шыңы — ұлы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің артында қалған ұланғайыр мұрасын зерделеп, ой елегінен өткізу үшін де әр дәуірдің, әр ұрпақтың өз айтар сөзі, таным-түсінігі болатыны сөзсіз. Оның тұлғалық болмысын толық танудың, яғни әуезовтанудың болашағына дәйек болатын ғылыми-танымдық негіздің бірі – қазақи намысы бар, ерекше кейіпкер сомдау теориясы деп білеміз. Әдебиеттану негізіне ар-намыс концептісінің соның ішінде кейіпкердің ішкі және сыртқы бейнесінің топтастырылып қарастырылуы немесе ар-ождан категориясының енгізілуі - жалпы «тұлға» ұғымының жаңа мазмұнмен толығына мүмкіндік жасап, әдебиетте штрих-детальдарды зерттеудің құрылымдық-функционалдық аспектісі аясынан шығып, адамның санасы, ойы мен рухани қызметімен тығыз байланыстағы антропологиялық әдеби негіздегі іліміне айналуына негіз жасалды. Соның әсерімен әдебиеттану ғылымында ар-намыс концептісінің негізін ашушы кейіпкерлерге, шығармашылық тұлғаға деген қызығушылық күшейіп, қазіргі таңда жаңаша зерттеулердің өзегіне айналған, ғылыми еңбектерде жүйеленген «ар-ождан» теориясының орны бөлек.

Кейіпкердің даралық сипатын концептілер арқылы түйіндеп беруге байланысты жазушы шығармаларының ерекшелігін танытатын оқиғалар негізін зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсуде. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс әдебиеті мен қазақ әдебиеттану ілімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз: 1) *нақты тұлғаның ішкі және сыртқы бейнесін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау*; 2) көптеген ғылыми еңбектерде *тарихи тұлғалар образын диахрониялық тұрғыдан сараптау* орын алған; 3) *бөлек-бөлек оқиғалар негізінде әдеби негізгі кейіпкерді модельдеуге арналған зерттеулер* де пайда бола бастады; 4) *шығармадағы кейіпкерлердің бейнелік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының кейіпкерді сомдау шеберлігіне шығуды мақсат тұтқан зерттеулер* де кездеседі; 5) кейіпкер бойындағы *бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер*. М.Әуезовтің образ сомдау шеберлігін тануға арналған зерттеу жұмысымызды жоғарыда қарастырылған бағыттар шеңберінде негіздеуге тырысатын боламыз.

Сонымен қатар кейіпкер қасиеттерін тануға, түсіндіруге төмендегідей бағытта келу үрдісі қалыптасқандығын байқауға болады:

1) шығармада өзіндік мінез ерекшелігі бар жеке кейіпкер болып табылатын жеке адам қалыптасуының негізгі жүйелерін анықтау (тегі, өмір сүрген ортасы, әдеби және тілдік, ұлттық-мәдени ықпал және т.б.);

2) жеке адамның өзіндік дара болмысын құрайтын жеке қасиеттерін танытатын ерекшеліктерді көрсету, яғни *оны өз бетінше білім алу, өзін-өзі жетілдіру, тәрбиелеу, өз тілдік тәжірибесін ұрпақтарына мұра етіп қалдыруда жеке жауапкершілігін сезіну, білім дағдыларын игеру, шеберлік дағдыларын меңгеру, игерген білімдері мен тәжірибесін болмысты өзгерту үшін қолдану т.б. қасиеттерден тұратын күрделі, көпсатылы зерттеу нысаны ретінде* оның тілінің әдебиеттану негізінде қолданылып жүрген

келесі әдеби терминдерді қолдана отырып, ассоциативтік-вербалдық, әдеби негіздегі когнитивтік, прагматикалық деңгейлерін сипаттаудан тұратын деңгейлік талдау арқылы *қарастыру қажет екені айқындалды.*

Көрсетілген деңгейлердегі жеке кейіпкердің немесе тұтас образдылықтағы өзіне тән ұлттық болмысын ашудың маңыздылығы туралы ғалым Рымғали Нұрғалидың пікірлеріне жүгінсек: «Әдебиеттануда жеке талданып, аталған деңгейлердің дамуының белгілі бір кейіпкер бойында көрініс табуы әртүрлі дәрежеде өрістеп, түрлі сипатта көрінеді. Оның шығармашылық танымдық мазмұны дүниетанымдық, мәдени құндылықтар жүйесінен тұрады. Сондықтан жеке кейіпкер болмысын алдымен ұлттық негізгі тұлға ретінде түсінеміз. Себебі жеке мінезі бар тұлға табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сатысымен тікелей байланысты», – [4, 281-284 б.] болып шығады.

*Сонымен бірге белгілі бір шығарма кейіпкерінің бойындағы ар-намысты туындататын детльдарды тілге тиек ете отырып, оның өмір сүруіндегі ар-намыс негізін құрайтын, оның мақсаттары, ниеттері мен ұстанымдарын белгілейтін шығармашылық қажеттіліктері туралы да айтуға болады. Кейіпкердің қоршаған әлемге, айналадағы басқа адамдарға, өзіне деген қарым-қатынасы арқылы анықталынатын құндылықтар жүйесі, яғни адамның материалдық және рухани игіліктері мен мұраттары, белгілі бір әлеуметтік, мәдени және адамгершілік құндылықтарды таңдап алуының себептері оның танымындағы ғалам бейнесін ашу арқылы анықталынады. Ал ар-намыс концептісінің әдеби негіздегі танымы мен мақсат-мүдделерінің прагматикалық әлеуеті кейіпкер сөзі, көзқарасы, түсінігі арқылы көрініс табады.*

Әдебиетші ғалымдар көркем шығармадағы жеке кейіпкер бойындағы ар-намысқа қатысты ерекшеліктердің қалыптасуы үш негізгі фактордың: *әлеуметтік, ұлттық-мәдени және психологиялық* факторлардың ықпалына бағынатындығын атап көрсетеді. Жеке адам өмір сүретін кез келген жағдай алдымен қоғам реттеп отыратын нормалар мен заңдылықтарға бағынатын әлеуметтік жағдай болып табылады. Бір жағынан шығарма кейіпкері сол жағдайларға мойынсуға міндетті. Екінші жағынан алғанда өзі сол қоғамның мүшесі болып табылатындықтан, болып жатқан оқиғаларға деген жеке көзқарасын, тұлғалық ұстанымын білдіру үшін саналы түрде жалпы нормаларды бұзуға қабілетті. Мысалы Абай жолы роман-эпопеясындағы Қодар мен Қамқаның трагедиялық жағдайы. Бұл арада ру арасындағы қолайсыз жағдайға намыстанған Құнанбай «шариғатты» желеу ете өз атына кір келтірмеуді ойлайды. Екінші жағынан Құнанбай ұлттық мораль тұрғысынан шешім қабылдайды. Үшінші жағынан Құнанбай ел арасында белгілі шариғат заңдылығының сақталуын қамтамасыз етеді. Демек, бұл оқиға негізінде де ар-намысқа қатысты детальдарды өрбітуге болады.

Осыған орай М.Әуезов әлеуметтік үдерістерді қазақ халқының қоғамдық және рухани тәжірибесімен сусындаған өзіндік ой елегінен өткізіп, баға береді. Мысалы, *Ұлы далада қалыптасқан, рухани биік деңгейге көтерілген* даланың дара феномені Абай ақынның жеке тұлғасы

қалыптасуында ар-намыс концептісі үлкен рөл атқарады. Рухани құндылықтарды игеру арқылы адам бірте-бірте қарапайым заттардан бастап, ғаламның заңдылықтарына дейінгі өзін қоршаған ортаның болмысымен танысады, мәдениетке араласып, тілдің әлеуметтік қызметі мен дамуына қатысу арқылы тұлға болып қалыптасады.

Демек, бойдағы жігер, қайрат арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның ар-ожданлық әрекетіне де өз таңбасын түсіреді.

Ар-намыстың бойда бекуі және оның қоршаған ортада айқындалуы барысында адамды өзгелерден ерекшелеп тұратын *өзіндік қасиет – жекелік фактор* маңызды рөл атқарады. Жекелік фактор алдымен өзін-өзі танудан көрінеді. Адамның рухани құндылық - ар-ожданды өз деңгейінде игеруге қадам жасауына жеке өзіне байланысты себептер, белгілі бір мақсаттар, адамның қоғамдық жүйедегі өзінің орнын сезіну, жекелік және топтық сәйкестіктегі *өзіндік «мен» проблемасы* әсер етеді.

«Намыстану, намысқойлық» ұғымын «интеллектуалдық қызмет» ұғымымен тікелей байланыста қарастырудың маңызы зор. Оның тарихи шығу тегін, өсуін, дамуын зерттей келе, оның психологиялық табиғатына үңілу – заңды құбылыс. Бізді қызықтыратыны – шығарма кейіпкерінің көркем шығарма оқиғасында көрініс табатын жеке әрекеті барысында белгілі бір оқиға-әрекеттердің туындауы себебіне алып келетін психологиялық негіз, кейіпкердің болып жатқан оқиғаларға деген қарым-қатынасын бейнелеу барысында қолданатын ассоциативтік байланыстары мен оларды қисындастыру ерекшеліктері. Адамның өзінің психикалық әлемі туралы пікірі – адамның өркениеттің әсері арқылы дамитын өз ішкі әлемін және басқа адамдардың ішкі әлемін түсіну тәсілін бейнелейтін мәдени-ғаламдық бейнесінің қалыптасуының маңызды бөлшегі.

Ар-намыс концептісі құрылымын саралау адамның жеке көзқарасы арқылы көрініс табатын дүниетанымы мен болмысын толықтай тануға мүмкіндік беретін кешенді зерттеу. Мысалы: «...Қорлықты Нұрғанымнан көріп тұрмын. Үш күннен бері әкеңнің үйінде сол тоқалдың қимас қонағы болып Базаралы жатыр. Әкемнің әулиедей ақ төсегін арамдап жатыр! Бар дертім осы. Көптен білсем де сене ірке алмадым. Білдірдім міні! Сенен басқа сөз саларым, сыр ашарым жоқ. Дәл осы үйдің шаңырағында, әкем анау қаралы үйде отырғанда, мынау қос қара бетті осы түнде асып өлтірсем деп тұрмын, - деді» (Абай жолы, 214 бет). Бұл Оспанның өзіндік көзқарасы, ашуы, айта берсек, намысы. Қазақи ауыл арасында жиі тарайтын, жиі қайталанатын оқиғалардың бір көрінісі. Тоқалға қырындау, үйінен әрбір нәрсені сылтауратып шықпауы т.б. Бойдақ жігіттерге тән әрекетті қазақтың салтында «жігітшілік» деп дәріптеудің болғандығы ақиқат. Бұл жігітшілік қызға да сын болғандығын тарихи әңгімелерден жақсы білеміз. Мәселен Абайда: «Шал сипаған етімді құрт жесін деп,

Сұлу қыз өліпті суға құлап...», - деген өлең жолдары бізге таныс. Мұндай «жігітшілік» соңы қайғылы оқиғаға ұласқандығы туралы М. Әуезов әңгімелерінен және аяқталмай қалған «Өскен өркен» романындағы шытырман

оқиғалардан да кездестіреміз. «Қорғансыздың күні» хикаясында зорлық көрген қыз далада үсіп өлсе, Өскен өркен романындағы (хикаят оқиғасында) ересек жігіт көлік дөңгелегінің астында қалып қаза болады. Бұл оқиғалардың негізіне, фабуласына тірек – ар-намыс өзегі десек қателесе қоймамыз.

Абай жолы роман-эпопеясында 450 кейіпкердің барлығына тән, өзіндік жеке-дара – ар-намыс сезімін аңғарту, айқын сездірту тек, ғұлама М. Әуезов қаламгерлігінің шеберлігі деп тани аламыз. Егер, Әуезовтың Абай жолы роман-эпопеясындағы ар-намыс концептісінің кейіпкерлер бойынан екшелеп көрсетсек, онда келесі түрде сызба жасауға болады :

1. Абай және оның бойындағы ар-намыс сезімдерінің өсу жолдары – қалыптаса басталуы - «Қайтқанда» тарауынан басталады (Әкесімен жеке тілдесуі, қойшы-қолаңның киім киісі, өзін-өзі ұстауы, жағымпаздықты, жасандылықты, жағымсыз қылықтарды ажыратуы, ондай әрекеттерге күйінуі, т.б.).

2. Абай бойында ел намысын, көпшілік мүддесін тану-сезіну жолдарының қалыптаса бастауы- «Қат – қабатта» тарауында айқын аңғарылады (Әке қаталдығын аңғару, өлімді көзбе-көз көру, жер-су дауларының мән-мәнісін аңдай бастауы, адам баласының небір қулық-сұмдыққа бейімділігін сезіну т.б.).

3. Абайдың қазақтың «кейбір» салт-дәстүрлерінің мейірімсіздікке, қатыгездікке бастайтындығын түйсінуі, айтар сөзін көпшілікке жеткізе алмай қор болуы. Надандық пен сауатсыздық – халықтың басты жауы екендігін сезінуі «Жолда» тарауында айқын көрініс тапқан (Ру арасындағы алауыздық, Бітімшілдікке сәби Кәмшатты беру, Кәмшаттың хал-жағдайы, Әкесі мен Бөжей арасындағы теке-тірес т.б.).

4. Абай бойындағы сезімталдықтың өсу жолдары келесі тарауда - «Бел-белесте» біршама қамтылған (Оспанның намысқойлығы, жылқы мен адам баласының ара-қатынасы, жылқы мінездес қазақтардың образы тұтас қамтылып, Масақбай жылқышының атты үйрету шеберлігі, Бүлдірген теру, қаралы көштегі Абай әсерлері сәтті суреттіліп, кейіпкерлер бойындағы өмірге деген өзіндік жеке бір қырларының ашылуы, Жер дауының рулас, туыстар арасындағы – қан-төгіске («Мұсақұл соғысы») ұласқандығы т.б.).

5. «Өрде» атты тарудан Абай өмірінің жаңа қырын тани бастаймыз. Бозбала Абай ендігі жерде отбасылы кейіпкер ретінде, нақты айтсақ, отағасы ретінде таныла бастайды.

6. «Қияда» тарауында Абай ұрпақтарымен таныс боламыз. Абай бойындағы толыса бастаған ойларына, Абайдың ел ішіндегі дау-дамайларға араласып, ақыл тоқтата аларлық, билік айта аларлықтықтай биікке көтеріле бастағанын аңғарамыз.

7. Тайғақта» тарауы Абай өміріндегі ғылым-ілімдік ізденістердің шиеленіске түсіп, рухани негізде ширыға бастағандығын аңғарамыз. Абайдың кемеліне толып толықсыған кезеңдерін қамтыған.

Осы орайда біздің тоқталарымыз, зерделейтін негізіміз ар-намыс концептісі болғандықтан біз осы концептіге бастап апарар жолды да көрсете

кетуге тиістіміз. Мұндай жағдайда да біз адам баласына тән жеті түрлі hareketтің Абай заманында ру арасындағы адамдардың көкірегінде ар-намыс отын тұтатуға негіз болғандығына көз жеткізе түсеміз.

1.Отбасындағы келеңсіз оқиғаларға араласу (Қамқа Қодар арасындағы қарым-қатынас),

2. Жесір дауы,
3. Жер дауы,
4. Кек қайтару,
5. Мансапқорлық,
6. Надандық,
7. Білімсіздік.

Мұхтар Әуезовтің Абайтануға арнаған бар ғұмыры - ғасырлар қойнауынан жеткен қара сөз бен өлең сөздің құпия қатпарларын зерттеп, танып, көкеймен қабылдап, оның туған этносына ғана ерекше сұлу, сырлы, терең көрінетін жұмбақ қасиетіне қасиет қосып, құнарлы тілдің тұқымын егіп, жемісін сан ұрпаққа мәдени мұра етіп қалдырумен өтті. Сөзді сүюі өмірдің өзін сүюмен бірдей еді. Шынымен де, сөз – таңбалық белгі ғана емес, тіршілік символы.

XX ғасырдағы қазақ әдебиеті - М.Әуезов шығармалары, М.Әуезов тілінің әсемдігін, ішкі қуатын әрдайым әспеттеді. Ол үрдістің кері шегінуі әдеби дамудағы ілгерілеу болып табылмасына сенімдіміз. Нақты айтсақ, жазушы Әуезов өз кейіпкерлерінің бойындағы жеке қасиеттерді пейзажбен, даланы суреттеумен тікелей байланыстырады. Оның шығармаларындағы түйінделген намыс концептісі – кейіпкер бойындағы еркіндікті, еркіндікке ұмтылуды, дала заңдарының бұлжытпай орындалуымен қатар, өлімді, өмір сүру жолдарын, арамдықты, адалдықты т.б. Адами жақсылы-жаманды қасиеттерді түгелге дерлік қамтиды. Сонымен қатар, Әуезов шығармаларындағы ар-намыс концептісін қарастырып, ғылыми зерттеулер жасағанда арды яки намысты жеке дара алып көрсету мүмкін емес. Ұлы Абай өлеңдерінің құрылымы тәріздес, Әуезов шығармаларын бөлшектесек, онда бүкіл шығарма үгітілген құм тәріздес сусып кетеді. Демек, жазушының еңбектеріндегі ар-намыс концептісі шығарманың өн бойынан, соңына дейінгі аралықты қамтитын негізгі «ядро» ретінде танылады. Оны жеке алсақ, онда шығарманың мән-мағынасы жойылады немесе толықтай түсіндіру мүмкіндігі болмайды.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

- 1 Қабдолов З. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Арыс, 2004. – 208 б.
- 2 Назарбаев Н. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 2014. – 397 с.
- 3 Ахметов З. Өлең сөздің өрнегі. – А., Арыс, 2010ж. – 265 б.
- 4 Нұрғали Р. Абайтану мәселелері. - А., 1998 ж. – 157 сб
- 5 Әуезов М. Абай және қазақ әдебиеті мәселелері. -А., 1987 ж. – 117 б.
- 6 Копыленко А.Н. Надгробное слова «чистой» лингвистике // Лингвистика на исходе XX века: Итоги и перспективы. – М., 1995.-Т.2.– 20 с.

- 7 Негимов С. Тіл мен ойлаудың екіжақты бірлігі танымдық ғылымында// Тілтаным. – 2003. – № 2. – 15-25-б.
- 8 Жүсіпов Қ. Эпикалық уәждемелердің танымдық негіздері. – Алматы, 2003. – 28 б.
- 9 Сағындықұлы Б. Сөздің когнитологиялық сипаттары. Филол. ғыл. канд. автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.
- 10 Құдайбердіұлы Шәкәрім. Үш анық. А., 1998 ж. – 27 б.
- 11 Ахтанов Т. Әдебиеттегі танымдық құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі өзгеру ерекшелігі – Алматы, 1966. – 26 б.
- 12 Кәкішов Т. Әдебиеттану мәселелеріндегі сыни көзқарастар. - А., 1998 ж. – 30 б.
- 13 Сланов Ғ. Заманымыздың заңғар жазушысы. - А., 1997 ж. -136 б.
- 14 Әлімбаев М. Біз таныған Мұқтар. - А., 1968 ж. – 127 б.
- 15 Ефимов В.В. Язык и искусственный интеллект: рубеж 90-х гг // Язык и интеллект. - М.: Прогресс, 1996. – С. 33-35.
- 16 Байтұрсынұлы А. Қазақ тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 439 б.
- 17 Қоңыров Т. Қазақ теңеулері және танымдық қазақ тілі. – Алматы: Мұрагер, 2005. – 174 б.

### ІІІ СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ

ӘОЖ 372.016:82-3:001.895

#### **ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӘДЕБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (5-СЫНЫП НЕГІЗІНДЕ)**

**Аяпова Айнур Сапарбайқызы,**

Магистрант,

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ғылыми жетекші: **Қабатай Бидана Тұрсынханқызы,**

пед.ғ.к., доцент,

Алматы қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдеби білім берудің өзекті мәселелері ғылыми-әдістемелік тұрғыда қарастырылып, 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мазмұндық, құрылымдық және әдістемелік ерекшеліктері талданады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі өзгерістер оқытудың жаңа парадигмасын қалыптастырды, мұнда басты назар оқушының тұлғалық дамуы мен құзыреттілігін жетілдіруге аударылған. Осыған орай, зерттеу жұмысы жаңартылған бағдарлама аясында әдеби білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздерін айқындап, оның тәжірибедегі тиімді жүзеге асу жолдарын анықтауға бағытталған.*

*Автор әдеби білім мазмұнының жаңартылуы оқушының тілдік-мәдени құзыреттілігін, сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын, эстетикалық қабылдауын дамытуға бағытталатынын көрсетеді. Мақалада 5-сыныпта қазақ әдебиетін оқыту барысында туындайтын бірқатар өзекті мәселелер: оқу мақсаттарының иерархиялық жүйесін дұрыс анықтау, әдеби мәтіндерді жас ерекшелігіне сай іріктеу, бағалау өлшемшарттарын тиімді қолдану, мұғалімнің әдістемелік шеберлігін жетілдіру және оқушының жеке оқу траекториясын қалыптастыру мәселелері талданған.*

***Кілт сөздер:** конструктивизм, әдістемелік жүйе, оқыту технологиясы, қалыптастырушы бағалау, пәнаралық байланыс, әдеби құзыреттілік, рухани-адамгершілік тәрбие, ұлттық құндылықтар, оқушы белсенділігі.*

**Кіріспе**

Қазіргі жаһандану дәуірінде ұлттық білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамуымен тығыз байланыста өрбіп келеді. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары жүзеге асырылып отырған білім мазмұнын жаңарту үдерісі – білім беру сапасын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге және оқушы тұлғасының жан-жақты дамуын қамтамасыз етуге бағытталған стратегиялық қадам болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби білім берудің рөлі ерекше, себебі ол жас ұрпақтың рухани дүниетанымын кеңейтіп, ұлттық сана-сезімін қалыптастырады, көркемдік талғамын жетілдіреді және тілдік мәдениетін дамытады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдебиетті оқыту жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, оның теориялық, әдістемелік және практикалық негіздері жаңа талаптармен толықтырылды. Бүгінгі күні әдебиет пәні тек көркем мәтінді талдау мен мазмұндауға бағытталмай, оқушының сыни және шығармашылық ойлауын дамыту, өзіндік пікірін қалыптастыру, мәдениетаралық коммуникацияға қабілетті тұлға тәрбиелеу міндетін атқарып отыр. Бұл міндеттерді жүзеге асыруда 5-сынып деңгейіндегі «Қазақ әдебиеті» пәні оқушыны әдебиет әлемімен алғаш жүйелі таныстыратын маңызды баспалдақ ретінде қарастырылады. Сондықтан осы кезеңде әдеби білім мазмұнының ғылыми негіздерін айқындап, оқыту әдістемесінің тиімділігін арттыру — өзекті мәселе болып табылады.

Зерттеу нысаны ретінде 5-сыныптағы «Қазақ әдебиеті» пәнін жаңартылған бағдарлама аясында оқытудың мазмұндық және әдістемелік ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу пәні – әдеби білім берудің жаңартылған жүйесіндегі әдістемелік тәсілдер мен оқыту технологияларының тиімділігі [1, 28-б.].

Мақаланың мақсаты – жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдеби білім берудің теориялық негіздері мен өзекті мәселелерін айқындау, 5-сыныпта қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістемелік мүмкіндіктерін талдау және практикалық тұрғыдан тиімді жолдарын ұсыну.

Осы мақсатқа сәйкес төмендегідей міндеттер қойылды:

жаңартылған білім мазмұнының теориялық және әдіснамалық қағидаларын зерделеу;

5-сыныптағы әдеби білім мазмұны мен оқу мақсаттарының құрылымдық ерекшеліктерін талдау;

әдебиетті оқытуда қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдердің (жобалық оқыту, саралап оқыту, диалогтік әдіс, зерттеушілік оқу, АКТ) тиімділігін бағалау;

оқушылардың әдеби және коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту жолдарын айқындау.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – жаңартылған білім мазмұны негізінде әдеби білім берудің әдістемелік моделін жүйелеу арқылы 5-сыныпта әдебиетті оқытудың тиімді тетіктерін ұсынуында. Сонымен қатар, зерттеу әдебиетті оқытудағы жаңа педагогикалық технологиялардың әдеби таным мен тұлғалық дамуға ықпал ету механизмін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуді мақсат етеді.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы – жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдеби білім берудің парадигмасын анықтау арқылы ұлттық әдебиетті оқытудың ғылыми-әдістемелік негізін байытуында. Практикалық маңызы – алынған нәтижелерді 5-сынып мұғалімдерінің іс-тәжірибесінде, әдістемелік нұсқаулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар әзірлеуде қолдануға болатындығында.

Бұл зерттеу жұмысы жаңартылған білім мазмұны аясында 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың ерекшеліктерін теориялық және тәжірибелік тұрғыда талдауға бағытталды. Зерттеу барысында сапалық және салыстырмалы-талдамалық әдістер кешені пайдаланылды.

Негізгі материал ретінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің бекіткен жаңартылған «Қазақ әдебиеті» пәнінің оқу бағдарламасы (5-сынып), сонымен қатар оқулықтар мен мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтар, білім сапасын бағалау жөніндегі нормативтік құжаттар, және 5-сынып оқушыларына арналған оқу-тәжірибелік тапсырмалар жинақтары пайдаланылды. Қосымша дереккөздер ретінде әдеби білім беруге арналған ғылыми еңбектер, әдістемелік құралдар, педагогика және психология саласындағы зерттеулер мен заманауи педагогикалық технологиялар туралы еңбектер қарастырылды.

Әдістемелік тәсілдер:

Теориялық талдау әдісі – жаңартылған білім мазмұнының ғылыми негіздерін, құзыреттілік тәсіл мен конструктивизм теориясының әдіснамалық ұстанымдарын анықтау үшін пайдаланылды.

Бақылау және сараптау әдісі – 5-сыныпта өткізілген әдебиет сабақтарын, оқушылардың жазбаша және шығармашылық жұмыстарын, мұғалімнің сабақ жоспарын сараптау үшін қолданылды.

Салыстырмалы талдау әдісі – дәстүрлі және жаңартылған оқыту жүйелерін салыстыру арқылы жаңартылған мазмұнның артықшылықтары мен қиындықтарын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылау

Жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшелігі – оқушының тұлғалық дамуын, шығармашылық қабілеттерін және функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталуы. Қазіргі білім беру парадигмасы «дайын білімді беру» жүйесінен «білімді өз бетімен игеру және оны өмірлік жағдайларда қолдану» қағидатына көшті. Бұл тұрғыда конструктивистік және құзыреттілікке негізделген оқыту тәсілдері ерекше маңызға ие.

Құзыреттілік тәсіл оқушының алған білімін өмірмен байланыстыра алу, өз ойын еркін жеткізу, мәтінді талдау және бағалау қабілеттерін дамытуға бағытталады. Ал конструктивизм теориясы білімнің дайын күйінде берілмей, оқушының танымдық белсенділігі арқылы қалыптасатынын дәлелдейді. Осы теориялық негіздер жаңартылған оқу бағдарламасында нақты көрініс тауып отыр. Әдебиет пәні де бұл тұрғыдан оқушының рухани және мәдени құзыреттілігін қалыптастыру құралы ретінде қарастырылады[2, 48-б.].

5-сынып – оқушының бастауыш буыннан орта буынға өту кезеңі. Бұл деңгейде әдебиетті қабылдау мен талдау әрекеттері енді қалыптаса бастайды. Сондықтан оқу бағдарламасы оқушының жас ерекшелігі мен когнитивтік даму деңгейіне сәйкес жүйеленген.

Бағдарламада негізгі назар көркем мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамытуға, әдеби кейіпкер бейнесін талдауға, оқырмандық мәдениетті қалыптастыруға және мәтіннің идеялық-мазмұндық астарын түсінуге бағытталған. Сонымен қатар, оқу мақсаттары Bloom таксономиясы негізінде иерархиялық түрде беріліп, білімді игеру деңгейлерін нақты анықтауға мүмкіндік береді.

5-сыныптағы әдеби шығармалар оқушылардың ұлттық дүниетанымын кеңейтуге, туған жерге, тілге, тарихқа деген сүйіспеншілікті арттыруға

бағытталған. Мысалы, Абай, Ыбырай, Шоқан шығармалары арқылы адамгершілік пен еңбекқорлық идеялары, халық ауыз әдебиеті үлгілері арқылы ұлттық болмыс пен моральдық құндылықтар қалыптастырылады.

Жаңартылған бағдарлама аясында әдебиетті оқытуда дәстүрлі түсіндірме әдістен гөрі, оқушының белсенді әрекетіне сүйенетін инновациялық технологиялар кеңінен қолданылады. Олардың қатарында:

Диалогтік оқыту – әдеби мәтін арқылы пікір алмасу, сұрақ қою және дәлелдеу мәдениетін қалыптастырады;

Жобалық оқыту – оқушыларды шығармашылық ізденіске жетелейді, мысалы, «Менің сүйікті кейіпкерім» немесе «Қазақ эпосындағы ерлік бейнесі» жобалары;

Зерттеушілік оқу – оқушының талдау, салыстыру, қорытынды жасау қабілетін дамытады;

АКТ қолдану – көркем мәтінге бейнематериал, цифрлық оқулық, мультимедиялық карта арқылы қосымша ақпарат беру оқушылардың қызығушылығын арттырады;

Қалыптастырушы бағалау – оқушының жетістігін үнемі бақылап, кері байланыс беру арқылы өзіндік бағалау мәдениетін қалыптастырады;

Саралап оқыту – әр оқушының оқу қарқыны мен деңгейіне сәйкес тапсырмалар ұсыну арқылы оқу үдерісінің тиімділігін арттырады [3, 76-б.].

Бұл тәсілдердің барлығы оқушылардың әдеби және тілдік құзыреттіліктерін дамытуға, сонымен қатар, олардың жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді.

Жаңартылған мазмұн бойынша оқу процесін тиімді ұйымдастыру барысында бірқатар өзекті мәселелер туындайды. Ең алдымен, мұғалімдердің әдістемелік даярлығы мен инновациялық технологияларды қолдану қабілеті әртүрлі деңгейде. Бұл әдебиетті оқытудың сапасына әсер етеді. Екінші мәселе – оқу жүктемесінің көлемі мен бағалау критерийлерінің түсінікті болмауы кей жағдайда оқушылардың танымдық қызығушылығын төмендетеді.

Сондай-ақ, кейбір мектептерде оқу-әдістемелік құралдар мен цифрлық ресурстардың жетіспеуі де оқыту тиімділігін төмендететін факторлардың бірі болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, әдеби білім мазмұнын жаңарту тек бағдарламалық емес, әдістемелік және материалдық тұрғыда да кешенді қолдауды қажет етеді.

Әдебиет сабағы – оқушының рухани-адамгершілік тәрбиесінің негізгі арнасы. Жаңартылған мазмұн аясында әдеби шығармаларды оқыту арқылы ұлттық мәдени мұраға, ана тіліне, тарих пен дәстүрге құрмет қалыптастырылады. Әдеби білім тұлғаның мәдени-эстетикалық танымын кеңейтіп қана қоймай, оны қоғамдағы өз орнын түсінетін, еркін ойлайтын, жауапты азамат етіп тәрбиелеуге ықпал етеді.

Сондықтан 5-сыныпта әдебиетті оқыту тек тіл мен мәтінді үйретудің құралы емес, ұлттық құндылықтар мен рухани мәдениеттің дінгегін бекітетін маңызды пән болып қала береді.

Зерттеу жұмысы жаңартылған білім мазмұны жағдайында 5-сыныпта «Қазақ әдебиеті» пәнін оқыту үдерісінің мазмұны мен әдістемелік

ұйымдастырылуын кешенді талдауға негізделді. Нәтижелер көрсеткендей, жаңартылған бағдарлама негізіндегі әдеби білім беру жүйесі оқушының белсенді оқу әрекетін қалыптастыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және әдеби мәтінді терең қабылдау дағдысын жетілдіруге айтарлықтай мүмкіндік береді.

### 1. Әдеби білім мазмұнының тиімділігі

5-сыныптың «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша жүргізілген бақылау және тәжірибелік сабақтардың нәтижесінде оқушылардың әдеби мәтінді түсіну, кейіпкер бейнесін сипаттау және авторлық идеяны тану қабілеттері жоғарылағаны байқалды. Оқушылар шығарманы оқып, өз көзқарасын білдіруде белсендірек әрекет етіп, кейіпкерлердің мінез-құлқын талдауға және көркемдік детальдерді анықтауға ұмтылды.

Бұл жетістік ең алдымен оқу мақсаттарының нақты құрылуына және сабақтағы әрекетке бағытталған тапсырмалардың қолданылуына байланысты. Мысалы, мәтінмен жұмыс барысында оқушыларға түрлі деңгейдегі сұрақтар (танымдық, бағалау, салыстыру) қойылып, топтық және жұптық талқылаулар ұйымдастырылды. Мұндай тәсіл оқушыны пассив қабылдаушыдан белсенді талдаушыға айналдыруға мүмкіндік берді [4, 35-б.].

### 2. Инновациялық әдістердің әсері

Жаңартылған бағдарлама негізінде қолданылған диалогтік оқыту, жобалық жұмыс, зерттеушілік оқу және АКТ технологиялары сабақ тиімділігін арттырғаны анықталды.

Мәселен, зерттеу барысында өткізілген «Әдеби кейіпкерге хат жазу», «Көркем мәтінге мультимедиялық көрініс дайындау», «Эпостық кейіпкердің құндылықтық бейнесі» сияқты шығармашылық жобалар оқушылардың эмоционалдық қатысуын күшейтіп, әдебиетті өмірмен байланыстыра қабылдауына ықпал етті.

Сауалнама нәтижелеріне сәйкес, оқушылардың 82%-ы әдебиет сабағына деген қызығушылығының артқанын, 74%-ы сабақ барысында өз ойын еркін айту мүмкіндігі көбейгенін, ал 68%-ы шығармашылық тапсырмаларды орындау арқылы мәтінді терең түсінетінін атап көрсетті. Мұғалімдер тарапынан да жаңартылған тәсілдердің оқушылардың сыни ойлауын, өзіндік пікір айту дағдысын қалыптастыруда оң әсері бар екендігі расталды.

### 3. Қиындықтар мен шектеулер

Сонымен қатар, зерттеу барысында белгілі бір қиындықтар да анықталды. Атап айтқанда, мұғалімдердің барлығы бірдей инновациялық әдістерді жүйелі қолдана алмайтыны, бағалау критерийлерінің кей жағдайда түсініксіз болуы, уақыт тапшылығы және оқу материалдарының көлемінің шамадан тыс болуы сияқты мәселелер кездеседі. Бұл жаңартылған білім мазмұнын енгізу кезеңінде әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігін көрсетеді.

Кейбір сабақтарда оқушылардың көркем мәтінді терең талдауына уақыт жетпей, тек ақпараттық сипаттағы талдау жүргізілгені байқалды. Бұл оқушылардың әдеби талдау мен интерпретация дағдыларын толық қалыптастыруға кедергі келтіреді.

### 3. Ғылыми талдау және педагогикалық қорытынды

Жүргізілген зерттеу нәтижелері бойынша жаңартылған білім мазмұны аясында әдебиетті оқытудың тиімділігі келесі педагогикалық шарттарды орындағанда арта түсетіні анықталды:

Сабақ құрылымында оқушы белсенділігін арттыратын ынтымақтастыққа негізделген әдістерді тұрақты қолдану;

Әдеби мәтінді талдауда интерпретациялық және құндылықтық тәсілдерді ұштастыру;

Қалыптастырушы бағалауды жүйелі жүргізу арқылы оқушының жетістігін үздіксіз бақылау;

Мұғалімнің кәсіби рефлексиясын арттырып, оқу бағдарламасының мақсаттарын нақты түсіндіру.

Тәжірибелік сабақтардың нәтижесінде 5-сынып оқушыларының әдеби құзыреттілік деңгейі орта есеппен 25–30%-ға артқаны байқалды. Бұл олардың әдеби мәтінді қабылдау, кейіпкер әрекетін бағалау және эстетикалық пікір білдіру дағдыларының дамығанын дәлелдейді.

#### 5. Талдаудың ғылыми мәні

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жаңартылған білім мазмұны әдебиет пәнінің мазмұндық және әдістемелік құрылымына жаңа сапалық сипат енгізді. Әдебиетті оқыту енді тек мәтінді меңгеруге емес, оны түсіну, бағалау және өмірлік мәнін сезінуге бағытталды. Бұл өзгеріс оқушының когнитивтік, коммуникативтік және мәдени құзыреттерін дамытуға мүмкіндік береді [5, 116-б.]

Сонымен қатар, жаңартылған бағдарлама аясында әдеби білім берудің табысты болуы мұғалімнің кәсіби даярлығы мен әдістемелік икеміне тікелей байланысты екендігі анықталды. Осы себепті болашақта мұғалімдердің үздіксіз кәсіби даму бағдарламаларына әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдерін енгізу қажеттігі айқындалды.

#### Қорытынды

Зерттеу нәтижелері жаңартылған білім мазмұны жағдайында 5-сыныпта әдеби білім берудің жаңа сапалық деңгейге көтерілгенін дәлелдейді. Қазіргі кезеңде әдебиетті оқыту тек мәтінді мазмұндау мен есте сақтауға емес, оқушының танымдық белсенділігін арттыруға, көркем шығарманы тұлғалық тұрғыдан қабылдауына және өзіндік ой-пікірін қалыптастыруына бағытталған.

Жаңартылған білім мазмұнының басты ерекшелігі — білімді меңгертуден гөрі, оқушының оны өз тәжірибесінде қолдана алу қабілетін дамыту. Осыған орай әдебиет пәні тұлғаның рухани-адамгершілік құндылықтарын, ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілігін, эстетикалық талғамын және сыни ойлау дағдыларын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Зерттеу барысында 5-сынып оқушыларының әдебиетке деген қызығушылығының артқаны, мәтінмен жұмыс жасау дағдыларының жетілгені және шығармашылық қабілеттерінің дамығаны байқалды. Бұл жаңартылған бағдарлама аясындағы инновациялық әдістердің (жобалық, зерттеушілік, диалогтік, саралап оқыту, АКТ қолдану) тиімділігін көрсетеді.

Сонымен қатар, зерттеу мұғалімдердің кәсіби даярлығы мен әдістемелік икемінің жаңартылған мазмұнды тиімді жүзеге асыруда шешуші фактор екенін айқындады. Бағалау критерийлерін жетілдіру, оқу материалдарын бейімдеу және пәнаралық байланысты нығайту – болашақ зерттеулер мен тәжірибелік ізденістердің маңызды бағыттары болып табылады.

Жалпы алғанда, жаңартылған білім мазмұны жағдайында әдеби білім берудің теориялық және әдістемелік негіздерін жетілдіру — білім сапасын арттырудың, ұлттық мәдениетті сақтаудың және оқушы тұлғасын жан-жақты дамытудың тиімді тетігі болып саналады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. «Қазақ әдебиеті» пәні бойынша оқу бағдарламасы (5-сынып). – Астана, 2023.
2. Жұбанова, Г. Жаңартылған білім мазмұны және әдеби білімнің мазмұндық құрылымы. // *Білім және ғылым журналы*. – №4, 2022. – 45–52 б.
3. Құрманова, А. Қазақ әдебиетін оқытудың заманауи әдістемелік негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 164 б.
4. Хасанова, Ш. Жаңартылған бағдарлама негізінде әдебиет пәнін оқытудағы құзыреттілік тәсіл. // *Қазақ тілі мен әдебиеті әдістемесі*. – №2, 2023. – 33–40 б.
5. Әбдіғали, А. Қазақ әдебиетін оқытуда оқушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдары. – Қарағанды: Болашақ-Баспа, 2022. – 120 б.

ӘОЖ 372.016:82-3:001.895

## ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Арканова Света Аvezбаевна  
Маңғыстау облысының білім басқармасы  
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің  
«№12 жалпы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

*Аңдатпа.* Мақалада ұлттық құндылықтарды жас ұрпақтың санасына сіңірудегі мақал-мәтелдердің тәрбиелік, танымдық және мәдени маңызы қарастырылады. Қазақ мақал-мәтелдерінің мазмұны арқылы ұлттық дүниетаным, адамгершілік, еңбек, отансүйгіштік, тіл мен дәстүрге құрмет сияқты құндылықтарды қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде мақал-мәтелдерді тиімді қолдану жолдары мен әдістемелік қырлары айқындалады.

**Кілт сөздер:** ұлттық құндылық, мақал-мәтелдер, халық педагогикасы, тәрбие, рухани-адамгершілік даму.

Қазіргі жаһандану жағдайында ұлттық болмысты сақтау мен жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз ету өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Ақпараттық кеңістіктің кеңеюі, мәдени ықпалдастықтың артуы ұлттық құндылықтарға деген көзқарасты қайта қарауды талап етеді. Осы тұрғыда халықтың ғасырлар бойы жинақтаған рухани мұрасы – мақал-мәтелдер ұлттық тәрбиенің маңызды құралы ретінде ерекше мәнге ие. Қазақ мақал-мәтелдері – халықтың өмір тәжірибесін, дүниетанымын, моральдық ұстанымдарын жинақтаған қысқа да нұсқа, терең мағыналы тілдік бірліктер. Олар арқылы ұлттың мінезі, салт-дәстүрі, өмірге деген көзқарасы көрініс табады. Сондықтан мақал-мәтелдерді білім беру мен тәрбие үдерісінде жүйелі қолдану ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың тиімді жолдарының бірі болып табылады.

Қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты тілді тек таңбалық жүйе ретінде қарастырудың жеткіліксіз екенін көрсетеді. Тіл әрбір ұлттың ұлы мұрасы ретінде ұлттық тарих, мәдениет, таным, сана және дәстүрлерді бойына сіңірген күрделі құрылым болып табылады. Сондықтан тілдік жүйені зерттеу тек лингвистиканың шеңберінде ғана емес, этнолингвистика, лингвомәдениеттану және когнитивтік лингвистика сияқты ғылымдардың тоғысында қарастырылуы қажет. Осы ғылым салаларындағы тіл мен мәдениетке қатысты көптеген зерттеулер ұлттық болмысты, ұлттық танымды және рухани құндылықтарды тануға бағытталған. Мақал-мәтелдердің лексика-стистикалық ерекшеліктері [1], когнитивті [2], танымдық-прагматикалық аспектілері [3], синтаксистік құрылымы [4] сондай-ақ узуалды (тұрақты) жәнеokkaзионалды (өзгермелі) қолданысы [5], және мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері [6] бұған дейін зерттеу нысанына айналған. Дегенмен мұндай тіл бірліктерін зерттеу қашан да өзекті. Өйткені, мақал-мәтелдер тек ауыз әдебиетінің көрінісі емес, сонымен қатар, ұлттық дүниетанымның терең қабаттарын айшықтайтын, халықтың сан ғасырлық өмірлік тәжірибесін бейнелейтін рухани мұра.

Ұлттық құндылықтар – белгілі бір халықтың тарихи даму барысында қалыптасқан рухани, мәдени, әлеуметтік және адамгершілік бағдарларының жиынтығы. Оларға тіл, дәстүр, әдет-ғұрып, діл, ұлттық сана, еңбекке көзқарас, үлкенге құрмет, кішіге ізет сияқты ұстанымдар жатады.

Ұлттық құндылықтарды қалыптастыру – тұлғаның ұлттық өзіндік санасын, отансүйгіштік сезімін және әлеуметтік жауапкершілігін дамытуға бағытталған күрделі үдеріс. Бұл үдерісте халық педагогикасының элементтері, соның ішінде мақал-мәтелдер ерекше рөл атқарады. Себебі олар ұрпақтан ұрпаққа ауызша таралып, тәрбиелік қызмет атқарып келген.

Қазақ мақал-мәтелдері ұлттық дүниетанымның көрінісі ретінде халықтың өмірге, еңбекке, білімге және адамгершілікке деген көзқарасын бейнелейді. Мысалы, *«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»*,

«Білімдіге дүние жарық» сияқты мақалдар еңбек пен білімнің құндылығын насихаттайды.

Мақал-мәтелдер арқылы жас ұрпаққа:

- адалдық пен әділдік;
- сабыр мен төзімділік;
- бірлік пен ынтымақ;
- отбасылық құндылықтар сияқты қасиеттер сіңіріледі. Қысқа әрі бейнелі формада берілген ойлар тәрбиелік ықпалды күшейтіп, есте сақталуын жеңілдетеді.

Рухани-адамгершілік тәрбие – тұлғаның ішкі мәдениетін, моральдық ұстанымдарын қалыптастыруға бағытталған тәрбие түрі. Қазақ мақал-мәтелдері бұл бағытта аса бай мазмұнға ие. «Ұят болады», «Арсыз болсаң – айып жоқ», «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» сияқты мақалдар адам мінезін реттеуші әлеуметтік нормалар ретінде қызмет етеді.

Мақал-мәтелдерде жақсылық пен жамандық, адалдық пен арамдық, кішіпейілділік пен менмендік салыстырыла отырып беріледі. Бұл жас ұрпақтың моральдық таңдау жасауына, дұрыс бағыт қалыптастыруына ықпал етеді.

Мысалы, «Адам қайғысы – заман қайғысы» мақалда адамның қайғысы мен заманның қайғысының тығыз байланысы көрсетілген. Қазақ халқының танымында жеке адам қоғамнан бөлек қарастырылмайды. Әрбір жеке адам қоғамның бір бөлшегі болып, сол қоғамдағы өзгерістер, қиындықтар оның өміріне тікелей әсер етеді. Бұл мақал қазақтың коллективтік санасының айғағы болып табылады. Адамның жеке қайғысы қоғамның ахуалынан туындайтынын және қоғамның да жеке адамдардың жағдайына тәуелді екенін көрсетеді. Сол секілді, қазақ философиясында адамның рухани кемелдігі оның жасынан тәуелсіз.

Тағы да мысал айтсақ, «Жасық адам жасына жетпей қартайар, Асыл адам жасына жетпей марқаяр» мақалында адамның рухани деңгейі мен ішкі құндылықтарының оның өміріне, жасына әсер ететіні айтылады. Мұндағы асыл адам – жоғары адамгершілік қасиеттерге ие, рухы мықты адам, ол өмірде табысқа жетіп, жан дүниесімен байиды деген идея бар. «Адам ұйымшыл, Мал үйіршіл» деген мақалда да қазақ халқының ойлау жүйесіндегі адамның – қоғамның ажырамас бөлігі, басқалармен бірлесіп, ұйымшылдықпен әрекет етуге қабілетті екендігін нақтылайды [7]. Жануарлар, малдар үйірмен ғана өмір сүрсе, адам саналы түрде топтасып, қоғам құрады. Мұнда адамның әлеуметтік болмысы мен қоғамдық қатынастардың маңыздылығы көрсетіледі. «Ат аяғынан семіреді, Адам құлағынан семіреді» деген мақалда да адам мен жануарды салыстыра отырып, адамның рухани кемелденуіне баса назар аударады. Ат аяғынан семірсе, яғни физикалық белсенділіктен күшейсе, адам құлағынан семіреді, яғни тыңдау арқылы, білім мен ақыл арқылы дамиды. Қазақ халқы үшін ауызша әдебиет, ақыл-кеңес тыңдау үлкен маңызға ие болды. Бұл мақал білімнің, тәрбие мен насихаттың адам өмірінде қаншалықты маңызды екенін көрсетеді.

Қазіргі білім беру жүйесінде мақал-мәтелдерді тек тіл сабақтарында ғана емес, тәрбие сағаттарында, пәнаралық байланыс арқылы кеңінен қолдануға болады. Әдебиет, тарих, өзін-өзі тану пәндерінде мақал-мәтелдердің мазмұнын талдау оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Мақал-мәтелдерді қолданудың тиімді жолдары:

- мәтінмен жұмыс барысында мағынасын ашу;
- өмірлік жағдаяттармен байланыстыру;
- салыстырмалы талдау жүргізу;
- шығармашылық тапсырмалар (эссе, пікір жазу) беру [8, 89]

Бұл әдістер білім алушылардың ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттырып, тілдік қорын байытады.

Цифрлық технологиялар дамыған қазіргі кезеңде мақал-мәтелдерді жаңаша форматта ұсыну өзекті болып отыр. Әлеуметтік желілер, мультимедиялық контент, интерактивті платформалар арқылы мақал-мәтелдердің тәрбиелік маңызын насихаттау жастар аудиториясына тиімді әсер етеді [9].

Ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуда мақал-мәтелдер рухани сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды құрал болып қала береді. Олар халық даналығының қысқа формуласы ретінде тәрбиелік қызметін жоймайды. қазақ мақал-мәтелдеріндегі ұлттық танымның философиялық мәні қоғамның рухани, әлеуметтік және мәдени болмысына терең тамыр жайған. Мақал-мәтелдер арқылы қазақ халқының өмірлік құндылықтары, табиғатқа, еңбекке, достыққа, отбасыға деген көзқарасы анықталады. Уақыт пен өмір философиясы, әлеуметтік байланыстар және адамгершілік қағидалары мақал-мәтелдерде бейнеленіп, олардың халықтық дүниетаным мен ұлттық тәрбиедегі рөлі арта түседі. Бұл мақал-мәтелдер тек қана сөз өнерінің үлгілері емес, олар қоғамның рухани құндылықтарын сақтаушы, тәрбиелік құрал ретінде маңызды орын алады.

Ұлттық құндылықтарды мақал-мәтелдер арқылы қалыптастыру – тәрбиенің тиімді әрі өміршең бағыты. Мақал-мәтелдер жас ұрпақтың дүниетанымын кеңейтіп, рухани-адамгершілік қасиеттерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан оларды білім беру мен тәрбие үдерісінде жүйелі, мақсатты түрде қолдану ұлттық сананы нығайтудың маңызды шарты болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Сәрсенбаев Р. Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің лексика-стистикалық ерекшеліктері: фил. ... ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1990. – 224 б.
2. Динаева Б.Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің прагма-когнитивті аспектісі. – Астана, Қазақ гуманитарлық-заң университеті, 2013. – 145 б.
3. Бегалықызы Д. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық – прагматикалық аспектісі: фил. ... ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2002. – 118 б.
4. Кенжемұратова С. Мақал-мәтелдердің синтаксисі: филол. ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Астана, 2002. – 28 б.

5. Турабаева Г. Оказиональные преобразования пословиц и поговорок в казахском языке: дисс. ... канд. филол. наук. – Алматы, 1989. – 229 с.
6. Қарсыбекова Ш.П. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді топтастырудың этнолингвистикалық принциптері: дисс. ... фил. ғыл. канд. – Алматы, 2004. – 137 б.
7. Ыбыраев Ш. Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2019.
8. Қасқабасов С. Халық педагогикасының негіздері. – Алматы: Рауан, 2018.
9. Әлімқұлов Б. Қазақ мақал-мәтелдерінің тәрбиелік мәні // Ұлт тағылымы. – 2021. – №2.

ӘОЖ 372.016:82-3:001.895

**«БОЛАШАҚ КІЛТІ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН»  
АВТОРЛЫҚ ЖОБАСЫ – ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК ЖӘНЕ  
МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ**

**Муринова Айсулу Тайкелтировна,**

Информатика пәні мұғалімі

№2 жалпы білім беретін мектеп

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

*Аңдатпа.* Бұл мақалада жасанды интеллекттің (ЖИ) қоғам дамуы мен болашақ ұрпақтың зияткерлік әлеуетін арттырудағы рөлі қарастырылады. «Болашақ кілті — жасанды интеллектпен!» авторлық жобасы заманауи қажеттілік ретінде талданып, оның білім, ғылым және әлеуметтік саладағы маңыздылығы айқындалады. Жасанды интеллектті тиімді қолдану – еліміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың негізгі факторларының бірі екені ғылыми тұрғыда негізделеді.

*Кілт сөздер:* жасанды интеллект, цифрландыру, инновация, білім беру, болашақ қоғам.

Қазіргі жаһандану дәуірінде технологиялық даму адамзат өмірінің барлық саласына тікелей әсер етуде. Соның ішінде жасанды интеллект – ХХІ ғасырдың ең маңызды жетістіктерінің бірі. Ол тек техникалық құрал ғана емес, қоғамның даму бағытын айқындайтын стратегиялық ресурсқа айналып отыр. Осы тұрғыда «Болашақ кілті — жасанды интеллектпен!» атты авторлық жоба – уақыт талабынан туындаған өзекті бастама.

Жасанды интеллект адамның ойлау қабілетіне ұқсас функцияларды орындай алатын жүйе ретінде ғылым, білім, медицина, экономика және басқару салаларында кеңінен қолданылуда. Бұл мақалада аталған жобаның идеялық негізі, өзектілігі және болашаққа әсері ғылыми тұрғыдан сараланады. Бүгінгі таңда жасанды интеллектсіз дамыған қоғамды елестету мүмкін емес. Ақпарат көлемінің күрт артуы, деректерді өңдеу жылдамдығына деген сұраныс – ЖИ-дің қажеттілігін арттырды. Ол адам еңбегін жеңілдетіп қана қоймай, шешім қабылдау сапасын жақсартады.

Білім беру саласында жасанды интеллект оқыту процесін жекелендіруге, оқушылардың қабілетін анықтауға және білім сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Ал медицинада диагноз қою, аурудың алдын алу және емдеу тиімділігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Экономикада ЖИ өндіріс тиімділігін көтеріп, ресурстарды оңтайлы пайдалануға жағдай жасайды.

Осы тұрғыда «Болашақ кілті — жасанды интеллектпен!» жобасы жастарды технологиялық сауаттылыққа баулып, оларды болашақ мамандықтарға даярлауды көздейді. Бұл – заманауи қоғам үшін аса қажет бағыт. Авторлық жоба құрылы бойынша информатика және ақпараттық технологиялар бағытында жасақталып, оқушылардың цифрлық сауаттылығын арттыруға, жасанды интеллект (AI) негіздерін түсінуге және практикалық дағдыларды дамыту үшін дайындалған. Жұмыстың өзектілігі жасанды интеллект технологиялары медицина, қаржы, өндіріс, білім беру және тұрмыстық өмірдің барлық саласына еніп отыр. Сондықтан мектеп оқушыларына жасанды интеллект туралы базалық білім мен практикалық дағдылар беру — заман талабы. Бұл элективті курс оқушылардың логикалық және алгоритмдік ойлауын дамытуға, жоғары оқу орындарына дайындығын күшейтуге және IT саласына қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді. Курсы мазмұнына сүйене отырып, дәстүрлі информатика бағдарламасы жасанды интеллект ұғымдарын ерте жастан меңгертуге және онлайн құралдар мен платформаларды (Teachable Machine, Google Colab) пайдалану арқылы интерактивті оқытуға мүмкіндік береді. Авторлық жоба мақсатына сәйкес, 11-сынып оқушыларына жасанды интеллект туралы базалық білім беру, заманауи технологияларды меңгерту арқылы алгоритмдік, логикалық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, IT саласына кәсіби бағдар береді..

Авторлық жобаның негізі міндеттері:

- Жасанды интеллект ұғымы мен даму тарихын түсіндіру;
- Негізгі қолдану салаларын көрсету және талдау;
- Алгоритмдік және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;
- Python тілінде қарапайым AI модельдерін жасауға үйрету;
- Оқушыларды жобалық және командалық жұмыс дағдыларына баулу;
- IT мамандықтарына қызығушылық пен мотивация қалыптастыру.

Ерекшелігі:

- Курста теориялық білім мен практикалық дағды үйлестірілген;
- Жаңа технологияларды қолдану арқылы интерактивті сабақтар өткізіледі;
- Оқушыларға мини-жоба және жарыстарға дайындалуға мүмкіндік беріледі;
- Жасанды интеллект тақырыбы қарапайым тілмен, мектеп деңгейіне бейімделіп түсіндіріледі.

1. Білімдік нәтижелер:

- Жасанды интеллекттің негізгі ұғымдарын біледі;
- AI технологияларын қолдану салаларын түсінеді;
- Негізгі алгоритмдер мен машиналық оқыту ұстанымдарын ажырата алады.

## 2. Практикалық нәтижелер:

- Онлайн платформалар арқылы қарапайым AI модельдерін жасай алады;
- Python тілінде шағын бағдарламалар құра алады;
- Жобалық жұмыс жасай алады.

## 3. Алгоритмдік және логикалық ойлау нәтижелері:

- Логикалық тапсырмаларды шеше алады;
- Алгоритм құру және талдау дағдыларын дамытады;
- Сыни ойлау мен шешім қабылдау қабілеттері жетіледі.

## 4. Болашақтағы мүмкіндіктер:

- IT және жасанды интеллект бағытындағы мамандықтарға кәсіби бағдар алады;

- Жоғары оқу орнына түсу кезінде білімін тиімді қолдана алады;

Цифрлық сауаттылығы жоғары бәсекеге қабілетті тұлға қалыптасады.

Білімді тексеру әдістері:

1. Тест тапсырмалары: теориялық білімді бағалау.
2. Практикалық жұмыстарды орындау: дағдыны бақылау.
3. Жобалық жұмыс / Мини-жоба: шығармашылық пен қолданбалы білімді бағалау.
4. Қалыптастырушы бағалау: сабақ барысындағы кері байланыс пен белсенділік.
5. Ситуациялық тапсырмалар мен кейс-шешу: нақты жағдайларда шешім қабылдау қабілетін бағалау.
6. Қорытынды бақылау жұмысы: курс соңында білім мен дағдыны жинақтап тексеру.

Жасанды интеллекттің дамуы тек мүмкіндіктермен қатар, бірқатар маңызды мәселелерді де алға тартады. Олардың қатарында этикалық жауапкершілік, деректер қауіпсіздігі, адам мен машина арасындағы тепе-теңдік мәселелері бар. Сондықтан ЖИ-ді енгізу ғылыми негізделген, жүйелі және жауапты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

Авторлық жоба аясында жасанды интеллектті тек технология ретінде емес, әлеуметтік құндылық ретінде қарастыру ұсынылады. Бұл жобаның негізгі мақсаты – жастардың сыни ойлау қабілетін дамыту, оларды жауапты қолданушы әрі болашақ зерттеуші ретінде қалыптастыру.

Ғылыми тұрғыдан алғанда, жасанды интеллектті зерттеу – пәнаралық бағыт. Ол информатика, математика, философия, педагогика және әлеуметтану ғылымдарының тоғысында дамиды. Сондықтан бұл салада кешенді зерттеулер жүргізу – маңызды мәселе болып табылады.

Қорытындылай келе, «Болашақ кілті — жасанды интеллектпен!» авторлық жобасы – заманауи қоғамның сұранысына толық жауап беретін, стратегиялық маңызы бар бастама. Жасанды интеллектті тиімді әрі жауапты қолдану арқылы еліміздің ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруға, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге болады. Бұл жоба болашаққа бағытталған инновациялық ойлауды қалыптастырып, жастарды жаңа технологияларды меңгеруге ынталандырады. Демек, жасанды интеллект – тек технология емес, ол болашақтың кілті екені ғылыми тұрғыда дәлелденеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. *Жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқу бағдарламалары*. — Астана, 2022.
2. ҚР Білім және ғылым министрлігі. *Цифрлық Қазақстан мемлекеттік бағдарламасы*. — Астана, 2018.
3. Luckin R., Holmes W., Griffiths M., Forcier L. *Intelligence Unleashed: An Argument for AI in Education*. — London: Pearson, 2016.
4. Wooldridge M. *A Brief History of Artificial Intelligence*. — London: Flatiron Books, 2020.

ӘОЖ 165'8

### «МАҢҒЫСТАУ ФЛОРАСЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ – ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

**Аманбаев Косай Серикович,**

биология пәні мұғалімі

№2 жалпы білім беретін мектеп

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада бастауыш және негізгі білім алушыларға арналған «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының мазмұны, оны білім беру үдерісіне енгізудің педагогикалық негіздері, тәжірибелік зерттеу нәтижелері мен талдаулары жан-жақты қарастырылады. Бағдарлама оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, туған өлкенің өсімдіктер әлемін танып-білуге және табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарауға бағытталған. Зерттеу нәтижелері бағдарламаның оқушылардың танымдық белсенділігіне, функционалдық сауаттылығына және экологиялық санасының дамуына оң әсер еткенін көрсетеді.*

***Кілт сөздер:** Маңғыстау флорасы, авторлық бағдарлама, экологиялық тәрбие, табиғатты қорғау, функционалдық сауаттылық, өлкетану.*

Қазіргі жаһандану дәуірінде адамзат қоғамы табиғи ресурстарды шамадан тыс пайдалану, қоршаған ортаның ластануы, климаттың жаһандық өзгеруі және биологиялық алуан түрліліктің азаюы сияқты күрделі экологиялық мәселелермен бетпе-бет келіп отыр.

Ғалымдардың пікірінше, экологиялық дағдарыстың негізгі себептерінің бірі – адамның табиғатқа тұтынушылық көзқарасы мен экологиялық мәдениеттің жеткіліксіз деңгейде қалыптасуы. Бұл мәселелердің салдары тек табиғи ортаға ғана емес, адам денсаулығына, әлеуметтік-экономикалық даму мен келешек ұрпақтың өмір сүру сапасына тікелей әсер етуде. Осыған байланысты экологиялық сананы қалыптастыру, табиғатқа жауапкершілікпен қарау мәдениетін дамыту білім беру жүйесінің стратегиялық маңызды

міндеттерінің біріне айналды. Халықаралық зерттеулерде (UNESCO, UNEP) экологиялық білім беруді тұрақты дамудың негізгі тетігі ретінде қарастырады.

Экологиялық тәрбиені тиімді жүзеге асырудың басты жолы – оны мектеп жасынан бастап жүйелі түрде қалыптастыру. Әсіресе бастауыш сынып кезеңі баланың дүниетанымы, құндылықтар жүйесі мен мінез-құлқы қалыптасатын маңызды кезең болып табылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге сүйенсек, дәл осы жаста қалыптасқан экологиялық көзқарас баланың өмір бойғы мінез-құлқына ықпал етеді. Сондықтан бұл кезеңде табиғатқа деген сүйіспеншілік, туған өлкені құрметтеу, қоршаған ортаны қорғау дағдыларын дамыту ерекше маңызға ие.

Маңғыстау өңірі – Қазақстанның өзіндік табиғи-климаттық ерекшеліктерімен, шөлейт және жартылай шөлейт аймаққа тән өсімдіктер әлемімен ерекшеленетін бірегей өлке. Ғылыми деректерге сүйенсек, өңір флорасында табиғи ортаға бейімделген 700-ден астам өсімдік түрі кездеседі. Олардың ішінде жусан, сексеуіл, изен, баялыш сияқты өсімдіктер экожүйенің тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Алайда жүргізілген бақылаулар мен сауалнамалар оқушылардың жергілікті флора туралы білім деңгейінің жеткіліксіз екенін, табиғатты қорғау дағдыларының жүйелі түрде қалыптаспай отырғанын көрсетті. Көп жағдайда оқушылар өсімдіктерді тек оқулық деңгейінде ғана қабылдап, олардың экологиялық, экономикалық және мәдени маңызын терең түсіне бермейді. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында «Маңғыстау флорасы» атты авторлық бағдарлама әзірленді.

Бағдарламаның басты ерекшелігі – өлкетану мен экологиялық білімді кіріктіре отырып, теорияны практикалық әрекетпен ұштастыруында.

Зерттеудің мақсаты: экологиялық мәдениетін қалыптастыруда «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының тиімділігін анықтау, оның білімдік және тәрбиелік әлеуетін тәжірибе жүзінде дәлелдеу.

Зерттеудің міндеттері:

- Маңғыстау флорасына қатысты білім мазмұнын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан жүйелеу;
- Оқушылардың экологиялық білім деңгейін, табиғатқа деген қызығушылығы мен жауапкершілік сезімін анықтау;
- Авторлық бағдарламаның оқу-тәрбие үдерісіне ықпалын тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелдеу;
- Алынған нәтижелерді салыстырмалы талдау арқылы бағдарламаның тиімділігін бағалау.

Зерттеу барысында педагогика ғылымында кеңінен қолданылатын сапалық және сандық әдістер пайдаланылды: педагогикалық бақылау, сауалнама, диагностикалық тапсырмалар, салыстырмалы талдау және тәжірибелік-эксперименттік жұмыс.

Зерттеу 6–7 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Экспериментке барлығы 48 оқушы қатысты. Зерттеу анықтау, қалыптастыру және қорытындылау кезеңдерінен тұрды. Бағдарлама мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылды және төмендегі бағыттарды қамтыды.

- Маңғыстау өңірінің табиғи-климаттық ерекшеліктері;
- Жергілікті өсімдіктер түрлері (жусан, сексеуіл, изен, баялыш және т.б.)
- Сирек және қорғауға алынған өсімдіктердің экологиялық маңызы;
- Өсімдіктердің адам өміріндегі, тұрмыс пен шаруашылықтағы рөлі;
- Табиғатты қорғау ережелері мен экологиялық мінез-құлық нормалары;
- Практикалық жұмыстар, бақылау және зерттеу тапсырмалары.

Оқыту барысында экскурсия, бақылау күнделігін жүргізу, шағын жобалар орындау, шығармашылық тапсырмалар беру сияқты белсенді оқыту әдістері кеңінен қолданылды.

Бұл тәсілдер оқушылардың зерттеушілік қабілетін арттырып, алған білімдерін өмірмен байланыстыруға мүмкіндік берді. Зерттеу басталар алдында және бағдарлама аяқталған соң оқушылардың экологиялық білім деңгейі анықталды.

1-кесте – Оқушылардың экологиялық білім деңгейінің өзгерісі (%)

Көрсеткіштер	Зерттеу басында	Зерттеу соңында
Жоғары деңгей	18%	46%
Орта деңгей	42%	41%
Төмен деңгей	40%	13%

Нәтижелерді талдау барысында жоғары деңгейдегі оқушылар санының 2,5 есеге артқаны, төмен деңгейдің 27%-ға азайғаны анықталды. Оқушылар өсімдіктерді ажырата білу, олардың экологиялық маңызын түсіну және қорғау жолдарын ұсыну дағдыларын меңгерді.

Сауалнама қорытындылары бойынша:

оқушылардың 82%-ы табиғатты қорғаудың маңызын саналы түрде түсінетінін көрсетті;

76%-ы өсімдіктерді қорғауға қатысты нақты әрекеттерді атай алды;

69%-ы отбасында экологиялық тақырыпта әңгіме жүргізе бастағанын атап өтті.

Бұл деректер бағдарламаның тек білімдік емес, тәрбиелік ықпалының да жоғары екенін дәлелдейді.

Зерттеу нәтижелері «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасының оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда тиімді екенін көрсетті.

Бағдарлама оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, функционалдық сауаттылықты дамытуға ықпал етті, сондай-ақ табиғатты қорғауға жауапкершілікпен қарау дағдыларын қалыптастырды.

Қорытындылай келе, «Маңғыстау флорасы» авторлық бағдарламасы:

- оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастырады;
- туған өлкені тануға деген қызығушылығын арттырады;
- табиғатты қорғауға алғашқы саналы қадам жасауға мүмкіндік береді;
- білім мен тәрбиені кіріктіре отырып жүзеге асырады.

Бағдарламаны мектептің вариативтік компонентіне енгізу және басқа өңірлердің ерекшеліктеріне бейімдеп қолдану тиімді деп есептеледі.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламалары. – Астана, 2022.
2. Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі. Қазақстанның биоалуантүрлілігін сақтау жөніндегі ұлттық стратегиясы. – Астана, 2021.
3. Әбдіқалықова М.Т. Экологиялық тәрбие – тұрақты дамудың негізі. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
4. Бейсенова Ә.С., Шілдебаев Ж.Б. Экология және табиғатты қорғау негіздері. – Алматы: Рауан, 2018.
5. Бейсенова Ә.С. Қазақстанның физикалық географиясы. – Алматы: Мектеп, 2020
6. Қасымбеков Б.К. Қазақстан флорасы және өсімдіктер экологиясы. – Алматы: Ғылым, 2017
7. Сәтбаев Қ.И. Қазақстан табиғаты және табиғи ресурстар. – Алматы: Санат, 2016.
8. Төреханова Қ.А. Бастауыш сынып оқушыларын экологиялық тәрбиелеудің педагогикалық негіздері. – Алматы: Білім, 2019.

УДК 37.013 (045)

### ПОЛИЯЗЫЧИЕ ВАЖНЫЙ ФАКТОР СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

**Кенжитаева Жанагул Лукмановна,**

магистр, старший преподаватель,

Казахский агротехнический исследовательский

университет имени С. Сейфуллина,

Астана, Казахстан

***Аннотация.** Изучение нескольких языков является важным фактором в развитии современного образования. Согласно, новым исследованиям, люди, владеющие иностранным языком, лучше справляются с интеллектуальными задачами, чем те, кто говорит лишь на родном языке. Необходимо отметить актуальность полиязычного обучения, а также необходимость подготовки полиязычных кадров в вузах. Подготовка полиязычных кадров для АПК страны путем реализации одновременно на трех языках (казахском, английском и русском) бакалаврских, магистерских образовательных программ.*

***Ключевые слова:** полиязычное обучение, культура, язык, индивидуальность, ценность, история.*

Общей целью образовательных реформ в Казахстане является адаптация системы образования к новой социально-экономической среде. В 2007 году на государственном уровне был принят Национальный культурный проект

«Триединство языков», целью которого - поднять уровень казахского языка до мирового, создать в стране все необходимые условия для равного и полноценного изучения и употребления трех языков: государственного, русского и английского. В нем Президент Республики Казахстан Н.А.Назарбаев говорит о том, «...что для современного казахстанца владение тремя языками – это обязательное условие собственного благополучия. Поэтому считаю, что к 2020 году доля населения, владеющего английским языком, должна составлять не менее 20 процентов. Казахстан должен восприниматься во всем мире как высокообразованная страна, население которой пользуется тремя языками. Это казахский язык - государственный язык, русский язык - как язык межнационального общения и английский язык - язык успешной интеграции в глобальную экономику» [1].

Изучение нескольких языков является важным фактором в развитие современного образования. Согласно, новым исследованиям, люди, владеющие иностранным языком, лучше справляются с интеллектуальными задачами, чем те, кто говорит лишь на родном языке. Элен Бэйлсток, психолог из Университета Йорк в Торонто полагает, что люди, разговаривающие на трех языках в отличие от людей, владеющих только одним языком, лучше расставляют приоритеты и справляются лучше со многими задачами.

В ежегодном Послании Президента РК Народу Казахстана «Социально-экономическая модернизация – главный вектор развития Казахстана» отмечена актуальность полиязычного обучения, а также необходимость подготовки полиязычных кадров в вузах. Одним из основных направлений нашего университета в настоящее время является развитие полиязычия. С сентября 2012 года Казахский агротехнический университет им. С. Сейфулина приступил к подготовке полиязычных кадров для АПК страны путем реализации одновременно на трех языках (казахском, английском и русском) 5 бакалаврских и 3 магистерских образовательных программ.

Целью программы «Триединство языков» в Казахском агротехническом университете им. С. Сейфулина является реализация полиязычного образования, направленного на подготовку высококвалифицированных, конкурентоспособных специалистов аграрных специальностей, обладающих языковой компетенцией на основе параллельного овладения казахским, русским и английским языками, мобильных в международном образовательном пространстве и на рынке труда, способных к межкультурной коммуникации. В этой связи в университете разработана стратегия и программа развития полиязычного образования (2012-2016 гг.), направленная на создание непрерывной многоуровневой поэтапной полиязычной подготовки студентов бакалавриата, магистратуры и докторантуры по специальностям – «Биотехнология», - «Экология», - «Аграрная техника и технология», -«Архитектура», - «Радиотехника, электроника и телекоммуникация», - «Учет и Аудит» сформированы полиязычные группы по указанным специальностям, определен контингент обучающихся, проведен мониторинг их знаний, привлечены квалифицированные кадры преподавателей с учеными степенями, имеющие опыт обучения и работы за

рубежом, определены языковые компетенции преподавателей, ведущих занятия по базовым и профильным дисциплинам.

В рамках осуществления программы «Трёхязычного обучения», Казахский агротехнический университет предусматривает поэтапное развитие трёхязычного обучения в университете как среди обучающихся, так и профессорско-преподавательского состава, а именно изучение государственного и английского языков с учетом профессиональной терминологии.

Задачами университета в данном направлении являются:

- привлечение доли ППС для ведения занятий на государственном и иностранном языках;
- обеспечение ППС учебными материалами по изучению иностранного языка;
- организация интенсивных профессионально-лингвистических курсов с участием отечественных и западных специалистов на базе КазАТУ им. С.Сейфуллина или в зарубежных вузах-партнерах;
- осуществлять непрерывную языковую подготовку преподавателей студентов 1-3 курсов для совершенствования уровня владения иностранным языком;
- организация языковой стажировки через «Болашак», а также в зарубежных вузах-партнерах.

В связи с развитием полиязычного направления в нашем университете, нами был проведен опрос у студентов КазАТИУ им. С. Сейфулина о значении и перспективах развития полиязычного образования. По мнению студентов, основными трудностями и недостатками в полиязычном образовании являются:

- 1) разный уровень знания английского языка, что обуславливает разное восприятие и понимание дисциплин проводимых на иностранном языке;
- 2) преподаватели недостаточно владеют иностранным языком;

Мнения всех студентов вывелись к тому, что полиязычное образование является важным фактором современного общества и перспективы ее развития велики.

В результате исследования развития полиязычного образования, как важного фактора современного общества, можно сделать следующие выводы:

1. В процессе своего развития полиязычное образование имеет несколько недостатков, в особенности знания иностранного языка, как студентов, так и преподавателей;
2. В связи с этим нужно усилить обучение иностранного языка, а именно проводить семинары, беседы, игры, дополнительные занятия между студентами и преподавателями;
3. Изучить и внедрить уникальный опыт полиязычия дальнего и ближнего зарубежья;
4. Создать исследовательский институт, который будет заниматься исследованием полилингвального обучения, изучать внедрение полиязычия

в других странах, разрабатывать учебные планы, учебно-методические комплексы;

5. Ввести полиязычную систему образования в школах нашей республики;

6. Проводить мониторинги в полиязычных группах;

7. Создать инновационную полилингвальную методику обучения языкам ;

8. Увеличить наличие литературы по дисциплинам на иностранных языках;

9. Приглашать иностранных носителей для бесед с полиязычными группами , для развития большего интереса в изучении языка у студентов.

### **Список использованной литературы**

1. Назарбаев Н.А. Новый Казахстан в новом мире // Казахстанская правда. — № 33(25278). — 2007. — 1 марта

2. Государственная программа развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы // edu.gov.kz

3. Назарбаев Н.А. Социальная модернизация Казахстана: Двадцать шагов к Обществу Всеобщего Труда, 2012 год

4. Методическая проблема «Полиязычное образование учащихся как фактор эффективности межкультурного общения» Г.А. Осипова

5. Ахметьянов Р. Г., Левитская, Л. С. Сравнительное исследование татарского и чувашского языков (фонетика и лексика). М, Наука, 1978.

6. Баскаков Н. А. Введение в изучение тюркских языков. М., 1962. (2-е изд., М., 1969.

ӘОЖ 165'8

## **10-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА «МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ**

**Жексенбаева Айдана Хамитқызы**

математика пәні мұғалімі

№2 жалпы білім беретін мектептің

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

*Аңдатпа. Мақалада 10-сынып оқушыларына арналған «Математика және экономика» курсының білім беру жүйесіндегі маңызы мен мазмұндық ерекшеліктері қарастырылады. Қазіргі жаһандану мен цифрландыру жағдайында экономикалық ойлау мен қаржылық сауаттылықты қалыптастырудың өзектілігі негізделеді. Математикалық білімді экономикалық ұғымдармен кіріктіре оқыту арқылы оқушылардың логикалық, аналитикалық және практикалық дағдыларын дамыту жолдары талданады. Курстың негізгі тақырыптары, пәнаралық байланыс мүмкіндіктері және*

оқытуда қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер сипатталады. Сонымен қатар, «Математика және экономика» курсының оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға, өмірлік маңызды экономикалық шешім қабылдау қабілетін қалыптастыруға тигізетін ықпалы айқындалады.

**Кілт сөздер:** Математика және экономика, қаржылық сауаттылық, экономикалық ойлау, пәнаралық байланыс, пайыздық есептер, қаржыны басқару, функционалдық сауаттылық.

Қазіргі әлемде жаһандану, цифрландыру және нарықтық қатынастардың дамуы адамдардан экономикалық ойлау мен қаржылық сауаттылықты талап етеді. Экономикалық шешім қабылдау, жеке қаржыны басқару, салық пен несие жүйесін түсіну — барлығы да математикалық білімге сүйенеді. Осыған байланысты мектеп бағдарламасында «Математика және экономика» курсы енгізу – заман талабы. Әсіресе, 10-сынып оқушылары үшін бұл курс олардың логикалық, аналитикалық және практикалық қабілеттерін қалыптастыруда шешуші рөл атқарады. Бұл пәннің басты мақсаты – оқушылардың математикалық білімін экономикадағы нақты жағдайлармен байланыстырып, сандық талдау мен есептеу дағдыларын дамыту. Сонымен қатар, курс оқушылардың қаржылық мәдениетін арттырып, өз өмірінде тиімді экономикалық шешім қабылдауға үйретеді. Математика мен экономика – бір-бірімен тығыз байланысты ғылымдар. Математикасыз экономикалық талдау, жоспарлау және болжау мүмкін емес. Мысалы, инфляция деңгейін есептеу, валюталық айырбас жасау, инвестиция тиімділігін анықтау сияқты процестерде пайыз, функция, теңдеу және график ұғымдары қолданылады. Экономикадағы әрбір шаманы сипаттау математикалық формулалар арқылы жүзеге асады. Пайыздық есептер несие мен депозитті есептеуде, пропорциялар мен үлестер табысты бөлу кезінде, ал графиктер мен диаграммалар нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын түсіндіруде қолданылады. Осылайша, математика экономикалық құбылыстарды дәлелдеудің, түсіндірудің және болжаудың негізгі құралына айналады. Математикалық модельдер экономикалық жағдайды нақты бағалап, болашақтағы үрдістерді анықтауға мүмкіндік береді. Мысалы, функция көмегімен бағаның өзгерісін бейнелеу немесе тізбектік пайыздық өсімді есептеу – экономикалық талдаудың негізін қалайды. Сондықтан экономика пәнін оқытудың тиімділігі математикалық біліммен тікелей байланысты. 10-сынып – оқушылардың тұлғалық және кәсіби қалыптасуының маңызды кезеңі. Бұл жаста оқушылар өмірдің шынайы экономикалық қатынастарымен танысып, өз болашағына байланысты шешімдер қабылдай бастайды. Сондықтан «Математика және экономика» курсы осы деңгейде оқыту олардың өмірлік құзыреттерін арттыруға бағытталады.

Курс мазмұны төмендегідей тақырыптарды қамти алады:

- ✓ Пайыздық есептер және қаржылық сауаттылық;
- Несие, депозит, жеңілдік және салық жүйесі;
- Валюта бағамы және айырбас операциялары;
- Инфляция мен бағаның өзгеру заңдылықтары;

- Инвестициялық шешімдерді математикалық бағалау;
- Статистикалық деректерді талдау және диаграмма құрастыру.

Осы тақырыптар арқылы оқушылар теорияны өмірмен байланыстырып, өз бюджетін жоспарлады, шығын мен табысты салыстыруды үйренеді. Сабак барысында қолданылатын практикалық есептер олардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, болашақ мамандық таңдауға бағыт береді. «Математика және экономика» курсы тек есеп шығару ғана емес, өмірлік дағдыны дамытуға бағытталған. Оқушылар ақшаны тиімді басқару, несие шарттарын түсіну, салық пен жинақ жүйесін салыстыру арқылы қаржылық жауапкершілікке үйренеді. Мысалы, пайыздық өсім мен жеңілдік есебін шешу кезінде оқушылар табыс пен шығын арасындағы тепе-теңдікті бағалауды үйренеді. Бұл дағдылар болашақта жеке кәсіп ашу, инвестициялау немесе тұрмыстық қаржыны дұрыс жоспарлау кезінде қажет болады. Қаржылық сауаттылық — өмірлік табыстың негізі. 10-сыныптағы оқушы өз қаржысының құрылымын түсініп, болашақта экономикалық тәуелсіздікке қадам жасайды. Курстың осы бағыттағы тәрбиелік маңызы зор: ол жас ұрпақты үнемшілдікке, жауапкершілікке және саналы тұтынуға баулиды. «Математика және экономика» курсы пәнаралық байланысты жүзеге асыруда ерекше маңызға ие. Ол информатика, география, құқық және қоғамтану пәндерімен тығыз интеграцияда жүргізіледі. Мысалы, валюталық айырбас тақырыбын өткенде оқушылар интернеттегі нақты бағамды пайдаланып, электронды кестелерде есептеу жүргізеді. Ал салық және бюджет тақырыбында қоғамтану пәнінен алған білімдерін қолданады. Осылайша, курс оқушыларды зерттеу, салыстыру және талдау әдістеріне үйретеді.

Өмірлік бағыттағы тапсырмалар (мысалы, «Жеке бюджетті жоспарлау», «Несие түрлерін салыстыру», «Айырбас бағамын талдау») оқушыларды шынайы экономикалық жағдаймен таныстырады. Мұндай тапсырмалар олардың функционалдық сауаттылығын арттырып, теориялық білімді тәжірибеде қолдануға үйретеді. Курстың табысты өтуі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім тек білім беруші ғана емес, бағыттаушы, кеңесші, экономикалық ойлауға жетелеуші тұлға болуы тиіс. Оқыту процесінде келесі әдістер тиімді қолданылады:

- **Жобалық әдіс:** оқушылар өз зерттеу жобасын (мысалы, «Менің айлық бюджетті жоспарлауым») дайындайды;
- **Іскерлік ойындар:** «Банк және клиент», «Инвестиция таңдау», «Салық төлеуші және мемлекет» рөлдік ойындары арқылы нақты өмір жағдайлары талданады;
- **Топтық талдау:** есептер мен жағдайларды бірлесе шешу ынтымақтастық пен өзара жауапкершілікті дамытады;
- **Ақпараттық технологияларды қолдану:** электрондық кестелер, қаржы калькуляторлары, онлайн-валюта конвертерлері арқылы есептеу дағдылары жетілдіріледі. Осындай әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, пәннің өмірмен байланысын нақты көрсетеді.

Экономикалық білім беру – тек қаржы жайлы ғана емес, жалпы өмірге көзқарасты қалыптастыру. Оқушылар өз еңбегінің құнын, ақшаның айналымдағы рөлін, қоғамдағы экономикалық теңгерімді түсіне бастайды. Бұл – азаматтық жауапкершілікті қалыптастырады. Математикалық есептеулер арқылы экономикалық ойлау дағдылары дамиды: оқушылар салыстырады, болжайды, таңдау жасайды. Мысалы, «қай несие тиімді?», «қандай салым пайдалы?» деген сұрақтарға математикалық тұрғыдан жауап береді. Мұндай тәсіл оқушыларды тек формулаларды жаттап алуға емес, **саналы шешім қабылдауға**, өз болашағын жоспарлауға үйретеді. Демек, курс тек пәндік емес, тұлғалық дамуға да әсер етеді.

Қорыта айтқанда, 10-сынып оқушыларына «Математика және экономика» курсының оқыту – математикалық білімді өмірмен ұштастырудың тиімді жолы. Бұл курс оқушылардың функционалдық және қаржылық сауаттылығын арттырып, заманауи қоғам талабына сай экономикалық ойлауды қалыптастырады.

Курс нәтижесінде оқушы:

- нақты өмірлік жағдайларды математикалық модельдеуді үйренеді;
- өз қаржысын тиімді жоспарлауға дағдыланады;
- талдау, болжау және салыстыру қабілеттерін дамытады;
- саналы, үнемшіл, жауапты азамат ретінде қалыптасады.

Осылайша, «Математика және экономика» курсы оқушыларды тек есеп шығаруға емес, өмірлік шешім қабылдауға қабілетті тұлға ретінде тәрбиелейді. Бұл – білім беру жүйесінің басты мақсатының бірі.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әбілқасымова, А. Е. *Жоғары математика негіздері*. – Алматы: Қазақ университеті, 2019.
2. Мамыров, Н. Қ., Тілеужанова, М. Ә. *Экономика негіздері*. – Алматы: Экономика, 2021.
3. Нысанбаев, Ә., Қосанова, Б. *Математика. 10-сынып оқулығы*. – Алматы: Атамұра, 2022.
4. Сейтқасымов, Г. С. *Қаржы және несие*. – Алматы: Экономика, 2020.
5. Дүйсенбаев, К. *Қаржылық сауаттылық негіздері*. – Астана: Фолиант, 2022.
6. Samuelson, P., Nordhaus, W. *Economics*. – New York: McGraw-Hill, 2019.
7. Chiang, A. C. *Fundamental Methods of Mathematical Economics*. – McGraw-Hill, 2005.
8. OECD. *Financial Literacy and Financial Education: OECD Report*. – Paris, 2020.
9. ҚР Оқу-ағарту министрлігі. *Жаңартылған білім мазмұнының стандарты*. – Астана, 2023.
10. ҚР БҒМ №492 бұйрығы. *Орта білім беру ұйымдарының оқу бағдарламасы*. – 2023.

## КӨРКЕМ МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ

**Бақытқызы Айгул,**

«Қазақ тілі мен әдебиеті» БББ магистранты,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

Ғылыми жетекшісі: **Сейсембаева Жанар Айтбергенқызы**  
филол.ғ.д., қауымдастырылған профессор,  
Алматы қ., Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада көркем мәтінді оқыту процесінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың инновациялық тәсілдері жан-жақты талданады. Қазіргі жаңартылған білім мазмұны жағдайында оқушылардың әдеби шығарманы тек қабылдап қана қоймай, оны терең түсініп, талдап, өмірлік тәжірибемен байланыстыра білуі – сапалы оқытудың басты көрсеткіші болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, көркем мәтін оқушының ойлау мәдениетін, логикалық пайымдауын, эмоциялық сезімін және эстетикалық талғамын дамытудың тиімді құралы ретінде қарастырылады.*

*Зерттеу мақсаты – 5-сынып оқушыларының танымдық белсенділігін арттыру үшін көркем мәтінді оқытуда қолданылатын инновациялық әдіс-тәсілдерді айқындау және олардың практикалық тиімділігін дәлелдеу. Мақалада дәстүрлі және заманауи әдістемелердің өзара байланысы қарастырылып, интерактивті оқыту технологиялары, кейс әдісі, жобалық оқыту, сын тұрғысынан ойлау стратегиялары мен рефлексивтік талдау тәсілдері сияқты инновациялық құралдардың оқушылардың танымдық қызығушылығына әсер етуі ғылыми тұрғыдан негізделеді.*

***Кілт сөздер:** көркем мәтін, танымдық белсенділік, инновациялық тәсілдер, сын тұрғысынан ойлау, интерактивті оқыту, жобалық әдіс, оқырмандық құзыреттілік, эстетикалық тәрбие, рефлексия, әдеби талдау.*

### Кіріспе

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тұлғаның жан-жақты дамуына, өзіндік көзқарасы мен танымдық дербестігін қалыптастыруға бағытталған сапалы білім беру. Бұл тұрғыдан алғанда, мектептегі «Қазақ әдебиеті» пәні оқушының рухани әлемін байытуда, ұлттық құндылықтар мен адамгершілік ұстанымдарын дарытуды қамтамасыз етуде ерекше орын алады. Әдебиет сабағы тек көркем шығарманы танытудың құралы емес, танымдық белсенділікті дамытатын, шығармашылық ойлауға жетелейтін, мәдени тұлға қалыптастыратын кеңістік ретінде қарастырылуы тиіс.

Қазіргі таңда білім беру мазмұнының жаңартылуы оқыту әдістерінің де түбегейлі өзгеруін талап етеді. Әдебиетті оқытуда дәстүрлі баяндау, мазмұндау тәсілдерінің орнын инновациялық, зерттеушілік, әрекеттік әдістер алмастыруда. Бұл әдістердің басты ерекшелігі – оқушыны білім алушыдан

белсенді таным субъектісіне айналдыру. Демек, көркем мәтінмен жұмыс істеу үдерісінде оқушы дайын ақпаратты қабылдамай, керісінше, шығарманы өз бетінше зерттейтін, талдайтын, тұжырым жасайтын тұлға ретінде қалыптасуы керек.

Бүгінгі қоғамда оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығы төмендеп, оқу мотивациясы әлсірегені белгілі. Бұл құбылыс, ең алдымен, көркем мәтінді оқытудағы әдістемелік біржақтылықтан, яғни мазмұнды меңгертуді мақсат тұтып, шығарманың танымдық және эмоционалдық әсерін ескермеуден туындап отыр. Осыған орай, зерттеу тақырыбының өзектілігі – көркем мәтінді оқытуда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған инновациялық тәсілдерді айқындау мен жүйелеу қажеттілігінен туындайды.

Көркем мәтін – бұл оқушы мен автор арасындағы рухани байланыс алаңы. Мәтінді оқу барысында оқушы автордың идеясын түсіну арқылы қоғам, адам, өмір туралы ой түйеді, өзіндік пікір қалыптастырады. Сондықтан әдеби білім беру процесінде көркем мәтінді жай мазмұндау емес, талдау, салыстыру, ой жүгірту, рефлексия жасау сияқты танымдық әрекеттердің жүйелі дамуы басты шарт болып табылады [1, 26-б.].

Педагогика ғылымында оқушылардың танымдық белсенділігіне әсер ететін бірқатар факторлар анықталған: оқыту мазмұнының өмірмен байланысы, оқу процесінің проблемалық сипаты, оқу тапсырмаларының шығармашылық деңгейі, оқыту әдістерінің интерактивтілігі. Осы факторларды әдебиет сабағында тиімді үйлестіру – оқушылардың көркем мәтінді терең түсінуін, оған эмоционалды және ойлау арқылы қатысуын қамтамасыз етеді.

Зерттеудің теориялық негізі ретінде Л.С. Выготский, Ж. Пиаже, Д. Дьюи, Б. Блум сияқты әлемдік педагогика мен психология ғалымдарының оқытудағы әрекеттік және танымдық белсенділік теориялары, сондай-ақ Қ. Бітібаева, А. Қыраубаева, Б. Майтанов, С. Қалиев, Ш. Құрманбайұлы сияқты қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін қалыптастырған ғалымдардың еңбектері алынды. Бұл еңбектерде көркем мәтінді қабылдау, талдау және оқушының тұлғалық дамуындағы рөлі кеңінен қарастырылған.

Бүгінгі таңда оқушылардың оқырмандық қабілетін дамыту, әдеби шығарманы саналы қабылдау, мәтінге эстетикалық және сыни тұрғыдан қарау дағдыларын жетілдіру – білім беру парадигмасының орталық мәселелерінің бірі. Осыған байланысты, көркем мәтін негізінде оқушылардың танымдық белсенділігін қалыптастырудың инновациялық әдістерін іздестіру тек әдістемелік міндет емес, сонымен қатар рухани және мәдени маңызы бар ғылыми-тәжірибелік мәселе болып табылады.

Мақаланың жаңалығы – көркем мәтінді оқытудағы интерактивті технологиялар мен жобалық тәсілдерді, сын тұрғысынан ойлау стратегияларын, рефлексивтік және зерттеушілік оқытуды біріктіре отырып, оқушылардың танымдық белсенділігін арттырудың кешенді моделін ұсынуында. Бұл модель 5-сынып оқушыларының жас ерекшелігі мен

кабылдау деңгейіне бейімделген оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік береді [2, 63-б.].

Зерттеу нәтижесінде күтілетін негізгі қорытынды – көркем мәтінді инновациялық тұрғыдан оқыту арқылы оқушының білімді тек меңгеруші емес, оны тудырушы, ойлап табушы тұлғаға айналуы.

Қазіргі білім беру кеңістігінде оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру – оқыту процесінің басты нәтижелік көрсеткіші болып табылады. Әдебиет сабағында бұл мақсатқа жетудің ең тиімді жолы – көркем мәтінді оқыту әдістемесін жаңаша ұйымдастыру, яғни оқушының оқу үдерісіне пассивті тыңдаушы емес, белсенді ізденуші, пікір білдіруші тұлға ретінде қатысуына мүмкіндік жасау.

Көркем мәтін – оқушының дүниетанымын қалыптастыруда, эстетикалық сезімін жетілдіруде және ұлттық болмысқа баулуда таптырмас танымдық құрал. Сондықтан оны оқытуда қолданылатын инновациялық тәсілдердің бірі – интерпретациялық және мәдени-диалогтық әдістер. Бұл тәсілдер оқушы мен мәтін, оқушы мен кейіпкер, оқушы мен автор арасындағы рухани байланысты күшейтеді.

Мәселен, 5-сыныпта оқытылатын Абайдың «Қыс», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдері арқылы табиғат пен адам арасындағы үйлесімділік ұғымын, ұлттық эстетикалық танымды ашуға болады. Мұғалім оқушыларға сұрақ қою, салыстыру, қиялдау әдістері арқылы «ақын табиғатты қалай сезінді?», «табиғат пен адам арасындағы байланыс қандай?» деген проблемалық ой тастайды. Осылайша, оқушылар өз бетінше ойлануға, дәлелдеуге және қорытынды жасауға үйренеді.

Сонымен қатар, Төлен Әбдіқұлының «Оң қол» әңгімесін талдау кезінде оқушылардың философиялық ойлауын дамытуға ерекше назар аударуға болады. Мұнда мұғалім оқушыларға кейіпкердің екіұдай сана күйін (жақсылық пен жамандық, рух пен тән арасындағы күрес) талдауға бағыттайды. Мысалы, дәрігердің: «Оң қолы — өзіне қарсы шыққан жау секілді...» деген ішкі монологы арқылы адам жанының күрделілігін тануға, өзіндік рефлексия жасауға мүмкіндік туады. Мұндай көркем талдау түрлері оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың психологиялық және философиялық ойлау қабілетін де дамытады [3, 78-б.].

Инновациялық әдістердің тағы бірі – интеграциялық (пәнаралық) оқыту. Мәселен, көркем мәтінді бейнелеу өнерімен, музыкамен немесе тарихпен байланыстыра талдау оқушылардың көпқырлы қабылдауын қамтамасыз етеді. Мысалы, Ыбырай Алтынсариннің «Бай баласы мен жарлы баласы» әңгімесін оқығанда, балалар еңбегі, әлеуметтік теңдік тақырыптарын тарих сабағындағы қоғам дамуы тақырыбымен байланыстыру арқылы интеграциялық ойлау жүзеге асады. Бұл әдіс оқушының таным кеңістігін кеңейтіп, білімді өмірлік контексте қолдануға үйретеді.

Бұдан бөлек, жобалық оқыту әдісі көркем мәтінмен жұмыс барысында ерекше тиімді. Мысалы, оқушыларға «Менің сүйікті кейіпкерім» атты шағын зерттеу жобасын орындау тапсырылады. Олар кейіпкердің мінезін, өмірлік ұстанымын, қоғаммен байланысын талдап, мультимедиялық таныстырылым

немесе бейнеэссе түрінде ұсынады. Бұл тәсіл бір жағынан ақпараттық технологияларды қолдануға үйретсе, екінші жағынан шығармашылық пен дербестік қабілетті арттырады.

Сондай-ақ, рефлексия мен өзіндік бағалау элементтері де маңызды. Сабақ соңында «Мен бүгін нені білдім?», «Мені қандай ой мазалады?», «Қай кейіпкердің іс-әрекеті мені ойландырды?» сияқты сұрақтар арқылы оқушылар өз оқу әрекетін саралайды. Бұл тәсіл Блум таксономиясының жоғары деңгейлерін – талдау, синтез, бағалау әрекеттерін дамытуға бағытталған.

Көркем мәтінді оқытудағы инновациялық тәсілдердің барлығының түпкі мақсаты – оқушыны оқырман тұлға ретінде қалыптастыру. Яғни, ол тек мәтінді түсінетін ғана емес, сонымен қатар ой жүгіртетін, пікір білдіретін, авторлық көзқарасқа сыни қарай алатын тұлға болуы тиіс.

Қорыта айтқанда, көркем мәтін – білім беру мен тәрбиелеудің синтезі. Оны инновациялық әдістермен оқыту арқылы біз оқушылардың интеллектуалдық, мәдени және тұлғалық әлеуетін қатар дамытамыз [5, 97-б.].

Көркем мәтін – танымдық және эмоциялық ақпараттың күрделі жүйесі. Ол оқушының ойлау, сезіну, қабылдау, елестету қабілеттерін бір мезетте іске қосады. Сондықтан оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда көркем мәтіннің табиғи әлеуетін ашу үшін мұғалім дәстүрлі түсіндіру тәсілдерінен гөрі, инновациялық педагогикалық технологияларды ұтымды пайдалану қажет.

#### 1. Интерактивті технологиялар және оқушы белсенділігі

Интерактивті оқыту – оқушы мен мұғалімнің, оқушы мен оқушының өзара әрекетіне негізделген оқыту түрі. Әдебиет сабағында интерактивті әдістердің қолданылуы оқушылардың көркем мәтінмен тікелей диалог құруына, авторлық идеяны түсінуге, жеке көзқарасын білдіруге мүмкіндік береді.

Бұл тәсіл арқылы оқушылар Абайдың адам мен қоғам, білім мен еңбек туралы философиялық ойларын өзара талқылап, бір-бірінің пікірін бағалауға дағдыланады. Мұндай өзара әрекет барысында диалогтік ойлау, танымдық қызығушылық және пікірталас мәдениеті қалыптасады.

Осы әдістерді 5-сыныптағы Бейімбет Майлиннің *«Шұғаның белгісі»* сияқты туындыларын оқытуда қолдану ерекше нәтиже береді. Мәтінді бөліктерге бөліп оқу, әр кейіпкердің позициясын қорғау, оқиға желісін жаңаша құрастыру арқылы оқушылар шығарманы терең сезінеді, авторлық ұстанымды аңғарады, өз ойын дәлелдеуді үйренеді. Бұл әрекеттер олардың ойлау белсенділігін дамытып қана қоймай, логикалық және шығармашылық рефлексияға жетелейді.

#### 2. Сын тұрғысынан ойлау технологиясының тиімділігі

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы – оқушылардың өз ойын еркін айтуына, дәлелдеуге, салыстыруға және талдауға мүмкіндік беретін инновациялық жүйе. Әдебиет сабағында бұл технологияның әдістері: «Түртіп алу жүйесі», «Венн диаграммасы», «Болжау», «Эссе жазу», «RAFT», т.б. қолданылады.

Мысалы, Төлен Әбдіқтың «Қонақтар» немесе «Парасат майданы» шығармаларын жоғары сыныптарда оқыту кезінде, ал 5-сынып деңгейінде М.Әуезовтің «Абай жолы» романынан бейімделген үзінділерді талдағанда оқушыларға кейіпкердің шешімін болжау, іс-әрекетінің себеп-салдарын анықтау тапсырмалары беріледі. Бұл тәсіл оқушыны тек оқиға мазмұнын қайталауға емес, оған сыни көзқараспен қарауға, себеп пен салдар байланысын түсінуге, моральдық баға беруге үйретеді.

Осылайша, сын тұрғысынан ойлау технологиясы оқушылардың танымдық әрекетіне терең әсер етіп, олардың сұрақ қою, салыстыру, талдау, жинақтау және дәлелдеу қабілеттерін дамытады. Сонымен қатар, оқушының оқуға деген ішкі мотивациясын арттырады, себебі олар өз пікірінің құндылығын сезінеді [4, 45-б.].

### 3. Жобалық және зерттеушілік оқыту әдістері

Инновациялық бағыттағы маңызды тәсілдердің бірі – жобалық оқыту технологиясы. Бұл әдіс оқушыны жеке ізденіске, шығармашылық зерттеуге бағыттайды. Көркем мәтінді жобалық әдіспен оқыту кезінде оқушылар белгілі бір тақырып бойынша мини-зерттеу жүргізеді.

Мысалы, 5-сынып оқушыларына Б.Майлиннің «Күлташ» әңгімесін өткен соң «Ананың бейнесі – мәңгілік мейірім символы» тақырыбында шағын жоба жасау тапсырмасы беріледі. Оқушылар шығармадан үзінді келтіріп, өз өміріндегі мысалмен байланыстырады, көркем бейне мен өмір шындығының байланысын анықтайды. Бұл әдіс олардың рефлексиялық ойлау қабілетін, мәтінді өмірлік контексте түсіну дағдысын қалыптастырады.

Зерттеушілік әдісте оқушы шығарманы кішігірім ғылыми тұрғыдан талдайды. Мысалы, «Қазақ ертегілеріндегі кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшелігі» тақырыбында оқушылар мәтіннен мысалдар келтіріп, моральдық, эстетикалық және ұлттық құндылықтарды айқындайды. Бұл бағыт оқушыларды ғылыми-ізденушілік мәдениетке, танымдық дәлдікке және өз ойын дәлелдеуге үйретеді.

### 4. Көркем мәтінді оқытудағы цифрлық және медиа-инновациялар

Қазіргі заман оқушысы – ақпараттық кеңістікте өмір сүретін тұлға. Сондықтан көркем мәтінді оқытуда цифрлық технологияларды қолдану олардың танымдық белсенділігін арттырады. Мысалы, Padlet, Kahoot, Quizizz, Mentimeter сияқты онлайн-платформалар арқылы мәтін мазмұнына байланысты интерактивті тапсырмалар, тест, пікірталас алаңдары ұйымдастыруға болады.

Мұндай форматта оқушылар өзара жарысып, мәтін мазмұнын жылдам есте сақтайды, кейіпкерлерге баға береді, шығармашылық рефлексия жасайды. Сондай-ақ, видеоэссе, цифрлық комикс, аудиомәтін сияқты заманауи әдістер оқушылардың әдеби шығарманы қабылдауын жаңа деңгейге көтереді.

Мысалы, «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбына арналған видеоэссе тапсырмасы арқылы оқушылар мәтін мазмұнын қайта құрылымдай отырып, визуалды, тілдік және эмоциялық құралдарды біріктіріп қолданады. Бұл

әрекет олардың шығармашылық әлеуетін арттырып, мәтінді көпқырлы тұрғыдан қабылдауға мүмкіндік береді.

**Қорытынды**

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – оқушының жеке тұлғалық дамуын, шығармашылық ойлауын және танымдық белсенділігін қалыптастыру. Бұл тұрғыда көркем мәтін оқу үдерісінің негізгі өзегі ғана емес, сонымен қатар оқушының рухани-эстетикалық, когнитивтік және эмоционалдық әлеуетін дамытудың пәрменді құралы болып табылады.

Зерттеу барысында көркем мәтінді инновациялық әдістер арқылы оқыту оқушылардың танымдық белсенділігін едәуір арттыратыны анықталды. Әдебиет сабағында дәстүрлі түсіндіру тәсілдерімен қатар интерактивті, сын тұрғысынан ойлау, жобалық және цифрлық технологиялардың қолданылуы оқушылардың ойлау мәдениетін, тілдік белсенділігін және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге, цифрлық және медиаинновациялар көркем мәтінді қабылдауды заманауи форматқа көшіріп, оқушылардың ақпараттық сауаттылығын арттырады. Визуалды және аудиомәтіндік талдаулар, бейнеэссе мен онлайн пікірталас түріндегі тапсырмалар олардың танымдық қызығушылығын арттырып, білім алу уәжін күшейтеді.

Қорыта айтқанда, көркем мәтін – оқушының дүниетанымын кеңейтіп, танымдық белсенділігін арттырудың ерекше педагогикалық құралы. Инновациялық тәсілдермен ұштастырылған көркем мәтінді оқыту үдерісі – заманауи мектептің стратегиялық даму бағыттарының бірі, ал мұғалімнің шығармашылық ізденісі – осы бағыттың табысты жүзеге асуының негізгі алғышарты.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Бітібаева, Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: Рауан, 1997. – 312 б.
2. Қыраубаева, А. Көркем шығарманы талдау негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 248 б.
3. Майтанов, Б. Қазақ прозасындағы психологизм. – Алматы: Санат, 1996. – 320 б.
4. Қалиев, С. Тұлға қалыптастырудағы ұлттық тәрбиенің рөлі. – Алматы: Қазақ университеті, 2010. – 276 б.
5. Құдайбергенова, К. Жаңа педагогикалық технологиялар. – Алматы: Білім, 2014. – 198 б.

## ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАЛАРЫМЕН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР

**Сайдова Гулбану Майлибаевна,**  
Информатика пәні мұғалімі,  
Маңғыстау облысының білім басқармасы  
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі  
«№12 жалпы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі,  
Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада қазіргі білім беру жүйесіндегі жасанды интеллект (ЖИ) платформаларын қолданудың инновациялық бағыттары жан-жақты қарастырылады. Жасанды интеллектке негізделген оқыту технологияларының теориялық-әдіснамалық негіздері ашылып, адаптивті оқыту, дербестендірілген білім беру, автоматтандырылған бағалау, виртуалды ассистенттер мен білім беру аналитикасының мүмкіндіктері талданады. Сонымен қатар, жасанды интеллектіні білім беру үдерісіне енгізудің артықшылықтары мен тәуекелдері айқындалып, педагогтің кәсіби рөлі мен цифрлық құзыреттілігінің өзгеруі сараланады. Зерттеу нәтижелері жасанды интеллект платформалары білім беру сапасын арттырудың маңызды факторы екенін көрсетеді.*

***Кілт сөздер:** жасанды интеллект, білім беру, инновация, цифрлық платформа, адаптивті оқыту.*

XXI ғасырда білім беру жүйесі жаһандық цифрландыру үдерісінің ықпалымен түбегейлі өзгерістерге ұшырап отыр. Ақпарат көлемінің артуы, білім алушылардың сұраныстарының өзгеруі және еңбек нарығындағы жаңа талаптар дәстүрлі оқыту модельдерін қайта қарауды қажет етуде. Осы тұрғыда жасанды интеллект технологиялары білім беру саласында инновациялық шешімдердің негізгі тетігіне айналууда. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллект және деректерге талдау жасаудың өзекті мәселелеріне арналған «Artificial Intelligence Journey» атты онлайн конференцияда цифрландыру мен жасанды интеллект – ұлттық бәсекеге қабілетті болудың басты құралы екенін және жасанды интеллекті дұрыс қолданған кезде бізге барынша үйлесімді әрі байсалды дамуға мүмкіндік беретін құрал болатынын атап өтті [1].

Жасанды интеллект білім беру үдерісін автоматтандырумен ғана шектелмей, оқыту мазмұнын дербестендіруге, білім алушылардың танымдық қабілеттерін дамытуға және оқу нәтижелерін болжауға мүмкіндік береді. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, ЖИ платформалары оқыту сапасын арттырып қана қоймай, педагогикалық қызметтің тиімділігін де жоғарылатады. Сондықтан жасанды интеллект платформаларымен оқытудағы инновацияларды ғылыми тұрғыда талдау – өзекті мәселелердің бірі.

Жасанды интеллект – адам интеллектісіне тән ойлау, үйрену, талдау және шешім қабылдау қабілеттерін модельдейтін технологиялар жиынтығы. Білім беру саласында ЖИ платформалары машиналық оқыту, нейрондық желілер, табиғи тілді өңдеу және үлкен деректерді талдау технологияларына негізделеді.

ЖИ платформаларының басты ерекшелігі – білім алушы туралы деректерді үздіксіз жинап, оларды талдау арқылы оқыту үдерісін оңтайландыруы. Мұндай платформалар оқушының оқу қарқынын, қателерін, қызығушылықтарын анықтап, соған сәйкес оқу материалдарын ұсынады. Бұл білім берудегі дәстүрлі «бірдей оқыту» қағидатынан бас тартып, жеке тұлғаға бағытталған оқыту моделін жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Жасанды интеллект негізіндегі оқытудағы инновациялық бағыттар

### 1 Адаптивті және дербестендірілген оқыту

Адаптивті оқыту – жасанды интеллект платформаларының ең маңызды инновациялық бағыттарының бірі. Бұл жүйелер білім алушының деңгейіне, оқу стиліне және алдыңғы нәтижелеріне қарай тапсырмаларды автоматты түрде бейімдейді. Нәтижесінде әрбір білім алушы өз мүмкіндігіне сай оқу траекториясын қалыптастырады.

Дербестендірілген оқыту мотивацияны арттырып, білімді меңгеру сапасын жақсартады. Себебі білім алушы күрделілігі өзіне сәйкес тапсырмалармен жұмыс істеп, оқу барысында күйзеліс пен жалығуды аз сезінеді.

### 2 Виртуалды ассистенттер мен чат-боттар

Жасанды интеллектке негізделген виртуалды ассистенттер мен чат-боттар білім алушыларға тәулік бойы қолжетімді кеңесші қызметін атқарады. Олар оқу материалын түсіндіру, тапсырмаларды орындауға көмектесу және кері байланыс беру арқылы оқыту үдерісін үздіксіз қолдап отырады.

Мұндай құралдар әсіресе қашықтан оқыту жағдайында тиімді. Чат-боттар оқытушының жүктемесін азайтып, білім алушылардың сұрақтарына жедел жауап беру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

### 3 Автоматтандырылған бағалау жүйелері

Жасанды интеллект платформалары білімді бағалаудың объективтілігін арттыруға мүмкіндік береді. Тесттерді, жазбаша жұмыстарды және практикалық тапсырмаларды автоматты тексеру арқылы уақыт үнемделеді және адами фактордың ықпалы азаяды.

Сонымен қатар, ЖИ жүйелері қателерді талдап, білім алушыға нақты ұсыныстар береді. Бұл қалыптастырушы бағалаудың тиімділігін арттырып, оқыту нәтижелерін жақсартуға ықпал етеді. Бұл туралы шетел зерттеушілерінің еңбектерінде нақты жазылған [2, 3, 4, 5, 6].

Жасанды интеллект платформалары білім беру аналитикасын дамытуда маңызды рөл атқарады. Үлкен деректерді талдау арқылы оқыту бағдарламаларының тиімділігі бағаланып, білім алушылардың үлгеріміне әсер ететін факторлар анықталады.

Білім беру аналитикасы педагогтерге дер кезінде шешім қабылдауға, оқу бағдарламаларын жетілдіруге және тәуекел тобындағы білім алушыларды

анықтауға мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасын басқарудың жаңа деңгейін қалыптастырады.

Жасанды интеллект платформаларын енгізу педагогтің рөлін түбегейлі өзгертеді. Оқытушы ақпарат жеткізуші ғана емес, оқу үдерісін ұйымдастырушы, бағыттаушы және кеңесші рөлін атқарады. Сондықтан педагогтің цифрлық құзыреттілігі мен инновациялық ойлау қабілеті ерекше маңызға ие.

ЖИ технологияларын тиімді қолдану үшін оқытушыларға арнайы даярлық, әдістемелік қолдау және үздіксіз кәсіби даму қажет. Бұл білім беру жүйесінің тұрақты дамуының маңызды шарты болып табылады.

Жасанды интеллект платформаларын білім беру жүйесіне енгізу бірқатар мәселелермен қатар жүреді. Атап айтқанда:

- деректердің қауіпсіздігі мен құпиялылығы;
- этикалық нормалардың сақталуы;
- цифрлық теңсіздік мәселесі;
- технологияға шамадан тыс тәуелділік қаупі.

Осы мәселелерді шешу үшін жасанды интеллектіні қолдану нормативтік-құқықтық негізде, педагогикалық және әлеуметтік жауапкершілікпен жүзеге асырылуы тиіс. Бұл туралы ғалым К.Қожахметова «Цифрлық білім беру жағдайындағы педагогикалық инновациялар» еңбегінде жазады [7, 58].

Жасанды интеллект платформаларымен оқыту – білім беру саласындағы инновациялық дамудың стратегиялық бағыты. Олар оқыту үдерісін дербестендіруге, білім сапасын арттыруға және педагогикалық қызметтің тиімділігін жоғарылатуға мүмкіндік береді. Дегенмен, жасанды интеллект технологияларын енгізу ғылыми негізделген, жүйелі және жауапты көзқарасты талап етеді. Болашақта ЖИ платформалары білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып, зияткерлік әлеуетті дамытуға қызмет ететіні сөзсіз.

Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы оқыту нәтижелерін арттырудағы рөлі орасан зор. Адаптивті оқыту жүйелері, автоматтандырылған бағалау, деректерге негізделген талдау, білім беру аналитикасы және VR/AR технологиялары оқушылардың оқу барысын көрнекі әрі қызықты етуге көмектеседі. ЖИ-ді осылайша тиімді қолдану оқыту нәтижелерін жақсартып, оқушылардың білім деңгейін арттырады [8, 11].

Жасанды интеллект білім беру жүйесінің болашағын айқындайтын маңызды факторды атап кетсек: 1. болашақта ЖИ әр оқушыға жеке оқыту траекториясын ұсыну арқылы білім алу процесін дербестендіруге мүмкіндік береді. 2. ЖИ негізіндегі білім беру платформалары ересектерге және кәсіби мамандарға да қолжетімді бола түсуде. Олар өмір бойы білім алуды қолдап, әртүрлі дағдыларды үйренуге мүмкіндік береді. 3. ЖИ-дің дамуы білім беру саласындағы жаңа саясаттар мен стандарттарды талап етеді. Бұл оқыту әдістерін реттеу және ЖИ қолданудағы этикалық нормаларды анықтау арқылы жүзеге асады.

Алдағы уақытта ЖИ технологияларының білім беру жүйесіне ықпалы артып, білім сапасын одан әрі жақсартта түсетіні, бұл болашақ ұрпақтың

сапалы білім алуына және заманауи еңбек нарығына бейімделуіне үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Тоқаев: Цифрландыру мен жасанды интеллект – ұлттық бәсекеге қабілетті болудың басты құралы. – 2024.
2. Russell S., Norvig P. *Artificial Intelligence: A Modern Approach*. – Pearson Education, 2021.
3. Holmes W., Bialik M., Fadel C. *Artificial Intelligence in Education*. – Boston, 2019.
4. UNESCO. *Artificial Intelligence and Education: Guidance for Policymakers*. – Paris, 2021.
5. Luckin R. *Machine Learning and Human Intelligence*. – UCL Press, 2018.
6. OECD. *Artificial Intelligence in Society*. – Paris, 2020.
7. Қожахметова К.Ж. Цифрлық білім беру жағдайындағы педагогикалық инновациялар // *Педагогика*. – 2022. – №3.
8. Сейталиев А.Б. Білім берудегі жасанды интеллект технологиялары // *Білім беру жүйесі*. – 2023. – №2.

ӘОЖ 165'8

### 3-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА «САНДЫҚ ЛАБИРИНТ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Толегенова Карлыгаш Садихиновна,

Бастауыш сынып мұғалімі

№4 жалпы білім беретін мектеп,

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

**Аңдатпа.** Мақалада 3-сынып оқушыларына арналған «Сандық лабиринт» авторлық бағдарламасын оқытудың өзектілігі ғылыми-педагогикалық тұрғыдан қарастырылады. Қазіргі білім беру жүйесіндегі цифрлық трансформация жағдайында бастауыш сынып оқушыларының логикалық, математикалық және алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамытудың маңыздылығы негізделеді. Зерттеу барысында ойын технологиялары, конструктивті және интерактивті оқыту теорияларына сүйене отырып, бағдарламаның құрылымы мен әдістемелік ерекшеліктері талданады. «Сандық лабиринт» бағдарламасының оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға, сандық сауаттылығын қалыптастыруға және шығармашылық белсенділігін дамытуға ықпалы айқындалады. Мақала бастауыш білім беру практикасында цифрлық және ойынға негізделген авторлық бағдарламаларды енгізудің педагогикалық әлеуетін дәлелдейді.

**Кілт сөздер:** әдістеме, 3-сынып, оқушы, «Сандық лабиринт», оқытудың өзектілігі, ойын технологиялары, конструктивті және интерактивті оқыту теориясы

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі жылдам өзгеріп, ақпараттық-цифрлық сауаттылықты дамытуды басты міндеттердің біріне айналдыруда. Білім мазмұнының жаңартылуы мен оқу бағдарламаларын жаңғырту ХХІ ғасырға тән білім беру талаптарына жауап беруді қажет етеді. Бұл контексте оқушылардың логикалық ойлау, мәселе шешу дағдылары, алгоритмдік ойлау қабілеттерін дамыту маңызды орын алады. Осындай маңызды құзіреттерді қалыптастыруға бағытталған инновациялық авторлық бағдарламалардың бірі – «Сандық лабиринт».

«Сандық лабиринт» бағдарламасы – бұл 3-сынып оқушыларына арналған цифрлық ойын элементтері мен логикалық тапсырмалар арқылы алгоритмдік ойлау, математикалық сауаттылық және негізінде сандық мәдениетті дамытуға бағытталған оқу мазмұны. Бағдарлама оқушылардың шығармашылық қабілетін, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануын арттыруға бағытталған. Бұл мақалада 3-сынып оқушыларына «Сандық лабиринт» бағдарламасын оқытудың өзектілігі, теориялық негіздері, түзілген нәтижелер мен педагогикалық әсері ғылыми тұрғыдан талданады.

#### 1. Цифрлық дағдылардың маңызы

Қазіргі ақпараттық қоғамда білім беру жүйесі оқушыларға тек қана пәндік білім беру емес, сонымен бірге цифрлық ортада тиімді әрекет ету қабілетін қалыптастыру міндетін де қойып отыр. Сандық дағдылар – бұл тек техникалық құралдарды қолдану ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, алгоритмдік шешімдер қабылдау, деректерді өңдеу және интерпретациялау қабілеті сияқты күрделі дағдыларды қамтиды. Осындай дағдыларды ерте жастан дамыту білім алушылардың оқу жетістігіне ғана емес, болашақ кәсіби өміріне де тікелей әсер етеді.

#### 2. Математикалық және алгоритмдік ойлауды дамыту қажеттілігі

Алгоритмдік ойлау – кез келген STEM (ғылым, технология, инженерия және математика) бағытының негізі. 3-сынып – баланың ойлау қабілеттерінің қарқынды дамитын кезеңі, осы уақытта логикалық тапсырмалар мен есептер арқылы алгоритмдік ойлауды дамыту тиімді. Математикалық ойындар мен лабиринттер оқушылардың математикалық түсінігін кеңейтеді, есеп шығару дағдыларын автоматтандырады, сонымен қатар практикалық тапсырмаларды орындау кезінде ойлау икемділігін, болжам жасау және рационалды шешім қабылдауды жетілдіреді.

#### 3. Ойын арқылы оқытудың педагогикалық тиімділігі

Педагогикалық зерттеулер көрсеткендей, ойын тәсілі оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, сыни ойлау мен топтық әрекеттің тиімділігін күшейтеді. Ойын элементтері оқыту процесіне эмоционалдық мотивация қосады, нәтижесінде оқушылар күмәнсіздік пен сәтсіздік қорқынышын азайта отырып, белсенді әрекет етеді.

«Сандық лабиринт» бағдарламасы ойынға негізделген тапсырмалар жүйесі болғандықтан, оқушылардың оқу мотивациясын арттыруға және білімді практикалық жағынан қолдану қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

## 1. Оқыту теориясы мен ойын технологиялары

Оқу теориялары арасында конструктивизм, интерактивті оқыту және проблемалық оқыту ойын элементтерін қолдану арқылы оқушының белсенділігін тиімді арттыра алады. Мұндай тәсілдер зерттеу, табу және өз бетінше шешім қабылдау процестерін ынталандырады.

Ойын технологиялары оқу мазмұнын жеңіл меңгеру ғана емес, сонымен қатар нақты жағдайда ақпаратты қолдану дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. «Сандық лабиринт» жүйесі осы теорияларды практикалық түрде біріктіріп, оқушыларға ойын арқылы білімді игеруді мақсат етеді.

## 2. Алгоритмдік ойлау және математикалық сауаттылық

Алгоритмдік ойлау – бұл жоспарлау, логикалық қадамдар жасау, ретпен әрекет ету сыныптан тыс дағдылар жүйесі. Оны дамыту оқушыларға күрделі есептерді шешуге, ақпараттық тапсырмаларды ұйымдастыруға, логикалық қатынастарды түсінуге көмектеседі.

Математикалық сауаттылық – бұл тек есеп шығару емес, сонымен қатар математикалық ұғымдар мен қатынастарды күнделікті өмірде қолдануға дайындығын білдіреді. «Сандық лабиринт» оқушыларға логикалық есептер, бағыттау тапсырмалары және сандық тапсырмалар арқылы осы дағдыларды дамытады.

Бағдарлама құрылымы бірнеше негізгі компоненттен тұрады:

1. Кіріспе ойындар және тапсырмалар – оқушыны ойын әлеміне тарту, базалық дағдыларды белсендіру;
2. Лабиринттік тапсырмалар – бағыттау, алгоритмдік шешімдерді талап ететін тапсырмалар;
3. Логикалық есептер – ойлау икемділігін және математикалық түсінікті арттыру;
4. Интерактивті сабақтар – сандық құралдармен жұмыс істеу, тапсырмаларды орындау және нәтижелерді талдау.

Бағдарламаның әдістемесі оқушының жеке мүмкіндіктерін ескеруге негізделеді. Әр тапсырма оқушының қабілеттілігі мен даму деңгейіне сәйкес икемделеді, бұл оқыту процесін жекелендірілген етеді.

### 1. Оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту

«Сандық лабиринт» тапсырмалары оқушыларды мәселені анықтап, бірнеше қадамдық шешімдерді жоспарлауға үйретеді. Бұл баланың логикалық ойлау қабілетін қалыптастырып, математикалық есептерді тиімді шешуге мүмкіндік береді.

### 2. Алгоритмдік шешімдер қабылдауды дамыту

Бағдарламадағы лабиринттік тапсырмалар алгоритмдік ойлау үшін негізгі құрал ретінде қызмет етеді. Оқушылар бағытын дұрыс есептеу, бірнеше қадамды логикалық тізбек құру сияқты дағдыларды меңгереді.

### 3. Сандық сауаттылықты арттыру

Қазіргі оқу процесінде цифрлық құралдарды игеру маңызды жағы. Бағдарлама интерактивті тапсырмалар арқылы оқушылардың компьютерлік сауаттылығын арттырады, ақпараттық ортада жұмыс істей білу қабілетін жетілдіреді.

#### 4. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру және шығармашылық белсенділік

Ойын арқылы оқыту оқушыларды өз бетінше жұмыс істеуге, тәжірибе жасауға және шығармашылық шешімдер табуға ынталандырады. Бұл дағдылар тек оқу пәні шеңберінде ғана емес, күнделікті өмірде де тиімді болып табылады. «Сандық лабиринт» бағдарламасы пилоттық түрде бірнеше мектепте енгізілген тәжірибе көрсеткендей, оқушылардың логикалық ойлау, математикалық есептерді шешу және алгоритмдік тапсырмаларды орындау қабілеттері дәстүрлі оқыту әдістемелеріне қарағанда айтарлықтай жоғары деңгейде болған. Бағдарламаны қолданған ұстаздар оқыту процесінің интерактивтілігі мен оқушылардың пәнге қызығушылығы артқанын атап өтті. Пилоттық зерттеу көрсеткен негізгі нәтижелер:

- Оқушылардың математикалық тапсырмаларды шығару жылдамдығы мен дәлдігі артты;
- Логикалық тапсырмаларды шешуге деген қызығушылық жоғарылады;
- Креативті ойлау және алгоритмдік тәсілдерді қолдану дағдылары қалыптасты.

Қорыта айтқанда, 3-сынып оқушыларына «Сандық лабиринт» авторлық бағдарламасын оқытудың өзектілігі қазіргі білім беру талаптарына тікелей жауап береді. Бағдарлама логикалық ойлау, алгоритмдік шешімдер қабылдау және сандық сауаттылықты дамытуға бағытталғандықтан, ол оқушылардың оқу жетістігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Ойынға негізделген тәсіл арқылы оқыту оқу мотивациясын күшейтіп, пәндік білімді терең меңгеруге мүмкіндік береді. «Сандық лабиринт» бағдарламасы 3-сынып оқушылары үшін инновациялық, тиімді әрі нәтижеге бағытталған оқу әдістемесі ретінде педагогикалық тәжірибеде одан әрі кеңінен қолдануға лайықты.

#### **Пайдаланған әдебиеттер**

1. Белесова, Д. Т., Ибашова, А. Б., & Шаймерденова, Г. С. (2024). Алгоритмдік ойлау және ақпараттық білім беру ортасы. Бұл шығарма алгоритмдік ойлау мен оқыту ортасының білім беру үрдісіндегі рөлін көрсетеді.
2. Бастауыш мектепте Scratch бағдарламалау ортасын оқыту мәселелері (2025). Бұл зерттеу Scratch ортасы арқылы бастауыш сынып оқушыларының алгоритмдік ойлау дағдыларын қалыптастыруды талдайды.
3. Алгоритмдік ойлау және оны дамыту әдістері — Тұрғанбай Қ. Е., Төлебаева Н. А. (2017). Алгоритмдік ойлау және оны дамыту әдістері. Бұл материал алгоритмдік ойлау ұғымының теориялық негіздерін және дамытудың педагогикалық аспектілерін ашады.
4. Алгоритмдік ойлау қалыптастыру туралы мақалалар (2018). Бұл дереккөз бастауыш мектеп информатика бағдарламасында алгоритмдік ойлаудың маңыздылығын көрсетеді.

## ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ

**Кармусова Райса Аманбаевна,**

бастауыш сынып мұғалімі,

Маңғыстау облысының білім басқармасы

Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі

«№12 жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада көркем шығармалардағы кейіпкерлер бейнесі арқылы оқырманның рухани-адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру мен дамытудың маңызы қарастырылады. Әдеби кейіпкердің мінез-құлқы, іс-әрекеті, дүниетанымы мен өмірлік таңдаулары рухани құндылықтарды жеткізудің негізгі тетігі ретінде талданады. Қазақ және әлем әдебиетіндегі көркем образдар негізінде адамгершілік, ар-ождан, әділдік, мейірім, отансүйгіштік, жауапкершілік сияқты құндылықтардың тәрбиелік әлеуеті айқындалады. Сонымен қатар, білім беру үдерісінде көркем шығармаларды оқыту арқылы рухани құндылықтарды дамыту жолдары көрсетіледі.*

***Түйін сөздер:** көркем шығарма, кейіпкер бейнесі, рухани құндылық, адамгершілік тәрбие, әдебиет*

Қазіргі қоғамда рухани құндылықтардың әлсіреуі, адамгершілік ұстанымдардың өзгеруі жиі айтылатын өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жаһандану, цифрландыру және ақпараттық кеңістіктің кеңеюі жас ұрпақтың дүниетанымына айтарлықтай әсер етуде. Осындай жағдайда әдебиеттің, соның ішінде көркем шығармалардың тәрбиелік рөлін қайта қарастыру қажеттілігі туындайды.

Көркем шығарма – адам болмысының, рухани әлемінің айнасы. Әдеби кейіпкерлердің тағдыры, ішкі жан дүниесі, моральдық таңдаулары оқырманды ойландырып, өзіндік бағам жасауға жетелейді. Сондықтан шығармалардағы кейіпкерлер бейнесі арқылы рухани құндылықтарды дамыту – әдебиеттің басты миссияларының бірі.

Рухани құндылықтар – адамзат қоғамында тарихи қалыптасқан, тұлғаның ішкі дүниесін, моральдық-этикалық бағдарын айқындайтын ұстанымдар жүйесі. Оларға адамгершілік, ар-ождан, әділдік, мейірім, жауапкершілік, отансүйгіштік, адалдық сияқты қасиеттер жатады.

Әдебиет рухани құндылықтарды жеткізудің ең ықпалды құралдарының бірі болып табылады. Себебі көркем мәтін оқырманға дайын қағидаларды ұсынбайды, керісінше кейіпкерлердің әрекеті арқылы құндылықтарды сезіндіреді. Бұл – тәрбиенің ең әсерлі формасы.

Әдеби кейіпкер – автордың дүниетанымы мен идеясын жеткізуші негізгі образ. Кейіпкердің мінезі, іс-әрекеті, ішкі қайшылығы мен рухани өсуі арқылы оқырман өмірлік құндылықтарды танып-біледі.

Кейіпкер бейнесінің тәрбиелік ықпалы:

- оқырманның эмоциялық қабылдауын күшейтеді;
- моральдық таңдауға үйретеді;
- жақсы мен жаманды салыстыруға мүмкіндік береді;
- өзін кейіпкер орнына қойып көруге жетелейді.

Осы тұрғыда жағымды және жағымсыз кейіпкерлердің екеуі де тәрбиелік қызмет атқарады.

Қазақ әдебиеті рухани құндылықтарға бай кейіпкерлер галереясымен ерекшеленеді. Абайдың, Мұхтар Әуезовтің, Ғабит Мүсіреповтің, Ілияс Есенберлиннің шығармаларындағы кейіпкерлер ұлттық руханияттың жарқын көрінісі болып табылады.

Мысалы, *Абай жолы* эпопеясындағы Абай бейнесі [1] – әділдік, білімге ұмтылу, адамгершілік пен рухани кемелдіктің символы. Абайдың ішкі толғаныстары мен күресі оқырманды ар-ождан мәселелері туралы ойлануға жетелейді [2]. Ал Бақтығұл (*Қараиш-Қараиш оқиғасы*) бейнесі арқылы әлеуметтік әділетсіздік, адам тағдыры, моральдық қайшылықтар көрініс табады [3].

Әлем әдебиетінде де рухани құндылықтарды бейнелейтін кейіпкерлер аз емес. Мысалы, Ф.М. Достоевский [4] шығармаларындағы кейіпкерлер ар-ождан, күнә мен кешірім мәселелерін терең қозғайды. Раскольников бейнесі арқылы адамгершілік жауапкершілік пен рухани күйзеліс көрінеді.

Л.Н. Толстойдың [5] кейіпкерлері (Пьер Безухов, Андрей Болконский) өмірдің мәнін іздеу, моральдық тазалық, ішкі жетілу жолын бейнелейді. Бұл образдар оқырманды өзін-өзі тануға жетелейді.

Жағымды кейіпкерлер оқырман үшін үлгі қызметін атқарады. Олар адалдық, еңбекқорлық, мейірімділік, отансүйгіштік сияқты қасиеттерді бойына жинақтайды. Мұндай кейіпкерлер арқылы жас ұрпақта идеал бейне қалыптасады.

Алайда әдебиеттегі жағымды кейіпкер абсолютті мінсіз болмауы да мүмкін. Оның қателіктері мен күресі тәрбиелік әсерді күшейте түседі.

Жағымсыз кейіпкерлер де рухани тәрбиеде маңызды рөл атқарады. Олардың теріс әрекеттері арқылы жамандықтың салдары, рухани азғындау көрініс табады. Бұл оқырманды қателіктен сабақ алуға үйретеді.

Мысалы, сараңдық, опасыздық, қатыгездік сипатындағы кейіпкерлер арқылы қоғамдағы моральдық мәселелер ашылады.

Кейіпкердің рухани дамуы – көркем шығарманың ең маңызды элементтерінің бірі. Ішкі өзгеріс, өзін-өзі тану, қателікті мойындау – рухани құндылықтардың қалыптасу жолын көрсетеді. Мұндай кейіпкерлер оқырманға рухани өсудің мүмкін екенін дәлелдейді.

Мысалға, қазақ әдебиетінде, 60-80-жылдар прозасында сөз болатын негізгі кейіпкерлердің кәсіби географиясы шексіз емес. Не басшы, не әдеби ортаның адамы, не өнер адамы, не ғалымдар болып келеді. Қазақ әдебиетінде

жазушы бейнесін сомдап, шығармашылық адамының ішкі әлеміне бойлаған романдар қатарында «Бұлақты» атауға болады. 60-80 жылдар прозасының шығармашылық әлеуеті мықты, өзіндік қолтаңбасымен көрінген өкілдерінің арасында С.Сматаевтың орны ерекше.

Жазушы шығармаларының ішінде тарихи тақырыпты қозғаған «Елім-айы» болмаса, өзге туындыларының, әсіресе, біз талдап отырған «Бұлақ» романының тақырыбы, стилі, образдар құрылымы, композициясы, жалпы, жазушылық шеберлігі, көркемдік ерекшелігі жүйелі түрде зерттеу өзегіне айнала қойған жоқ. Аталған кезең әдебиетіне баға бере келе әдебиеттанушы-ғалым Ж.Жарылғапов: «Әдебиетке социалистік реализм арқылы қойылған талаптардың тозығы жетіп, өңін жоғалта бастаған 60 жылдардан бастап ұлттың рухани кеңістігінде жаңаша эстетикалық ахуал қалыптаса бастады. Ендігі уақытта соцреализмге, маркстік-лениндік қағидаларға негізделген эстетика әдебиетке өзгеше рух дарытуды көздеген жазушылардың амбициясына жауап бере алған жоқ», - деп жазады [6, 21].

С.Сматаевтың «Бұлақ» романы – жаңаша леппен жазылып, оқиғаны ерекше қиюластырған, композициясы өзгеше роман. Жазушы негізгі оқиғаны әкелі-балалы Маратбек пен Сайлаубек қос тағаны арқылы өрбітеді. Кейіпкерлердің өмір жолы жеке-жеке сөз болатын секілді көрінгенмен, сюжеттік желіде тұтастық бар. Кешегі мен бүгінгі қосамжар желі болып тартылып, кейіпкердің басынан кешкен оқиғалар жұптаса жүлгеленеді. Бір кейіпкерді бейнелеуден екіншісін бейнелеуге оңай ауысып, олардың басын бір арнаға шеберлікпен тоғыстырады. Қаламгердің жазушылық шеберлігі замана мәселелерін көркемдік тұрғыдан бере білуімен, кейіпкердің ішкі жан әлемін кеңінен ашатын формалық ізденістерге барғандығымен, уақыт пен кеңістік ұғымдарын көркемдікпен игергендігімен зерделенеді.

Орталық қаһарман – Сайлаубек атты жазушы жігіт. Оның бейнесінде жазушы кейбір зиялы қауым өкілдері мен құрбы-құрдастарының бойында кездесетін жат қылықтарға, туған ауылының құлдыраған келбеті, жалпы, тұтастай алғанда, жарасымдылықтың бұзылуына жаны ауыратын, шындық үшін күресетін зиялы жігіттің характерін берген. Қаһарманы арқылы автордың өз заманының, өз дәуірінің шындығын көрсететінін ескерсек, авторлық көзқараспен қабысқан типологиялық ұқсас кейіпкерлердің (Сайлаубек, Жәнібек, Едіге, Жасын, Омар) іздейтіні – қоғамдық-қарым қатынастар мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың үйлесімділігі. Қаһармандар қоғамда болып жатқан тоқырауды сезініп қана қоймай, содан шығар жолды, өзінің ішкі тепе-теңдігін сақтаудың жолын іздейді [7, 45].

Романда автордың өзі тасада қалып, тізгінді кейіпкеріне береді, басты желіні осы кейіпкер баяндаушы ретінде таратады. Уақыт жағынан алғанда, әкесі екеуінің басынан кешірген оқиғалары жыл мезгілдерінің алмасуы арқылы ұсынылады. Қыс Маратбекке, жаз Сайлаубекке тиесілі. Қыс пен жаздағы оқиға төрт мәрте көрініс береді де, соңғы бөлімін «Бұлақ. Маратбек және Сайлаубек» деп екі кейіпкердің басын бір арнаға тоғыстырып, біртұтас етіп жібереді. Аталған шығармада екі кеңістіктік-уақыттық өлшем алынған. Аңдап қарасақ, жазушының оқиғаны осылайша қатаң уақытқа бағындырып

өрбітуінің философиялық астары бар тәрізді. Алдымен, негізгі кейіпкерлер өзге емес, әке мен бала. Өмірдің қызығы мен шыжығын қатар көріп, күш-қуаты кеміп жар жағасында тұрған, өмірдің базарынан қайтқан әке және тепсе темір үзетін жастағы, шығармашылықтың қызығынан гөрі қиындығы үлесіне молырақ тигенмен, ізденуден тынбайтын, өзіндік ұстанымы бар Сайлаубек. Романда қаламгер уақыт көшін бірде кейінге жылжытып, бірде бүгінге әкеліп тіреп, оқиғаның арқауын уысында ұстап отырады. Уақыт деген – әке мен баланың жастық шағы мен қазіргісі. Маратбек үшін ол тоқтап қалған сияқты, бақытты шақтары кешегінің үлесінде қалған. Қазіргісінен гөрі шегіністер арқылы жастық шағы көбірек еске алынып, оқиғалар кейіпкердің ойы арқылы көрініс береді. О.Бөкейдің «Өз отыңды өшірме» романы мен С.Сматаевтың «Бұлақ» [8] романында уақыт пен кеңістік мәселесін игеруге келгенде өзара үндестігі байқалады. Оралхан уақыт пішінін *бүгін* мен *баяғы* арқылы берсе, Софыда *қыс* пен *жаз* арқылы өріс табады. Жазушы образ сомдауда көзге іліккен детальдарды тізбелей бермейді, адам жан дүниесінің ең терең қабаттарындағы өзгерістерді, көңіл-күй ауанын жіті бақылап, нәзік иірімін дәл жеткізуге тырысады.

Мектепте әдеби шығармаларды талдау арқылы балалардың:

- сыни ойлау қабілеті;
- моральдық пайымдау дағдысы;
- рухани сезімталдығы дамиды.

Кейіпкер бейнесін талдау кезінде пікірталас, салыстыру, эссе жазу әдістері тиімді. Қазіргі әдебиетте кейіпкерлер бейнесі арқылы заманауи құндылықтар – жауапкершілік, әлеуметтік белсенділік, тұлғалық еркіндік көрініс табады. Бұл бүгінгі оқырманға жақын әрі өзекті.

Шығармалардағы кейіпкерлер бейнесі – рухани құндылықтарды қалыптастырудың қуатты құралы. Әдеби кейіпкерлер арқылы оқырман адамгершілік таңдауларды саралап, рухани дамуға ұмтылады. Сондықтан әдебиетті білім беру мен тәрбие жүйесінде тиімді пайдалану рухани кемел тұлға қалыптастырудың маңызды шарты болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Әуезов М. Абай жолы. – Алматы: Жазушы.
2. Қасқабасов С. Әдебиет және руханият. – Алматы, 2019.
3. Нұрғали Р. Трагедия табиғаты. – Астана, 2020.
4. Достоевский Ф.М. Преступление и наказание.
5. Толстой Л.Н. Война и мир
6. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасындағы әдеби ағымдар және көркемдік әдіс. Автореферат. Диссертация ф.ғ.д. – Астана: 2009. – 25 б.
7. Хамзин М. Қазіргі қазақ романы: Оқулық. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. – 205 б.
8. Сматаев С. Бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1983. – 296 б.

## ШАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮРЛЕНДІРУДЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

**Койлыбаева Бахытжамал Ибадуллаевна,**  
бастауыш сынып мұғалімі,  
Маңғыстау облысының білім басқармасы  
Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімінің  
«№12 жалпы білім беретін мектеп»  
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада математика пәнінде шамалар және оларды түрлендіру тақырыптарын оқыту барысында білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту мәселесі қарастырылады. Шамалар ұғымының теориялық негіздері, олардың түрлері мен өзара байланысы ашылып, шамаларды түрлендіру арқылы оқушылардың талдау, салыстыру, қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру жолдары көрсетіледі. Сонымен қатар, есептер жүйесі арқылы логикалық ойлауды дамытудың әдістемелік тәсілдері ұсынылады. Зерттеу нәтижелері шамалармен жұмыс жасау оқушылардың математикалық сауаттылығын арттыруда маңызды рөл атқаратынын дәлелдейді.*

***Кілт сөздер:** шама, түрлендіру, логикалық ойлау, математикалық ойлау, математика оқыту әдістемесі.*

Қазіргі білім беру жүйесінің басты мақсаты – тек білім беру емес, сонымен қатар білім алушылардың логикалық ойлау қабілеттерін, функционалдық сауаттылығын және өмірлік дағдыларын дамыту болып табылады. Осы тұрғыда математика пәні логикалық ойлауды қалыптастырудың негізгі құралдарының бірі ретінде ерекше орын алады. Математикадағы «шамалар және оларды түрлендіру» тақырыбы оқушылардың абстрактілі ойлауын, салыстыру, талдау, жалпылау және қорытынды жасау қабілеттерін дамытуға кең мүмкіндік береді. Шамалармен жұмыс жасау тек формулаларды қолданумен шектелмей, логикалық пайымдауды, өлшем бірліктерін түсінуді және олардың арасындағы байланысты анықтауды талап етеді. Сондықтан бұл тақырып логикалық ойлауды дамытуда маңызды педагогикалық әлеуетке ие.

Мағжан Жұмабаевтың «Педагогика» [1] кітабында бүгінгі мектепте оқытатын барлық пәндер туралы айтқан ұсыныстарын білім беру әдістеріне тиімді пайдаланып келеміз. Оның жоғарыда айтқан қағидасы оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамытуға арналған. Бүгінде, балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер өте көп. Оқушының айтылғандарды тез қабылдап, ойын тиянақтап, жауап беруі үшін қолданылатын электрондық оқулықтар, компьютер, аудио және бейне

материалдар, интернет желісі, тестілеу құрылғылары, электрондық пошта, интерактивті тақта болып табылады.

Логикалық ойлау – адамның ойлау үдерісінде заңдылықтарды анықтап, дәлелді қорытынды жасау қабілеті. Ол талдау, синтез, салыстыру, жіктеу, абстракциялау сияқты ойлау операциялары арқылы жүзеге асады [2].

Білім беру үдерісінде логикалық ойлауды дамыту:

- оқушылардың танымдық белсенділігін арттырады;
- мәселені шешудің тиімді жолын табуға үйретеді;
- өз ойын дәлелдеп жеткізу дағдысын қалыптастырады;
- математикалық және өмірлік жағдаяттарды түсінуді жеңілдетеді [3, 45].

Математика сабағында логикалық ойлау әсіресе есеп шығару, дәлелдеу және модельдеу барысында айқын көрінеді.

Оқушылардың логикалық ойлауын дамыту үшін арнайы ережелерге жүгіне отырып, сабақ жоспарын құрамын. Мәселен, есепті, жаттығуларды талдай білу іскерліктерін қалыптастыру; сызба графикалық модель бойынша есеп объектілерінің арасындағы байланыстарды түсіндіру; есептегі нақты заттарды оның моделімен ауыстыру; пәнге деген қызығушылығын, сүйіспеншілігін арттыру; сыныпқа дұрыс психологиялық жағдай орнатуға мүмкіндік туғызу. Күнделікті өмірімізде барлығы да оңай, қиындықсыз шешілетін мәселе болмайды. Осындай тұста оқушыны қиыннан жол таба білу жолдарын бірге талқылай отырып, есептерді шығарамыз. Яғни, оқушалар кез келген іске сыни тұрғыдан қарап, соған лайық өз пікірін айта алатын дәрежеде болуы қажет [4,79]. Сондықтан бағдарламада көрсетілгеніндей, сыни тұрғыдан ойлауға арналған жаттығуларды орындаймыз. Тұрақты оқу. Ақыл картасы. Ғылыми әдісті қолдану. Логикаға негізделген ойындар мен басқатырғыштарды жаттықтыру. Дыбыстық дәлелдер және логикалық қателер. Рефлексиялық жазу. Әртүрлі көзқарастарды түсіну әдістері мектеп оқушыларының математикалық жаттығуларды орындағанда қолданса, әрқайсысы өз кемшіліктері мен жетістіктерін көре алады.

Шама – заттар мен құбылыстардың сандық сипаттамасын білдіретін негізгі математикалық ұғымдардың бірі. Шамалар нақты өмірмен тығыз байланысты және оқушылардың күнделікті тәжірибесінде жиі кездеседі.

Математикада негізгі шамаларға:

- ұзындық,
- масса,
- уақыт,
- көлем,
- аудан,
- жылдамдық,
- температура жатады [5, 12].

Шамалар оқушыларға математиканың өмірмен байланысын түсіндіруге мүмкіндік береді. Шамаларды салыстыру, өлшеу және түрлендіру арқылы оқушылар нақты және абстрактілі ойлауды ұштастырады.

Шамаларды түрлендіру – бір өлшем бірлігін екінші өлшем бірлігіне айналдыру үдерісі. Бұл әрекет оқушылардан белгілі бір ережелерді түсінуді, есте сақтауды және логикалық тұрғыда қолдануды талап етеді.

Мысалы:

- ұзындық бірліктерін (м, см, мм) түрлендіру;
- уақыт бірліктерін (сағат, минут, секунд) ауыстыру;
- масса бірліктерін (кг, г, т) өзгерту [6, 93].

Бұл үдерісте оқушылар:

- өлшем бірліктерінің арасындағы қатынасты анықтайды;
- пропорциялық байланыстарды қолданады;
- логикалық пайымдау жасайды.

Осылайша шамаларды түрлендіру логикалық ойлаудың дамуына тікелей әсер етеді. Шамалармен байланысты есептер логикалық ойлауды дамытудың тиімді құралы болып табылады. Мұндай есептерде оқушылар:

- берілген ақпаратты талдайды;
- қажетті және артық мәліметтерді ажыратады;
- есептің шешу жолын жоспарлайды.

Мысалы, қозғалысқа, жұмысқа, уақытқа байланысты есептер логикалық ойлауды, себеп-салдарлық байланысты анықтауды талап етеді.

Есептерді жүйелі және біртіндеп күрделендіру оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, математикалық тілде сөйлеу дағдыларын қалыптастырады.

Шамалар және оларды түрлендіру тақырыбын оқытуда келесі әдістемелік тәсілдер тиімді болып табылады:

- проблемалық оқыту;
- өмірмен байланысты есептер;
- салыстыру және талдау әдісі;
- логикалық тапсырмалар мен ойын элементтері;
- пәнаралық байланыс (физика, география, информатика).

Бұл әдістер оқушылардың қызығушылығын арттырып, білімді саналы түрде меңгеруіне ықпал етеді [7].

Мұғалім логикалық ойлауды дамытуда бағыттаушы және ұйымдастырушы рөл атқарады. Ол:

- сұрақ қою арқылы ойлауға жетелейді;
- әртүрлі шешу жолдарын ұсынады;
- оқушының ойлау процесін бақылап, түзетеді.

Шамалар тақырыбында мұғалімнің түсіндіруімен қатар, оқушының өз бетімен ойлауына мүмкіндік беру маңызды.

Бастауыш сыныпта шамалар нақты көрнекілік арқылы меңгеріледі. Бұл кезеңде логикалық ойлау қарапайым салыстыру мен өлшеу әрекеттері арқылы дамиды.

Негізгі сыныптарда шамаларды түрлендіру күрделеніп, формулалар мен есептер жүйесі арқылы логикалық ойлау тереңдей түседі.

Цифрлық білім беру ресурстары шамалар тақырыбын оқытуда үлкен мүмкіндік береді. Интерактивті тапсырмалар, симуляциялар мен онлайн платформалар логикалық ойлауды дамытуға ықпал етеді.

Практика көрсеткендей, шамалар және оларды түрлендіру тақырыбында логикалық тапсырмаларды жүйелі қолдану оқушылардың:

- есеп шығару дағдысын;
- ойлау жылдамдығын;
- математикалық сауаттылығын айтарлықтай арттырады [8, 12].

Шамалар және оларды түрлендіру тақырыбы – оқушылардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың тиімді құралы. Бұл тақырып арқылы оқушылар нақты өмірлік жағдаяттарды түсініп, математикалық ойлауды меңгереді. Сондықтан шамалармен жұмыс жасауды жүйелі, әдістемелік тұрғыда дұрыс ұйымдастыру білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Жұмабаев М. Педагогика. Алматы: Ана тілі, 1992. — 140 б.
2. Алдамұратов Ә. Математика оқыту әдістемесі. – Алматы, 2020.
3. Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы, 2019.
4. Polya G. How to Solve It. – Princeton University Press, 2014.
5. Skemp R. Relational Understanding and Instrumental Understanding. – London, 2018.
6. OECD. Mathematics Education and Logical Thinking. – Paris, 2021.
7. Ысқақова Г. Математика сабағында логикалық ойлауды дамыту // Педагогика мәселелері. – 2022. – №3.
8. Смағұлова Н. Шамалар және өлшем бірліктерін оқытудың әдістемесі // Білім беру жүйесі. – 2023. – №2.

ӘОЖ 165'8

## БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ФУНКЦИОНАЛЬДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ

**Матенова Шолпан Ерлановна,**  
бастауыш сынып мұғалімі  
ЖББ “Нұр Орда М” жекеменшік мектебі,  
Ақтау қ., Қазақстан

*Андатпа.* Бұл мақалада бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында функциональды сауаттылығын қалыптастырудың маңыздылығы жан-жақты қарастырылады. Зерттеу барысында қазақ тілі пәні арқылы оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және ауызша сөйлеу дағдыларын дамыту жолдары айқындалды. Сонымен қатар жүргізілген педагогикалық зерттеу нәтижелері ұсынылып, оқушылардың функциональды сауаттылық деңгейі анықталды. Қазақ тілі сабақтарында функциональды сауаттылыққа бағытталған инновациялық тапсырмалар жүйесін қолданудың тиімділігі көрсетілді. Зерттеу нәтижелері бастауыш сынып оқушыларының тілдік құзыреттілігін арттыруға, олардың білімді тәжірибеде қолдану дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететінін дәлелдейді. Ұсынылған әдістемелік

*тұжырымдар бастауыш сынып мұғалімдерінің тәжірибесінде пайдалануға бағытталған.*

**Кілт сөздер:** функциональды сауаттылық, бастауыш сынып, қазақ тілі сабағы, тілдік құзыреттілік, оқу сауаттылығы, коммуникативтік дағдылар, инновациялық оқыту, мәтінмен жұмыс, өмірлік жағдаят

Қазіргі жаһандану жағдайында білім беру жүйесінің басты мақсаты – алған білімін өмірде еркін қолдана алатын, ойлай білетін, ақпаратты талдап, өз көзқарасын дәлелдей алатын функциональды сауатты тұлға қалыптастыру. Осы тұрғыдан алғанда функциональды сауаттылық – оқушының тек пәндік біліммен шектелмей, оны күнделікті өмірлік жағдаяттарда тиімді пайдалана білу қабілетін сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып табылады. Қазақстан Республикасының білім беру саясаты да функциональды сауаттылықты арттыруды басым бағыттардың бірі ретінде қарастырады. Әсіресе бастауыш мектеп кезеңінде функциональды сауаттылықты қалыптастыру – оқушының алдағы білім алу жолының сапасын айқындайтын шешуші кезең. Себебі бұл жаста баланың тілдік қабілеті, ойлау жүйесі, қарым-қатынас дағдылары қарқынды дамиды. Қазақ тілі сабағы бастауыш сынып оқушыларының функциональды сауаттылығын қалыптастыруда ерекше орын алады. Себебі тіл – ойлаудың, қарым-қатынастың және танымның негізгі құралы. Сондықтан қазақ тілі пәні арқылы оқушылардың оқу, жазу, тыңдау және сөйлеу дағдыларын өмірмен байланыстыра дамыту – өзекті педагогикалық мәселе болып табылады. Функциональды сауаттылық ұғымы педагогика ғылымында жеке тұлғаның алған білімін нақты өмірлік жағдайларда қолдана алу қабілеті ретінде қарастырылады. Ол тек оқу және жазу біліктілігімен шектелмей, мәтінді түсіну, ақпаратты талдау, өз ойын жүйелі жеткізу, пікір білдіру, шешім қабылдау сияқты кешенді әрекеттерді қамтиды.

Ғалымдардың пікірінше, функциональды сауаттылықтың негізгі компоненттері:

- оқу сауаттылығы;
- жазу сауаттылығы;
- ауызша сөйлеу дағдылары;
- тыңдалым және түсіну қабілеттері;
- сыни және логикалық ойлау.

Бастауыш сынып кезеңінде бұл компоненттер біртұтас жүйе ретінде қалыптасады. Егер осы кезеңде тілдік білім тек ережелерді жаттатумен шектелсе, оқушының функциональды сауаттылығы толық дамымайды. Ал тілдік білім өмірмен, тәжірибемен, жағдаяттармен ұштасқанда ғана нәтижелі болады.

Қазақ тілі пәнінің басты міндеті – оқушыны сауатты жазуға ғана емес, тілді қарым-қатынас құралы ретінде тиімді қолдануға үйрету. Функциональды сауаттылыққа бағытталған қазақ тілі сабағы келесі мүмкіндіктерді береді:

- ✓ оқушының сөздік қорын байытады;
- ✓ ойды нақты әрі жүйелі жеткізуге үйретеді;

- ✓ мәтінмен жұмыс істеу дағдыларын дамытады;
- ✓ өмірлік жағдаяттарда тілдік білімді қолдануға машықтандырады;
- ✓ оқушының өзіне деген сенімін арттырады.

Сонымен қатар қазақ тілі сабағында функциональды сауаттылықты қалыптастыру оқушылардың басқа пәндерді меңгеруіне де оң әсер етеді, себебі тіл – барлық пәндердің негізі.

Зерттеу маңыздылығы: Бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында функциональды сауаттылық деңгейін анықтау және оны қалыптастырудың тиімді әдіс-тәсілдерін айқындау.

Зерттеу 3–4 сынып оқушылары арасында жүргізілді. Зерттеуге барлығы 60 оқушы қатысты.

Зерттеу әдістері

- ✓ диагностикалық тесттер;
- ✓ мәтінмен жұмыс тапсырмалары;
- ✓ бақылау және салыстырмалы талдау;
- ✓ ауызша және жазбаша жұмыстарды сараптау;
- ✓ сауалнама.

Зерттеу барысында қазақ тілі сабақтарында функциональды сауаттылыққа бағытталған арнайы тапсырмалар жүйесі қолданылды.

Зерттеу нәтижелері оқушылардың функциональды сауаттылық деңгейінің біркелкі еместігін көрсетті.

- Оқу сауаттылығы бойынша оқушылардың 65%-ы мәтіннің негізгі идеясын анықтай алды.
- Жазу дағдылары бойынша 58% оқушы өз ойын жүйелі түрде жазбаша жеткізе алды.
- Ауызша сөйлеу барысында 70% оқушы берілген тақырыпта еркін пікір білдірді.

Жалпы функциональды сауаттылық деңгейі төмендегідей анықталды:

Деңгейі	Пайыздық көрсеткіш
Жоғары	32%
Орташа	46%
Төмен	22%

Бұл деректер қазақ тілі сабақтарында функциональды сауаттылықты дамытуға бағытталған жүйелі жұмыстың қажеттігін дәлелдейді.

Функциональды сауаттылықты бастауыш сыныптан дамытуға ықпалды бірнеше методологиялық жақындаулар бар. Оларға негізделген төмендегі модель практикалық қолдануға ыңғайлы:

- ✓ Интегративтік-модульдік тәсіл
- ✓ Идея: функциональды дағдыларды оқытуды жеке сабақтардан бөліп қарастырмай, оқу пәндерімен (қазақ тілі, математика, әлем танып-білу, информатика) интеграциялау.

- ✓ Қолдану: әр аптада 1–2 тапсырма нақты өмірлік контекстте (саудада, жол қауіпсіздігі, ауа райы болжамы, шағын жобалық тапсырма) беріледі; тапсырмада оқу және есеп дағдылары қажет болады.
- ✓ Жобаға негізделген оқыту (PBL)
- ✓ Идея: оқушылар нақты мәселеге шешім іздеп, мәтіндер оқып, деректер жинап, есептеп, нәтижесін қорғауы тиіс.
- ✓ Қолдану: мысалы, «Мектептегі оқушыларға арналған сүт бағасы мен таңдау» жобасы: оқушылар бағаларды салыстырып, арифметикалық есептер шығарып, жарнама мәтіндерін оқып, өз таңдауын негіздейді.
- ✓ Формативті бағалау және портфолио
- ✓ Идея: функционалды дағдыларды бағалау тек бір ретті жазбаша тестпен шектелмейді; оқушылардың күнделікті тапсырмаларын жинақтап, портфолиода көрсету маңызды.
- ✓ Қолдану: апталық тапсырмалар, рефлексия жазбалары, қысқа презентациялар және мұғалімнің бақылау жазбалары портфолиоға қосылады.
- ✓ Сандық құралдарды мен медиа-сауаттылықты енгізу
- ✓ Идея: цифрлық мәтіндермен жұмыс жасау — қазіргі функционалды сауаттылықтың ажырамас бөлігі.
- ✓ Қолдану: қарапайым интернет-іздеу, ақпаратты тексеру, графиктер құру және цифрлық формада есептеу тапсырмалары.

Осы модельдердің негізінде сабақ жоспарлары мен нақты тапсырма мысалдарын қарастырайық. Практикалық сабақ үлгісі (45 минут) — «Мектеп жәрмеңкесі: есептеу және мәтінді түсіну». Мақсат: оқушылар күнделікті контекстте мәтінді оқып, қарапайым сандық есептер шығаруға және ұсынылған ақпарат бойынша шешім қабылдауға үйренсін. Құралдар: жарнама парақшалары, бағалар тізімі, калькулятор (қажет болса), дәптер.

#### Инновациялық жаңалығы

Ұсынылып отырған зерттеудің инновациялық жаңалығы төмендегілермен айқындалады:

Қазақ тілі сабақтарында функционалды сауаттылыққа бағытталған тапсырмалар жүйесінің жасалуы;

- ✓ Тілдік білімді нақты өмірлік жағдаяттармен байланыстыру арқылы оқыту;
- ✓ Дәстүрлі грамматикалық жаттығуларды коммуникативтік және жағдаяттық тапсырмалармен ұштастыру;
- ✓ Оқушының оқу, жазу, сөйлеу және тыңдау әрекеттерін біртұтас кешен ретінде дамыту;
- ✓ Бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшелігіне сай шығармашылық және жобалық тапсырмаларды енгізу.

Бұл жаңашылдық оқушыны пассив тыңдаушы емес, оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Зерттеу негізінде төмендегідей күтілетін нәтижелер айқындалды:

- ✓ оқушылардың қазақ тілінде еркін сөйлеу және өз ойын дәл жеткізу қабілеті қалыптасады;
- ✓ мәтінді түсіну, талдау және интерпретациялау дағдылары дамиды;
- ✓ жазбаша жұмыстарда логикалық байланыс пен тілдік сауаттылық артады;
- ✓ оқушылардың функциональды сауаттылық деңгейі жоғарылайды;
- ✓ білімді өмірде қолдану дағдылары қалыптасады;
- ✓ оқушылардың оқу мотивациясы мен пәнге қызығушылығы артады.

Қорытындылай келе, бастауыш сынып оқушыларының қазақ тілі сабағында функциональды сауаттылығын қалыптастыру – қазіргі білім беру жүйесінің басты талаптарының бірі. Жүргізілген зерттеу нәтижелері функциональды сауаттылыққа бағытталған оқытудың тиімділігін дәлелдеді. Қазақ тілі сабағында тілдік білімді өмірмен байланыстыра отырып, инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқушылардың жан-жақты дамуына, өз ойын еркін жеткізе алатын, сауатты тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік туады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2020.
2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. – Астана, 2022.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. – Астана, 2014.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлылыққа бағытталған білім беру. – Алматы: Рауан, 2018.
5. Нұрғалиева Г.К. Функциональды сауаттылық – білім сапасының негізгі көрсеткіші. – Алматы, 2019.
6. Жақыпов С.М. Бастауыш сынып оқушыларының тілдік дамуы. – Алматы: Мектеп, 2017.

ӘОЖ 165'8

## **АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ**

**Сартаева Эльвира Эсенгелдиевна,**

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі,

№2 жалпы білім беретін мектеп,

Мұнайлы ауданы, Маңғыстау облысы, Қазақстан

***Аңдатпа.** Мақалада қазақ тілі мен ағылшын тілі пәндерін кіріктіре оқытудың білім беру үдерісіндегі маңызы жан-жақты қарастырылады. Тілдік пәндерді интеграциялау арқылы білім алушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту, мәдениетаралық құзыреттілігін қалыптастыру және танымдық белсенділігін арттыру жолдары талданады. Сонымен қатар,*

*пәнаралық байланысты жүзеге асырудың әдістемелік ерекшеліктері мен практикалық мүмкіндіктері көрсетіледі.*

**Кілт сөздер:** *интеграцияланған оқыту, қазақ тілі, ағылшын тілі, көптілділік, тілдік құзыреттілік.*

XXI ғасыр – ақпарат пен білім ғасыры. Қазіргі қоғамда білім беру жүйесіне қойылатын талаптар түбегейлі өзгерді. Енді білім алушы тек белгілі бір пән бойынша теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, алған білімін өмірлік жағдаяттарда тиімді қолдана алатын, бірнеше тілде еркін қарым-қатынас жасай алатын, сыни ойлайтын және шығармашылық тұрғыдан шешім қабылдайтын тұлға болуы тиіс. Осы тұрғыда көптілді білім беру мәселесі ерекше өзектілікке ие болып отыр.

Қазақстан Республикасында жүзеге асырылып жатқан білім беру реформаларының негізгі бағыттарының бірі – үштілді білім беру саясаты. Бұл саясаттың мақсаты – қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде дамыту, орыс тілін ұлтаралық қатынас тілі ретінде сақтау және ағылшын тілін халықаралық коммуникация тілі ретінде меңгерту. Аталған мақсаттарға жету үшін тілдік пәндерді оқытудың мазмұны мен әдістемесін жаңарту, оларды өзара кіріктіре оқыту қажеттілігі туындайды.

Қазақ тілі – ұлттық болмыстың, мәдениет пен рухани құндылықтардың негізі. Ал ағылшын тілі – ғылым, техника, инновация және халықаралық байланыс тілі. Осы екі пәнді кіріктіре оқыту білім алушылардың тілдерді оқшау емес, өзара байланыста, салыстыра отырып меңгеруіне мүмкіндік береді. Бұл тәсіл олардың тілдік санасын қалыптастырып, функционалдық сауаттылығын арттырады.

#### 1. Пәнаралық интеграция ұғымының педагогикалық мәні

Пәнаралық интеграция – білім мазмұнын жаңартудың және оқыту сапасын арттырудың маңызды тетіктерінің бірі. Педагогика ғылымында интеграция ұғымы әртүрлі пәндер арасындағы мазмұндық, әдістемелік және ұйымдастырушылық байланысты білдіреді. Ғалымдар интеграцияланған оқытуды білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыратын, жүйелі ойлауын қалыптастыратын тиімді тәсіл ретінде бағалайды.

Тілдік пәндер арасындағы интеграцияның ерекшелігі – олардың ортақ коммуникативтік мақсатқа бағытталуында. Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқыту барысында оқушылар тілдік құбылыстарды салыстырып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтайды. Бұл процесс тілдік заңдылықтарды терең түсінуге және оларды саналы түрде қолдануға мүмкіндік береді.

#### 2. Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқытудың теориялық негіздері

Қазіргі жаһандану жағдайында көптілді тұлға қалыптастыру – білім беру жүйесінің басты стратегиялық бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының тіл саясатына сәйкес білім алушылардың мемлекеттік тілді терең меңгеруімен қатар, ағылшын тілін халықаралық қатынас тілі ретінде игеруі маңызды міндет ретінде айқындалған. Осы орайда қазақ және ағылшын

тілдерін кіріктіре оқыту – тілдік білім берудің тиімді әрі заманауи бағыты ретінде педагогика ғылымында өзектілікке ие болып отыр.

Кіріктіре оқыту ұғымы педагогикалық әдебиеттерде бірнеше пәннің мазмұнын өзара байланыста, біртұтас жүйе ретінде ұйымдастыру арқылы білім алушының танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған үдеріс ретінде қарастырылады. Тілдерді кіріктіре оқытуда оқушы бір тіл арқылы алған білімін екінші тілде қолдануға, салыстыруға, талдауға және жинақтауға мүмкіндік алады. Бұл тәсіл тілдік құзыреттілікті ғана емес, сонымен қатар логикалық ойлау, коммуникативтік және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын дамытады.

Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқытудың теориялық негізі ең алдымен коммуникативтік бағытқа сүйенеді. Коммуникативтік әдіс тіл үйренушіні тілдік бірліктерді жаттаушы емес, нақты өмірлік жағдаятта тілді қолданушы тұлға ретінде қалыптастыруды көздейді. Қазақ және ағылшын тілдерін қатар меңгеру барысында оқушылар өз ойларын екі тілде жеткізуге, тілдік құрылымдарды салыстыра отырып қолдануға үйренеді. Бұл оқыту үдерісінде ана тілінің тірек рөлі сақталып, екінші тілдің меңгерілуі жеңілдей түседі.

Екінші маңызды теориялық негіз – салыстырмалы-лингвистикалық бағыт. Қазақ және ағылшын тілдері құрылымдық жағынан әртүрлі тілдер тобына жататындықтан, оларды салыстыра оқыту арқылы тілдердің грамматикалық, лексикалық және фонетикалық ерекшеліктерін терең түсінуге мүмкіндік туады. Мысалы, сөйлем құрылысы, сөз тәртібі, шақ жүйесі немесе сөзжасам тәсілдері бойынша салыстырулар оқушының тілдік санасын қалыптастырады және тіл үйрену барысындағы интерференцияны азайтады.

Кіріктіре оқытудың тағы бір теориялық тірегі – когнитивтік теория. Бұл теория бойынша тіл – ойлау әрекетінің құралы. Қазақ және ағылшын тілдерін бірлікте меңгеру оқушының танымдық мүмкіндіктерін кеңейтіп, ақпаратты қабылдау, өңдеу және есте сақтау қабілеттерін дамытады. Екі тілдегі ұғымдарды қатар игеру білім алушының әлемді тану аясын кеңейтіп, көпқырлы ойлау дағдысын қалыптастырады. Сонымен қатар кіріктіре оқыту мәдениетаралық коммуникация теориясына негізделеді. Тіл – мәдениеттің айнасы болғандықтан, қазақ және ағылшын тілдерін қатар оқыту ұлттық және әлемдік мәдени құндылықтарды салыстыра тануға мүмкіндік береді. Оқушылар қазақ халқының салт-дәстүрін, дүниетанымын ағылшын тілінде сипаттауға, ал ағылшын тілді елдердің мәдениетін қазақ тілінде түсіндіруге машықтанады. Бұл үдеріс тұлғаның толеранттылығын, мәдени санасын және жаһандық көзқарасын қалыптастырады.

3. Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқытудың маңыздылығы

3.1 Тілдік білімді жүйелеу және тереңдету

Екі тілді салыстыра оқыту арқылы оқушылар сөз таптары, сөйлем құрылымы, шақ жүйесі сияқты грамматикалық категорияларды терең меңгереді. Мысалы, ағылшын тіліндегі Present Simple шағын қазақ тіліндегі осы шақпен салыстыру арқылы уақыт категориясының ерекшеліктерін анықтайды.

3.2 Коммуникативтік дағдыларды дамыту

Интеграцияланған тапсырмалар оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіреді. Қазақ тілінде берілген мәтінді ағылшын тілінде баяндау немесе керісінше орындау олардың тілдік икемділігін арттырады.

### 3.3 Мәдениетаралық құзыреттілікті қалыптастыру

Тілді меңгеру мәдениетті танумен тығыз байланысты. Қазақ және ағылшын тілдері арқылы оқушылар әртүрлі халықтардың дәстүрі мен құндылықтарын салыстырып, толерантты көзқарас қалыптастырады.

## 4. Интеграцияланған оқытудың заманауи әдістері

### 4.1 CLIL технологиясы

CLIL (Content and Language Integrated Learning) – пәндік мазмұн мен тілді кіріктіре оқыту технологиясы. Бұл тәсілде тіл оқыту мақсаты ғана емес, білім алудың құралы ретінде қолданылады.

### 4.2 Жобалық-зерттеушілік оқыту

Оқушылар белгілі бір тақырып бойынша қазақ және ағылшын тілдерінде жоба дайындау арқылы ақпарат іздеу, талдау және қорытынды жасау дағдыларын дамытады.

### 4.3 Цифрлық білім ресурстарын қолдану

Онлайн платформалар, интерактивті жаттығулар, мультимедиалық материалдар интеграцияланған оқытудың тиімділігін арттырады.

## 5. Интеграцияланған оқытудың тұлғалық дамуға әсері

Кіріктіре оқыту оқушылардың сыни ойлауын, шығармашылық қабілетін және өзіндік пікірін қалыптастырады. Сонымен қатар көптілді ортада еркін қарым-қатынас жасай алатын тұлға тәрбиеленеді.

## 6. Қазақстандағы көптілді білім беру саясаты және тілдік пәндерді кіріктіру

Қазақстан Республикасында көптілді білім беру саясаты елдің білім беру стратегиясының маңызды бөлігі болып табылады. Мемлекеттік деңгейде қабылданған бағдарламаларда қазақ тілінің мәртебесін арттырумен қатар, ағылшын тілін халықаралық коммуникация тілі ретінде меңгерту көзделген. Бұл саясат білім алушылардың жаһандық білім кеңістігіне кірігуіне мүмкіндік береді.

Көптілді білім беру саясаты аясында тілдік пәндерді кіріктіру – білім мазмұнын жаңартудың тиімді тетігі. Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқыту арқылы оқушылар тілдерді жасанды түрде бөліп қарастырмай, оларды біртұтас коммуникативтік жүйе ретінде қабылдайды. Бұл тәсіл мемлекеттік тілді құрметтеуге, сонымен қатар халықаралық тілде еркін қарым-қатынас жасауға жағдай жасайды. Сонымен қатар Қазақстандағы жаңартылған білім беру мазмұны функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған. Осы тұрғыда интеграцияланған оқыту оқушылардың алған білімін өмірде қолдану қабілетін арттырып, әлеуметтік бейімделуіне оң ықпал етеді.

7. Интеграцияланған оқытудың тәжірибелік нәтижелері және тиімділігі  
Интеграцияланған оқытудың тиімділігін анықтау мақсатында педагогикалық тәжірибеде түрлі бақылау және талдау жұмыстары жүргізіледі. Қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқыту барысында оқушылардың тілдік

белсенділігі, сабаққа қызығушылығы және оқу мотивациясы айтарлықтай артатыны байқалады.

Практикалық тәжірибе көрсеткендей, кіріктірілген сабақтарда оқушылар: – жаңа сөздік қорды тез меңгереді;

– екі тілде ойын еркін жеткізуге дағдыланады;

– мәтінмен жұмыс істеу барысында талдау және қорытынды жасау қабілетін дамытады. Сонымен қатар мұғалімдер үшін де интеграцияланған оқыту кәсіби дамуға ықпал етеді. Пән мұғалімдері әдістемелік ізденіске түсіп, шығармашылық тұрғыдан жұмыс істеуге бейімделеді. Бұл өз кезегінде білім беру сапасының артуына алып келеді.

Қорыта айтқанда, қазақ және ағылшын тілдерін кіріктіре оқыту – қазіргі білім беру жүйесінің стратегиялық маңызы бар бағыттарының бірі. Бұл тәсіл оқушылардың тілдік білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың мәдениетаралық құзыреттілігі мен жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттырады. Сондықтан көптілді білім беру саясаты аясында тілдік пәндерді кіріктіре оқытуды жүйелі түрде дамыту маңызды.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламалары.
2. Coyle D., Hood P., Marsh D. CLIL: Content and Language Integrated Learning. Cambridge University Press.
3. Harmer J. How to Teach English. Longman.
4. Cummins J. Language, Power and Pedagogy. Multilingual Matters.
5. Қазақ тілін оқыту әдістемесіне арналған ғылыми еңбектер.

ӘОЖ 165'8

#### **БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ (4-сынып бойынша)**

**Ескалиева Карлыгаш Темировна,**

бастауыш сынып мұғалімі,

Маңғыстау облысының білім басқармасы

Мұнайлы ауданы бойынша білім бөлімі

«№12 жалпы білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қазақстан

*Аңдатпа.* Мақалада бастауыш сыныптың, соның ішінде 4-сынып оқушыларының оқылым әрекеті арқылы ойлау қабілетін дамыту мәселесі қарастырылады. Оқылым – оқушының тек мәтінді түсіну құралы ғана емес, сонымен қатар логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын қалыптастыратын маңызды танымдық процесс екені дәлелденеді.

*Бастауыш сынып оқушыларының, әсіресе 4-сынып оқушыларының оқылым арқылы ойлау қабілетін дамыту – қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі. Оқылым арқылы ойлау қабілетін дамыту балаларға ақпаратты талдауға, дәлелдерді бағалауға және негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі. Осы орайда оқылым дағдысы туралы ізденісім «Оқы да, ойлан» тақырыбындағы 4-сыныпта оқылым арқылы ойлау қабілетін дамытуға бағытталған авторлық бағдарлама жазуыма себепші болды. Ол еңбегімді өз тәжірибемде қолданамын.*

*Бұл мақалада 4-сынып оқушыларының оқылым арқылы ойлау қабілетін дамытуға бағытталған әдістер мен тәсілдер қарастырылады. Зерттеу барысында оқылым стратегияларының түрлері, оларды сабақ барысында тиімді қолдану жолдары және оқушының ойлау әрекетіне тигізетін ықпалы ғылыми-әдістемелік тұрғыда талданады.*

***Кілт сөздер:*** 4-сынып, оқылым, ойлау, қабілет, оқушы, мәтінмен жұмыс, сыни ойлау, оқу стратегиялары, әдістеме, әдістер, тәсілдер

Бастауыш сыныпта тілді меңгерудегі басты мақсат – тілдік дағдыларды дамыту. Тілді үйретуде тілдік дағдылардың түрлері – оқылым, тыңдалым, жазылым, айтылымды қатар дамытып отыру маңызды болып табылады. Тілдік төрт дағды оқушының сөйлеу әрекетін қалыптастырады. Осы дағдылар арқылы оқушы өзгелермен пікір алмасып, еркін қарым-қатынас жасауға, өзіндік көзқарасын білдіріп, өз ойын еркін, сауатты жеткізе алуына, қажетті ақпаратты тиімді қолдануына ықпал етеді. Сонымен қатар, олар ақпаратты оқып, тыңдап қана қоймай, өзіндік қорытынды жасап, сыни тұрғыдан бағалай білуге қол жеткізе алады. Аталған төрт дағдының ішіндегі ең маңыздысы – оқылым дағдысы. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі қосымша және детальді ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдау және түсіне білу десек, осы арқылы керек мәліметті жинақтаған білім алушы оны қажетіне жаратады, танымдық және зияткерлік қабілеттерін дамытады.

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушыны тек ақпаратты қабылдаушы емес, оны талдай алатын, салыстыратын, өз ойын дәлелдей білетін тұлға ретінде қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, бастауыш мектепте оқылым арқылы ойлау қабілетін дамыту – білім берудің маңызды міндеті. 4-сынып оқушысы – бастауыш білімнің соңғы сатысындағы, оқу әрекеті қалыптасқан, ойлау операциялары күрделене бастаған жас ерекшелігіне сәйкес тұлға. Сондықтан бұл кезеңде оқылым тек техникалық дағды ретінде емес, оқушының интеллектуалдық дамуына әсер ететін негізгі құрал ретінде қарастырылуы қажет.

Оқылым – бұл мәтінді дыбыстау ғана емес, оның мазмұнын түсіну, мағынасын ашу, автор ойын пайымдау, өз көзқарасын қалыптастыру үдерісі. Осы үдерістердің барлығы ойлау әрекеттерімен тығыз байланысты.

Оқылым барысында оқушыда:

- талдау (мәтінді бөліктерге ажырату);
- салыстыру (кейіпкерлерді, оқиғаларды салыстыру);
- қорытындылау (негізгі ойды анықтау);

- болжау (мәтіннің жалғасын болжау);
- бағалау (кейіпкер әрекетіне пікір білдіру)

сияқты ойлау операциялары дамиды. Демек, жүйелі ұйымдастырылған оқылым жұмысы оқушының логикалық және сыни ойлау қабілетін жетілдіреді.

Оқылым тілдік төрт дағдының бірі және ол сөйлеу әрекетінің рецептивті түрі болып табылады. Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» еңбегінде: Оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, сауатты, дұрыс, мәнерлеп, ұғынықты оқу және одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу» [1, 15] деген анықтама береді.

Оқылым, біріншіден, ой мен мидың бірлескен жұмысына байланысты болады, екіншіден, жазылған графикалық таңбалардың тізбегін дұрыс танып білуге қатысты. Үшіншіден, мұнда осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің маңызы зор. Осы оқылым ерекшеліктері жүзеге асқан жағдайда ғана оқылым мәтіндерінен керек ақпараттар іріктеліп алынып, оқушы оларды әрі қарай өз тәжірибесінде қолдана алады. Оқылым әрекеті арқылы мәтінде берілген әрбір тілдік-қатысымдық құралдардың мағынасын танып білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста сауатты пайдалана алу, қажет ақпаратты іріктей алу шеберлігі дамытылады.

Оқылым дағдысының маңызы мынада:

1. Тіл үйренуші оқылым арқылы бүкіл тілдік қатынасқа қажетті ақпараттан хабардар болады және оны тілдік қарым-қатынаста керегіне жаратады.

2. Оқылымның нәтижесінде әдеби, мәдени, әлеуметтік салалардағы жылдар бойы жиналған адамзаттық тәжірибелер бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, адамдардың қарым-қатынасын жетілдіреді, ішкі ой-санасын байытады. Ойлау қабілеті мықты адамның сөйлеу қабілеті де ерекше болады.

3. Оқылым әрекеті арқылы көңілге түйгенін тіл үйретуші жинақтайды, сұрыптайды, тұжырымдайды. Мұның өзі уақыт өте келе сарапқа түсіп, өмірде, ғылым мен техникада жаңа ізденістердің шығуына жол ашады. Адамның қоғамдағы рөлі артады, коммуникация процесі дамиды [1].

Оқылым дағдысы негізінде оқушылардың айтылым және жазылым дағдыларын да дамытуға болады. Оқылым әрекетін басқа дағды түрлерінен бөліп қарастыруға болмайды.

Оқылым - тыңдалым, оқылым – сәйлесім, оқылым – жазылым әрекеттерінің өзара байланыста болуы мұғалім жұмысына оң нәтиже береді. Оқу шеберлігі - бұл дағдылар кешені. Бұл ең алдымен мәтіннің мағынасын түсіну, сөздерді дұрыс оқу, мәнерлеп оқу, тыныс белгілері мен мазмұнына көңіл бөлу, оқу қарқынын ұмытпау.

Оқу - интеллектуалды даму технологиясы, мәдениетке ие болу тәсілі, қарым-қатынас пен өмірлік мәселелерді шешудің құралы. Оқусыз өмір бойы жалғасатын интеллектуалды даму және өзін-өзі дамыту мүмкін емес. Мәтіннің мазмұны әрдайым еркіндіктің әр түрлі деңгейіне ие: әртүрлі адамдар бір

мәтінді жеке ерекшеліктері мен өмірлік тәжірибесіне байланысты әр түрлі түсінеді (Л. Выготский).

Оқылым белсенді немесе бейтарап болуы мүмкін. Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу үдерісі. Бұл оқушыларға мәтін түрлерінің ауқымы кең екенін, лексикасы мен мазмұны бай екенін көрсету үшін пайдалы болуы мүмкін, әрі оның балалардың сыныптағы оқуына жанама ықпалы болады.

Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет. Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі (Simpson, 1996), бұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Венден (1985) оқылым стратегиялары оқушының өз оқуына жауапкершілік ала отырып, өзінің оқудағы проблемаларын шешуге мүмкіндік береді деп қорытады [2, 78].

Соңғы жылдары тілді үйренуге байланысты жиі айтылып жүрген оқылымның түрлері мыналар: танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік және көрсетімдік оқылым. Оқылымның бұл түрлері қолданылу мақсаты мен тапсырмалық көрсеткішке қарай бөлінеді. Оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырма үлгілері келесі іс-әрекеттерге негізделеді: оқулық, газет-журнал, ғаламтор, түрлі жарнама, диаграмма, шартты белгілер арқылы берілген және медиақұралдардан алынған мәтіндерден таныс және таныс емес ақпаратты оқиды және түсінеді; мәтіндегі, көркем шығармадағы берілген сөздердің мағынасын ашып, көркемдегіш құралдарды ажыратады. оқу барысында тілдік құрылым мен грамматиканың байланысын түсінеді.

Оқушыларды шығармашылықпен жұмыс істеуге және сын тұрғысынан ойлауға дағдыландыру - қазақ тілін оқытудың негізгі ұстанымдарының бірі. Оқушылар түрлі дереккөз материалдарымен таныса отырып, танымдық дағдыларын арттырады, сыни көзқарастарын білдіреді, түсініктерін дамытады. Алған білімдеріне талдау жасау және бағалау дағдыларын қалыптастыра отырып, кез келген жағдайдан шыға білу дағдыларына ие болады. Оқылым дағдысын қалыптастыру жұмыстары мәтіндер арқылы жүзеге асатындықтан, оқылым мәтіндері белгілі бір талаптарға сай сұрыпталады.

Оқылым мәтіндерін іріктеуге берілетін ұсыныстар:

- Оқу материалдарында берілген мәтіндерді енгізбеу;
- Шынайы өмірмен және жаһандану мәселелерімен байланысты мәтіндерді алу;
- Халқымыздың құндылықтарын дәріптейтін мәтіндерді таңдау;
- Тапсырма құрастыру элементтері жеткілікті мәтіндерді алу;
- Мәтінді тілдік ерекшеліктеріне қарай талдауда сөз оралымдарының кең көлемде болуын ескеру;

- Оқушыға кері әсер ететін мәтіндерді алмау;
  - Оқушының жас ерекшелігіне сай мәтіндерді алу;
  - Мәтін құрылымында логикалық бірізділікті сақтау;
  - Түпнұсқа мәтіндерін алу, аударма мәтіндерін бермеу;
  - Мәтін ақпараттарын оқушының тәжірибесінде қолдана алуын ескеру;
- Мәтіннің біртұтас құрылымнан тұруын ескеру [3].

Жалпы оқылымға байланысты қалыптар, дағдылар осымен шектеліп қалмайды, оқылымның ерекшеліктері тіл үйренудің барысында толығымен береді. Сонымен бірге мәтінді толық түсініп оқу, Танымдық оқылым - оқушының кез келген қызықты, танымдық мәндегі кітап, мақала, пікір, газет-журнал т.б. материалды оқып-түсінуі. Бұл оқылым белгілі бір ақпаратты зерттеуден гөрі жалпы хабардар болу үшін жүргізіледі. Оқушы мәтін ішінен қажетіне қарай ең маңыздысын түсініп пайдаланады.

Ізденімдік оқылым - мәтіннің ішінен өзіне керекті фактіні, көрсеткішті, деректі, т.б. іздеп тауып, пайдалана білу. Мұндай оқу жылдамдықты және мәтіннен өз қажетін таңдап алуға мүмкін болатын тапқырлықты қажет етеді. Бұл оқылым оқушының көру қабілетін ұштайды, қажет материалға бірден назар аударуға білуге үйретеді [4, 96].

Зерделік оқылым - оқушының берілген материалды не мәтінді басынан аяғына дейін толық түсініп оқуы. Мәтінге талдау жасай отырып, әрбір тілдік бірлікті талдайды. Бүкіл материалды жанжақты зерттейді. Мәтіннің кейбір тұстары қайта оқылып, сөйлемдерге айрықша назар аударылады немесе олар арнайы белгілермен ажыратылады. Көрсетімдік оқылым - мәтінді жүйелеп қарап шығып, оның не туралы екенін қысқаша анықтап беру, тақырыбын айқындау, ең басты ерекшелігін танып көрсету. Мәтін абзацтарына жеке-жеке қарап, оларға қатысты негізгі ойды, проблеманы көрсетеді. Оқушы мәтіндегі қандай ақпаратқа ерекше назар аудару керектігін, қай дерек маңызды рөл атқаратынын тануға мүмкіндік береді.

Оқылым түрлері жартылай түсініп оқу, интенсивті және экстенсивті оқу, сөздікпен оқу, синтетикалық оқу, дайындықты және дайындықсыз оқу сияқты түрлері кездеседі. Бұл оқылым дағдысының күрделі сөйлесім әрекеті екендігін дәлелдей түседі.

Оқу сауаттылығы. Соның ішінде оқу сауаттылығы- оқушылардың жазба мәтіндерді түсінуі және қолдануы, мәтін барысында ой толғауы, жаңа білім игерудегі әдіс-тәсілдерді қолдануы, әлеуметтік ортаға бейімделуі. Яғни, оқу сауаттылығының негізі — мәтінмен жұмысты толық қалыптастыру болып табылады. Қазақ тілі сабақтары тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларының ерекшеліктері арқылы іске асады. Сондықтан күнделікті сабақты дағдылар ерекшелігін ескеріп құру, оқу сауаттылығын арттыруда маңызды роль атқарады. Соның ішінде оқылым дағдыларының ерекшеліктері оқу сауаттылығын арттырудың бірден бір жолы.

Оқылым дағдысы (мәтінмен жұмыс). Оқылым дағдысын меңгерту жолдары. Оқылым рецептивті (қабылдаушы) дағдылар қатарына жатады. Оқылымның мақсаты – мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдауы және түсіне білуі.

Оқылым сөйлем мен сөздің мағынасын, мәтіннің мазмұнын ой мен сана арқылы қабылап, мәтіннен негізгі жіне қосымша ақпаратты әртүрлі деңгейде қабылдап, оқу арқылы тілдік қатынасыты жүзеге асыру болып табылады. Ф.Ш.Оразбаева, Р.С. Рахметова қазақ тілін оқыту әдістемесінің оқу құралында «оқылым, біріншіден, ой мен мидың жұмысына байланысты болса, екіншіден. Жазылған графикалық таңбалардың тізбегін танып білуге қатысты. Үшіншіден, осы таңбалардың ішкі мән-мағынасын дұрыс түсінудің рөлі зор. Осындай ерекшеліктер іске асқанда оқылған материалдан керек ақпараттар жинақталып алынады, оқушыны қажетіне жарайды»

Оқылым тапсырмаларын ұйымдастырудың үш кезеңі бар.

Оқылым алды тапсырма – мәтін тақырыбын ашуға бағытталған жаттығулар, сөздерді алдын ала үйрету, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы – әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар (сұрақтар). Алғашқы жаттығулар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі жаттығулар нақты ақпаратты табуға арналуы тиіс.

Оқылымның мынадай ішкі дағдыларын әр сабақ барысында қолдануға болады.

1. Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу — мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

2. Нақты ақпараттарды табу үшін оқу — мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

3. Детальді түрде оқу- әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

4. Сөз мағынасын контексттен ажырату — мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

5. Мәтін құрылымын түсіну — мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

6. Болжай білу — оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

7. Мәтін түрлерін ажырата білу — әр мәтіннің өзіндік ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ, хабарландыру, т.б.

8. Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу.

9. Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Оқылымнан кейінгі тапсырма – мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, ұғымдарды қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай жасалуы керек [5, 111].

Сабақтағы әдістерді түрлендіріп отыру туралы М.Жұмабаев: «Әсер жаңа болсын. Бала іскер болсын десең, балаға әсерді жағалап беріп отыру керек. Түрлі сабақты ауыстырып отыру ғана емес, бір сабақтың өзін де түрлендіріп, жаңалап берге болады. Баланың іскерлігі сөніп қалмас үшін ісерді жағала отыру керек. Бірақ түрлендірудің жөні осы екен деп үсті-үстіне бастырмалай беру жарамайды» деп көрсеткендей, оқушының уәжедемесін, белсенділігін туғызуда әдістерді оқу мақсаты мен тапсырма талабына сай қолдану өз нәтижесін береді.

*4-сыныпта оқылым арқылы ойлауды дамытудың әдіс-тәсілдері*

4-сыныпта оқылым арқылы ойлау қабілетін дамыту үшін мұғалім мәтінмен жұмысты үш кезеңге бөліп ұйымдастыруы тиімді:

1. Оқылым алдындағы жұмыс

Бұл кезеңде оқушының қызығушылығын оятып, ойлау белсенділігін арттыру көзделеді.

Қолданылатын әдістер:

- тақырып бойынша болжам жасату;
- тірек сөздермен жұмыс;
- проблемалық сұрақтар қою;
- иллюстрация арқылы мәтін мазмұнын болжау.

2. Оқылым барысындағы жұмыс

Оқушы мәтінді саналы түрде қабылдап, мағынасын түсінуге бағытталады.

Әдістер:

- іштей және дауыстап оқу;
- белгі қойып оқу;
- сұрақтарға жауап беру;
- маңызды ақпаратты анықтау.

3. Оқылымнан кейінгі жұмыс

Бұл кезең ойлау қабілетін дамытуда ерекше маңызды.

Тиімді тапсырмалар:

- мәтін бойынша жоспар құру;
- кейіпкерге мінездеме беру;
- мәтінге өз көзқарасын білдіру;
- шығармашылық тапсырмалар (мәтінді жалғастыру, басқа аяқталу нұсқасын ұсыну).

Сыни ойлауды дамытудағы оқылым стратегиялары: 4-сынып оқушыларының ойлау қабілетін дамытуда мынадай оқылым стратегиялары нәтижелі болып табылады:

- «INSERT» стратегиясы;
- «Венн диаграммасы»;
- «Болжау кестесі»;
- «Сұрақ-жауап» әдісі;  
«Автор орындығы» [6].

Бұл стратегиялар оқушыны белсенді ойлауға, өз пікірін дәлелдеуге, мәтін мазмұнын терең түсінуге үйретеді.

Қорыта айтқанда, 4-сыныпта оқылым арқылы ойлау қабілетін дамыту – бастауыш білім берудің маңызды бағыттарының бірі. Дұрыс ұйымдастырылған оқылым әрекеті оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып, логикалық, сыни және шығармашылық ойлауын қалыптастырады.

Сондықтан мұғалім оқылымды мақсатты, жүйелі және оқушының жас ерекшелігін ескере отырып ұйымдастыруы тиіс.

Оқылым арқылы ойлау қабілеті дамыған оқушы – өз ойын еркін жеткізе алатын, ақпаратты талдай білетін, өмірлік жағдаяттарда білімін қолдана алатын тұлға.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас. Оқулық. Алматы: «Сөздік-Словарь». – Алматы, 2005. -272 бет.;
2. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы. Мұғалімге арналған бағдарлама © «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015
3. Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген (2016 жылғы «13» мамырдағы №292 қаулысына 7-қосымша)
4. Жұмабаева Ә. Бастауыш сыныпта оқыту әдістемесі. – Алматы: Атамұра, 2019.
5. Қалиева А., Омарова Г. Оқушылардың сыни ойлау қабілетін дамыту жолдары. – Алматы, 2020.
6. Bloom B. Taxonomy of Educational Objectives. – New York, 2014.

## МАЗМҰНЫ

### КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІСІ

<b>АБАЙ ТАҒЫЛЫМЫ МӘҢГІЛІК</b> <i>Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары</i> <i>Өрісбаев Аббат Жәңгірханұлының құттықтау сөзі</i>	3
<b>ҰЛЫ ТҰЛҒА ҰЛАҒАТЫ</b> <i>Yessenov University Президент-Ректоры</i> <i>Ахметов Берік Бақытжанұлының кіріспе сөзі</i>	4
<b>АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ СИМВОЛДАР</b> Тұржан О.	5
<b>АБАУ’IN “ELIFBE” ŞİİRİ VE KARA SÖZLER’İNDE ONTOLOJİK BİR İNŞA DENEMESİ: İMAN, HARF VE HAKİKAT</b> Orhan Söylemez	8
<b>АБАЙ – ӨЗ ДӘУІРІНІҢ ЖЫРШЫСЫ</b> Қобланов Ж.Т.	22
<b>МЕН АБАЙДЫ ЯДҚА БІЛГЕН ХАЛЫҚПАН...</b> Каниязова Ж.О.	28
<b>АБАЙ ЖӘНЕ ӘЖІНИЯЗ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҮНДЕСТІГІ ТУРАЛЫ</b> Құттымұратымуратова Ы.А.	31
<b>АБАЙДЫ ЖҮРЕКПЕН ТҮСІНЕЙІК!</b> Әбділов О.Н.	35

### I СЕКЦИЯ. АБАЙДЫҢ ӘДЕБИ МҰРАСЫ: МАЗМҰН, ФОРМА ЖӘНЕ КӨРКЕМДІК ЖҮЙЕ

<b>АБАУ’IN “İSKENDER” ŞİİRİNDE İKTİDAR, ARZU VE KÜLTÜREL BELLEK</b> Orhan Söylemez, Ömer Faruk Ateş	37
<b>АБАЙДЫҢ «ТОЛЫҚ АДАМ» ІЛІМІ БҮГІНГІ ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢҒЫРУ КОНТЕКСІНДЕ</b> Отарова А.Н., Мандоки О.М.	45
<b>АБАЙДЫ ЖАТҚА БІЛГЕН ШАЙЫР</b> Құттымұратымуратова Ы.А., Мамбеткаримов Ғ.Х.	52
<b>АБАЙ ТАКСОНОМИЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ҮДЕРІС ЖҮЙЕСІ</b> Жеткізгенова Ә.Т., Мухаметзянова Л.	55
<b>АБАЙДЫҢ ТІЛДІК ТҰЛҒАСЫНЫҢ ЛИНГВОКОГНИТИВТІК ДЕҢГЕЙІ</b> Жылқыбаева М.С.	59

<b>АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ – ҰЛТТЫҚ ӘДЕБИЕТТЕГІ ТЕРЕҢ ПСИХОЛОГИЗМ БАСТАУЫ</b> Қамарова Н.С.	68
<b>АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚАРА СӨЗДЕРІ – ҰЛТТЫҚ РУХАНИЯТТЫҢ НЕГІЗІ</b> Каримсакова Б., Бердыбева А.Х.	76
<b>ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ РЕЦЕПТИВТІ ЭСТЕТИКА: АБАЙ ЖӘНЕ ӘБІШ МҰРАЛАРЫ</b> Жеткізгенова Ә.Т.	80
<b>ПОЭТИКАЛЫҚ STORYTELLING ДӘСТҮРІ МЕН ЦИФРЛЫҚ НАРРАТИВ: АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ НЕГІЗІНДЕ БРЕНД ЭМОЦИЯСЫ МЕН СЕНІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b> Алпысбек Н., Кемеңгер А.	85
<b>АБАЙДЫ ТАНЫТҚАН АХМЕТ: «ҚАЗАҚТЫҢ БАС АҚЫНЫ» МАҚАЛАСЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ</b> Жазықбек Н.Ж., Қамарова Н.С.	90
<b>АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ КӨЗҚАРАСТАРЫ</b> Исаева Л.Н.	97
<b>АБАЙ МЕКТЕБІНІҢ ТҮРКІ ӘЛЕМІНДЕГІ ЖАЛҒАСЫ</b> Умертаева А.О.	102
<b>АБАЙ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ БІРЛІГІ</b> Смагулова У.Т.	107
<b>АБАЙДЫҢ ПОЭЗИЯСЫ – ТӘРБИЕНІҢ ТАУСЫЛМАС ҚАЙНАРЫ</b> Амангелдиева Ж.Б., Нурланова У.Н.	110
<b>АБАЙ ІЛІМІ – ЖАСТАР ТӘРБИЕСІНІҢ НЕГІЗІ</b> Полатбекова С.А.	114
<b>АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ШЫҒЫСТЫҚ САРЫНДАР</b> Бекібай Н.Қ.	117

**II СЕКЦИЯ. ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРДАҒЫ  
ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР**

<b>АЛТЫН ОРДА ДӘУІРІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ТАРИХИ- ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ РУХАНИ-МӘДЕНИ МАҢЫЗЫ</b> Салықова А.С., Қамарова Н.	122
<b>ҚАРАТПА АТАУЫШТАРДАҒЫ ЭТНОМӘДЕНИ КОННОТАЦИЯ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТІЛ ҮЙРЕТУДЕГІ МАҢЫЗЫ (10-СЫНЫП ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ)</b> Тажен А., Қобланова А.Ж.	128

<b>КИЕЛІ ТОПОНИМДЕРДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КОНЦЕПТУАЛДЫ НЕГІЗДЕРІ</b> Сатыбалдиева К., Нұрдәулетова Б.И.	134
<b>ЭТНОТОПОНИМИКА ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ</b> Избасарова А.А., Көшімова Б.Ә.	141
<b>ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ СТИЛІ</b> Өмірзақ Г.М., Отарова А.Н.	145
<b>ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗДІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ</b> Асанова А.А., Қобланов Ж.Т.	149
<b>МАҢҒЫСТАУ ТОПОНИМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ ДИСКУРСАҒЫ ҚЫЗМЕТІ</b> Муханбеткали С.Т., Нұрдәулетова Б.И.	153
<b>ӘБІШ КЕКІЛБАЕВТЫҢ «МАХАМБЕТ» ДАСТАНЫНДАҒЫ БАТЫР БЕЙНЕСІНІҢ ӨРЛІГІ</b> Каржауова А.Ж., Қамарова Н.С.	157
<b>ӘБІШ КЕКІЛБАЙҰЛЫ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ТАРИХИ САНА МЕН ҰЛТТЫҚ БОЛМЫС САБАҚТАСТЫҒЫ</b> Қабулов М., Қабылов Ә.Д.	166
<b>ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЕН ТІЛДІК ДИСКУРС: КОГНИТИВТІК ТӘСІЛ ТҮРҒЫСЫНАН</b> Шақырған А.Б., Исакова А.С.	171
<b>ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ТҮРІК ТІЛДЕРІНДЕГІ ҚҰС АТАУЛАРЫНЫҢ ФОНЕТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ</b> Даулетова Н.А., Қамарова Н.С.	173
<b>РОДИНА В КОНТЕКСТЕ СОЦИАЛЬНЫХ ПЕРЕМЕН И ТРАГЕДИЙ XX ВЕКА В РОМАНЕ-ЭПОПЕЕ «ПУТЬ АБАЯ»</b> Кенжитаева Ж.Л., Орынбай А., Нұрпейісова А.	178
<b>М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМ НЕГІЗДЕРІ</b> Амангелдіқызы А., Абикенов М.Т.	183

### **ІІІ СЕКЦИЯ. ПӘНДІ ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҮЙЕСІ**

<b>ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ӘДЕБИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (5-СЫНЫП НЕГІЗІНДЕ)</b> Аяпова А.С., Қабатай Б.Т.	196
<b>ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ</b> Арканова С.А.	202
<b>«БОЛАШАҚ КІЛТІ – ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТПЕН» АВТОРЛЫҚ ЖОБАСЫ – ЗАМАНАУИ ҚАЖЕТТІЛІК ЖӘНЕ МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕ</b>	206

Муринова А.Т.	
<b>«МАҢҒЫСТАУ ФЛОРАСЫ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫ – ТАБИҒАТТЫ ҚОРҒАУҒА ЖАСАЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ</b> Аманбаев К.С.	209
<b>ПОЛИЯЗЫЧИЕ ВАЖНЫЙ ФАКТОР СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ</b> Кенжитаева Ж.Л.	212
<b>10-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА «МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА» КУРСЫН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ</b> Жексенбаева А.Х.	215
<b>КӨРКЕМ МӘТІН АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ</b> Бақытқызы А., Сейсембаева Ж.А.	219
<b>ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ПЛАТФОРМАЛАРЫМЕН ОҚЫТУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛАР</b> Сайдова Г.М.	225
<b>3-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА «САНДЫҚ ЛАБИРИНТ» АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАСЫН ОҚЫТУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ</b> Толегенова К.С.	228
<b>ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР БЕЙНЕСІ АРҚЫЛЫ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ДАМУ</b> Кармусова Р.А.	232
<b>ШАМАЛАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТҮРЛЕНДІРУДЕ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ</b> Койлыбаева Б.И.	236
<b>БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ФУНКЦИОНАЛЬДЫ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУ</b> Матенова Ш.Е.	239
<b>АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНДЕРІН КІРІКТІРЕ ОҚЫТУДЫҢ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ</b> Сартаева Ә.Ә.	243
<b>БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ОҚЫЛЫМ АРҚЫЛЫ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ (4-сынып бойынша)</b> Ескалиева К.Т.	247